

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. М. УТЕМИСОВА

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ

Жылына 4 рет шығады

№ 1 (73) - 2019

ВЕСТНИК ЗКГУ

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск



Выпуск 1 (69) шығарылым
Қантар – Январ, Ақпан – Февраль, Наурыз - Март
Педагогика, филология, тарих,
биология және экология, жер туралы ғылымдар/
Педагогика, филология, история,
биология и экология, науки о Земле



Бас редактор – Главный редактор:
Н.Х.СЕРҒАЛИЕВ

биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор/
кандидат биологических наук, ассоциированный профессор

Бас редакторының орынбасары – Заместитель главного редактора
А.С.ҚЫДЫРШАЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, профессор/доктор педагогических наук, профессор

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Т. Вюнш –	философия докторы (PhD), профессор, доктор философии (PhD), профессор, Пассау университети (Германия, Пассау қ.)	доктор философии (PhD), профессор, Университет Пассау (Германия, г. Пассау)
П.М. Кольцов -	т.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.и.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г. Элиста)
А.С. Тасмағамбетов -	т.ғ.д., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
Т.З. Рысбеков -	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.С. Турчин -	психол.ғ.д., доцент, Иванов мемлекеттік университеті (Ресей, Иванов қ.)	д.психол.н., доцент, Ивановский государственный университет (Россия, г. Иванов)
В.Ю.Салов -	п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.п.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Г.И.Имашев -	п.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	д.п.н., профессор, Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
А.В. Скали –	п.ғ.к., доцент, Экономика университеті (Польша, Быдгощ қ.)	д.п.н., доцент, Университет экономики (Польша, г. Быдгощ)
К. Кайнер -	ф.ғ.д., профессор, Йоханнес Гутенберг атындағы университет (Германия, Майнц қ.)	д.ф.н., профессор, Университет им. Йоханнеса Гутенберга (Германия, г. Майнц)
А.Р. Габидуллина -	ф.ғ.д., профессор, Донбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Украина, Горловка қ.)	д.ф.н., профессор, Донбасский государственный педагогический университет (Украина, г. Горловка)
Г.К. Хасанов -	ф.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.ф.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.Г. Абуханова -	ф.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
М. К.Сапанов -	б.ғ.д., профессор, Ресей ғылым академиясының Ормантану институты (Мәскеу қ, РФ)	д.б.н., профессор, Институт лесоведения, Российская академия наук (г.Москва, РФ)
Е. Е.Андронов -	б.ғ.к., доцент, Ресей ауыл шаруашылық ғылым академиясының Бүкілресейлік ауылшаруашылық микробиология ФЗИ (Санкт-Петербург қ., РФ)	к.б.н., доцент, Всероссийский научно-исследовательский институт сельскохозяйственной микробиологии (г. Санкт-Петербург, РФ)
А. Г.Бакиев -	б.ғ.к., доцент, Ресей ғылым академиясының Еділ бассейнінің экологиясы институты (Тольятти қ., РФ)	к.б.н., доцент, Институт экологии Волжского бассейна Российской академии наук (г.Тольятти, РФ)
А. А.Иманбаева -	б.ғ.к., Маңғышлақ эксперименталдық ботаникалық бағы ҚР БҒМ ҒК (Ақтау қ., ҚР)	к.б.н., РГП «Мангышлакский экспериментальный ботанический сад» КН МОН РК (г.Ақтау, РК)
Т. Е.Дарбаева -	б.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.б.н., профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова
Р. Г.Сафиуллин -	г.ғ.д., профессор, Башқұрт мемлекеттік университеті (Уфа қ., РФ)	д.г.н., профессор, Башкирский государственный университет (г.Уфа, РФ)
В. П.Петрищев -	г.ғ.д., доцент, Орынбор мемлекеттік университеті (Орынбор қ., РФ)	д.г.н., доцент, Оренбургский государственный университет (г.Оренбург, РФ)
О. Б.Мазбаев -	г.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., ҚР)	д.г.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева (г.Астана, РК)
А. Д.Маусымбаева -	т.ғ.к., Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Қарағанды қ., ҚР)	к.т.н., Карагандинский государственный технический университет (г.Караганда, ҚР)
К. М.Ахмеденов -	г.ғ.к., қауымдастырылған профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.г.н., ассоциированный профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, №1432 – Ж куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11389-Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым тізіміне енді.

Журнал 2012 жылдан бастап Қазақстандық сілтеме базасына енген

Журнал 2019 жылдан бастап Ресейлік ғылыми сілтеме индексі базасына енген

2019 жылдан бастап журнал электронды форматта шығарылады

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №11389-Ж от 26.01.2011г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства связи и информации РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

Журнал с 2012 г. входит в Казахстанскую базу цитирования

Журнал с 2019 г. входит в базу Российского индекса научного цитирования

С 2019 г. журнал издается в электронном формате

ISSN 1680-0761

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2019.
ТІРКЕУ НӘМІРІ 1432-Ж

ӘОЖ 82.09:821.512.122

Қыдыршаев А.С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Ғазез Н.Н. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: kdirshaev_abat@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫ-ПЕДАГОГЫНЫҢ РИТОРИКАЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ

***Аңдатпа.** Мақалада кәсіби мәдениет контекстіндегі оқытушы-педагогтың риторикалық мәдениетінің аспектілері таразыланады. Оқытушы-педагогтың риторикалық тұлға ретінде қалыптасуына қажетті білім-дағдыларды меңгерту міндеттері екішеледі. Нәтижеде риторикалық тұлға моделіндегі оқытушы-педагогтың риторика қағидаттарына негізделген педагогикалық іс-әрекетіне сәйкесті қағидалар жүйесі беріледі.*

***Тірек сөздер:** риторикалық мәдениет, риторикалық тұлға, шешендіктану, педагог-ритор, риторикалық біліктілік.*

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру ісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісі жүйесін қайта қарау қажет», - дей келе: «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үрдістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет [1]», - деп түйіндейді. Осы тұрғыдан ой таразыласақ, бүгінгі таңдағы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы оқытушының кәсіби, ең алдымен, достық пейілдегі тиімді қарым-қатынасқа негізделген риторикалық мәдениетін арттыруды көздейді. Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті – шынайы шындыққа, студент тұлғасының гармониялық тұрғыда қалыпты дамуына қол жеткізуге бағытталған эмоциональды-сезімталдық кейіптегі ойлана шебер сөйлеу әрекеті үстіндегі адамгершілік-эстетикалық және интеллектуалды қалпы (профессиограммасы).

Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті оның сыртқы кейпінде де, тиісінше сөйлеу әрекеті үстінде де вербальды не бейвербальды қалпымен айқындалады. Көбінесе оқушылар не нәрсені де қалайша ұсынуына қарай өзгеріссіз қабылдайды. Ал оқытушы риторикалық тұлға, педагог-ритор ретінде бірден-бір аудиторияға әсер етуші және аудиторияаралық байланыс орнатушы болмысында бір мезгілде өз сөзімен, өзіндік адами әдетімен, сөз сөйлеу мәнерімен, сөз мазмұнымен, оқытып жатқан оқу пәнінің көмегімен студент тұлғаны бірлескен түйіндер жасауға әзірлейді, негізгі басты нысанды терең ұғынуға, түсіністікке ыңғайлайды, нәтижеде оқыта отырып тәрбиелейді, өмірге бейімдейді. Бұған педагогикалық диалогтың субъект-субъектілік қатынасты сақтаушы қалыптасу үстіндегі студентті қатып қалған қарым-қатынас

фобиясынан ажырата отырып, өзіндік көзқарас-пікірің болу керектігі іспетті үрейден ада ететін, сөз сөйлеу қадамындағы батылдығын, өзін таныта түсу мәдениетіне белсендіре құлшындыра ұмтылдыратын демократиялық стилі септеседі [1; 2; 3].

Тұлға қарым-қатынаста шыңдалады десек, тұлғалылық, яғни, дидактасушысын тыңдай білу, сөйлесе білу білігі қарым-қатынаста қалыптасады. Тұлға үлгісінен тұлға туындайды, сондықтан оқытушы-педагог төңірек аудиториясы құрметтей сыйлайтын, мәдениетті, зиялы, ибалы тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі студентке тиімді қарым-қатынас ырғағын жұғысты етер өзіндік өнеге беруші, тағылым таратушы болуы тиіс. Демек, бұл бағытта сөйлер сөзін өзіндік кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару құралы ретінде меңгерген педагог-ритор тұлғасын қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берілуі тиіс (В.А. Аннушкин, А.К. Михальская, А.А. Мурашов, А.С. Қыдыршаев, М.Қ. Әжіғалиев). Әсіресе, бұл риториканы (шешендіктану) сендіре тиімді сөйлеу ілімі ретінде ғана емес, сөйлеу мәдениетінің, шешендік шеберлік өнерінің биігіне қол жеткізуді игеруші болашақ педагог тіл мамандарын даярлауға қатысты аса өзекті. Бұл ретте аталмыш курс студенттерді семинарларда сөйлеуге, әр түрлі конференциялардың жұмысына қатысуға, университетішілік, мектепшілік газет-журналдарды әзірлеп шығаруға, мектептегі педагогикалық практикадан өтуге және ілгерідегі мектеп оқушыларымен жұмысқа даярлаудағы ғылыми-тәжірибелік бағытымен аса маңызды. Бұның бәрі өзінді ритор маман ретінде танытуға бейімдейді. Ал бұған күні кешегі мектеп оқушылары көбіне-көп даяр емес. Ендеше, ертеңгі маман тұлғасындағы бүгінгі студенттер бойында болуға тиісті аса қажетті білік-дағыларды қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттер туындайды. Олар:

- сөйлеушінің сөйлеген сөзін талдай білу;
- өз сөзіңді әзірлеуде риториканың классикалық қағидаларын қолдана білуге дағдылану;
- шаишы топ алды сөз сөйлеуге даярлану;
- өз курстастарының алдында оқу пәніне орайлас сөз сөйлеу тәжірибесінен өту.

«Педагогикалық риторика» (бакалавриат, III курс) курсына оқытушы мен оқушы арасындағы педагогикалық қарым-қатынас пен этикаға баса мән беріледі. Біздіңше, бұл реттегі аса маңызды тұстар мыналар: *Өзін мұғалім рөлінде сезіне отырып, мектепте өткізілетін активті, пассивті педагогикалық практикаға алдын-ала даярлану; сыныпта достық пейілдегі комфортты жағдаят туғызу білігін меңгеру; өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқытуды жекелік-бағдарлық вариативті жағдайды негізге ала ұйымдастыру* [2; 3; 4; 5].

Қазіргі кезеңде оқытушы-педагогтың, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің педагогикалық риторикаға қызығушылығы күн санап арта түсуде. Эксперимент нәтижелеріне, зерттеу еңбектеріне сүйене сан тарау тұжырымдар жасауға болар еді. Бұл ретте педагогикалық шешендіктану ілімі әрбір педагогке өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі. Педагогикалық риторика мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қарым-қабілеті таяздау көрінетін алынбас қамал сияқты орталарда

монологтік сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. Кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікіралмасады, оқушылардың санасында мейлінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. *Риторика – көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым.*

Егер де педагог өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, дидактикалық оқушысына белгілі бір межелі әсерді дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда педагогтың алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөз атаулыны тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста риторика қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Педагогикалық шешендіктану оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға (“Неге?” “Неліктен?” “Не себепті?”) жауап береді. Ал осы тұста болашақ педагог мамандарға ұсынылатын кеңестер де бір шоғыр. Мәселен, жан-жақты білімді, өз ісін жан тәнімен сүйетін мұғалім неге көпшілік жағдайда оқушысына түсініксіз, яғни, шәкірттерімен тіл табыса алмай жатуы. Ал оның өткізген сабақтары мереке іспетті болудың орнына неге шыдамдылыққа жасалған ауыр экспериментке ұқсас болуы; әр түрлі аудиторияларда мұғалімнің айтқан сөзіне неге мүлдем қарсы реакция туындап жатады? Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады? Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек? Сабақ басында қатты толқып, толғаныста болған мұғалім оқушыларының қолдауына неге ие болмайды? Тіпті кей жағдайда оқушылардың мысқылдай, мазақтай қараған көзқарастарына, ал кейде сабақ өткізуге кедергі келтіруге дейін де барады? Педагог оқушыларға қызғылықты мәліметтерді ұсына отырып, неге кенеттен ара-тұра сыныпқа қарата жекуге мәжбүр? Бұндай жағдаят болмауы үшін не істеу қажет? “Қанағаттанарлықсыз” баға алған оқушыны жұбатамын деп жүріп, мұғалім белгілі бір көзделген нәтижеге неліктен қол жеткізе алмайды? Сондай-ақ мұғалім алдынан сабақ үстіндегі жағдаят ерекшелігінен туындап жататын әр қилы сауалдар да (“қалай?”) шығып отырады. Мәселен, сабақ үстінде, егер де сынып оқушылары уақыттың тез өтуін ғана ойлап отырар болса, сынып назарын белгілі бір маңызды мәселеге бұра қалай жинақтауға болатындығы; сыныптағы қай оқушымен көбірек пікір қайшылығы туындап қалудың ыңғайы барын қалай анықтауға болады? Яғни, оқушылардың арасындағы сынып көңіл-күйін бұзып отыруға, ортақ мәселеден басқа жаққа тартуға бейім тұратын, тілдік қарым-қатынас жасауға қиындық келтіретін, тіпті мүмкіндік болғызбайтын оқушылармен қалай тіл табысуға болады? Кейде мұғалімнің өзі де байқамай қалатын тұстың бірі – қарапайым ғана фраза арқылы оқушыларды ойлантуға, айтылғанға құлақ қоюға, шығармашылықпен ой түйіндеуге ұмтылдыруы. Осы бағыттас фразалардың сыры неде? Ең керекті тіркестерді қалай екшеп алуға болады? Оқушыларға бірден-бір тиімдірек әсер ететін сөздерді іріктеудің жолын қалай білуге болады? Құр дидактикалық ақыл айту мен ескерту жасаудан қалай құтылуға болады? Әр түрлі сынып ерекшелігіне сәйкесті қажетті “кілтті” қалай іріктеуге, табуға болар еді? Оқушыны күлкілі нәрсеге күлуге, қызықты тұсқа қуануға, бұлжымас қағидаларды орнымен қабылдауға қалай ыңғайлауға болады? Мұғалімнің сөзі оқушылар үшін ғана айтылып жатқанына әрбіреуінің көзін қалай жеткіземіз? “Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас” дегендей, бір ауыз сөз шығармай-ақ шулы сыныпты тәртіпке қалай шақыруға болады? Өзіңнің және шәкірттеріңнің дикциялық ақаулықтарыңды қалай жоюға болады? Қойылған бағаға келіспейтін әрі

мұғалімді сабақтың негізгі мәселесінен ауытқытып әкетуге тырысушы, мейлінше өзімшіл оқушымен пікірталастыруда қалай жеңіске жетуге не оның көзін жеткізе басым түсуге болар еді? Оқушының бұрын қажет емес деп білгісі де келмеген мәселесіне оның ынтазарын қалай оятуға, сұранысын қалай туғызуға болады?

Оқытушы-педагог кәсіби тәжірибе жинақтау барысында мейлінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап болары сөзсіз. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сондай-ақ толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осындай жағдайда педагогикалық риториканың амал-тәсілдері мен заңдылықтарын жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастай ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім педагогикалық риторика ілімі туралы хабардар болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі “Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?” “Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?” деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үрдісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызғылықты секілді көрінгенімен, екінші тұрғыдан қате. Сондай-ақ осы бағыттас ойлар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта өзара шығармашылық тұрғыдағы қарым-қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Дидактикалық риторика (мектеп риторикасы) риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үрдісін диалог тұрғысында, тіпті жиірек талас тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікірталас үдерісі шешендік іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үрдісінің бірден-бір белгісін қамтыды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір диалогтасушының нақтылы өзіндік көзқарасы танылуына бағытталды. Орта ғасырлық академиялық шешендік – риториканың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі – адамның өзін сөзі арқылы танытуы. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды. Демек, зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей “философия” ретінде танылды, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып танылады.

“Сөз мағынасының тұңғығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз адасудан мына жарық дүниені жартылай құтқарасыз”, - деп сипаттайды Р.Декарт. Демек, дидактикалық риториканың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта, керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз – қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ, бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Сондай-ақ, тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей, сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы “өзіндік тілмен” көрініс бермек. Педагогикалық риторика – оқушылармен арадағы өзара түсініктіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін педагогтарға бірден-бір аса қажетті өз ойын мейлінше

түсінікті білдіру мен оны мейлінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретіне, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бүгінде бізге жекелеген сөз атаулы адамның көңіл-күйіне, қалпына белгілі-бір деңгейде әсер етері аян. Ал педагог үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сонымен, бүгінде педагог атаулы педагогикалық риторика ілімінен, оның заңдылықтары мен қағидаларынан хабардар болуы керек дейміз. Ендеше алғашқы кезекте педагог маманның шешендік дағдыларын қалыптастыру шарттарын анықтап алған жөн.

Бүгінгі қоғамда сөйлеу мәдениеті проблемасы бары анық. Ал педагог маманның сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда ойланар тұстар да жеткілікті. Жалпы кез келген оқытушы-педагогтың сөзі жұртты ұйытып, тыңдаушылардың, соның ішінде оқушылардың айызын қандыруы тиіс. Ондай сөзді тыңдай беруден әсте ешкім жалықпасы да айқын. Өкініштісі – көп тұста педагог мамандарымыздың сөзі әсерсіз, нәрсіз келіп, тыңдаушысын мезі етіп жіберетіндігі. Осыған сәйкес мұның өзі сөздің коммуникативтік сапасы, қысқаша айтқанда, сөз сапасы деген аса күрделі ұғыммен тығыз бірлікте. Ал сөздің коммуникативтік сапасы сөз байлығы, сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз әдебі секілді белгілерімен танылмақ. Мәселен, болашақ педагог маманның оралымды тіліне қойылар талаптың бірі – сөз байлығының болуы. Сөзі жұтаңның ойы да таяз көрінбек. Соның салдарынан мақсатсыз қайталау да көп болмақ. Орынсыз қайталау тілдің коммуникативтік сапасын күрт төмендетіп, ойды дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болмақ, нәтижеде аз сөзбен көп мағына беру қағидаты бұзылары ақиқат. Бұл ретте сөздің коммуникативтік сапасынан туындата өрсек, бүгінгі болашақ педагог маманның сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында көп нәрсе айтуымызға болады. Ең алдымен, мәлімделер түйінді тезис – бүгінгі зиялы қауым сапына енер кәсіби педагог мамандардың татымсыз, нашар сөйлеуі, яғни олардың бойында шешен сөйлеу дағдыларының болмауы – сауатсыз адамның оқи, жаза алмауымен бірдей екендігі.

Ал тарата айтсақ, бүгінгі кәсіби педагог маман атаулыда қашан да тыңдаушы қауымға әсер ете сендіре білу дағдысының болуы абзал. Осы тұрғылас дағдыларды игеру үшін әр маманға педагогикалық риторика қағидаларын білу міндетті. Жарқын да бейнелі, тартымды сөйлей білуге, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға, ішкі табиғи қалып, ерекшелік және икемділіктерді ескере келе, өзіндік сенімділікті қоюлатуға ұмтылу дұрыс. Белгілі бір ой ұшығын тыңдаушыларға жеткізе отырып, олардың бойында қажетті әсер қалдыру үшін ерік күші, темперамент және тер төге еңбек ету керек-ақ. Ал тақырыпқа сай аудитория алдында сөйлеу кәсіби педагог маманнан психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де кәсіби педагог маман сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда педагог мамандар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушылардың қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі.

Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бастысы – риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау

бағытындағы ойлана сөйлеу іс-әрекетін айқындайтындығы. Риторикалық мәдениетті өз бойына дарыта білген жас маман рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек. Бұл іспетті рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістік өсу қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындамақ. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыси құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен адамгершілік-рухани проблемаларда. Ал мұндай жағдайда кәсіби мәдениет контекстіндегі оқытушы-педагогтың риторикалық тұлғасының қалыптасуы, біздің пайымдауымызша, бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлт келешегін тәрбиелеудің, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетуінің тиімді алғы шарттарының бірегейі.

Ал кәсіби мәдениет контекстіндегі оқытушы-педагогтың бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – кешенді тұрғыда қолданбалы риторика ғылымының негізгі қағидаларын игеру арқылы. Біздіңше, риторика курсын оқытуда қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық менталитетімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған жастарымыздың ойлана сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін аталмыш саланың (риториканың) кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындата білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқытудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, студент-жастардың әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғы шарт та [3; 6; 7; 8].

Ал педагог-ритордың кәсіби мәдениетін шындай түсуде, оның риторикалық тұлғасын қалыптастыруда аса өзекті болып табылатын риториканы педагогикалық технология ретінде, яғни, сабақ жағдаятында нақтылы қолдану мәселесін тілге тиек етсек, ең алдымен, риторикалық технология негізінде құрылған сабақтың дәстүрлі сабақтардан айырмашылығына назар аудару жөн. Жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, егер де оқытушы-педагог риторикалық тұрғыда ойланар болса, онда оның санасында риториканың әрбір қағидаты педагогикалық іс-әрекеттің нақтылы бір бағыты ретінде түйінделеді. Бұл орайда ескерілер бірнеше қағидаларды баса атар едік. *Біріншіден*, нені, қалай, неге оқытуды дамытуға негізделген үдерістің біртұтастық деңгейін жүзеге асырар *тұжырымдамалық (концептуальдылық) қағидасын* қамтамасыз етеді. Басқаша айтсақ, шәкіртті дамыту құралы ретінде оқу пәнін, оқыту тұжырымдамасын әзірлей отырып, оқытушы өзінің оқу пәнінің құралдары арқылы шәкірт атаулының бірте-бірте, кезең-кезеңімен дамитын тұлғалық сапалық қасиеттерін қалыптастырудың біртұтас көрінісін талқылап әзірлейді. Бұның бәрі оқыту үдерісін жан-жақты терең ойластыруды әрі нәтижелі келешегін болжауды қажет етеді. Түйіндей айтсақ, жалпы (тұжырымдамалы) дамудың бағыты тіпті де әрбір сабақ сәтін де сүзгіден өткізе бағдарлауды аңғартады, ал бұл әр қилы нақтылы өзіндік көріністермен айқындала жүзеге аспақ. Мәселен, өз тарапымыздан жүргізілген зерттеулер сабақтың адамның біртұтастықта дамуын көздеуі мақсат оқытудың берегей тұжырымдамалық жүйесінің құрамды бөлігі болған жағдайда ғана дамытушы бағытқа ие екендігі жөнінде түйін жасауға мүмкіндік береді. Бұл

орайда А.Маслоу: «Демократиялық қоғамдағы білім әрбір тұлғаның адамдық сапалық қасиеттерін толық жүзеге асыруға көмекші рөл атқармақ, басқаша болуы мүмкін емес [2]», - деп түйіндейді. Осы жүйеде педагогикалық үрдістің дамытушылық бағытын жүзеге асыру оқытушының студентті дамытудың құралы ретіндегі пәнді оқыту тұжырымдамасының талдамасын әзірлемей жүргізуі мүмкін еместігін баса ескеруі қажет, сондықтан да қазіргі педагогикалық іс-әрекетте оқытудың тұжырымдамасын әзірлеу аса маңызды әрі өте қажетті талаптар сапында. *Екіншіден, аудиторияны модельдеу қағидасы* оқыту мен тәрбиеге тұлғалық және жеке бағдарлы бағытты қамтамасыз етеді. Мұның мәні студенттердің ілгеріде саналы да сауатты өзіндік кәсіптік кәсіби өрлеуін жасауы, өз жаратылысын тануы, социумнан өз орнын табуына жәрдемдесер жалпы мәдени және танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық және әдістемелік тұрғыда көмек көрсетуіне негізделеді. Сондай-ақ, аталған көмек түрі студенттердің қажетті ақпаратты тиімді меңгеруін қамтамасыз етумен айқындалады. Айтылғандардың бәрі шынайы да нақтылы жүзеге асуы үшін, ең бастысы – студентті тұтастықта меңгерудің, түсіне білудің қажеттілігі айқын. Бұған, практика нәтижесі көрсеткендей, аудиторияны модельдеу қағидасы мейлінше құзіреттілікті тұрғыда мүмкіндік береді. *Үшіншіден, стратегиялық тұрғыда болжам жасау қағидасы* педагогикалық үдерістің проблемалық сипатын айқындайды. Ол проблемалық сабақтың үш түрі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. *Біріншіден, проблемалық-зерттеушілік*, бұның ерекше басты белгісі – студенттердің қажетті іс-әрекеттердің бәрін де өз беттерімен орындауы (проблеманың ашылуы, оның қалыптасуы, шешім нұсқаларын іздеуі, тиімді шешім нұсқаларын жүйелеуі). *Екіншіден, проблемалы-ізденістік*, басты ерекшелігі сол – оқытушы студенттерге проблеманы ұсынады, өзі қалыптастырады, ал студенттер шешу жолдарын және тиімді жүйелеу нұсқаларын іздейді. *Үшіншіден, проблемалы-жинақтаушылық*, мұның мәні мынада: оқытушы проблеманы табады, оны қалыптастырады, шешудің бірнеше нұсқалы жолдарын ұсынады, ал студенттер қорытындылайды, тиімді нұсқаны туындатады. Демек, оқытудың проблемалық әдісі оқытушы мен студент қатынасын түбірімен өзгертеді, бұнда – оқытушы мен студент оқу проблемаларын бірлесіп іздеу жолында ынтымақтаса жұмыс жасайды. Оқытушы – ізденісті ұйымдастырушы, студент – оның белсенді көмекшісі, яғни, бұл жағдайда оқытушының міндеті – өз шәкірттерінің интеллектуальды-эмоциональды құлшынысын туғызу және үнемі қолдап отыру. Студент міндеті – белгілі бір шешімге өзі қол жеткізуге ұмтылу. Оқытудың проблемалық әдісі авторитарлық-иерархиялық байланыс нәтижесі ретіндегі оқытушы мен студенттің арасындағы бос мағынасыз кеңістікті тазартады. Проблемалық әдіс студенттен белгілі бір жеке ұмтылысты, күш-жігерді талап етеді, ол оқылып жатқан пәннің мағыналық тұсына үңіле ойланудан туындайды, яғни, бұл ретте пән атаулы адам мен шындықты бөле-жармай адами шындықты аңғартады. Қысқасы, таным пәні мен таным субъектісі жалпы мәдениеттанушылық кеңістіктегі бірлікте көрінеді. Ендеше, стратегиялық тұрғыда болжам жасау қағидасы проблемалық сабақтардың құрылымына мейлінше тиімді технологияны ұсынады, ал бұл риториканы қазіргі білім беру саласындағы маңызды құрылым ретінде қарауға әкеледі. *Төртіншіден, тактикалық тұрғыдағы үйлесім қағидасы* аудиторияға әсер етудің тиімді құралдарын (өзара түсіну, ынтымақтаса қимылдауға бейімдейтін аргументация мен педагогика) қолдануды қамтамасыз етеді, яғни, риторикалық мәдениет аспектісінде құрылған сабақ барысында оқытушы сендіруге, иландыруға, дәлелдеуге, әсерлендіруге тиіс, бірақ оған студенттің зорлауға, мәжбүрлеуге болмайды. Тактикалық тұрғыдағы үйлесім қағидасы педагогикалық стратегияны мәжбүрлеу педагогикасынан диалог,

қарым-қатынас, түсінісу, ынтымақтастық педагогикасына өзгертуге бейімділікті аңғартады. *Бесіншіден, сөздік шығармашылық қағидасы* оқытушының қандай пәнді (гуманитарлық немесе гуманитарлық емес) оқытарлығына байланыссыз сөйлеу сапасына қатысты жүйелі жұмыстарды қамтиды. Сабақ барысында *тактикалық тұрғыдағы үйлесім және сөздік шығармашылық қағидаларын* қолдану кейін жалғандыққа, екіжүзділікке ұласар бағынушылықты, тыңдаушылықты және жалған қорқыныш тудыарлықтай агрессиялы сөйлеу тонын жоюға белсенді тұрғыда септеседі. *Алтыншыдан, қарым-қатынас қағидасы* сабақ құрылымының диалогтық негізін қамтамасыз етеді. Яғни, бірден-бір субъект-субъектілік байланысы туындайтын және жүзеге асырылатын, әркім өз пікірін айтуға құқылы және әрқайсысы тыңдалатындай, бірде-бір көзқарас жоққа шығарылмайтындай, кез келген пікірдегі бағалы тұс ескерілетіндей бірлескен ойласу, шығармашылық ауаны (атмосфера) күйіндегі шынайы өзара түсіністік жағдайын туындататын қарым-қатынас сабағы. Диалог-сабақ – бұл сенім мен жақсылық тілеу ауаны жайылған, оқылғанды жаттанды қайталауға, дәлірек айтсақ, жаттанды ақпаратқа орын берілмеген, диалогқа қатысушылардың ойталқысы үдерісінде туындаған жанды ой-түйін сайран салған сабақ. Қарым-қатынас қағидасы оқытушыға диалог формасын оқытушы мен студенттің күнделікті амалы ретіндегі сабақ атаулының басқа емес, күнделікті оқиға болғандықтан да сабақтың жүргізілу құралы тұрғысында тануға жетелейді. *Жетіншіден, жүйелік-аналитикалық қағидасы* міндетті түрде рефлексияны қолдануды қамтамасыз етеді. Осының негізінде оқытушы студенттерімен бірлескен қалыпта дәл осы мезетте, кейінге қалдырмастан сабақ сапасын бағдарлайды (Осы сабақ неге керек, ол несімен тиімді, сабақ барысында неге қол жеткізілді, неге қол жеткізілмеді, қандай жолмен сабақты жетілдіруге болады? т.б.). Риториканың аталмыш қағидасы сабақты оқытушы мен студенттердің бірлескен өзара ойласу, ұйымдасу үрдісіне айналдырады, яғни, сабақ оған қатысушылардың ортақ мағыналы іс-әрекеті тұрғысында танылады. Тиісінше, көпшілік жағдайдағы, біздің түсінігімізше, сабақ үстіндегі іс-әрекеттер тек жалқы оқытушылар үшін ғана емес, жалпы студенттер үшін де қажетті құндылықтар сапына енбек. Рефлексия көмегіне жүгінген сабақтар оқытушы мен студенттердің бірлескен үлгідегі шығармашылығы тұрғысында қалыптасады. Сондай-ақ, рефлексия өткізілген сабақты алдыңғы кезекте өтілген сабақтардан бөлектей отырып, бұрынғы меңгерілген, анықталған мағыналы түйіндерді толықтыра түсу көзқарасы тұрғысында оқу үрдісін жүйелеуге жәрдемдеседі [2; 3; 9].

Жинақтай айтсақ, риториканың әрбір қағидасы сабақ барысында нақтылы көрініс табар болса, сабақ атаулы жандырақ өтпек, шәкірт атаулыда белсенділік, құлшыныс еселеп артпақ, ал бұл іспетті сабақтар оның пәндік мазмұнының қандай болуына қарамастан (тілдік, математикалық, химиялық, әдебиеттік, т.с.с.) риторикалық сабақтар есептелмек. Ал риторикалық технология негізінде құрылған сандаған сабақтарға қатысып, талдай келе, риторикалық сабақтарға төмендегідей сипаттар тән деуге болар еді: *зерттеушілік сабақ; дамыту сабағы; бағалау-бағдарлау сабағы, т.б.* Демек, сабақтарды риторикалық негізде құру дегеніміз – білім берудің іс-әрекет үстіндегі негізділігі әрі күрделілігі (фундаментализациясы), адамға тән ізгілігі (гуманизациясы және гуманитаризациясы) деп мейлінше сенімді түрде түйіндеуге болады. Бұл оқу үдерісіндегі риторикалық технологияның кәсіби мәдениет контекстіндегі оқытушы-педагогтың риторикалық тұлғасын қалыптастырудағы ұтымды саты екенін айқындайды.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // *Egemen Qazaqstan gazeti*. – 2018. – 6 қазан. – №190. – Б. 1-3.
2. Қыдыршаев А.С. *Шешендіктану: Оқу құралы бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған (өңделіп, толықтырылған екінші басылымы)*. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың редакциялық баспа орталығы, 2014. – 208 б.
3. Балтабаева Ж.Қ., Есенова Қ.Ө., Қыдыршаев А.С. *Педагогикалық риторика: Типтік оқу бағдарламасы (Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Республикалық оқу-әдістемелік секциясының талқылауымен ұсынылған)*. – Алматы, 2016. – 14 б.
4. Мурашов А.А. *Речевой аспект профессионального имиджа педагога // Образовательные технологии*. – 2013. – №2. – С. 140-144.
5. *Методика ораторского мастерства учителя / Сост. А.А. Калюжный, Г.И. Унгарбаева*. – Актыубинск, 1992. – 96 с.
6. Булатова О.С. *Педагогический артистизм: Учеб. пособие*. – М.: Изд. центр «Академия», 2001. – 240 с.
7. Мурашов А.А. *Речевое мастерство учителя: Педагогическая риторика*. – М., 1999. – 205 с.
8. Михальская А.К. *Педагогическая риторика: история и теория*. – М., 1998. – 420 с.
9. Қыдыршаев А.С. *Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары): Оқу құралы*. – Орал: Полиграфсервис, 2017. – 364 б.

Кдиршаев А.С., Газез Н.Н.

**ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ РИТОРИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ
ПРЕПОДАВАТЕЛЯ-ПЕДАГОГА В КОНТЕКСТЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
КУЛЬТУРЫ**

В статье рассматриваются аспекты риторической культуры преподавателя-педагога в контексте профессиональной культуры. Целью преподавателя-педагога является приобретение навыков, необходимых для формирования риторического лица. Результатом является система правил, которые соответствуют педагогической деятельности, основанной на риторических принципах риторической модели преподавателя-педагога.

Ключевые слова: Риторическая культура, риторическая личность, красноречие, педагог-ритор, риторическая квалификация.

Kdirshaev A.S., Gazez N.N.

**PROBLEMS OF FORMATION OF THE RHETORICAL PERSONALITY OF
AN INSTRUCTOR IN THE CONTEXT OF PROFESSIONAL CULTURE**

The article deals with the aspects of the rhetorical culture for instructor in the context of professional culture. The goal of the instructor is to acquire the skills necessary to form a rhetorical person. The result is a system of rules that correspond to the pedagogical activity based on the rhetorical principles of the rhetorical model of the instructor.

Keywords: Rhetorical culture, rhetorical personality, eloquence, pedagogue, rhetorical qualification.

UDC 37.035.6: 512.1

Moldagaliev B.A. – candidate of pedagogical sciences, associate professor,
WKSU named after M. Utemisov

E-mail: assyl.2017@mail.ru

Mukhieva G.S. – master student, WKSU named after M. Utemisov

E-mail: mgs-94@mail.ru

METHODS OF PATRIOTIC UPBRINGING TO HIGH SCHOOL STUDENTS

Annotation. *The article deals with the theory and methodology of Patriotic education of high school students in the pedagogical process of secondary school.*

The features of Patriotic education of high school students are revealed. The ways of realization of the peculiarities of patriotic education are determined.

Keywords: *general secondary education, pupils, teachers, pedagogical process, patriotism, patriotic upbringing.*

The solution of a number of problems in the life of the country largely depends on the level of development of civil society, the formation of a high Patriotic consciousness, a sense of pride in their Homeland, education readiness to fulfill civil duty to protect the interests of the Motherland.

The system of patriotic upbringing is the formation and development of socially significant values, citizenship and patriotism in the process of education and upbringing of all forms and types of educational institutions; conducting mass political and educational work in labor collectives, army, public organizations; mass media to provide citizens with an opportunity to analyze, study and demonstrate patriotic education topics.

Sh.Kudaibergenuly, Abai Kunanbayev, Al-Farabi, J.Balasagun, M.Kashkari, A.Divaev, G.N. Potanin, K.D. Ushinsky, Sh.Valihanov and others are influential to generate love for their native land.

The love for the Motherland, warm feelings of the Alashorda people A.Baitursynov, M.Dulatov, S.Toraigyrov and others. Great personalities who have proved their work with words.

During the Soviet era, Kazakhstan's schools have enough scientific-theoretical foundations and practical experience in patriotic education. Studying and sorting out the experience of the Soviet era in the conditions of the modern market economy, raising the level of patriotism of schoolchildren, the demand for today's requirements is growing.

Theoretical and methodological basis of patriotic upbringing of young generation in the philosophical doctrine is the conceptual idea of this problem, potential in education A.Aitzali, G.Yesim, A.Nysanbayev, B.Gershunsky. D.Kysybekov and others. In the field of history M.Kozybayev, O.Smagulov, L.Akhmetova and others. in the field of philology M.Auezov, S.Mukanov, M.Zholdasbekov and others.

The issues of development of education and upbringing in Kazakhstan, effective use of folk pedagogy in the upbringing of young generation and patriotic education of personality through epic poems and musical compositions have been studied in K.Zharykbaev, S.Kaliev, M.Baltabayev, T.Konyratbaev and others.

The patriotic upbringing in the Republic of Kazakhstan relies on the following normative legal documents, state concepts and programs:

- Constitution of the Republic of Kazakhstan (last modified in 1995);
- The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education" (with the last amendments and additions in 2007);
- The Law of the Republic of Kazakhstan "On the Assembly of People of Kazakhstan" (with the last amendments and supplements in 2017);
- The Law on Language (July 11, 1997);

- Law on State Youth Policy in the Republic of Kazakhstan, 9 February 2015;
- The Doctrine of National Unity of Kazakhstan, April 29, 2010;
- The Concept of Strengthening and Development of Kazakhstani Identity and Unity, December 28, 2015;
- State Program of Science and Science Development in the Republic of Kazakhstan for 2016-2019, February 27, 2016.

The importance of patriotic upbringing in the Republic of Kazakhstan is explained for several reasons.

The Republic of Kazakhstan is characterized by ethnic diversity, where representatives of more than 120 nationalities and ethnicities live. The multi-national character of the country has influenced the majority of religious confessions and their role in the life of society is increasing. In this regard, the following basic principle is laid out in the "Concept of Strengthening and Development of Kazakhstani Identity and Unity": "Kazakhstan identity and unity are a process that continues from generation to generation. It is based on the fact that every citizen, regardless of his ethnicity, links his own fate and future with Kazakhstan. Our common history, our present lifestyle, and our shared responsibility for the future bring the society united: "We have only one homeland, one homeland - it is Independent Kazakhstan". Understanding the significance of this choice is the key to a merger" [1].

People living in Kazakhstan must know their duties to the state. They should contribute to the welfare of the state, the strengthening of national consensus, the preservation of national unity, the conservation of natural resources, and the prosperity of the state. Therefore, the formation of the patriotic conscience of pupils through the good traditions of the people is a modern necessity.

The role of military-patriotic upbringing of senior pupils increases. Military-patriotic upbringing is one of the most important directions of formation of patriotism, patriotism and patriotism of citizens, especially high school students, students, pre-conscription and youth.

In his article "The Good Kazakh Traditions That Brings Heroic Combat Characters", Khalyk Kakharmany B.Momysuly presents his plan, referring to the importance of the nation's battle lines and national traditions [2].

In modern conditions, it is necessary to further strengthen the methodological, information, organizational support of military-patriotic education, strengthening of coordination between the Armed Forces, public and educational organizations in the field of patriotic upbringing of young people, promotion of the army and military service positive status. It is necessary to strengthen the work of modern clubs with experience in preparing young people to the army, involving the Great Patriotic War and local wars and labor veterans.

At present, the demand for troops is increasing. Their health should not be less than 160 cm in height. One more focus should be on the recruitment of a citizen, avoiding harmful habits. It is a healthy lifestyle. Consequently, hardworking, patriotic, family values should be strong, civilized. If a drug is detected, it will not be retired. The army will pass a special test to determine it.

Homeland is an inexhaustible love for their homeland, the people, all the effort is devoted to the interests of the Fatherland. He is a person who loves his country's native land, honoring the history, culture, traditions, language and religion of his country, proud of its social and cultural achievements, ready to sacrifice its interests and historical destiny.

The object and source of patriotism are Otan, its content: native land, nature, its riches, language, traditions, historical monuments, beautiful holy places in the native land. It is the pillar of patriotism that they bring warmth, closeness, affection to the human chest, and become a source of good and noble deeds. It is true that holy feelings

do not come with mother's milk, a powerful feeling that gradually develops throughout the child. Patriotic consciousness is formed.

The idea of Otan - is the result of our heroic deeds in the minds of our ancestors to protect our vast lands from external enemies.

Homeland! What is a homeland? Motherland is the place where every human being has his umbilical blood. Our homeland is Kazakh land, the Republic of Kazakhstan. The happiness and prosperity of people often begins with love for the Motherland.

In the encyclopedia, "Otan" means the place where the birthplace, the homeland, the people, the natural wealth, the people, the public and the state structure, the language of the people, culture, traditions and customs [3, p. 340].

The integrity, independence and state independence of any state in the development of the society is directly related to the love of the people, patriotism. Patriotism will be a new step in our country.

The content of patriotic upbringing involves the following qualities: love of the motherland and pride of its citizenship; to know the history, nature and culture of their homeland; respect for religion, historical heritage; to express their humanistic views on their fellow citizens and other ethnic groups living together.

Patriotism is the aspiration to see your country, your people as high as possible, to please your success and achievements, to use your personal interests to achieve the ideals set by the state, and to work hard for your country.

The essence and function of the patriotism - the unification of the state and preservation of national unity as a unit, i.e. cultural, territorial, state-political, economic.

It acts as a spiritual force that empowers the means and means of unity of the people: language, national culture, historical traditions and continuity, the national character of its religion, the integrity of the territory and its accessibility. That is why the erosion of patriotism is the most realistic symbol of the crisis of the society, and its artificial destruction is a way of destroying the people.

Patriotism entails the following as complex integral personality structure:

- love for the motherland;
- dedication and service to him / her;
- To be in unison with one another, to match their interests with the interests of the Homeland;
- presence of an active civil position, readiness to defend the interests of the Homeland.

Consequently, the notion of patriotism is:

1. Every citizen should love their homeland and respect the language of their people;
2. Protection of the interests of the Motherland, citizenship and honesty in the Motherland;
3. Protecting the people;
4. Praise the achievements of the country in social and cultural spheres;
5. Respecting the history, people's customs, traditions and customs;
6. Work for the good of the country, protection of his honor, freedom and independence;
7. Preservation and respect of historical artifacts;
8. Embracing the state's prosperity, prosperity and prosperity;
9. Commemoration of Symbols representing the neighborhood;
10. Always be ready to protect against internal and external enemies;
11. Preservation of our culture, literature, responsibility to Motherland.

Today, the content of patriotism is explained by its multifaceted, multifaceted and multifaceted nature. Because the phenomenon of this phenomenon is complicated, multifaceted, multiformly, in many forms. In this regard, the directions and measures

of pedagogical education in the school are mentioned in the state program of education and science development of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019 [4]. In the case of social development of the society, we consider the implementation of patriotic upbringing to high school pupils in several directions:

- patriotism as the highest human being in the soul, the formation and formation of which begins with the baby's milk from the childhood, with the social, spiritual and moral aspects of life;
- systematic organization - organization of patriotic upbringing of students with the purpose of interacting with school, family and social environment;
- Determine the content, forms and methods of patriotic upbringing taking into account the age and individual pupils' pupils;
- The main subject of patriotism is always individual, so the essence and the future of each person's life are to serve only for the Motherland, the homeland, the consciousness of historical, cultural and national consciousness of prosperity of the native land;
- Promotion of regional peculiarities, formation of national and Kazakhstani patriotism through love, country, land, village, city, etc.;
- patriotism, consistent use of social values, practices through a comprehensive approach, from generation to generation.

A.N.Vyrshikov, M.B.Kusmartzeva, V.I.Lutovinova handed over the general pedagogy principles, following the following principles in accordance with patriotic sentiments:

- The principle of coordinating the interaction of schools, families and the society in the implementation of the tasks of patriotic education.
- The principle of associating patriotic education with other types of training and education.
- The principle of accounting for individual, age, national and religious differences in the patriotic education of students.
- The principle of continuity of the spiritual practice of generations.
- The principle of historical and social consciousness.
- The principle of relying on the cultural, historical, military and labor traditions of nations [5, p. 127].




Figure 1 – Methods of patriotic education of students

Analyzing theoretical works and practices, we have set the goals, objectives, principles and principles of patriotic upbringing.




Figure 2 – Structural-content model of patriotic education of high school students through the school pedagogical process.

Thus, "patriotic education of pupils is the education of the adult and children in the interaction and interaction of children with the personality of humanity, the formation of the national and regional culture, the sources of the nature of the native land, education of the emotional and behavioral attitude to motherland".

Patriotic education is a complex process. It is carried out through a special educational process, the impact of social reality, family relationships, peers and surrounding people.

Literature:

1. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан газеті. – 2015. – 31 желтоқсан – №250 – Б. 12.
2. Момышұлы Б. Көптомдық шығармалар жинағы. 8 том. – Алматы, 2010. – 280 б.
3. Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 880 б.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 жылғы 27 ақпандағы № 123 қаулысы.
5. Вырицков А.Н., Кусмарцева М.Б., Лутовинова В.И. Концептуальные основы патриотического воспитания учащейся молодежи. – М., 2015. – 240 с.

Молдағалиев Б.А., Мухиева Г.С.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОТАНШЫЛДЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада жалпы орта білім беретін мектептің педагогикалық процесінде жоғары сынып оқушыларына отаншылдық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі қарастырылады. Мектепте оқушыларға отаншылдық тәрбие берудің ерекшеліктері сипатталады. Отаншылдық тәрбие беру ерекшеліктерін жүзеге асырудың жолдары белгіленеді.

Тірек сөздер: жалпы орта білім беретін мектеп, оқушылар, мұғалімдер, педагогикалық процесс, патриотизм, отаншылдық, отаншылдық тәрбие.

Молдағалиев Б.А., Мухиева Г.С.

ПУТИ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ

В данной статье рассматривается теория и практика патриотического воспитания старшекласников в средней общеобразовательной школе. Раскрываются особенности патриотического воспитания старшекласников. Определяются пути реализации особенностей патриотического воспитания.

Ключевые слова: средняя общеобразовательная школа, учащиеся, учителя, педагогический процесс, патриотизм, патриотическое воспитание.

ӘОЖ 377

Қарсыбаева Р.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор м.а.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
E-mail: tekesbaeva_anar@mail.ru

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

***Аңдатпа.** Мақалада Абай Құнанбаев шығармаларының тәрбиелік маңызы туралы айтылады. Ұлы ақын өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ой тұжырымдарын өзінің шығармалары арқылы бейнелей білген. Абай шығармалары адамгершілікке, кішіпейілдікке, өз елінің патриоты болуға тәрбиелейді. Оның туындылары адам мінезіндегі жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келе, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жамандықтан бойды аулақ ұстау, ұстамды болу сияқты қасиеттерін көмектеседі. Автор Абай Құнанбаевтың қызықты, мазмұнды, балалардың ой санасына, түсінігіне жеңіл етіп жазылған шығармаларын ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдаған. Бастауыш сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеуде олардың педагогикалық мүмкіндіктерін аша білген. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар.*

***Тірек сөздер:** патриоттық тәрбие, Абай шығармалары, ұлттық тәрбие, адамгершілік, табиғат, жас ұрпақ.*

Бүгінгі таңда өсіп келе жатқан жас ұрпақты ізгілік, имандылық тұрғыда өмір сүріп, шығармашылықпен еркін еңбек ете алатын, бәсекелестікке бейім, өмірге икемділігін, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды тұтастықта меңгере алатын және өзін-өзі дамыта алтын, патриоттық сезімі қалыптасқан жаңа азаматы тәрбиелеудің қажеттілігі туындауда.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Елжандылық идея – отаншылдық сезім – адамда жүре пайда болатын, жеке тұлғаның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, әлеуметтік құбылыс.

Отаншылдық сезім жалпы адам баласына тән адами түйсік қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттып қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші.

Отан – бұл халық. Халық – бұл адам. Адам сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі. Отаншылдық көз жетпейтін көне ғасырлардан келе жатқан құндылық. Қай ғасырда болмасын патриоттық тәрбие мәселесі назардан тыс қалып көрген емес.

Батырдың рухын көтеру, олары жігерлендіру халыққа кеңінен танымал болған ақын-жырауларымыздың дәстүрі болған. Солардың бірі – Ақтамберді жырау. Бабамыздың жыр толғаулары елді бірлікке топтасуға үндейді. Оның Отансүйгіштікке бағытталған жыр жолдарын естіген қай жауынгер болмасын

алдаспанын жауға сілтемей қалмасы анық еді. Сондай жырлардың бірінде Ақтамберді жырау:

Жауға шықтым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек қан қайнап
Ел-жұртыңды қорғайлап,

Өлімге жүрміз бас байлап [1], - деген жыр жолдарында халықты батылдық пен батырлыққа шақырады.

Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары: Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев; Алаш Орда қайраткерлері: М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және тағы басқалардың нақтылы іс-әрекеттері мен шығармаларынан да байқауға болады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай тікелей жауынгерлік және ерлік тәрбиесіне арнап еңбек жазбағанымен де, өзінің шығармаларында отансүйгіштікті қалыптастыратын ұлттық сана, намыс, парыз секілді қасиеттерді жан-жақты қамтыды. Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» пайымдаулары халқымыздың тарихын ғылыми негізге келтірген алғашқы қадамдардың бірі. Абай шығармалары туған елінің, жерінің тарихын зерттеп, оны жете түсінуді уағыздайды.

Абай Құнанбаев – халқымыздың тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері. Данышпан ақынның ұлылығы туралы С.Торайғыров «Асыл сөз» өлеңінде былай дейді:

*Ақыл сөзді іздесең,
Абайды оқы ерінбе!
Адалдықты көздесең,*

Жаттап тоқы көңілге [2], - дей отырып, ақын жастарға Абай сөзі қасиетті, ол адалдыққа бастар бастау, бұлақ көзі деп түсіндіреді.

Абай халық ауыз әдебиетінің мол мұрасынан сусындап өскен. Жас Абайдың дүниетанымының қалыптасуына әжесі Зере мен анасы Ұлжан үлкен еңбек сіңірді. М.Әуезов оның ойшыл-ағартушылық дүниетанымының қалыптасуының үш қазынасы барын айта келіп, оны былай саралаған: «...біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы халықтың ауызша әдебиет қоры, екіншісі – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы, үшіншісі, үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы еуропа мәдениеті», - деп саралайды [3].

Абайдың ақындық жолға бет бұрғандағы алғашқы сөзі білім мен мәдениеттің маңызын насихаттай отырып, балалардың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруға арналады. Ұлы ақынның «*Ғылым таппай, мақтанба*», «*Әсемпаз болма әрнеге*» өлеңдері кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті үлгісінде жазылған. «*Ғылым таппай, мақтанба*» өліңінде адам бойындағы қазынаның ең бастысы, әр баланың ұмтылатын арманы – ғылым болуы керектігін айтады.

*Ғылым таппай, мақтанба!
Орын таппай баптанба
Құмарланып шаттанба,*

Ойнап босқа күлуге [4], - дей келе, ғылым жолына ұмтылған әр адамның қандай нәрселерден қашық, қандай нәрселерге асық болу керектігін жіпке тізгендей тізіп, саралап береді. Ақынның осы өлеңі арқылы жастардың ғылымға ұмтылғанын қалайтын адами қасиетті жоғары бағалайтын өз халқының жанашыр бейнесін көреміз.

Ұлы ойшыл ақын «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан!-

деп әр баланың өмірдегі өз орнын дұрыс таба білу қажетін ескертіп:

Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар-

Сол жарасар туғанға, - деп, әділеттілік пен мейірімділікті жоғары бағалайтын, ел ертеңі жастардың бойынан тек жақсы қасиеттерді көруді аңсайтын ұлы ақынның ұлтжанды бейнесін аңғаруымызға болады.

Ұлы ақынның бұл өлеңдері бастауыш сынып оқушылары үшін дүниетанымдық, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарының дұрыс қалыптасуына бағдар беріп қана қоймай, олардың халық ертеңін, еліміздің болашағы екенін жете ұғынған халқының патриоты екенін көруімізге болады.

Ұлы ақын, ғұлама ойшыл Абай табиғат лирикасын өзінше жырлаған. Оның әсіресе, жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдері – ақындық шеберлікпен жазылған сұлу жырлар.

Жайқалған гүл-бәйшешек, көкорай шалғыны мен күркіреген өзені бар тамылжыған жаз да, ақ кірпік бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қырау қабақ қыс та, аспанын бұлт торлаған, гүлі солғын, сарғыш далалы күз де Абай өлеңдерінде бейнеленеді.

Ақын өлеңдерінде табиғат пен адамның, қоғамның байланысы терең суреттеледі. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруда, елін, жерін құрметтей білуге тәрбиелеуде ұлы ақынның табиғат туралы өлеңдерінің алатын орнына баға жетпейді.

Абай «Жаз» өлеңінде жазғы табиғаттың көркем көрінісін асқан шеберлікпен бейнелейді, көкорай шалғыны мен бәйшешегі толысқан жайлау әлі қонып үлгермеген ауылдың қарбалас тіршілігі қимыл-қозғалысымен түгелдей суреттеледі.

Жаздыгүн шілде болғанда,

Көкорай – шалғын, бәйшешек,

Ұзарып, өсіп толғанда,

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда, - дей келе, әзілдесіп, күлісіп үй тігіп жатқан қыз-келіншек, ат үстінде мал аралап жүрген ауыл иелері, жылқы соңындағы жылқышылар, су жағалап құс салған бозбалаларға дейін алып, көшпелі ауылдың реалистік тіршілігі шағын өлеңнің ішіне шеберлікпен сыйғызыла суреттеледі. Туған жеріміз Қазақ елінің әсем келбетін суреттеуі – бастауыш сынып оқушыларын өз елін, туған жерін сүюге тәрбиелеудің құралы болып табылады.

Ақын қыс табиғатын өзгеше стильде суреттейді. «Қыс» өлеңінде де табиғат қозғалыс-әрекеттегі күйде алынады. Бұл әрекет табиғаттан гөрі адамның әрекетіне ұқсайды.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр-мылқау танылмас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Абайға дейін қазақ әдебиетінде табиғатты жанды адам бейнесінде суреттеу болмаған. Бұл – ұлы ақынның қазақ әдебиетіне қосқан жаңалығы. Абай қысты қазақтың енжар жатқан даласына қорқынышты үрей әкелген қатал бейнеде алып, «демалысы-үскірік, аяз бен қар кәрі құдаға» теңейді. Бұл жерде халқымыздың

байырғы ұғымы қолданылады. Мазасыз, сұрампаз кәрі құданың бейнесі арқылы қыстың да қайталап келіп, елдің тіршілігін тарылта беретіні суреттеледі.

Өлеңде шидем мен тонын қабаттап киіп, оранып алса да, долы боранға «бет қарауға шыдамай, сырт айналып», мал соңында жүрген жылқышылар, суық өтіп, титығы құрыған тайлар мен жабағыларға ауыз салуға жанталасып, жортып жүрген аш қасқырлар көркем бейнеленген.

Бұдан кейінгі кезекте жазылған «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір – екі ай» өлеңдерінде өмір мен табиғат шындығы жаңаша идеялық-көркемдік тұрғыда беріледі.

*Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан тай жарысқан?
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрыңғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала иулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,*

Жапырағынан айырылған ағаш, құрай, - деп, көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен табиғаттың жүдеу көрінісін үйлестіре, байланыстыра суреттейді.

«Жазғытұрым» өлеңінде де Абай көктемнің өзіндік суреттерін бейнелейді. Ақынның бұл өлеңінен жылдың осы мезгіліне тән өзіндік ерекшелік – «ата-анадай елжіреген күннің көзі» екенін, яғни жер бетіндегі өзгерістердің күнге байланысты екенін дұрыс пайдаланғанын көреміз.

*Түйе боздап, қой қоздап, қорада иу,
Көбелекпен, құспенен сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,*

Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су, - деп көктемгі көріністің суреттерін толық жаза отырып, көктем мезгілінің ел тіршілігіндегі орнын жанға жайлы, еңбекке қолайлы екенін де атап өтеді:

*Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер,
Диқаншылар жер жыртып, егін егер.
Шаруаның біреуі екеу болып,*

Жаңа төлмен көбейіп, дәулет өнер, - деп тіршілік үшін күресетін мезгілі екенін айтады.

Ақынның табиғат жырларындағы сәтті ізденістерінің қатарына «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып» өлеңдері де жатады.

Төменгі сынып оқушылары үшін ұлы ақын өлеңдерінің танымдық мәні зор.

*Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбдырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлтырған жасыл жер жүзі.*

Абайдың бұл өлеңі жазғы ай сәулесінің көрінісін, түн тыныштығында самалдың ағаш жапырағын сипай өтуін елестетіп, жан дүниенің әсер етеді.

Абай өлеңдерінің дүниетанымдық мәні – шындықты нақ суреттеуімен бірге, табиғат, адам, қоғамды үйлестіре білуінде.

Қазақ әдебиетінің классигі Абай поэзиясы терең мазмұнымен, асқан көркемдік қасиеті мен бүкіл әлем әдебиетінің озық үлгілері қатарынан орын алады. Абай туралы А.Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» мақаласында: «Оқып

қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардан басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең» – деп келіп, Абай шығармаларын жоғары бағалап, ұлы ақынның өлеңдері жас ұрпақ дүниетанымын қалыптастырудағы орны ерекше екенін анықтап берді [5].

Абай шығармашылығында алатын орны зор туындылары – оның проза түрінде жазылған еңбектері. Олар «Қарасөздер» немесе «Ғаклия» деген атаумен жариялатып жүрген терең философиялық толғаныстардан тұратын дүниелері [6].

Абайдың қарасөздерінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөздерінің көлемі аз, бірақ мазмұнды келеді. Көпшілігі сұрау, жауап не оқушыларымен, не өзімен-өзі кеңесу үлгісінде құрылған.

Абайдың қара сөздерінде өзі көрген өмір сабақтары туралы ойлары, содан туындайтын даналық, философиялық түйіндері, ақынның дүниетанымдық пікірлері жазылған.

Ақын бастауыш сынып оқушыларының дүниеге көзқарастары қалыптасып, дамуына біліммен қоса тәрбиенің де маңызы ерекше екенін жазды. Сол себепті тәрбие арқылы бала бойындағы туа біткен қасиеттерді дамыта отырып, оның ақыл-ойын, ерік-жігерін, адамгершілік пен парасаттылығын жетілдіруге болатындығын түсіндіреді.

Ғұлама ойшылдың әрбір қарасөзінің тәрбиелік маңызы орасан зор. Ол жастарды жағымсыз мінез-құлықтан жирендіреді, іскерлікті, шеберлікті дәріптеп, тіл үйренуге шақырады. Халқымыздың салт-дәстүрлерінің жағымдысын мақтап, жағымсыз жақтарынан сақтандырып, балаларды өнер-білімге, ғылымға, еңбек сүйгіштікке, адамгершілікке шақырады.

Данышпан ғалым өзінің отыз тоғызыншы қара сөзінде: «Рас бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінезі қайсы десең - әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырлған жерге ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысыды екен. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстық, табандылықтан келеді» - деп жазды. Абайдың бұл қара сөзінде – арлылық, намыстық, табандылық – тәрбиенің жемісі дейді. Адамның ең ұлы сезімін азаматтық парызын орындау үшін жоғарыда аталған мінезді игеру керек екенін Абай атап көрсетеді. Абай шығармаларынан қазақ халқының өзіндік қасиет бітімін көреміз.

Абай бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімдерін аудармалар арқылы да қалыптастырып, дамытуға ат салысты. Кемеңгер ойшыл орыс әдебиетінің классиктері А.С.Пушкин, Ю.Лермонтов, А.Крыловтың шығармаларын аударды. Ақын аудармаларының қай-қайсысын алсақ та, қазақ тұрмысына жақындатылып аударылғандықтан Абайдың өз шығармасындай болып көрінеді.

Данышпан ақын, әсіресе, А.Крылов мысалдарын көптеп аударған. А.Крылов мысалдарын аудару арқылы адам бойындағы қулық-сұмдықты, тойымсыздықты, жауыздықты, зорлық-зомбылықты, алауыздықты, әлін білмеген әлектерді сынай отырып, жастарды өз елін, жерін сүйуге тәрбиелейді.

Абай аудармаларының адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықты оқушыларға таныс, күнделікті көріп жүретін туған өлкесінде мекендейтін түрлі жануарлардың іс-әрекеттерін суреттеп сынау арқылы төменгі сынып шәкірттерінің дүниетанымын кеңейтіп, дамытудағы алатын орны ерекше. Мәселен, «Қарға мен түлкі» мысалында қарға сияқты мақтан сүйгіш, даңғойлардың түлкі тәрізді қуларға жем болуы көрсетілсе, «Шырлдауық шегірткеде» ертеңгі күнін ойламайтын жалқауларды күлкі етіп, шегірткені әкеліп өзінен әлдеқайда кіші құмырсқаға бас игізеді.

Абайдың төл шығармалары мен аудармалары балалардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырып, дамыта отырып, тәлім-тәрбие береді. Абай шығармаларымен сусындап өскен әрбір бала елінің үлкен жүректі азаматы болары хақ.

Ұлы ойшылдың рухани байлықтарынан нәр алмаған жас қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, болмыс-бітімін, тілі мен дінін біле алмайды.

Жас ұрпақ Абай мұрасын жете меңгеру арқылы әлемдік гуманистік және ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңіретінін, ұлы ақын шығармаларының тәлім-тәрбиелік мәнін, олардың тұлға қалыптастырудағы орнын бағамдап, қадірлеп-қастерлеп, өмірді және дүниені танудағы маңызын ұмытпайық.

Әдебиеттер:

1. Орынбеков М. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 83 б.
2. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. 1-кітап. Өлеңдер. / Ред. алқасы Т. Әбдірахманов және т.б. – Алматы: Жазушы, 1987. – 160 б.
3. Әуезов М. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1969. – 249 б.
4. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екітомдық толық жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
5. Байтұрсынов А. “Ақ жол”. – Алматы: Жалын, 1991. – 217 б.
6. Салғарин Қ. Таным баспалақтары. – Алматы. 1993. – 109 б.

Карсыбаева Р.К.

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ АБАЯ КУНАНБАЕВА

В статье говорится о воспитательном значении произведений Абая Кунанбаева. Великий поэт уделяет особое внимание воспитанию подрастающего поколения и выражает свои мысли в своих произведениях. Труды Абая воспитывают быть честным, гуманным, трудолюбивым. Его творения помогают сформировать такие качества как патриотизм, ответственность, объективность, справедливость, человечность. Автором был сделан тщательный всесторонний анализ содержания трудов Абая Кунанбаева. Также были раскрыты педагогические возможности произведений поэта в формировании патриотического воспитания учащихся начальных классов. Объектом и источником патриотических чувств выступают в первую очередь Родина, а ее содержанием является природа, богатство родного края, язык, традиции, исторические памятники, прекрасные святые места на родной земле.

Ключевые слова: патриотическое воспитание, произведение Абая, национальное воспитание, нравственность, природа, молодое поколение.

Karsybayeva R.K.

PATRIOTIC EDUCATION OF STUDENTS THROUGH THE WORKS OF ABAY KUNANBAYEV

The article talks about the educational value of the works of Abay Kunanbayev. The great poet pays special attention to the education of the younger generation and expresses his thoughts in his works. The works of Abai bring up to be honest, humane, hardworking. His creations help to form such qualities as patriotism, responsibility, objectivity, justice, humanity. The author made a staggering analytical work on the work of Abaya Kunanbaeva. There is also a discovery of pedagogical possibilities in the formation of poetry in the patriotic education of the main classes. The object and source of patriotic feelings is primarily the Motherland, and its content is nature, the wealth of the native land, language, traditions, historical monuments, beautiful holy places in their native land.

Keywords: patriotic education, the work of Abai, national education, morality, nature, the younger generation.

ӘОЖ 272.851

Габдрахманова Ш.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

E-mail: appercia81@mail.ru

Касимова А.Х. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің доценті

E-mail: Kasimova_ah@mail.ru

Фатихова А.К. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: Asel.f.k@mail.ru

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІ МАМАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Аңдатпа.** Мақалада үштілді білім беру арқылы құзыретті маманды қалыптастырудың мәселелері қарастырылған. Мұғалімдерді даярлауда көптілді оқытудың маңызы көрсетілген. Сондықтан үштілділікті меңгертудің ұйымдастыру жолдары белгіленген. Көптілді білім беру көптілді маманды қалыптастырудың негізі екендігі анықтап көрсетілген.*

***Тірек сөздер:** жоғары оқу орны, тіл, үштілді білім беру, үштұғырлылық, шет тіл сабағы, өзіндік жұмыс, құзіретті маман.*

Қазіргі Қазақстандық қоғам көпэтностық, көптілділік және көпмәдениеттілік жағдайда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көптілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көптілді білімді дамытуға жіті назар аударып: «Еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік», - деп атап көрсеткені белгілі [1]. Қазақстан Республикасының Президенті жүктеген тапсырмаларға сәйкес, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [2] мен «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени бағдарламасында, ал Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 2020 жылға қарай «... барша қазақстандықтар қазақ, орыс тілін – 95% және 25% - ағылшын тілін меңгеруі тиіс» деген міндет қойылған [3].

Көптілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық жаңа үлгісін құруды көздейді. Осы орайда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек.

О.Б. Алтынбекова, М.М. Копыленко, Б.Х. Хасанов және тағы басқалардың еңбектеріне сүйене отырып «Көптілді білім беру» ұғымына мынадай анықтама береміз – бұл мақсатты бағытталған, ұйымдастырылған, нормаланған индивидті оқыту, тәрбиелеу және дамытуға бағытталған үшбірліктегі процесс, ол арқылы бірнеше тілді бірізгілікте меңгеру негізіне көптілді тұлғаны қалыптастыруды, сөйтіп тұлғада тілдік білімдерді, іскерліктерді, сөйлеу әрекетін меңгерген, тілдерге және мәдениеттерге эмоционалдық-құндылық қатынасты тұлға дамиды.

Көптілді білім берудің қажеттілігін түйсіну Еуроодақтың тіл саясатының қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырып, болашақ кәсіби салада тиісті

лингвистикалық біліктілікті қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орындарында, ішінара шет тілінде оқуды қолдайтын қағидаларынан да көрініс тапты. Еурокомиссия Еуроодаққа мүше елдердің білім беру жүйелеріне «ана тілімен қоса екі шет тілі» қағидасының енгізілгенін жариялағаны белгілі. Осы орайда қазіргі таңда еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында көп тілде білім беру мәселесі бойынша дөңгелек үстелдер, бейнеконференциялар өткізіліп, нәтижесінде көп тілде білім беру бағдарламалары жасақтала бастады. Көптілді білім берудің нормативті-құқықтық базасын қалыптастыру үшін университеттерде көптілді білім беруді дамытудың тұжырымдамасы жасалып, нақты іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар көптілді білім беруді үйлестіретін орталық құрылып, оның ережесі дайындалды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жаңа адамның жан-жақты қасиеттерінің толысып, жетілуінде кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімнің атқаратын ролі зор екені көрсетілген [3].

Өйткені 12-жылдық мектептің алдына қойылған мақсат пен нәтижеге апарар жолда жаңа заманға сай, күтілетін нәтижелерге бағытталған жаңарған білім мазмұнын жеке тұлғаға жеткізетін, педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде қолдана алатын, яғни бір сөзбен айтқанда, құзыретті мұғалімдерді дайындау - бүгінгі күннің көкейкесті мәселерінің бірі болып отыр.

Бүгінгі маманның біліктілігі, оның білімінің нәтижесі құзыреттіліктер болып танылды. Педагогика ғылымында құзыреттіліктерді анықтау және жіктеу әдіснамасы қалыптасты. Осы әдіснамаға сүйене отырып, құзыреттілік тұрғысынан білім беру үдерісінің мұғалімдерге бағытталу сипаты айқындалды. Осыған орай, білім беру технологияларына, ұйымдастыру формаларына, оқытушылар мен студенттерге, олардың жетістіктерін бағалауға жаңа талаптар қойылуда.

Өмірдің қойған міндеттерін құзыреттілік тұрғыдан шешу – «қоғамға қандай, соның талаптарына сәйкесті қоғам мүшесіне қандай білім қажет және ол қоғамның қандай талаптарын орындауға тиісті» деген сауалға жауап іздейді. Мектеп практикасы мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыруды – бүгінгі күннің педагогика ғылымының және білім беру жүйесінің маңызды проблемаларының бірі болып табылатынын көрсетіп отыр. Құзырлылық тұрғыны білім беру жүйесінде қолдану білім берудің нәтижесін сапалы қылуда басты орын алады.

Осыған орай, дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне енгізілген.

«Құзыреттілік» ұғымы «даярлық» ұғымына мағынасы жағынан жақын болып келеді. Сол себепті, оқытуда кәсіби қасиеттерді кәсіби даярлықтың бөлшектері, ал кәсіби іс-әрекет жағдайында кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлшегі деп есептеуге болады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында «құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық болса, ал құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі», - деп көрсетілген [4, 16 б.].

«Құзыреттілік» ұғымы «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз, бұған қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама

берілген: «құзыр» - жалпы алғанда қандайда бір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген мағынаны білдіреді [5].

Ал, Ұлттық Қазақ энциклопедиясында «құзырет» - нақты мекеменің немесе лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген құқықтарының, міндеттерінің және өкілеттіліктерінің жиынтығы деп көрсетілген [6].

Сонымен бірге, педагогикалық білім беру теориясында құзыреттілік маманның өз қызметіндегі проблемаларын нақты жағдайда шеше алу мүмкіндігін айқындайтын интегралды сипаттама, ол үшін білімі мен өмірлік тәжірибесін және қабілет пен құндылықтарды пайдалану қажет.

Қазіргі уақытта әртүрлі ғылым саласымен айналысатын ғалымдардың еңбектерінде құзыреттілік ұғымы төмендегідей әр жақты түсініктерімен анықталған:

- әр түрлі жағдайларға байланысты кез келген мәселелердің шешімін табу, конструкциялау және талдауға қажетті білім, білік, тәжірибені игеру;
- жұмыс барысында, өмірде пайда болатын ір түрлі сипаттағы қиыншылықтарды, кедергілерді өз күшімен шешу, пайда болатын мәселелерді анықтау және талдау үшін қажетті маманның білімділік, іскерлік деңгейі;
- кәсіп иесіне белгілі бір саланың стандартқа сай қойылатын талаптарына жеткілікті деңгейдегі білімділік, іскерліктердің жиынтығының болуы және жоғары жан жақты дайындығы;
- өмірге, мамандығына байланысты функциональдық міндеттерді орындауға қажетті нақты кәсіби білім мен біліктілікті игеру және т.б.

Авторлардың пікірлерін қорыта келе, мынадай тұжырым жасаймыз:

- «құзыреттілік» ұғымы тек когнитивтік (танымдық) және технологиялық құраушы ғана емес, ол әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін, құндылықтық бағдар жүйелерін қамтиды;
- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты бір жағдайда, іс-әрекетте жұмылдыру қабілеті;
- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұнының кіріктірілуі;
- құзыреттіліктер тек оқыту үдерісінде ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі және дәстүрлі емес білім алу жағдайында да қалыптасады.

Қолдану мүмкіндігіне қарай құзырет, құзыреттілік, құзыретті ұғымдары дифференциланып, педагог-ғалымдар Е.А. Климов, В.А. Сластенин, А.И. Маркова, А.В. Хуторский т.б. еңбектерінде сипатталып жүр.

Қазақстанда 12-жылдық білім беру жағдайында мұғалімдер мен оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және практикалық мәселелері қазақстандық ғалымдар Б.Т. Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Ә.М. Мұханбетжанова (мұғалімдерде түйінді құзыреттіліктерді дамыту), Ш.Х. Құрманалина (колледж жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреттілігін дамыту), Г.Ж. Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М.В. Семенова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру), С.И. Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылуда.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогикада да қарастырылған. Мәселен, К.С. Кудайбергенова өзінің «Құзыреттілік табиғаты тұлғаның өзіндік дамуында» деп аталатын еңбегінде «Құзыреттілік – белгілі бір сала бойынша хабардар, білгір, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу деген мағынаны білдіреді», - деп қарастырса [7], Г.Ж. Ниязова өзінің зерттеу

жұмысында «құзыреттілік – студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» деп көрсеткен [8].

Белгілі педагог Б.А. Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту» атты еңбегінде «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзыреттіліктер деп атаймыз» деген анықтама берсе, [9, 147 б.], Г.Ж.Меңлібекова болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігін – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыруының біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері ретінде қарастырған [10, 156 б.].

В.В. Краевский мен И.Я. Лернердің пікірлерінше, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзырлығы [11]. Осылайша түсіндірілетін құзыреттіліктер негізгі немесе тұғырлық және кәсіби болып бөлінуі мүмкін. Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын айқындады және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуал негізі ретінде танылып отыр. Бұдан шығатын қорытынды осы «тұжырымдамаға» және басқа зерттеушілер қорытып шығарған тұжырымдар негіз болғанын көреміз.

Сонымен құзыреттілік дербес тұрғыдан және жакапкершілікпен әрекет жасау, белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттілік пен икемділікті меңгеруге жол ашатын психологиялық ахуал, психологиялық сапаның қосылымы ретінде белгіленіп жүр.

Қазақстанның Болон үдерісіне қосылып, білім беру жүйесінде көп тілде оқытуға бағыт бұруы Қазақстан жоғары оқу орындарының студенттеріне төмендегідей жаңа межедегі мүмкіндіктер береді:

- оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге;
- Қазақстан жоғары оқу орындарының студенттеріне шетел университеттерінде кредиттерді қайта тапсыруға және керісінше;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын таратуға;
- жоғары білім жөніндегі қазақстандық дипломдардың еуропалық аймақтарда жарамдылығын қамтамасыз етуге жағдай жасауға және кез-келген елде түлектердің жұмысқа орналасуына;
- үш деңгейлі білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті ғылыми-зерттеу жұмыстарының халықаралық стандартқа сай жүргізілуіне, ғылыми жарияланымдарды, магистрлік, докторлық диссертацияларды жазуына.

Жоғары оқу орындарында білім алатындардың академиялық ұтқырлығы тұжырымдамасында аталып көрсетілгендей, бакалавр мамандардың, магистранттар мен докторанттардың көпшілігі шетел тілін қажетті деңгейде меңгермеген, бұл мәселе олар үшін алдыңғы қатарлы ғылыми негіздерге қол жеткізуге кедергі жасайды, олардың халықаралық деңгейдегі тиімділігін төмендетеді [12, 2 б.]. Сол себепті қазіргі таңда шет тілін, соның ішінде ауызекі тілді емес, кәсіби шет тілін меңгеру және оны жоғары оқу орнында меңгерту мәселесі өзекті болып отыр.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жағдайында көп тілді білім беруді ұйымдастыруда мынадай құжаттар пакеті басшылыққа алынды: Қазақстан Республикасында көп тілді білім берудің тұжырымдамасы; Батыс Қазақстан

мемлекеттік университетінде көп тілді білім беруді енгізудің бағдарламасы; университетте көп тілді білім беруді ұйымдастырудың ережесі; университетте көп тілді дамыту Орталығының әрекеті туралы ережесі; көп тілді білім алудың сапасын тексеріп бағалайтын бірыңғай механизмін қамтитын педагогикалық мониторинг.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде көптілді меңгерген маманды даярлау үшін тілдерді оқыту жүйесіне модернизация жүргізілуде. Ол үшін мынадай ұйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылуда:

- көптілді білім беруді дамыту Орталығы құрылды;
- көптілді білім беру аясында мультимедиялық орталықтардың мәлеметтер және ақпараттық ресурстарының банкін кеңейту;
- көптілді топтарға студенттерді қабылдау үшін тестілеуді ұйымдастыру және өткізу;
- көптілді топтарды құру;
- 1-2 курстарды шет тілін тереңдетіп оқытудың және 3-4 курстарда арнайы пәндерді қазақ, орыс және ағылшын тілінде оқыту үшін оқу жоспарын, оқу бағдарламаларын және оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау;
- шет тілінде сабақ бекру үшін оқытушыларды даярлау;
- университеттің оқытушылары үшін ағылшын тілінің курстарын ұйымдастыру;
- көптілді білім беру сапасына педагогикалық мониторингті жүзеге асыру.

Шет тілін оқыту практикасы, оны дидактикалық құралдармен қамтамасыз ету қажеттігін көрсетіп отыр. Атап айтқанда, оқу-әдістемелік кешендер, оның құрамында мыналар баршылық: оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, хрестоматиялар, үш тілдік терминологиялық сөздіктер, басқа да сөздіктер, тілдік пәндер бойынша жұмыс дәптерлері және мультимедиялық ресурстар (тілдік орталықтар, интернет жаһандық торабы, спутниктік телевидение, электрондық кітапханалар).

Университетте көптілділікті енгізу жұмыстары 2012 жылы басталды, яғни оқу жоспарларына өзгерістер енгізіліп, тиісті материалдық-техникалық база жасақтала бастады, шетел тілінде сабақ беруге оқытушыларды даярлау қолға алынды. Студенттер үшін лингвистикалық үйірмелер жүргізілуде, олимпиадалар, байқаулар өткізілуде, тілдік кафедраларда әртүрлі шаралар өткізілуде.

Көптілді білім беру бойынша пәндерді тіліне қарай (қазақша немесе орысша) оқыту 50% оқытылады, 20% екінші тілде (қазақша немесе орысша) және 30% ағылшын тілінде. Мысалы, студент оқу жылында 14 пән оқиды екен, онда 7 оқу тілінде, 3 екінші тілде және 4 ағылшын тілінде оқытылады.

Мамандықты шет тілде меңгеру үшін арнайы көп тілді топтар құрылды, қазір онда 500-ден астам студент бар.

Көптілді білім беруді ұйымдастыру үш кезеңнен тұрады: бірінші – студенттерді алдын ала таңдау, екінші – тілдік даярлық, яғни ағылшын тілін тереңдетіп оқиды, үшінші – негізгі кезең, яғни базалық және бейіндік пәндерді үш тілде оқиды. Оқуға жаңа түскен студенттерді ағылшын тілін қаншалықты меңгергендігін әртүрлі әдістермен анықтап, көп тілді топтар құрады. Олар бірінші курс бойы тілдік пәндерді тереңдетіп оқиды. Екінші курстан бастап студенттер негізгі арнайы пәндерді үш тілде меңгереді.

Көптілді білім беру үшін шет тілін жақсы меңгерген оқытушыларды даярлау қажет. Ол үшін жаңа тақырыптық курстар, жаңа оқыту бағдарламалары даярланып, олар мақсатты бағытталаған тілдік даярлықпен толықтырылады.

Шет тіл мамандарын мақсатты даярлаумен қатар, оларды қайта даярлауды, біліктілігін арттыру, өздігінен білім алуды белсендету қажеттігін практика көрсетіп отыр. 2014-2016 жылдар арасында арнайы бөлімнің 135 оқытушысы жоғары оқу орны ішіндегі біліктілікті арттыру курсынан өтті, 24 оқытушы «Өрлеу» республикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында оқыды, 10 оқытушы алыс шет елдерде біліктілігін арттырды. 18 оқытушы «Шет тілі: екі шет тілі» бөлімінде қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқуда.

Жоғары оқу орнында үштілді оқытуды жүзеге асыруда ауыл мектептерінің оқушыларының ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгермегендігінен қиындық туатынын атап өткіміз келеді. Оның объективті себептері Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада көрсетілген [5].

Елдің географиялық басымдығына байланысты ауылдағы мектептердің саны 3 есе көп. Шағын жинақты мектептер жалпы орта білім беру ұйымдарының жалпы санының 44%-ын құрайды. Ондағы 49% мектепте лингафон кабинеттері жоқ. Ағылшын тілін білетін пән мұғалімдеріне қажеттілік жоғары болып қалуда.

Үштілде білім беруді дамыту бойынша кең ауқымды іс-қимыл жүргізу үшін 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы әзірленді. Айта кету керек, 2017-2018 оқу жылында 5-сыныптан бастап үш тілде білім беруді кезең-кезеңімен енгізу басталады.

Көптілде білім беру, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-студенттерден жаңашылдық, ізденімпаздық, шығармашылықты және де білім беру үрдісінде олардың өзіндік ынтасын күшейтуді талап етеді. Кредиттік оқыту жүйесінің Қазақстанға ендірудегі алғашқы тәжірибелер оқу үдерісінде студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің қажет екендігін көрсетті. Аудиториялық сағаттардың қысқарып, енді білімді игертуде негізгі салмақтың өзіндік жұмысқа түсуі студенттерде өз бетімен білім алу, өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, оқыту процесіне жаңа технологиялар, электрондық оқу жадығаттары, толықтай компьютерлендірілген арнайы лингафон аудиториялары, ағылшын тілінде оқу әдебиеті, бай электрондық кітапхана қолданылуда. Жинақталған жадығаттар университеттің сайтына орналастырылған, сабаққа даярланғанда, тапсырмаларды орындағанда, шығармалық жұмыстар жазғанда әрбір студент оларды пайдалана алады. Оқыту процесіне e-learning элементтерін енгізу оқытушы электрондық адреске тапсырма жіберуге, студенттің оны орындап, оқытушыға қайтаруға мүмкіндік пайда болды.

Университетте Outlook, e-mail жүйесін қолдануды енгізу оқытушының электрондық адресіне орындаған тапсырмаларды салуға мүмкіндік пайда болды, оқытушы оларды тексеріп, бағаны тек қана оқу журналына қоймай, сонымен бірге «Платонус» журналына да қояды. Оқыту процесінде TBL әдісін қолдану ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануға жағдай жасап, ағылшын тілін қарқынды меңгеруге мүмкіндік беріп отыр.

Университеттің кітапханасында жүйелі түрде көптілді топтардың оқытушыларына ағылшын тіліндегі ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен таныстыру, оларға шолу жұмыстары өткізіліп отырылады.

Университеттің физика-математика және жаратылыстану-география факультетінде екі әдістемелік кабинет жасақталуда және оларға мамандық бойынша және мамандықты оқытудың әдістемесі бойынша ағылшын тілінде оқулықтар алынуда.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне арналған жұмыстарды талдау, оның құрылымындағы келесі түйінді құзыреттіліктерді бөліп шығаруға

мүмкіндік берді: коммуникативті (тілдік, әлеуметтік мәдени, лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, дискурсивтік құзыреттіліктер); дидактикалық (меңгерілген білімдердің, іскерліктердің және дағдылардың және әрекет тәсілдерінің синтезі) және тұлғалық (тұлғалық өсудің реттеушісі, әрекеттің нәтижесін талдауға, мүмкін болатын қатерді болжауға көмектеседі, рефлексия).

Көптілді білім беру кезінде студенттердің кәсіби құзыреттілігі жетілдірілуі керек. Жоғары мектепте көптеген пәндерден курстың немесе дәрістер кешенінің негізгі терминдері бойынша глоссарий дайындалады. Ал қазіргі таңда көп тілді білім беру үрдісі барысында барлық пәндерден глоссарий жазу студент үшін міндетті компонентке айналып отыр. Білім алушы студент сабақтың қай формасына (дәріс, семинар, практикалық сабақ, СӨЖ, СОӨЖ) дайындалса да, алдын ала оқытушымен берілген тақырып бойынша глоссарий дайындауы тиіс. Студенттің материалды ұғынуына, терең меңгерілуіне пәндерде жиі кездесетін терминдер бойынша глоссарийді жазу, құрастыру үлкен көмегін береді. Егер көптілді білім беру бағдарламасы 1 курстардан бастап енгізілсе, онда алдымен қарапайым терминология, яғни терминдердің, қысқартулардың жазылуы мен оқылуы шет тіліндегі баламалары берілуі тиіс.

Сол сияқты курс жоғарылаған сайын глоссарийдің жазылу формасын, кестесін жетілдіру керек. Себебі 2-3 курстардан бастап студенттерде зерттеушілік бағытындағы талабы күшейе түседі. Осыған орай, осы студенттерімен дәрістің немесе берілетін материалдың тірек сөздері бойынша дайындалатын терминологиялық глоссарий мазмұнды болу керек.

Үштілді меңгерген болашақ мамандарда кәсіби құзыреттілік қалыптастырылса 2020 жылғы дейін еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыратын, елдің индустриалды-инновациялық дамуын нығайтатын, білім саласындағы күшті әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейде болуына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан газеті. – 2007. – 28 ақпан. – Б. 1-3.
2. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығы – Астана, 2011. – adilet.zan.kz. Пайдаланған уақыты: 20.08.2018 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы – Астана, 2010. – adilet.zan.kz. Пайдаланған уақыты: 20.08.2018 ж.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2010. – 42 б.
5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктері. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.
6. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас. ред. Ә.Нысанбаев. 6 т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.
7. Құдайбергенова К.С. Құзыреттілік табиғаты тұлғаның өзіндік дамуында. – Астана, 2013. – 180 б.
8. Ниязова Г.Ж. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы, 2012 – 320 б.
9. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2001. – 280 б.
10. Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. – 2016. – №4. – С. 143-148.

11. Краевский В.В., Лернер И.Я. Теоретические основы содержания общего и среднего образования. – М.: Педагогика, 2003. – 214 с.

12. Жоғары оқу орнында білім алатындардың академиялық ұтқырлығы тұжырымдамасы. – Астана, 2011. – 12 б.

**Габдрахманова Ш.Т., Касимова А.Х., Фатихова А.К.
ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНТНОГО СПЕЦИАЛИСТА ЧЕРЕЗ
ТРЕХЪЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

В статье предусмотрено формирование компетентного специалиста путем трехязычного обучения. Показана важность многоязычного образования в подготовке учителей. Поэтому существуют способы организации полиязычных методов. Многоязычное образование является основой для формирования многоязычной экспертизы.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, полиязычное образование, полиязычные группы, академическая мобильность, уроки иностранного языка, самостоятельная работа.

**Gabdrakhmanova Sh.T., Kasimova A.Kh., Fatikhova A.K.
FORMATION OF COMPETENT SPECIALIST THROUGH THREE
LANGUAGES EDUCATION**

The article provides for the formation of a competent specialist through trilingual education. The importance of multilingual education in teacher training is shown. Therefore, there are ways to organize multilingual methods. Multilingual education is the basis for the formation of multilingual expertise.

Keywords: high education establishment, poly language education, poly language groups, academic mobility, foreign languages lessons, independent work.

ӘОЖ 2.77.03.17

Сайтбеков Н.Д. – Қазақ спорт және туризм академиясының докторанты
E-mail: saytbekov.nurbol@mail.ru

Ботагариев Т.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: Botagariev_1959@mail.ru

Салов М.В. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақстандық инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті
E-mail: ocisana@mail.ru

**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ, БОЛАШАҚ
МАМАН-СТУДЕНТТЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ
ДАЙЫНДЫҚ КҮЙІ**

Андатпа. Бұл мақалада дене тәрбиесі оқытушылары мен болашақ маман-студенттердің дене тәрбиесіндегі инновациялық технологияларды іске асыруға дайындық өлшемдері мен деңгейлері және оларды енгізудің тиімділігі анықталды. Дайындық критерийлері: мотивациялық; когнитивті-операциялық; креативті болып есептеледі. Іске асыруға дайындық деңгейлері мыналар болып табылады: төмен, жеткілікті; жоғары. Болашақ-студенттердің тәжірибелік дайындық деңгейінің арасында бейімделу, репродуктивті, өнімді, креативті түрлері анықталды.

Тірек сөздер: өлшемдер, деңгейлер, дайындық, жүзеге асыру, дене шынықтыру оқытушылары, студенттер, инновациялық, қызмет

Кіріспе. Зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі себептермен анықталады. Белгілі болғандай, білім берудің жоғары оқу орындары, әрі қазақстандық мектеп жүйелері осы саланы жетілдірудің қайсібір реформалық жолдарын басынан өткеруде. Орта жалпыға білім беру мектептерінде білім берудің жаңартылған бағдарламасы енгізілген [1]. Мұндай жағдайда педагогтан оқушыны, студентті оқу-тәрбие үрдісіне белсенді баулуға, олардан бұл үрдістің объектісі емес, субъектісін жасауға мүмкіндік беретін оқытудың белсенді әдістерін қолдану талап етіледі.

Білім беруді дамытудың заманауи кезеңінде жоғары оқу орындарында креативті ұғымды, туындаған мәселелерді жан-жақты шеше білетін, инновациялық технологияларды меңгерген болашақ мамандар даярлануы қажет. Бірақ, оқытушылардың басым бөлігі, әсіресе болашақ маман-студенттер заманауи технологияларды, оқытудың жаңа түрлері мен құралдарын жасап, енгізуге дайын емес. Белгілі болғанындай, білім беру саласында ұйымдастырулы, қаржылық, әдістемелік сипатты көптеген мәселелер бар. Дегенмен, оқытушыны дене тәрбиесінде инновациялық технологияларды қолдануға даярлау басты мәселе болып қала береді [2].

Зерттеу мәселесінің мәні кереғарлықта, бірінші жағынан, жоғары оқу орындарында, мектептерде инновациялық технологияларды кеңінен қолдану қажеттігінде және осы технологиялардың меңгерілуінің төмен деңгейінде болса, екінші жағынан, бұл үрдістің жеткіліксіз деңгейде ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуінде.

Зерттеудің берілген мәселесіне В.А. Сластенин және т.б. [3], С.А. Трифонова [4], И.И. Дичковская [5], О.В. Антоненко [6], И.В. Батишева [7], А.А. Пасишников [8], А.В. Лотоненко [9], Е.Д. Кузнецова [10] сияқты мамандар көңіл бөлген.

Зерттеу мақсаты – дене шынықтыру пәні оқытушыларының, болашақ маман-студенттердің дене тәрбиесіндегі инновациялық қызметке даярлық күйін анықтау.

Зерттеу міндеттері: 1. Дене шынықтыру пәні оқытушылары мен болашақ маман-студенттердің дене тәрбиесінде инновациялық технологияларды жүзеге асыруға және оларды енгізу тиімділігін арттыруға даярлық критериилері мен деңгейлерін айқындау; 2. Дене шынықтыру пәні оқытушыларының, студенттердің инновациялық технологияларды студенттердің дене тәрбиесінде жүзеге асыруға даярлығының бастапқы деңгейін зерттеу.

Зерттеу әдістері. Студенттердің дене тәрбиесінде инновациялық технологияларды жүзеге асыру мен олардың енгізілу тиімділігін, инновациялық технологияларды енгізу тиімділігін анықтау үшін ғылыми-әдістемелік әдебиеттер сараптамасы әдісі қолданылды. Дене шынықтыру пәні оқытушылары мен студенттердің инновациялық технологияларды дене тәрбиесінде жүзеге асыруға даярлығының бастапқы күйі сауалнамалық сұраунама негізінде жүргізілді. Сауалнамалық сұраунама 2017-2018 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында С.Баишев атындағы Ақтөбе университетінің және К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің дене шынықтыру пәні оқытушыларына жүргізілді. Сауалнамалық сұраунамаға 40 дене шынықтыру пәні оқытушылары 70 студенттері қатыстырылды. Мұның негізіне мамандардың ұсыныстары алынды [11]. Оқытушыларға арналған сауалнамалық сұраунама 3 сауалнамалық жауаптардан тұрды. Бірінші сауалнама «Педагогтардың инновациялық қызметке сезімталдық» деп аталды.

Педагогикалық ұжымның жаңашылдыққа Сезімталдық деңгейін бағалау үшін келесі көрсеткіштер қолданылды: 0-9 – төмен деңгей; 9-18 – жарамды деңгей; 18 – оңтайлы деңгей.

Екінші сауалнама «Педагогикалық ұжымның инновациялық қызметке даярлығы» деп аталды. Ол инновациялық ізденіске итермелейтін мотивтерге жауаптар алумен байланысты болды. Алынған нәтижелердің өңделуі жауаптарға сараптама жүргізу арқылы жүргізілді.

Үшінші сауалнама респонденттердің инновацияны меңгерудегі кедергілер туралы пікірлерін анықтаумен байланысты болды.

Студенттерге арналған сауалнамаға студенттердің оқушылармен дене тәрбиесінің түрлері бойынша сабақтарды өткізуге арналған инновациялық технологияларды қолдануымен байланысты сұрақтар енгізілді.

Зерттеу нәтижелері. Дене шынықтыру пәні оқытушыларының дене тәрбиесіндегі инновациялық технологияны жүзеге асыруға даярлық критерилері төмендегідей.

Жаңашылдыққа сезімталдық деңгейін көрсететін мотивациялық, инновациялық жобаларды жасауға деген сұраныс. Когнитивті-операциялық, инновациялық педагогикалық технологияны қолдану бойынша жобалы біліктіліктер мен дағдылардан тұрады. Креативті, инновациялыққа талпынысқа, шығармашылық қабілетке, сыни ойлануға негізделеді.

Анықталмағандық	Оқушыларға тапсырма бергенде толық бір ғана шешуі емес бірнеше шешімдері болатынын, орындау кезінде қосымша шамаларды өздері табатындай тапсырмалар ұсыну.	11 сынып «Механикалық толқындар мен тербелістер».	Тәжірибелі жүргізушілер автомашина дөңгелегіндегі ауа қысымын дөңгелекті металл затпен ұрғанда шығаратын дыбысқа қарай айыра алады. Баллон ішіндегі ауаға қалай байланысты? <i>Шешуі:</i> Баллондағы ауа қысымы неғұрлым үлкен болса, дыбысы соғұрлым жоғары болады.
		7 сынып «Қысым» тарауы.	Кей кездерде су жүйесінің қранынан су аппақ сүт сияқты болып ағады. Бұл немен түсіндіріледі? <i>Шешуі:</i> Судағы қысым неғұрлым жоғары, ал температура төмен болса соғұрлым ауа көп ериді. Су қраннан сыртқа аққанда, еріген ауа ұсақ көпіршіктер түрінде бөлінеді де – су ақшыл түске енеді.

Проблемалық оқыту әдісі арқылы сапалық есепті шешуге 7-сыныпта жылдамдық тақырыбын өткен кезде мынадай мысалдар келтіруге болады “Қасқырдың жылдамдығы 15м/с болса онда ол жылдамдығы 72 км/сағ сайғақты қуып жете ала ма?”. Жоқ, өйткені сайғақтың жылдамдығы 72 км/сағ – 20 м/с-қа тең, ал қасқырдың жылдамдығы –15м/с. Бұл жағдайда мұғалім көмекке келуі керек, яғни барлығын Халықаралық Бірліктер жүйесіне келтіру керек екендігін ескертеді. Міне осы үрдісте олардың өзіндік оқу іс-әрекеті, білім алуы қалыптасады. Көптеген оқушылар есеп шығарғанда көп зейін аудармайды да, басқа жаңа есепті кездестіргенде де сасқалақтап қалай шығаратынын білмей, есептің шешуін әркім өз түсінігінше айтуы мүмкін, бірақ мұны мұғалім түсіндіріп кетуі керек.

Сапалық есептердің физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды оқып үйренуде маңызы өте зор. Мысалы, тербелісті оқып үйренгенде: 1. Алтыбақанға бір адам емес, екі адам отырса тербеліс периоды өзгере ме? 2. Серіппедегі дененің массасын екі есе арттырсақ, оның тербеліс периоды қалай өзгереді? 3. Егер де дене бекітілген серіппені қатандығы бұрынғыдан екі есе артық серіппемен ауыстырсақ, дененің тербеліс периоды қалай өзгереді? - деген

сапалық есептерді шығару арқылы тербеліс периодын анықтауға берілген формулаларды оқушылардың естерінде қалдырып, бекітуге болады. Әрі олар оның практикада күнделікті өмірде қолданылуымен танысады [7; 8; 9].

Сапалық есептердің білімді тексеретін сұрақтардан айырмашылығы бар. Бұл сұрақтардың мақсаты – оқушылардың білімдерін тексергенде сұраққа оқулықта бар дайын жауаптармен жауап беріледі, оқушылар оларды тек есіне түсіру керек. Сапалық есепте сұраққа жауап беру үшін оқушы физикадан алған білімдерін және есептің мазмұнын талдай отырып жауап береді. Сапалық есептерді шығару кезінде есептеулердің болмауы оқушылардың назарын физикалық мәніне аударуға мүмкіндік береді.

Қойылған сұрақтарға жауаптарды негіздеу қажеттігі оқушыларды пайымдауға, физикалық заңдардың мәнін тереңірек ұғынуға үйретеді [10].

Мұны мысалдармен қарастырайық:

№708. (7 сынып). Жанып жатқан керосинді неге су шашып сөндіруге болмайды?

Шешуі: Денелердің жүзу шарты бойынша егер дененің тығыздығы сұйықтың тығыздығынан аз болса, онда дене бетіне қалқып шығады. Керосиннің тығыздығы аз болғандықтан су бетіне қалқып шығып жана береді. Бұл сұрақтың жауабын денелердің жүзу шартын синтездеу және есептің берілген мазмұнын талдау арқылы беріледі.

№345. (7 сынып). Мектеп тақтасында бор неге із қалдырады?

Шешуі: Борды тақтаға басқанда, көп үйкелес күшін туғызады. Осы күш бордың түйіршіктерін бөліп алады, яғни із қалдырады.

№112. Сынаптың буы денсаулыққа зиянды. Оны ауызы ашық ыдыста сақтауға тыйым салынады? Жауабы: Себебі, сынапты аузы ашық ыдыста сақтаса, оның молекулалары ауа молекулалармен араласып адам денсаулығына зиян келтіреді. Екі заттың арасында диффузия құбылысы жүреді.

№113. Аузы ашық ыдысты ортасына дейін газбен толтыруға бола ма?

Жауабы: болмайды, себебі газ өзі тұрған ыдыстың көлемін түгел толтырады, ыдыстың немесе бөлменің жартысында ауа бар деп айтуға болмайды.

№125. Сымды үзу үшін әжептәуір күш салу керек. Дегенмен, сымды жалында қатты қыздырсақ, онда сым оңай үзіледі. Неге?

Жауабы: Сым қатты зат. Қатты заттардың молекулалары тығыз орналасады. Қыздырған кезде молекулалардың ара қашықтығы ұлғаяды да, тартылыс күші азаяды.

№713. Ауада салмаққа түзету еңгізбеу үшін кірді қандай заттан істеу керек? Жауабы: Өлшенетін заттың материялынан істеу керек.

№533. Иіндік таразымен экватордан полюстерге өткенде ауырлық күші өзгеретініне неге көз жеткізуге болмайды?

Жауабы: Рычаг екі күштің әсерінен теңдестірілген, ал олардың біреуінің өзгеруі екіншісінің өзгеруімен бір кезде өтеді.

№597. Құрғақ отын жанғанда неге сатұр-сытыр етеді?

Жауабы: Қызған ауаның көлемі ұлғайып, отын қабығы арасындағы талшықтарды қақыратып, бұзып жарады.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерді ескере отырып, қарапайым сапалық есепті шешуде мынадай жобаны ұсынамыз:

- Есептің шартымен танысу (мәтін, сызба, аспап және т.б.);
- Есеп шартын ұғыну (берілгенін талдау, қосымша берілгенін кіргізу, есептің сұрағын түсіну);
- Есептің шешу жоспарын құру (физикалық заңды табу және тұжырымдау, есеппен байланыстыру);
- Есептің шешу жоспарын жүзеге асыру;

– Жауабын тексеру.

Күрделі сапалық есептерді де осы жолдармен шешуге болады, бірақ есептің шартымен танысқанда басты сұраққа, шешудің соңғы мақсатына көңіл аударады. Есепті шешудің жоспарын құрғанда аналитикалық тәсілде есептің мазмұны сұрақтан бастап шарттың берілуіне дейін жіктеледі. Жоспарды жүзеге асырғанда синтетикалық тәсілмен сәйкес заңдардың тұжырымдамасынан бастап есептің сұрағынан жауабына дейін жетеді. Жауабын жалпы физикалық принциптермен салыстыра отырып тексеруге болады.

Сапалық есептерді жаңа материалды өтерде проблемалық жағдайлар туғызуда, жаңа материалды бекітуде, өткен материалды қайталағанда қолдануға болады.

Әдебиеттер:

1. Тульчинский М.Е. Сборник качественных задач по физике. – М.: Просвещение, 1965. – 67 с.
2. Тульчинский М.Е. Сборник качественных задач по физике. – М.: Просвещение, 1972. – 240 с.
3. Малафеев А.Н. Проблемное обучение по физике. – М.: Просвещение, 1980. – 127 с.
4. Проблемы учения и развития / Под ред. В.В. Давыдова. – М.: Педагогика, 1978. – 154 с.
5. Medeshova A., Amanturlina G., Sumyanova E. Development of Training Skills in Students as the Precondition for Educational Competencies // *International Journal of Environmental and Science Education*. – 2016. – Volume 11. – Issue 17. – P. 9649–9656.
6. Medeshova A.B. The taxonomy of bloom and the organization of student learning activities. – http://www.pegasjournal.eu/2017_06_03.html. Пайдаланған уақыты: 18.10.2018 ж.
7. Физика. – <https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk> Пайдаланған уақыты: 18.10.2018 ж.
8. Medeshova A., Bakytzhanova G. Trilingual of preschool education in Kazakhstan // *International Journal of Development Research*. 2017. – Volume 07. – Issue 09. – P. 15379–15384.
9. Ысқақов Б.М., Ағұлықов А.А., Шамбулов Н.Б. Физикадан есеп шығару мысалдары. – Алматы: Рауан, 1987. – 134 б.
10. Физика сабағында сапалық есептерді шығарудың маңызы. – https://ust.kz/word/fizika_sabagynda_sapalyq_esepтерdi_sygarydyng_mangyzy-18417.html Пайдаланған уақыты: 18.10.2018 ж.

Медешова А.Б., Абекенова Д.Б.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ РЕШЕНИИ КАЧЕСТВЕННЫХ ЗАДАЧ В ФИЗИКЕ

В статье рассматриваются вопросы применения методов проблемного обучения для решения качественных задач, встречающихся в школьном курсе физики. Результатом исследования учащихся является решение качественного отчета проблемным методом обучения таких процессов как неожиданность, противоречивость, предсказуемость, анализ, несовместимость, систематизация неопределенности. Рассмотрены несколько способов решения проблемных задач. Проблемные ситуации сортируются по отчетам для разных классов. При выборе качественных расчётов, связанных к проблемным обучением, важно учитывать навыки критического мышления и развития навыков учащихся. Показаны пути

решения качественных задач. Это, в свою очередь, обеспечивает методическую помощь учителям-предметникам, чтобы научиться решать физические задачи.

Ключевые слова: физика, качественные задачи, методы проблемного обучения, графический способ, экспериментальный способ, проблемная ситуация.

Medeshova A.B, Abekenova D.B
APPLYING PROBLEM-BASED LEARNING TECHNIQUES IN
SOLVING QUALITATIVE PROBLEMS IN PHYSICS

The article discusses the use of the problem teaching method for solving high-quality problems encountered in a school course in physics. The result of the study of students is the decision of a qualitative report by a problem method of learning about such processes as unexpectedness, inconsistency, predictability, analysis, incompatibility, systematization of uncertainty. Considered several ways to solve problem tasks. Problem situations are sorted by reports for different classes. When choosing high-quality calculations related to problem-based learning, it is important to consider students' critical thinking and skills development skills. The ways of solving quality problem tasks are shown. This, in turn, provides methodological assistance to subject teachers to learn how to solve physical tasks.

Keywords: physics, qualitative problems, methods of problem-based learning, graphical mode, experimental method, problem situation.

ӘОЖ 378.091.31:004.94

Куанбаева Б.У. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
E-mail: Bayan_Kuanbaeva@mail.ru

Шамбилова Г.К. – химия ғылымдарының докторы, профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

E-mail: shambilova_gulba@mail.ru

Байтұрсынова А.Ж. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің магистранты

E-mail: aina.-95@mail.ru

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КҮШЕЙТКІШТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ
СҰЛБАСЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖАСАҚТАУ

Аңдатпа. Мақалада күшейткіш қондырғыларында, синусоидалы және импульсті сигнал генераторларында қолданылатын операциялық күшейткіштердің сұлбасын әдістемелік жасақтау талданады. ЖОО-да радиоэлектроника пәнінен зертханалық жұмысты орындауда Electronic Workbench бағдарламасын қолдануға негізделген компьютерлік модельдеу жүйесінің мүмкіндіктері қарастырылады. Радиоэлектроника пәнін оқытуда көрнекі құралдар мен зертханалық жабдықтар жетіспеген жағдайда виртуальды зертханаларды қолданған ыңғайлы. Өйткені, виртуальды зертханалар нақты тәжірибелерді толықтыруға, әдетте демонстрациялауға келмейтін процестерді көрнекілеуде, сонымен қатар қашықтан оқыту мен өз бетімен жұмыстарды жүргізуде мүмкіндігі мол.

Тірек сөздер: *Electronic Workbench, зертханалық жұмыс, радиоэлектроника, операциялық күшейткіштер, электрлік сұлба.*

Бүгінгі күнде компьютерлік техниканың қарқынды дамуына байланысты дербес компьютерлерді виртуалды зертханалар ретінде пайдалануға мүмкіндіктер туды. Қазірде көптеген мамандандырылған компьютерлік модельдеу бағдарламалары жетілдірілуде. Осындай бағдарламалардың бірі – Electronic Workbench бағдарламасы, графикалық интерфейс көмегімен монитор экранында электронды тізбектерді құрастыруға және оларды жан-жақты талдауға сонымен қатар құрал-жабдықтардың кең жиынтығы әртүрлі шамаларды өлшеуге, кіріс әсерлерін орнатуға және графиктерді тұрғызуға мүмкіндіктер береді [1].

Кез-келген радиоэлектрондық құрылғының жетілдірілуі физикалық немесе математикалық модельдеумен қатар жүреді. Физикалық модельдеу үлкен материалдық шығындармен байланысты, өйткені ол макеттер дайындауды және оларды зерттеуде көп еңбектенуді қажет етеді. Көбінесе құрылғылар өте күрделі болғандықтан, мысалы ірі және аса үлкен интегралды сұлбаларды жасау кезінде физикалық модельдеудің мүмкіндіктері бола бермейді. Бұл жағдайда олар компьютерлік техника мен әдістерін қолдана отырып, математикалық модельдеуге жүгінеді. Соған байланысты - Electronic Workbench сұлбатехникалық моделдеу жүйесі электр тізбектерін моделдеу мен талдауға арналған.

Біздің зерттеу жұмысымызда Electronic Workbench бағдарламасын қолданып, ЖОО-на арналған радиоэлектроника пәнінен «Операциялық күшейткіштердің құрылымдық сұлбаларын зерттеу» зертханалық жұмысы моделденеді [2].

Жұмыстың мақсаты:

1. Операциялық күшейткіштегі терістеуші сұлбаның моделін құру;
2. Операциялық күшейткіштегі терістеуші емес сұлбаның моделін құру;
3. Терістеуші емес операциялық күшейткіштегі кернеуді қосындылағыш сұлбасының моделін құру;
4. Операциялық күшейткіште дифференциалды тізбектің моделін құру;
5. Операциялық күшейткіште интегралдау тізбегінің моделін құрастыру;
6. Моделденген тізбектің жұмысын талдау және әрбір тізбектің шығыс сигналының түрі мен параметрлері туралы қорытынды жасау.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: Электр сұлбаларын моделдеуші Electronic Workbench 5.12. пакеті.

Теориялық кіріспе. Кері байланыс (КБ) - бұл күшейткіштің кірісіне шығыс сигналының бір бөлігін беру процесі. Күшейткіштерде әрқашан да ішкі паразиттік (зиянды) кері байланыс бар болады, олар күшейткіштердің элементтерінде өтетін физикалық процесстердің идеал болмауының салдарына негізделген. Сыртқы реактивті элементтер - сыйымдылық және индуктивтілік күшейткіштерде паразиттік кері байланыстың пайда болуына ықпал етеді. Сыртқы және ішкі паразиттік кері байланыс күшейткіштің түрлі параметрлерін және жұмыс тәртібінің бұзылуына әкеледі. Алайда, көбінесе арнайы енгізілген кері байланыстың көмегімен күшейткіштің параметрлерін және сипаттамаларын айтарлықтай жақсартуға болады.

Кері байланысты құрылғының құрылымдық сұлбасы $K(\omega) = K(j\omega)$ жиіліктік беру коэффициентімен күшейткіш және $\beta(\omega) = \beta(j\omega)$ беріліс коэффициенті бар кері байланыс тізбегін (тұзақ, сақина) қамтиды. Жалпы алғанда, $K(\omega)$, $\beta(\omega)$ және $U_{кіріс}$, $U_{шығыс}$ кернеулері және кері байланыстың $U_{кб}$ кернеулері – комплексті шамалар, бұл күшейткіште және КБ тізбегінде пайда

болатын ықтимал фазалық жылжуды, реактивті элементтердің бар болуына байланысты ескеруді қажет етеді [3].

КБ күшейткіштері жиіліктік жұмыстық белдеуінде яғни, паразиттік КБ-тың әсері елеусіз және ескерілмейтін жағдайда жұмыс істейді. Бұл жағдайда жиіліктік беріліс коэффициентінің орнына $K(\omega)$ кернеу бойынша күшейту коэффициенті қолданылады. Бұл параметр, КБ тұзақтың $\beta(\omega)$ беріліс коэффициенті сияқты, K және β нақты мәндерімен сипатталады. Сол сияқты күшейткіштің жиіліктік жұмыстық белдеуінде токтар мен кернеулер де нақты сандар болып табылады.

КБ сигналын алу әдісіне байланысты, егер кері байланыс сигналы шығыс кернеуіне пропорционал болса, кернеудегі кері байланыс және кері байланыс сигналының шығу тогына пропорционалды болса, ток бойынша кері байланыс деп, ажыратылады. Ал, егер кері байланыс сигналы шығыс тізбегінің кернеуі мен тогына пропорционал болса, онда аралас кері байланыс деп аталады.

Күшейткіштің кіріс тізбегіне КБ сигналын енгізу әдісіне байланысты, егер күшейтілетін сигнал көзімен КБ тізбегін тізбектей қосса, тізбекті кері байланыс, ал, егер күшейткішке КБ тізбегі параллель жалғанса параллель кері байланыс деп бөлінеді. Сонымен қатар тізбекті де, параллель де кері байланысқа негізделген аралас кері байланыс та қолданылады.

Кері байланыс күшейткішінің күшейту коэффициенті:

$$K_{кб} = U_{шығыс} / U_{кіріс}$$

Күшейткіштің кірісіндегі кернеу келесідей анықталсын:

$$U_0 = U_{кіріс} + U_{кб} \quad (1)$$

(1) формуланың екі бөлігін $U_{шығыс}$ -не бөліп, бұл өрнекті енгізілген коэффициенттер бойынша жазамыз:

$$\frac{1}{K} = \frac{1}{K_{кб}} + \beta \quad (2)$$

(2) өрнек көмегімен КБ күшейткіштің күшейту коэффициентін табамыз

$$K_{кб} = \frac{K}{1 - K\beta} \quad (3)$$

$K\beta = U_{кб} / U_0$ параметрі кері байланыс факторын анықтайды, немесе кері байланыстың ажыратылған сақинасының күшейту коэффициенті.

(3) формуладан $0 < K\beta < 1$ мәндерінде КБ күшейткішінің күшейту коэффициенті күшейткіштің өзіндік K күшейту коэффициентінен үлкен болады. Бұл оң кері байланысқа (ОКБ) сәйкес келеді, яғни кері байланыстың кернеуі $U_{кб}$ күшейткіштің кірісіне $U_{кіріс}$ фазасында (бірдей фазада) түседі, нәтижесінде $U_0 = U_{кіріс} + U_{кб}$. $K\beta = 1$ мәні күшейткіштің өздігінен қозу шартын сипаттайды, кіріс сигналы жиілігінен тәуелсіз кең ауқымды жиілікті электр тербелістерінің автогенераторына түрлендіріледі.

Ал, егер КБ кернеуі сигнал көзінің ЭҚК-мен қарама-қарсы фазада болса, (1) формула $U_0 = U_{кіріс} - U_{кб}$ жазылады. Бұл жағдайда

$$K_{кб} = \frac{K}{1 - K\beta} \quad (4) \text{ болады, сонда күшейткіштің күшейту коэффициенті КБ}$$

енгізгенде $1 + K\beta$ есе азаяды. Мұндай күшейткіштегі кері байланыс теріс кері байланыс (ТКБ) деп аталады.

Арнайы енгізілген теріс кері байланыс (ТКБ) күшейткіштің кіріс кедергісіне айтарлықтай әсер етеді $R_{кіріс} = U_0 / I_{кіріс}$. Кернеу бойынша тізбекті теріс кері байланыстың $U_{кіріс} = U_0 + U_{кб}$ болғандағы күшейткіштің параметрлерін талдаймыз. Осы теңдеудің мүшелерін $I_{кіріс}$ бөлу арқылы ТКБ күшейткішінің кіріс кедергісін анықтаймыз:

$$R_{кіріс,кб} = \frac{U_{кіріс}}{I_{кіріс}} = \frac{U_0}{I_{кіріс}} + \frac{U_{кб}}{I_{кіріс}} = R_{кіріс} \left(1 + \frac{U_{кб}}{U_0} \right) = R_{кіріс} (1 + K\beta) \quad (5)$$

Осыған ұқсас, шығыс кедергісін көрсетуге болады:

$$R_{шығыс,кб} = \frac{\Delta U_{кіріс,кб}}{\Delta I_{кіріс,кб}} = \frac{R_{кіріс}}{(1+K\beta)} \quad (6)$$

(5) және (6) формулалардан кернеу бойынша тізбекті теріс кері байланыс күшейткішінде каскадтың кіріс кедергісі $1 + K\beta$ есе артады және сонша есе оның шығу кедергісі азаяды.

Операциялық күшейткіштер. Күшейту коэффициенті жоғары ($10^6 - 10^7$), кіріс кедергісі жоғары (жүздеген МОм), шығыс кедергісі аз (бірлік Ом), жоғары сапалы сызықтық кернеу күшейткіші операциялық күшейткіш (ОК) деп аталады. ОК-ң кіріс каскады ретінде дифференциалды күшейткіш, ал шығыс каскады ретінде эмитерлік қайталағыш қолданылады.

Дифференциалды күшейткіш сияқты, шығысқа қатысты, ОК-ң бір кірісі терістеуші емес U_{Te} , ал екіншісі U_T терістеуші. ОК-ң коректендіру екі бірдей қарсы полярлы $+U_n, -U_n$ көздермен қамтамасыз етіледі. Мұндай коректендіруде кіріс және шығыс сигналдары екі полярлы болуы мүмкін, ал нөлдік кіріс сигналдарына нөлдік шығу сигналы сәйкес келеді. ОК-ң шығыс сигналы дифференциалды кіріс сигналының $U_0 = U_{Te} - U_T$ айырмасына пропорционалды.

ОК-тің меншікті K_0 кернеу бойынша күшейту коэффициенті шығыс кернеуінің дифференциалды кіріс кернеуіне қатынасына тең:

$$K_0 = U_{шығыс} / U_0 \quad (7)$$

ОК үшін беріліс сипаттамалары өте маңызды. Егер күшейтілетін сигнал терістеуші емес (инвертирленбеген) кіріске берілсе және терістеуші кіріс жерлестірілсе, онда шығыс кернеуінің белгісі кіріс кернеуінің белгісімен сәйкес келеді. Терістеуші кіріс пен терістеуші емес жерлестіруге сигнал берілгенде шығыс кернеуінің белгісі кіріс белгісіне қарсы болады. Беріліс сипаттамаларының сызықты бөліктерінің көлбеу бұрышы кернеу бойынша K_0 күшейту коэффициентіне пропорционал болады. Беріліс сипаттамаларының көлденең бөліктері ОК-ң соңғы транзисторларының қанығу режиміне сәйкес келеді, сондықтан шығыс кернеуі

$$\pm U_{шығыс} = U_m^{\pm} \approx \pm U_{\phi} \quad (8)$$

Интегралды күшейту техникасы теориясында операциялық күшейткіштердегі сұлбаларды талдауды және есептеуді жеңілдету мақсатында «идеал» ОК ұғымы енгізіледі, олар үшін келесі жорамалдар жасалады: күшейту коэффициенті $K_0 = \infty$ шексіз үлкен және кіріс кедергісі $R_{кіріс} = \infty$, нөлдік шығу кедергісі $R_{кіріс, 0} = 0$.

Осы жорамалдардан ОК-тің екі негізгі қасиеті (талдау ережелері) шығады:

1. Дифференциалдық кіріс сигналы нөлге тең

$$U_0 = \frac{U_{шығыс}}{K_0} = \frac{U_{шығыс}}{\infty} = 0 \quad (9)$$

2. ОК кірістері кіріс сигналының көздерінен ток пайдаланбайды

$$I_0 = \frac{U_{кіріс}}{R_0} = \frac{U_{кіріс}}{\infty} = 0 \quad (10)$$

Жоғарыда келтірілген идеал ОК ұғымы оның терістеуші және терістеуші емес кірістерінің «виртуалды» (айқын) тұйықталу принципіне сәйкес келеді. Виртуалды тұйықталған кезде физикалық (қалыпты) жағдайдағыдай, қосылған қысқыштар аралығындағы кернеу нөлге тең. Сонымен қатар физикалық тұйықталудан айырмашылығы, іс жүзінде виртуалды тұйық қысқыштар аралығында ток жүрмейді. Яғни, қысқыштардың виртуалды тұйықталуы ток үшін электр тізбегін үзгенмен бірдей.

ОК-ң кірісіне берілген күшейтілген сигнал шарттарынан және оған сыртқы элементтердің қосылуына байланысты, екі фундаменталды - терістеу және

терістеуші емес қосу сұлбасын алуға болады. Шын мәнінде ОК –ті пайдаланатын кез - келген сұлба шешімі осы қосылуларға негізделген.

Дифференциалдаушы құрылғы. 9-суретте көрсетілген токты дифференциалдаушы құрылғы сұлбасы үшін $i_c = i_0 + i_R$, $i_0 = 0$ болғандықтан, $i_c = i_R$ тең болады. Конденсатор және резистор арқылы ағатын токты, $i_c = CdU_{kipic}/dt$ және $i_R = -U_{шығыс}/R$ жазып алып, шығыс кернеуі үшін өрнек аламыз.

$$U_{шығыс} = -RC \frac{dU_{kipic}}{dt} = -\tau_a \frac{dU_{kipic}}{dt} \quad (11)$$

Мұндағы $\tau_a = RC$ тізбектің уақыт тұрақтысы.

Осылайша сұлба кіріс сигналын дифференциалдайды. Дифференциалдаушы құрылғы интегралдық импульстік құрылғыларда кеңінен қолданылады.


Интегралдаушы құрылғы (интегратор). 12-ші суреттегі сұлба бойынша ток $i_0 = 0$ болғандықтан, $i_R = U_{kipic}/R$ және $i_c = CdU_{шығыс}/dt$ табамыз. Осы токтарды теңестіріп және интегралдап келесі өрнекті аламыз:

$$U_{шығыс} = -\frac{1}{RC} \int_0^t U_{kipic} dt = -\frac{1}{\tau_a} \int_0^t U_{kipic} dt \quad (12)$$


яғни ОК –гі берілген құрылғы кіріс сигналын интегралдайды.

Жұмыстың істелуі:


Операциялық күшейткіштегі терістеуші сұлбасы. Electronic Workbench бағдарламасында операциялық күшейткіштегі терістеуші сұлбасының моделін тұрғызамыз (1-ші сурет). Сұлбаның күшейту коэффициенті 100 тең болатындай резисторлар берілген. Генерацияланатын кіріс сигналының параметрлері 2-ші суретте көрсетілген. 3-ші суретте тізбекке қосылған виртуалды осциллографтар бойынша алынған кіріс және шығыс сигналдарының графиктері берілген. Көрініп тұрғандай, кіріс сигналының амплитудасы 10 мВ (генератордан да дәл сондай амплитудамен сигнал беріледі) болып табылады және операциялық күшейткіштің шығыс сигналының амплитудасы 1В тең.



Сурет 1 – Операциялық күшейткіштегі терістеуші сұлбасы




Сурет 2 – 1-ші суретте берілген сұлба бойынша генератор сигналының параметрлері



Сурет 3 – Операциялық күшейткіштегі терістеуші сұлбасының кіріс және шығыс сигналдарының графиктері


Операциялық күшейткіштегі терістеуші сұлба қарастырылғандықтан, ОК-тің шығысындағы сигналдың фазасы кірісіндегі фазадан $\pi / 2$ -ге өзгеше болады.

Операциялық күшейткіштегі терістеуші емес сұлба. Сұлбаның барлық параметрлері (4-ші сурет) терістеуші сұлба жағдайындағыдай сақталады. 5-ші суретте тізбекке қосылған виртуалды осциллографтар бойынша алынған кіріс және шығыс сигналдарының графиктері берілген.




Сурет 4 – Операциялық күшейткіштегі терістеуші емес сұлбасы

Көрініп тұрғандай, кіріс сигналының амплитудасы 10 мВ (генератордан да дәл сондай амплитудамен сигнал беріледі), операциялық күшейткіштің шығыс сигналының амплитудасы 1В тең. Кіріс және шығыс сигналдарының фазалары сәйкес келеді.




Сурет 5 – Операциялық күшейткіштегі терістеуші емес сұлбасының кіріс және шығыс сигналдарының графиктері

ОК-гі терістеуші емес күшейткішінің кернеу қосындылағышы. Әр түрлі шығыс сипаттамалары бар үш кернеулер көзін береміз (сурет 6). Оларды ОК-гі терістеуші емес күшейткіш сұлбасына қосамыз. Қосындылағыштағы сигналдың шығыс кернеуі 7-ші суретте көрсетілген.




Сурет 6 – ОК-гі қосындылағыштың сұлбасы




Сурет 7 – Операциялық күшейткіштегі қосындылағыштың шығыс сигналының графикі


Операциялық күшейткіштегі дифференциялдаушы құрылғы. Операциялық күшейткіштегі дифференциялдаушы сұлбаның моделін құрастырамыз (8-ші сурет). Генерацияланған кіріс сигналының параметрлері 9-шы суретте берілген. Кіріс сигналы ретінде гармоникалық сигнал береміз. Кіріс және шығыс сигналдарының графиктері 10-шы суретте берілген.



Сурет 8 – Операциялық күшейткіштегі дифференциялдаушы тізбек




Сурет 9 – 8-ші суретте берілген сұлба бойынша генератор сигналының параметрлері




Сурет 10 – Операциялық күшейткіштегі дифференциялдаушы сұлбаның кіріс және шығыс сигналдарының графиктері


Операциялық күшейткіштегі интегралдық тізбек. Electronic Workbench бағдарламасында операциялық күшейткіштегі интегралдық тізбектің моделін тұрғызамыз (11-ші сурет). Кіріс сигналының параметрлері 12-ші суретте берілген. Кіріс сигналы ретінде тікбұрышты импульстар береміз. Кіріс және шығыс сигналдарының графиктері 13-ші суретте берілген.



Сурет 11 – Операциялық күшейткіштегі интегралдық тізбек



Сурет 12 – 11-ші суретте берілген сұлба бойынша генератор сигналының параметрлері



Сурет 13 – Операциялық күшейткіштегі интегралды сұлбаның кіріс және шығыс сигналдарының графиктері

Қорытындылар:

1. Операциялық күшейткіштегі терістеуші сұлбаның моделі жасалды. Күшейткіштің күшейту коэффициенті - 100-ге тең деп, берілді. Тізбектің кірісіне берілген гармоникалық амплитуда - 10 мВ, ал шығысында 1 В гармоника алынды, яғни сигнал амплитудасы 100 есеге өскен. ОК-ң кіріс және шығыс сигналының фазасы $\pi / 2$ ерекшеленеді.

2. ОК-гі терістеуші емес күшейткішінің моделі жасалды. Күшейткіштің күшейту коэффициенті - 100-ге тең. Тізбектің кірісіне берілген гармоникалық амплитуда - 10 мВ, ал шығысында 1 В гармоника алынды, яғни сигнал амплитудасы 100 есеге өскен. ОК-ң кіріс және шығыс сигналының фазасы бірдей.

3. ОК-гі терістеуші емес күшейткішінің қосындылағышының моделі тұрғызылды. Тізбек кірісіне үш түрлі кернеу беріліп, шығысында күрделі қосынды сигнал шығарылды.

4. Операциялық күшейткіштегі дифференциалдаушы сұлба моделі жасақталды. Тізбектің кірісіне гармоникалық сигнал беріліп, шығысында амплитудасы өзгерген дәл сол гармоника алынды, Кіріс және шығыс сигналдарының фазалары $\pi / 2$ мәнімен ерекшеленеді.

5. Операциялық күшейткіште интегралды сұлбаның моделі жасалды. Сұлбаның кірісіне 20 мВ амплитудасы бар тікбұрышты импульстар берілді және шығысында амплитудасы - 4 В үшбұрышты сигнал алынды, яғни тізбектің күшейту коэффициенті 200 - ге тең. Кіріс сигналы күшейткіштің инверсиялық кірісіне түсетіндіктен, кіріс тікбұрышты импульстің көтерілген фронтына шығыс сигналының үшбұрышты бөлігінің құламалы бөлігі сәйкес келеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Неліктен ОК-р деп аталады, олардың қызметі, қасиеттері қандай?

2. Теріс кері байланыстың қасиеттері қандай?

3. Қосындылағыш, интегралдаушы, дифференциалдаушы операцияларын жүргізу үшін күшейткіштерді қандай тәсілдермен құрастырады?

Осылайша, жоғары оқу орнында радиоэлектроника пәнін оқытуда зертханалық жұмыстарды орындағанда, практикалық есептерді шешкенде, Electronic Workbench бағдарламасын пайдалананып, теориялық материалды жеткілікті меңгертуге және аталған бағдарламаны қолдану дағдыларын қалыптастыруға, тақырыпты зерттеуде студенттердің қызығушылықтарын арттыруға, ынталандыруға болады.

Мұндай виртуалды зертханалар жоғары дидактикалық әлеуетке ие және оқу үрдісінде сондай-ақ студенттердің ғылыми-практикалық қызметінде тиімді пайдаланылуға болады. Виртуалды зертханалық жұмыстарды кәдуілгі экспериментпен үйлестіру физикалық білімді барынша терең игеруге және осы білімнің практикалық маңыздылығын оң бағалауға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. Карлацук В.И. Электронная лаборатория на IBM PC. Программа Electronic Workbench и ее применение. – М.: Салон-Р., 2004. – 512 с.

2. Нефедов В.И., Сигов А.С. Основы радиоэлектроники и связи. – М.: Высшая школа, 2009. – 510 с.

3. Миловзоров О.В., Панков И.Г. Основы электроники. 5-е изд. перераб и доп. – М.: Юрайт, 2016. – 407 с.

Куанбаева Б.У., Шамбилова Г.К., Байтурсынова А.Ж.
МЕТОДИЧЕСКАЯ РАЗРАБОТКА СТРУКТУРНЫХ СХЕМ
ОПЕРАЦИОННЫХ УСИЛИТЕЛЕЙ

В статье представлена методическая разработка схем операционных усилителей, используемых в усилителях, синусоидальных и импульсных генераторах сигналов. Приведены возможности системы компьютерного моделирования на основе использования программы Electronic Workbench в лаборатории радиоэлектроники в вузе.

Показано, что в процессе преподавания радиоэлектроники при отсутствии наглядных пособий и лабораторного оборудования, удобно использовать виртуальные лаборатории, которые позволяют демонстрировать процессы, не подлежащие показу в реальности, а также использование их при дистанционном обучении и самообучении.

Ключевые слова: Electronic Workbench, лабораторная работа, радиоэлектроника, операционные усилители, электрическая схема.

Kuanbaeva B.U., Shambilova G.K., Baytursynova A.Zh.
METHODICAL PAPER OF STRUCTURAL CIRCUITS OF OPERATIONAL
AMPLIFIERS

The article presents the methodical paper of circuits of operational amplifiers used in amplifiers, sinusoidal and pulse signal generators. The possibilities of a computer simulation system based on the use of the Electronic Workbench program in the radio electronics laboratory at the university are given.

It is shown that in the process of teaching radio electronics without visual aids and laboratory equipment, it would be convenient to use virtual laboratories to demonstrate processes that cannot be shown in reality. By the way, the virtual laboratories can use for distance learning and self-study successfully.

Keywords: Electronic Workbench, laboratory work, radioelectronics, operational amplifiers, electrical circuit.

УДК 316.37; 159.922

Нургалиев К.А. – кандидат психологических наук,
доцент ЗКГУ им. М.Утемисова

E-mail: NourgK@rambler.ru

Рысова А.А. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова

E-mail: adema94_94@mail.ru

ПРЕДСТАВЛЕНИЯ О СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЯХ СОВРЕМЕННЫХ
КАЗАХСТАНЦЕВ

Аннотация. Статья посвящена результатам исследования представлений о семейных ценностях казахстанцев разных возрастов. Результаты исследования показывают, что уровень осмысления семейных ценностей зависит от гендерных и возрастных показателей. Анализ показал, что, несмотря на трансформацию патриархальной семьи, у респондентов сохранились и традиционные семейные ценности, и выработанные ранее стереотипы брачного поведения.

Ключевые слова: семья, семейные ценности, семейный патриархат, инновационно-прагматичный подход, прокреативное поведение, трансформация семейных ценностей.

Понятие ценностей – тот фундамент, на котором зиждется модель семейных отношений, модель выстраивания определенной линии поведения членов семьи. По мнению Н.Г. Храмовой, семейные ценности – положительные и отрицательные показатели значимости объектов, относящихся к основанной на единой совместной деятельности общности людей, связанных узами супружества – родительства – родства, в связи с вовлеченностью этих объектов в сферу человеческой жизнедеятельности, человеческими интересами, потребностями, социальными отношениями [1, с. 45]. Е.С. Калмыкова считает, что семейные ценности представляют собой установки супругов по поводу того, для чего существует семья, что она должна им приносить [2].

Несмотря на то, что семья остается универсальной ценностью, а отцовство/материнство по-прежнему находится на вершине жизненных приоритетов большинства людей, отношение людей к семье и родительству меняется: «Идет поиск наиболее удобного времени рождения детей, увеличивается число неполных семей, стремительно растет доля детей, рожденных вне зарегистрированного брака, появляется все больше детей, которые как бы принадлежат сразу нескольким семьям, потому что развод родителей и их вступление в новые браки уже не считается катастрофой, и дети сохраняют связь с обоими родителями. Перестает быть экзотикой отделение биологического родительства от социального и размывается или трансформируется само понятие родительства» [3].

Все это новое многообразие требует постоянного наблюдения и изучения.

С целью изучения современного представления о семейных ценностях нами было проведено опрос, в котором исследовались разные возрастные группы: преподаватели и студенты 1 и 2 курса Западно-Казахстанского государственного университета имени М.Утемисова (г. Уральск). Выборку составили 78 человек, из них юноши и девушки – 62 человека, взрослые – 16 человек. Большинство участвовавших в опросе респондентов составляли казахи, что отражает национальный состав студентов и преподавателей данного вуза.

Формулировка утверждений и разбивка их по факторам нами были заимствованы из материалов обследования «Родители и дети, мужчины и женщины в семье и обществе», проведенного в 2007 г. и проведенного по этим материалам анализа, выполненного Д.О. Поповой [4].

Таблица 1 – Средние значения факторов, отражающих семейные ценности, для респондентов разного возраста и пола

Факторы:	Итоговая шкала оценок					
	Девушк и	Юнош и	В целом по выборк е	Женщин ы	Мужчи ны	В целом по выборк е
Брак – это устаревший вид отношений	2,5	4,7	3,2	2,7	5	3,85
Это нормально, когда неженатая пара живет	3,6	3,5	3,55	3,0	0	3,0

вместе, даже если они не планируют пожениться						
Брак – это отношения на всю жизнь, их никогда не следует разрывать	8,5	7,8	8,3	10	10	10
Если пара несчастлива в браке, развод вполне допустим, даже если в семье есть дети	8,0	5,3	6,6	7,0	5,5	6,25
Для полной самореализации у женщины должны быть дети	4,8	5,2	5,0	6,5	7,5	7,0
Для полной самореализации у мужчины должны быть дети	4,56	4,66	4,6	4,4	9,0	6,7
Чтобы ребенок рос счастливым, ему нужен дом, где есть отец и мать	4,43	4,33	4,38	8,0	10	9,0
Женщина вполне может родить ребенка, даже если она не собирается вступать в постоянные отношения с мужчиной	5,0	6,67	5,8	6,7	3,0	4,8
В 18-20 лет дети должны начать жить самостоятельно	7,9	7,7	7,8	6,0	10	8,0
У однополых пар должны быть те же права, что и у разнополых	5	5	5	4,0	0	2
Каждая женщина к 25 годам должна стремиться выйти замуж и родить ребенка	6,6	6,8	6,7	9,0	10	9,5
Бабушки и дедушки должны заботиться о своих внуках, если их родители не могут этого сделать	8,0	8,0	8,0	7,7	7,5	7,6
Родители должны оказывать денежную помощь своим взрослым детям, если у тех возникают финансовые проблемы	8,2	6,8	7,5	7,0	4,0	5,5
Если взрослые дети оказываются в затруднительном положении, родители должны изменить свою жизнь так, чтобы помочь детям	6,6	6,0	6,3	5,2	6,0	5,6

Дети должны брать на себя ответственность за заботу о престарелых родителях, когда те нуждаются в помощи	9,6	9,6	9,6	10	10	10
Дети должны организовать свою работу так, чтобы она не мешала им заботиться о престарелых родителях	8,2	7,8	8,0	6,3	7,5	6,9
Когда родители нуждаются в помощи, дочери должны брать на себя большую ответственность за это, чем сыновья	6,3	4,5	5,4	5,3	4,5	4,9
Дети должны оказывать денежную помощь родителям, когда у родителей возникают финансовые проблемы	9,7	8,5	9,1	9,3	10	9,65
Дети должны жить вместе с престарелыми родителями, когда те уже не могут сами ухаживать за собой	9,0	8,0	8,5	9,6	10	9,8
Для пары лучше, когда мужчина старше женщины	9	6,5	7,75	7,7	7,0	7,65
Если женщина зарабатывает больше своего партнера, это плохо сказывается на их отношениях	5,2	4,6	4,9	3,0	8,0	5,5
Женщины должны иметь право сами распоряжаться деньгами, которые они заработали, а не спрашивать разрешения партнера	6,0	3,2	4,6	7,0	3,5	5,25
В заботах о доме, о семье можно так же реализовать себя, как и на работе	5,4	8,3	6,9	8,0	7,5	7,8
Для ребенка дошкольного возраста обычно плохо, если его мать работает	4,6	3,9	4,25	4,6	5,0	4,8
Для детей обычно плохо, если их отцы сосредоточены на своей работе	6,2	5,0	5,6	4,0	5,0	4,5
В случае развода для ребенка лучше остаться с матерью, чем с отцом	7,2	4,8	6,0	7,0	7,5	7,25

Первый фактор образуется пятью утверждениями: «брак – это отношения на всю жизнь, их никогда не следует разрывать», «для полной самореализации у женщины должны быть дети», «для полной самореализации у мужчины должны быть дети», «чтобы ребенок рос счастливым, ему нужен дом, где есть отец и мать», «каждая женщина к 25 годам должна стремиться выйти замуж и родить ребенка». Правомерно считать, что согласие с данными утверждениями характеризует приверженность респондентов консервативным представлениям о семье, браке и воспитании детей. Данные опроса подтвердили именно такое отношение старшего поколения к приведенным выше утверждениям. Результаты испытуемых девушек имеют полную согласованность с результатами испытуемых юношей и показывают, что многие из них выступают за разрушение традиционных ценностей в сфере брака и семьи, гораздо реже являются сторонниками консервативного подхода к браку и семье, чем представители старшего поколения. Налицо – различные стратегии прокреативного поведения (отношение к деторождению).

Таблица 2 – Консервативный подход к семье и браку

Утверждения	Оценки					
	Девушки	Юнош и	В целом по выборк е	Женщин ы	Мужчи ны	В целом по выборк е
Брак – это отношения на всю жизнь, их никогда не следует разрывать	8,5	7,8	8,3	10	10	10
Для полной самореализации у женщины должны быть дети	4,8	5,2	5,0	6,5	7,5	7,0
Для полной самореализации у мужчины должны быть дети	4,56	4,66	4,6	4,4	9,0	6,7
Чтобы ребенок рос счастливым, ему нужен дом, где есть отец и мать	4,43	4,33	4,38	8,0	10	9,0
Каждая женщина к 25 годам должна стремиться выйти замуж и родить ребенка	6,6	6,8	6,7	9,0	10	9,5

Семья в Казахстане всегда входила в ранг особых, непреходящих, жизненно важных ценностей. В национальном понимании многодетность – чадолюбие, любовь к детям, желание иметь много детей, потребность заботиться, воспитывать и развивать их – национальная семейная традиция, символ семейственности и семейного счастья. Длительное развитие кризисных явлений в казахстанском обществе советского периода и негативное влияние трудностей периода реформ отразились не только на состоянии института семьи, но и

нарушили самую важную функцию семьи – репродуктивную, т. е. функцию продолжения рода. Следует отметить и влияние современной западной цивилизации, специфической чертой которой является атомизированное общество с индивидуалистически ориентированной культурой. Деформация репродуктивной функции сильно повлияла на детность семьи. Рождение детей все реже воспринимается как неизбежная необходимость или общественный долг, следование традиции, а все чаще является результатом взвешенного решения пары, которая в процессе его принятия учитывает возможное позитивное и негативное влияние данного события на свои взаимоотношения, образ жизни и материальное благополучие. Именно эти идеологические изменения вместе с революцией в области контрацепции считаются движущей силой наблюдаемых нами изменений в демографическом поведении населения. Этот процесс ряд российских ученых называют вторым демографическим переходом [3; 5; 6; 4].

Основными составляющими второго фактора являются следующие утверждения: «дети должны брать на себя ответственность за заботу о престарелых родителях, когда те нуждаются в помощи», «дети должны организовать свою работу так, чтобы она не мешала им заботиться о престарелых родителях», «дети должны оказывать денежную помощь родителям, когда у родителей возникают финансовые проблемы», «дети должны жить вместе с престарелыми родителями, когда те уже не могут сами ухаживать за собой». Этот фактор характеризует приверженность патернализму в семейных отношениях, вектор которого направлен от взрослых детей к родителям.

Таблица 3 – Патернализм: взрослые дети – родителям

Утверждения	Оценки					
	Девушк и	Юнош и	В целом по выборк е	Женщин ы	Мужчи ны	В целом по выборк е
Дети должны брать на себя ответственность за заботу о престарелых родителях, когда те нуждаются в помощи	9,6	9,6	9,6	10	10	10
Дети должны организовать свою работу так, чтобы она не мешала им заботиться о престарелых родителях	8,2	7,8	8,0	6,3	7,5	6,9
Дети должны оказывать денежную помощь родителям, когда у родителей возникают финансовые проблемы	9,7	8,5	9,1	9,3	10	9,65
Дети должны жить вместе с престарелыми родителями, когда те уже не могут сами ухаживать за собой	9,0	8,0	8,5	9,6	10	9,8

Высокие баллы по этому фактору (от 7,8 до 9,6) говорят о том, что глобализационные процессы, затронувшие и современный Казахстан, не привели к полному разложению традиционной семьи, обесцениванию патриархальных семейных ценностей и полному смещению ценностных приоритетов. Причем более высокие баллы по этому фактору у девушек. Согласно казахским традициям, младшие сыновья оставались в отчем доме и должны были заботиться о постаревших родителях. В современном обществе у всех членов семьи разное материальное благополучие, разный социальный уровень, поэтому заботу о родителях берет на себя тот из детей, кто сможет их обеспечить всем необходимым, в том числе и дочери.

Другую направленность имеет вектор третьего фактора, с которым связаны следующие утверждения: «бабушки и дедушки должны заботиться о своих внуках, если их родители не могут этого сделать», «родители должны оказывать денежную помощь своим взрослым детям, если у тех возникают финансовые проблемы», «если взрослые дети оказываются в затруднительном положении, родители должны изменить свою жизнь так, чтобы помочь детям». Этот фактор также характеризует приверженность патернализму в семейных отношениях, вектор которого направлен от родителей к взрослым детям.

Таблица 4 – Патернализм: родители – взрослым детям

Утверждения	Оценки					
	Девушк и	Юнош и	В целом по выборк е	Женщин ы	Мужчи ны	В целом по выборк е
Бабушки и дедушки должны заботиться о своих внуках, если их родители не могут этого сделать	8,0	8,0	8,0	7,7	7,5	7,6
Родители должны оказывать денежную помощь своим взрослым детям, если у тех возникают финансовые проблемы	8,2	6,8	7,5	7,0	4,0	5,5
Если взрослые дети оказываются в затруднительном положении, родители должны изменить свою жизнь так, чтобы помочь детям	6,6	6,0	6,3	5,2	6,0	5,6

Как видим, далеко не все респонденты согласны с тем, что родители обязаны помогать своим взрослым детям и приверженность этому виду патернализма значительно меньше выражена у обследуемых старшего возраста (не более половины из них согласны с утверждением, что родители должны оказывать денежную помощь своим взрослым детям).

По-видимому, здесь отражается тенденция, пришедшая к нам из западного общества с его высокой атомизированностью людей в процессе внедрения рыночных принципов хозяйствования где работает накопительная пенсионная система (т.е. каждый живет на то, что он заработал в своей жизни, и дети мешают накопить на спокойную старость) [7].

Четвертый фактор ассоциируется с четырьмя утверждениями: «это нормально, когда неженатая пара живет вместе, даже если они не планируют пожениться», «если пара несчастлива в браке, развод вполне допустим, даже если в семье есть дети», «женщина вполне может родить ребенка, даже если она не собирается вступать в постоянные отношения с мужчиной», «женщины должны иметь право сами распоряжаться деньгами, которые они заработали, а не спрашивать разрешения партнера». Согласие с данными утверждениями свидетельствует об инновационно-прагматичном подходе респондентов к семье, браку и воспитанию детей. По мнению Д.О. Поповой [4, с. 167], данный фактор может служить своего рода маркером второго демографического перехода. Ван де Каа рассматривал второй демографический переход как результат движения общественного сознания от консерватизма к прогрессивности, при этом прогрессивность им понимается как толерантность и восприимчивость к новым ценностям и моделям поведения, и выделял четыре основных черты этого перехода: 1) переход от «золотого века» брака к его закату, то есть широкое распространение юридически неоформленных форм совместной жизни и альтернативных форм семьи; 2) переход от детоцентристской модели семьи к индивидуалистически ориентированной «зрелой» паре партнеров с одним ребенком; 3) переход от превентивной контрацепции, предназначенной для предотвращения рождений ранних детей, к сознательному планированию рождения каждого ребенка; 4) переход от унифицированной модели к плюралистическим моделям семьи [8, с. 4].

Таблица 5 – Инновационно-прагматический подход к семье и браку

Утверждения	оценки					
	Девушк и	Юнош и	В целом по выборк е	Женщин ы	Мужчи ны	В целом по выборк е
Это нормально, когда неженатая пара живет вместе, даже если они не планируют пожениться	3,6	3,5	3,55	3,0	0	3,0
Если пара несчастлива в браке, развод вполне допустим, даже если в семье есть дети	8,0	5,3	6,6	7,0	5,5	6,25
Женщина вполне может родить ребенка, даже если она не собирается вступать в постоянные отношения с мужчиной	5,0	6,67	5,8	6,7	3,0	4,8
Женщины должны иметь	6,0	3,2	4,6	7,0	3,5	5,25

право сами распоряжаться деньгами, которые они заработали, а не спрашивать разрешения партнера						
--	--	--	--	--	--	--

Интеграция в мировое сообщество происходит в контексте калькирования западного образа жизни и распространения ценностей индивидуализма. Возможность развода допускают более половины опрошенных, причем женщины в большей степени, чем мужчины (8 против 5,3 баллов – у девушек и 7 против 5,5 баллов у более старших женщин). Ценность брака, хотя и продолжает быть значимой, все же уменьшается его незарегистрированной формой. В условиях либерализации половой морали в молодежной среде стали популярны взгляды о возможности сексуальных отношений с любимым человеком до вступления в брак. Возможность родить ребенка, не вступая в постоянные отношения с мужчиной допускают половина опрошенных девушек и более половины (6,7 баллов) более зрелые женщины, что, возможно, говорит о возросшей степени общественного принятия интимных отношений между людьми, не состоящими в зарегистрированном браке. В то же время большинство опрошенных мужчин более старшего возраста такую стратегию отвергают.

Данные нашего опроса по утверждениям, объединенным в четвертый фактор противоречат общеказахстанской ситуации, охарактеризованной председателем комитета по законодательству и судебно-правовой реформе мажилиса парламента РК Нурланом Абдировым: «В Казахстане в последнее время сокращается количество заключенных браков, тогда как число зафиксированных разводов растет седьмой год подряд. При этом 72 тысячи детей рождены вне брака, у нас более 400 тысяч матерей-одиночек, более 60 тысяч отцов-одиночек. Около миллиона детей воспитываются в неполных семьях, более 31 тысячи – дети-сироты. Понятие «гражданский брак» прочно вошло в обиход и в сознание наших граждан. Но ведь за такой формой брака нет обязательств, нет глубокого стремления родителей вложить в сознание детей традиционные семейные ценности» [9].

Возможно, противоречивые данные нашего опроса по четвертому фактору вызваны тем, что в нем участвовали респонденты с более высоким уровнем образования.

С пятым фактором связаны три утверждения: «в заботах о доме, о семье можно так же реализовать себя, как и на работе», «для ребенка дошкольного возраста обычно плохо, если его мать работает», «для детей обычно плохо, если их отцы сосредоточены на своей работе». В сущности, этот спектр показателей характеризует конфликт семейных и трудовых ролей, который решается в пользу семьи.

Европеизация Казахстана оказала влияние не только на экономику страны, но и на социальные институты: образование, семью и вызвала изменение мотивации к рождению детей – семья с «детоцентристскими» устремлениями сменяется семьей, ориентированной на самореализацию родителей. Возросла трудовая занятость женщин вне дома. Профессиональные интересы стали серьезным конкурентом семейным интересам не только для мужчин, но и для женщин. Изменились и материальные запросы: перед тем, как заводить детей, молодые люди стремятся заработать на собственное жилье, автомобиль, «пожить для себя» и т.д. Как считает А.Г. Вишневский, «именно в структуре демографического поведения, равно как и в структуре и методах социального

контроля над ним, произошел подлинный переворот, который и привел к возникновению и утверждению нового типа рождаемости» [5, с. 99].

Таблица 6 – Конфликт семейных и трудовых ролей: семья важнее работы

Утверждения	Оценки					
	Девушк и	Юнош и	В целом по выборк е	Женщин ы	Мужчи ны	В целом по выборк е
В заботах о доме, о семье можно так же реализовать себя, как и на работе	5,4	8,3	6,9	8,0	7,5	7,8
Для ребенка дошкольного возраста обычно плохо, если его мать работает	4,6	3,9	4,25	4,6	5,0	4,8
Для детей обычно плохо, если их отцы сосредоточены на своей работе	6,2	5,0	5,6	4,0	5,0	4,5

Можно согласиться с мнением З.Арыстамкуловой, которая пишет: «Следует учитывать, что образ жизни городской семьи в современных условиях несовместимы с многодетностью. Происходившие в стране длительные социальные и экономические преобразования и выпавшие на долю казахстанцев трудности, связанные с переустройством общества, повлияли на распространение контроля деторождения. Родители теперь заинтересованы обеспечить детям более высокий уровень жизни, чем когда-то был у них самих. Другим фактором ориентирования семьи на малодетность и даже на бездетность является возрастание ценности личностного самоосуществления женщины, которая старается реализоваться за пределами домашнего круга. Но если успешная, честолюбивая женщина ради карьеры и признания лишает себя счастья материнства, то другой тип современной городской женщины характеризуется вынужденным отказом от рождения желаемых детей из-за экономической нестабильности, неудовлетворительных жилищных условий или трудностей совмещения работы с воспитанием ребенка» [10, с. 23].

В рамках шестого фактора наибольшие удельные веса имеют три следующих утверждения: «брак – это устаревший вид отношений», «в 18-20 лет дети должны начать жить самостоятельно», «у однополых пар должны быть те же права, что и у разнополых». По мнению Д.О. Поповой, согласие с данными утверждениями говорит о том, что респондент поддерживает разрушение традиционных ценностей в отношении семьи, брака и воспитания детей.

Таблица 7 – Разрушение традиционных ценностей семьи и брака

Утверждения	Оценки					
	Девушк и	Юнош и	В целом по выборк е	Женщин ы	Мужчи ны	В целом по выборк е

Брак – это устаревший вид отношений	2,5	4,7	3,2	2,7	5	3,85
В 18-20 лет дети должны начать жить самостоятельно	7,9	7,7	7,8	6,0	10	8,0
У однополых пар должны быть те же права, что и у разнополых	5,0	5,0	5,0	4,0	0	2

Результаты демонстрируют в целом толерантное отношение к однополым бракам: средний балл для молодежи – 5, для женщин старшего возраста – 4. Результаты испытуемых мужского пола рисуют иную картину. Все респонденты выразили отрицательное отношение к утверждению об однополых парах.

Седьмой фактор образован двумя утверждениями: «когда родители нуждаются в помощи, дочери должны брать на себя большую ответственность за это, чем сыновья», «в случае развода для ребенка лучше остаться с матерью, чем с отцом». Данный фактор характеризуют такое гендерное распределение ролей в семье и показывает выраженность установки супруга на активную родительскую позицию брачного партнера.

Тіпті, керек десеңіз, интерактивті әдіс арқылы оқушылар өз білімін өздері бағалайды да. Олар алған білім, білік, дағдылары бойынша бағаланады. Әсіресе өзін-өзі бақылау, жұптық өзара бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдері сабақты бекітуде біршама көмегін тигізеді. Қозғалмалы ойындар (бой жазу, жылыну, қыздырушы ойындар) өзін-өзі тану сабақтарында жиі қолданылады. Оларды қолданудағы негізгі мақсат - оқушылардың эмоциялық және тұлғааралық белсенділігін арттыру, сонымен бірге денелерін шынықтырып, бойын жаздыру. А.М. Горкий: "Ойын арқылы бала дүниені таниды", десе, А.С. Сухомлинский: "ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз - ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты", - дейді. Шынында да бала үшін ойын-өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекетін, қарым - қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсініп, адамгершілік нормаларын игереді. Адамгершілік барлық адамдарға тән қасиет ретінде өмірдегі жанға жат мінездер мен кереғар іс-әрекеттерге қарсы күресу барысында қалыптасады. Тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеялар құндылықтар деп қарастырылады. Оларға шындық, қайырымдылық, бостандық, шығармашылық жатады. Құндылықтар - идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл мен ой-сана арқылы қабылданады. Құндылықтар сезім мен ақыл - ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс - әрекетін көрсетеді. Балаларда адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жағдайында белгілі бір жүйе немесе нақты белгілер болуы қажет. Бұл жағдайда оқу - тәрбие үрдісіндегі педагогикалық шарттардың мәнін ашып көрсету өте салмақты орын алады. Ойын- балалардың негізгі іс - әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл - өмірдің заңдылығы. Еңбек үстінде адамның көптеген ерекшеліктері дамиды. Өмір сүру барысында ол түрлі жолдармен жарыққа шығады. Ойын - балалар үшін күрделі әрекет. Балалар ойын үстінде үлкендердің іс- әрекеттерін үйренеді. Ойын арқылы баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Бала ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады. Ойын үстінде өмірдің өзіндегіндей қуанып, ренжиді. Баланың белсенділігін, сапалы ойлана білуін, ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ету, қиындықты жеңуде төзімділікке баулу - адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеті. Ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелінген. Ол балалар үшін кәметке келгенше жүріп өтетін өмір сатысы. Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен шығармашылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс. Атақты педагогтар В.А. Сухомлинский, Н.К. Крупская, К.Д. Ушинский ойынның балалардың ой өрісін дамытуда, дүние танымын қалыптастыруда практикалық маңызы зор екенін атап көрсеткен. Ойын арқылы оқыту технологиясы бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылады. Әр мұғалім технологияның нәтижесін дұрыс болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет:

- әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау;
- ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын – ала әзірлеу;
- сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі;
- ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз етілуі;

- сабақтағы ойын элементтері оқушылардың ынтасын артып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы қажет.

Бастауыш сыныпта өзін өзі тануды оқып үйрету барысында ойындардың алатын орны ерекше. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың танымдылыққа деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат – ойын әрекеттері арқылы ізгілік құндылықтарын меңгертіп, қа молайтрим қатынасы, бір біріне деген сыйлас құрметі артады. Ойын оқушылардың ынтасы мен зейінін дамытады. Мысалы: "Тапқыш" ойыны арқылы ынтасы мен зейінін дамытамыз. ойын барысы: Балалар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы отырады. Ойын жүргізуші допты топтың кез келген баласына домалатады да "ма" -деп алғашқы буынды айтады, қарсыласы "шина" деп жалғастыруы қажет. Ойын 4-5 минут ойналады, егер ойыншы тез арада буынды жалғастыра алмаса ойын аяқталады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық рөлі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Адамның жас ерекшелігіне қарамай, яғни адам балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой-өрісі ойын арқылы дамиды. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері оқушыларды оқу қызметіне ынталандыру құралы ретінде ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады. Өзін өзі тану сабақтарында ролдік ойындардың маңызы зор. Ойын оқушылардың сол орындалатын іс -әрекеттер арқылы тіл үйренуге деген сенімін қалыптастырады. Ойын әрекеттері арқылы қайырымдылық, мейірімділік қарым қатынасқа жетелейді Ойын барысында баланы адамгершілік қасиеттер, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады. Ойын ұзақтығына қарай дидактикалық ойындар жылдам және ұзақ , оқушылардың санына қарай жеке, жұптық және топтық болып бөлінеді. Мұның барлығы тапқырлық, іздемдік, ролдік, іскерлік ойындардың нұсқалары ретінде беріледі. Себебі оқушыларға адамгершілік дұрыс нормаларды тануға үйрету, тілдік тұлғаларды сөйлеу әрекетінде орынды пайдалануға үйрету-дидактикалық ойындарды қолдануда ерекше көңіл аударатын нәрсе.

Қозғалмалы ойындарды қолдану мынандай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- оқушылардың эмоциялық белсенділігін арттыру. Мұнда олардың жағымды эмоциялары: қызығушылықтары, қуанышы, таңдануы негізге алынады;
- топты біріктіру, қатысушылардың өзара сенімін қалыптастыру және бірлескен әрекеттердің үйлесіміне қол жеткізу;

Ойын әдістерін пайдалануда жіберілетін типтік қателердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- ойында меңгерілетін тәжірибенің көп жағдайда шынайы өмірмен байланысының жеткіліксіз болуы, ойын әрекетін тар мақсатқа ғана қолдану;

- ойында меңгерілген тәжірибенің мәніне жете көңіл аудармау, оны талдауға кететін уақытты шектеу;
- басқа әдістер жеткіліксіз болған жағдайда ойын элементтерін сабақтың қызықтылық сипатын арттыру үшін ғана қолдану;
- қатысушылардың эмоциялық толқынысын жоққа шығару (тым әлсіз немес тым күшті эмоциялар жұмысқа бөгет жасайды деп түсіну);
- сенімсіздікке жол беру, жалаң ойынға әуестік.

Бастауыш сынып оқушысының есте сақтау мен танымдық қызығушылық қабілеті жақсы болады. Егер балаға қызығушылығына қарай жүйелі мәлімдемелер түсіп отырса, баланың даму үрдісі шапшаңдайды. Ол баланы қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарымен еркін араластыру керек, әртүрлі баланың дамуы үшін туындайтын шегіністерден қашпауымыз керек, керісінше, баланың дамуына қандай дәрежеде ықпал еткенін айқындай отырып, жүргізу қажет деген ұсынысын зерттеуімізге басшылыққа алдық. Тарихи ескерткіш мұраларға жүргізілген саяхат-сабақтар мен экскурсиялар балалардың танымын қалыптастыруда негізгі орын алатынын практика барысында айқын байқадық.

Әртүрлі жүргізілген саяхат жұмыстары бастауыш сынып оқушыларының ынтымақтастығын жетілдіреді. Бұл туралы психолог Л.С. Выготский: “Дербес жұмыс істегеннен гөрі бала ынтымақтастықта күштірек әрі ақылдырақ болып, ол өзі шеше алатын интеллектуалды қиындықтар деңгейі жөнінен биікке көтеріледі...” [12], - дейді.

Жалпы жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға байланысты арналған ғылыми зерттеу еңбектерді зерделеу барысында бастауыш сынып оқушыларының мәдени адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы, олардың психологиялық дамуына байланысты арналған еңбектер сараланып, жүйеленгенін байқадық.

Көптеген зерттеу еңбектерін талдай келе оқушыны дамытуда білім мен тәрбие негізгі орын алатынын атап көрсете келе, бала жасындағы дамудың бес жағдайы нақтыланады:

- психикалық дамуға - оқушының мінез-құлқының, ерік-жігерінің қабілетінің дамуы;
- денелік дамуға - дене бітімінің өз жасына сай болуы;
- рухани дамуға - оқушының ішкі жан дүниесінің сырттан әсер ететін күшпен өзара бірлігі;
- әлеуметтік дамуға - өздері өмір сүріп отырған қоғамдық ортаға үйлесе дамуы;
- жалпы дамуға - оқушының жан-жақты үйлесімді дамуы; сыныптан тыс уақытта бастауыш сынып оқушыларын дамытудың ғылыми-теориялық негізін айқындай отырып, бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін арттыруға, үйірме жұмыстары мен мектептегі қоғамдық ұйымдардың құрылымының тиімділігі дәлелденген.

Олай болса өзін-өзі тану пәнін оқыту барысында оздырылатын сыныптан тыс үйірме жұмыстарында оқушыны сыртқы және ішкі жан дүниесінің біртұтас үйлесімділікке жетелейтін әйгілі қазақ композиторларының шығармалары, қазақ менталитетінің өзегін құрайтын ою-өрнегі, әсем шырқалатын мазмұны маңызды тәрбиеге толы саз әуенді әндері баланың жан-жақты дамуына тоғлығымен әсерін тигізеді сөзсіз.

Балаларды мектепке оқытудың алғашқы күнінен-ақ бірінші сыныптардың қоршаған өмір туралы әр түрлі түсінікпен келетіндігі, мораль туралы ұғымдары да, мінез-қырларымен әдеттері де әр басқа екендігі анықталады. Мектепке ілтипаттары да әртүрлі. Кейбір балалар құрбыларымен тату-тәтті ойнайды, керек болса, ойыншықтарын беруге де даяр. Ал, енді біреулері сырттап жүреді.

Балалардың моральдық сапаларының, қоғамдық ұғымдарының, мінез-құлықтары дағдылары мен әдеттерінің дамуындағы осы айырмашылықтарды адамгершілік тәрбиесі барысында мектеп түзетуі керек.

Мектеп білімі өсіп келе жатқан ұрпақтың адамгершілік тәрбиесіне едәуір ықпал етеді. Адамгершілік тәрбиесі белгілі жүйеде жүзеге асырылады. Мектепті бітіргеннен кейін адам мінездің жаңа сапаларын игермейді, қайта бұрынғыларын шыңдай түседі немесе түзетеді. Сол себепті балалардың мектептегі адамгершілік тәрбиесі өте шеңберлі болуы тиіс. Педагогика адамгершілік тәрбиесінің мазмұнымен ұйымдастырушының қоғамдық мораль сипатына тәуелділігін объективтік заңдылық деп санайды. Мектептегі адамгершілік тәрбиесі біздің өміріміздің тек осы кездегі талаптарын ғана емес, болашақта да бағытталуы тиіс. Адамның қоғамға қатысты, оның халық, қоғам алдындағы борышы моральдық кодексте бірінші орынға қойылады:

- қоғам игілігіне қалтқысыз еңбек ету;
- әрбір адамның қоғамдық байлықты сақтауға және молайтуға деген қамқорлығы;
- қоғамдық борышты жоғары дәрежеде сезіну.

Адамгершілік бейненің сұлулығы мен ізгілігі адамдардың гуманизм мен коллективизмге негізделген өзара қатынасында айқын көрінісін табады. Сондықтан кодекс өсіп келе жатқан ұрпақ бойында коллективизм мен жолдастық өзара көмек “Біреуі бәрі үшін, бәрі біреуі үшін” деген принципімен өмір сүре білуі, достық сезімі (адам адамға – дос, жолдас және бауыр), саналы тәртіптерін сақтау сияқты қасиет-сапаларын тәрбиелеуге шақырады.

Адалдық және шыншылдық, адамгершілік, тазалық, қарапайымдық, қоғамдық және жеке өмірдегі сыпайылық, үлкенді сыйлау сияқты мінездегі моральдық-еріктік ерекшеліктерді тәрбиелеу кодекстің маңызды бөлімінің бірі.

Адамгершіліктің бастамасын қалыптастыруда ең алдымен оқушының жақсы, жаман мінезі туралы дұрыс түсінік берілу ұсынылады. Жақсы іс істеу – бұл “Оқушыларға арналған ережелерде” көрсетілген барлық міндеттерді дәл және дұрыс орындау болып табылады.

Ал, жаман іс істеу – бұл осы міндеттерді орындамау, коллективті, жолдастарын сыйламау, олардың пікірлерін бағаламау.

Осы бастапқы түсініктерден мектеп өз оқушыларында күрделірек адамгершілік сапалардың қалыптасуына: туған жерге, оларда барлық халықтар балаларымен достық, еңбек сүйгіштік, еңбек адамдарына сүйіспеншілік, адалдық, шыншылдық, ізгілік, тәртіптілік сезімдерін тәрбиелейді, діни сезімдер мен нанымдардың зияндылығын түсіндіреді.

Бұл жоғары сезімдер бірте-бірте қалыптасады. Еңбек сүйгіштік, өзінің және қоғамдық заттарға ұқыптылықпен қарау сезімі, отбасындағы жеңіл-желпі жұмыстан, сынып, мектеп үшін еңбек етуден қалыптаса бастайды. Оқу сабақтарында, еңбек, экскурсия, өндіріс озаттарымен кездесу процесінде, жиындарда балалар үлкендердің еңбегі жайлы түсінік алады, мұғалім осы адамдар еңбегімен барлық материалдық игіліктер, оның ішінде мектепте балалар қолданып жүрген құралдар мен оқу жабдықтары да жасалатындығын ұғындырады.

Адамгершілік тәрбиесі балалар арасындағы тәрбие жұмысының барлық буындарында, сабақта, оқу және еңбек процесінде, эстетикалық және дене тәрбиесінде жүзеге асырылады. Адамгершілік нормаларын тек жаттап алу жеткіліксіз, оны ой елегінен өткізіп, бастан кешіруі керек, сонда ғана ол оқушы мінез-құлықты мораль нормасына айналады. Бұл жағдайлар адамгершілік тәрбиесінің әдістемесін анықтағанда негізге алынуы тиіс.

Адамгершілік тәрбие тәрбиеленушінің дамуына қандай игі әсер ететіндігін, тәрбие әсерімен оқушы қалай өзгертіндігін, тәрбие әртүрлі әсерімен адамгершілік кемелдің жаңа сатысына қалай көтерілетіндігін педагог жақсы білуі тиіс. Ол үшін адамгершілік тәрбиесінің бүтін процесін жеке буындарға бөліп, әрқайсысын жекелей қарастыру керек. Бұл процестің аса маңызды буыны – адамгершілік сананы қалыптастыру. Адамгершілік, саналылық дәрежесі адамның тәртібі мен іс-әрекетін анықтайтыны әлдеқашан дәлденген.

Сана-сезімнің қалыптасуы ұзақ та күрделі процесс, ол мектепке бармастан көп бұрын, қоғам туралы, жақын адамдардың өзара қатынасы туралы алғашқы ұғым-түсініктерінің қалыптасуынан басталады. Мектепке келгеннен бастап балаларға қойылатын талап та жоғарылайды. Бірінші сыныптар басқалардың жағдайымен санаса білуі, жұмыста бір-біріне кедергі болмауы тиіс. Алғашқы ұғым-түсініктер негізінде өскелең адамның тұрақты көзқарасы мен сезімдері қалыптасады, бұл жағдай оның мінез-құлқына әсер етеді, бағыт береді.

Сезім баланың мінез-құлқына керемет әсер етеді. Тәрбиеде сезімге сүйену, тәрбиенің нәтижелілігін арттырады. Баланың сезіміне әсер ету шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы болып табылады. Сондықтан да көптеген мұғалімдер баланың санасына әсер етуді жөн көреді, ал тәрбие жұмысында оның сезіміне қалай әсер етуге болатындығын кейде біле бермейді.

Оқушының сезіміне әсер етудің тәсілдерін анықтағанда сезімді тәрбиелеу, негізінен баланың бұрынғы өз сезімдерін өзгерту және онан әрі тілдіру жолымен жүзеге асырылатындығын ескерген жөн. Сезімді тәрбиелеудің дәл де қысқа жолдарын педагогика айтып бере алмайды. Мысалы, жолдасының немесе әдеби кейіпкердің ісіне қалай да таңданудың керек деп оқушының алдына міндет қоюға болмайды. Қажетті сезімді тудыру үшін соған сәйкес оқушының сезім дүниесіне қатты әсер ететін жағдайлар жасалынуы тиіс. Мәселен, туған табиғат туралы мектеп қабырғасында қаншама айтқанмен, балаларға оның сұлулығы мен ұлылығы жайында әсер туғызбауы мүмкін. Ал, енді табиғатқа экскурсия жасаса, оның ең сәнді жерлерін тауып, фотосуретке түсіру, монтаж жасау жайлы тапсырма берілсе, бұл балалардың табиғатқа ең нәзік сүйіспеншілігін туғызар еді. Бұл жағдайда, мұғалім ізгі сезімдерді туғызып қана қоймайды, оның бекуіне де жағдай жасайды.

Баладағы жаңа сезімдер қатты әсерленуден болады. Осы әсерленудің ықпалымен сезімінің жетілуі, өзгеруі мүмкін. Әсерлену әсіресе өзгелердің істегенін қабылдау және санадан өткізу процесінде пайда болады. Еңбек қаһармандарының істері жайлы, соғыс кезіндегі біздің адамдарымыздың теңдесі жоқ ерлігі жайлы әсерлеп, көркемдеп әңгімелеу бала сезіміне өте қатты әсер етіп, оның патриоттық ізгі сезімдерін оятады. Әсерленушілік басқа адамның өміріне жаны ашуы нәтижесінде тууы мүмкін.

Ойын оқу процесін ширатады, баланың оқуға деген ынтасын арттырады, сабақ қызықты өтеді. Ойын белгілі бір қабілеттердің қосындысы, оны былай көрсетуге болады: зейін + қабылдау + ес + ойлау + пайымдау. Ойынды халқымыз балаларын тәрбиелеуде ертеден пайдаланған. А.Байтұрсынов «...баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйретуі керек» деген қағидасын басшылыққа алған жөн. Ойын – үйрету әдісінің ерекше түрі. Ол үйренуді мәжбүр етпейді, баланың өз еркімен, ынтасымен орындалады.

Ойын технологияларының мақсаты бірқатар міндеттерді шешу болып табылады:

- дидактикалық (ой-өрісті кеңейту, танымдық іс-әрекет; практикалық іс-әрекетте қажет белгілі бір қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру және т.б.);

- дамытушы (назарды, есте сақтауды, сөйлеуді, ойлауды, көз алдына елестетуді, қиялды, шығармашылық идеяны, заңдылықтарды орнату, оңтайлы шешімді табу қабілетін және т.б. дамыту);

- тәрбиелеуші (өз еріктерін тәрбиелеу, мінез-құлық, эстетикалық және дүниетанымдық позицияларын қалыптастыру, ынтымақтастықты, бірлестікті, тіл табысушылықты және т.б. тәрбиелеу);

- әлеуметтендіруші (қоғам нормалары мен құндылықтарына үйрету; ортаның жағдайларына бейімдеу және т.б.).

Өзін-өзі тану пәнінде қолданылатын ойын іс-әрекетінің психологиялық тетіктері тұлғаның өзін-өзі көрсету, өзін-өзі бекіту, өзін-өзі реттеуге деген күрделі қажеттіліктеріне сүйенеді.

Бала ойындарының мазмұны келесідей кезектілікпен дамиды:

- заттық іс-әрекет;

- адамдар арасындағы қарым-қатынас;

- қоғамдық тәртіптің ерекшеліктерін орындау.

Өзін-өзі тану сабағында арнайы ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттері негізінде, олардың бойында, тәжірибенің алғашқы кезеңіне қарағанда достық-жолдастық, махаббат, сүйіспеншілік, парасаттылық, адалдық, басқаларға қадірлі болу, ішкі сенімдер мен принциптік тұғырларға, мұратқа берілгендік, т.б. тәлім-тәрбие нышандары біртіндеп көрініс тапты.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, 1998. – 171 б.

2. Ксенофонт. Воспоминание о Сократе. Кн. 3. Ксенофонт Афинский. Сократические сочинения / Пер. С.И. Соболевского – М.-Л.: ACADEMIA, 1935. – 417 с.

3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 190 б.

4. Йассауи Қожа Ахмет. Диуани Хихмет. – Алматы, 1993. – Б. 21-22.

5. Коменский Я.А. Великая дидактика / Избр. пед. соч. – М.: Уч. пед. гиз, 1955. – 166 с.

6. Песталоцци И.Г. Как Гертруда учит своих детей / Избр. пед. произв. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1963. – 212 с.

7. Ушинский К. Д. Воспитание человека. – М.: Просвещение, 1951. – 22 с.

8. Макаренко А.С. Педагогические сочинения: в 8 т. – М.: педагогика, 1986. – 138 с.

9. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – М, 1976. – 20 с.

10. Абай энциклопедиясы / Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра, 1995. – 328 б.

11. Назарбаева С.А. Путь к себе: учение Порфирия Корнеевича Иванова как метод воспитания здоровой личности. – Алматы: Атамұра, 1999. – 96 с.

12. Выготский Л.С. История развития высших психических функций / Собр. соч.: в 6 т. – М.: Педагогика, 1983. – 368 с.

Ергалиева Г.А., Набиева Ж.Ж.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ПРЕДМЕТА САМОПОЗНАНИЕ

В статье обсуждается, как интерактивные методы могут использоваться для обучения самопознанию в процессе обучения самопознанию, использованию новых способов обучения и путей развития образования и науки как источника духовного и разнопланового развития личности. Описывает фундаментальные

исследования на основе полной зависимости личности ребенка от успеха, достигнутого в обучении. Изучаются психологические эффекты игр в субъекте самопознания.

Ключевые слова: моральные ценности, личность, самопознание, самореализация.

Ergalieva.G.A., Navieba .Zh. Zh.

THE EFFECTIVENESS OF USING THE INTERACTIVE APPROACH OF ACTIVITIES IN TEACHING THE SUBJECT OF SELF-KNOWLEDGE

The article discusses how interactive methods can be used to teach self-knowledge in the process of learning self-knowledge, using new ways of learning and ways to develop education and science as a source of spiritual and diverse personality development. Describes basic research based on the complete dependence of the child's personality on the success achieved in learning. The psychological effects of games in the subject of self-knowledge are studied.

Key words: moral values, good personality, self - actualization

ӘОЖ 373.3

Хасанова И.У. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: khassanova.inkar@mail.ru

Біржан Н.С. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: birzhan.nazerke@inbox.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТАТЫН ТАПСЫРМАЛАР

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамыту жолдары және тапсырмалар жайында сөз етіледі. Әр дағдының өзінің тапсырмалары беріледі. Сол тапсырма арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту болады.

Тірек сөздер: сөйлеу тілі, коммуникативтік дағды, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым, спиральділік қағидат, шиыршық әдісі, жаңартылған оқу бағдарламасы, қарым-қатынас, тілдік тапсырмалар.

Бүгінгі таңда білім беруді жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту – заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, табысты болу үшін білім мен дағды керек. Терең, сапалы білімді игерген, сонымен қатар, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан оқушы барлық жетістікке жете алады.

Бұл мәселе туралы көптеп айтылып та, жазылып та жатыр. Мысалы, педагогика ғылымының докторы И.Нұғыманов пен З.Қанқынбаева еңбегінде: «Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, сөйлеу мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кездегі көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады», - делінген.

Сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынаста пайдаланатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда ауызба-ауыз тікелей жалғанатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты болады

[1]. Ғалымдар оқушылардың сөйлеу тілі қабілеттерінің қалыптасуы және дамуының бірнеше шарттарын көрсетеді, олар:

- ең бірінші шарт ол – қарым-қатынастың қажеттілігі. Демек, өз пікірімен немесе ақпаратпен бөлісу тілегі мен қызығушылығын туғызатын, сөйлеу тілінің ынтасын айқындайтын жағдайларды қалыптастыру керек.

- екінші шарт ол – қарым-қатынас ортасын құру. Қарым-қатынас ортасы – бұл ата-аналардың, жақындардың, достардың әңгімелері, көркем әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары, мұғалімнің сөйлеу тілі, оқулықтардың тілі...

Жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы, оқыту әдістемесі оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған. Бағдарламада оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге басымдық берілген. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» (спиральді) орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады.

Брунер адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

- белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);
- бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);
- таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу).

Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Спиральді білім беру бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;
- спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;
- оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелу ұсынылады [2].

Оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өту кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральдік қағидатына негізделгендіктен, сыныптан сыныпқа көшу барысында олар тілдік дағдыларды меңгеріп, ауызша, жазбаша қарым-қатынасында сауатты сөйлеуге дағдыланады. Мұғалім оқушылардың қатысымдық дағдыларының жетілуін үнемі бақылап, қолдау көрсетіп отырады.

Оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға арналған тілдік тапсырмаларды орындау нәтижесінде, мәселен, «тыңдалым бойынша – оқушылар қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салалары үшін өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, мәтіндегі басты және

қосалқы ақпараттың мағынасын барынша толыққанды, терең және дәл түсіне алады; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқиғаның/әңгіменің мазмұнын болжайды.

Айтылым бойынша – оқушылар алдын-ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқиғаның мазмұнын жеткізеді; оқиғаны, естігені жөнінде сұрақтар құрастырады және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өзара байланысқан, логикалық жүйеге құрылған хабарламаны құрастырады; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени саласында түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік ниетін білдіре отырып, диалогқа қатысады.

Оқылым бойынша – білім алушы оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың тұжырымы мен бағасын түсінеді; көркем және көркем емес мәтіндерді ажыратып таниды; алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлер іс-әрекеттерінің себептерін түсінетінін көрсетеді; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздер мен фразалардың мағынасын анықтайды; қазақ және әлем әдебиетінің көркем туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды.

Жазылым бойынша – білім алушы тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқиғаның (тақырыптар, жекелеген деректер, пікірлер) қысқаша жазбаларын жасайды; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау (баяндаусыз) сипатындағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады» делінген [3].

Тыңдалым – адам баласының тілдік қарым-қатынасқа түсу кезіндегі басты құралдардың бірі. Біз тыңдау арқылы қоршаған орта, ондағы болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттарды ала отырып, тілдік қорымызды байыта отырып, қабылданған ақпаратқа талдау жасап, өз пікірімізді білдіреміз.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда тыңдау әрекеті (аудиомәтіндер арқылы оқыту, бейнематериалдарды көрсету) арқылы оқыту белгілі бір жүйеге түсіп келеді. Сондықтан тыңдап үйрету жаттығуларын қазақ тілі сабағында жиі қолданған тиімді болмақ. Олар техникалық құралдарды ұтымды пайдалану арқылы іске асады. Тілдік қатысымның экрандық, аудио, визуальдық құралдары адам танымын жақсы әсер ететіні дәлелденіп отыр. Дыбыстық сезім арқылы, көру сезімі арқылы, тыңдау арқылы қабылдау мәселесіне қазіргі зерттеушілер үлкен мән беріп отыр. Мысалы: бейнежазбадан немесе фильмнен алынған үзіндіден алған әсерін немесе ойға түйгенін жазу; жаңалықтар сайтынан тыңдаған материалымен жұмыс істеу, т.с.с. тапсырмалар оқушының ойды тиянақты етіп, байланыстырып жазуына мүмкіндік ашады.

Тыңдалым арқылы тілдің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымы үйретіледі. Сондай-ақ, тыңдалым оқу мен жазуды меңгеруді жеңілдетеді. Тыңдалым оқушыларды айтылып жатқан сөзді назар сала тыңдауға үйретеді. Тыңдалыммен бірге, балада есте сақтау қабілеті дамиды. Тыңдалым сөйлеушілердің шынайы сөзін естуге мүмкіндік береді. Тыңдау арқылы түсінуге берілетін аудиомәтіннің тақырыбын таңдау өте маңызды. Әдетте ол материал оқушылардың қызығушылықтары мен жас ерекшеліктеріне сай таңдалады.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда оқушылардың тыңдап-түсіну қабілетін қалыптастыру – оқытудағы өзекті мәселелердің бірі. Орыс мектептерінде үйретілетін қазақ тілі сабағында Н.В. Елухина тілді оқытып үйретудің алғашқы сатысында тыңдайтын мәтіннің ұзақтығы 1,5-2 минуттан аспауы керек деген пікір айтса, Н.Н. Пруссак оқу аудиомәтіннің ұзақтығы тілді оқытып-үйретудің бастапқы кезеңінде-ақ, 3 минуттан кем болмауы керек деген пікірді қолдайды [4, 29-31 б.]. Ең алғашында балалар сөзді түсінбес бұрын, құлақтарын сол сөзді

естуге үйретіп алулары қажет. Оған сол сөздің айтылуын үйрену үшін 2-3 минутта жеткілікті.

Тыңдалымға үйретуде жүргізілетін жұмыс түрлері.

2-4-сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасында тыңдалым әрекетін дамытуға ықпал ететін төмендегідей тапсырма үлгілері берілген:

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стильдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру, т.б. [5, 7 б.].

Мысалы: 2-сынып қазақ тілі оқулығында берілген 37-жаттығуда Бердібек Соқпақбаевтың әңгімесін тыңдау қажет. Бұл тапсырмада мұғалім мәтінді фильмнің үзіндісінен оқушыларға интерактивті тақтада тыңдатады. Оқушылар мұқият тыңдап, мәтінге байланысты берілген тапсырмаларды ауызша орындайды. Сұрақтар айтылым дағдысы бойынша берілген.

1. Мәтін кім жайлы айтылған?
2. Қожа туралы тағы не білесің?
3. Мәтінге ат қой.

4. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерде қандай дыбыстар өзгеріске ұшыраған деп ойлайсың? деген сұрақтарға жауап берулері керек [6, 55 б.]. Мұнда оқушылар сұраққа жауап бере отырып, Қожаның өмірбаянымен танысады, Қожаның іс-әрекеті арқылы оған мінездеме береді, грамматикалық тапсырма бойынша өзгеріске ұшыраған дыбыстарды (дауыссыз к мен г) айтқанда, жазғанда, естігенде қалай өзгередінін түсінеді. Оқулықта бұл дыбыстың өзгерісін анықтайтын жаттығулар мен тапсырмалар түрлендіріліп берілген.

Сөйлеу әрекетінің әлеуметтік сипатына белгілі лингвист ғалымдар Бодуэн де Куртенэ, де Соссюр еңбектерінде баса назар аударылады. Америка ғалымдары Ч.Осгуд, Т.Сибсокс т.б. психолингвистикаға жаңа мағына енгізіп, ойлаудың сөзге, сөздің ойға талассыз алмасуын сөйлеудің даму процесі деп түсіндірді. Сөйлеуді игерудің шарттарын қарастыратын үйрету теориясы мен (А.Н. Хомский), бойдағы туа біткен ақпаратты қабылдау және зерделеу (когнитивтік көзқарас) теориясы (Ж.Пиаже) психолингвистиканың дамуына елеулі үлес қосты. Осы салада кеңес ғалымы профессор А.А. Леонтьевтің еңбектері де ерекше орын алды [7].

Психолог Т.Тәжібаев: Ауызша сөз бен жазбаша сөздің арасындағы үлкен айырмашылықтар бар, ол айырмашылықтар балалар тілінде айқын көрінеді,- дей келіп, бұл айырмашылықтардың себебі жазбаша сөздің өзгешелігінде, оның механикалық құрылысының күрделілігінде дегенді айтады. Сонымен қатар, жазбаша сөзде көзбен көріп, есте сақтауға көбірек септігін тигізеді. Жазып сөйлегенде логикалық байланыс күшті сақталады. Ауызша сөздің бағыты да, мазмұны да әңгімелесуші оқушылардың пікіріне байланысты өзгеріп отырады.

Айтылым кезінде актив және пассив сөздер болады. Актив сөздер күн сайын жиі қолданылатын сөздер болғандықтан деңгейлік тапсырмалардың барлық түрлерінде кездеседі. Пассив сөздер сирек пайдаланылатын, мән-мағынасын түсінгенмен күн сайын қолданылмайтын сөздер болғандықтан, ол шығармашылық деңгей тапсырмаларында ғана кездеседі. Мәселен, ғылыми-техникалық атаулар, лингвистикалық, фонетикалық т.б. атаулар. Сөйлеудің ерекше бір түрі – жазбаша сөз. Бұл арнаулы әдістер арқылы мектеп қабырғасына келгеннен кейін меңгеріледі.

Айтылымға үйретудегі мәтіндердің қызметі.

Ауызекі сөйлеу тіліне үйретуде, өтілген грамматикалық жадығаттарды, сөздік жұмысын қолдануда сөйлеудің диалогті, монологті жұмыс түрлері жүргізіліп отырғаны тиімді. Оқытудың алғашқы кезеңінен бастап жоспарлы түрде, мағыналық жағынан тұтас монологті сөйлеуге үйрету жұмыстары

жүргізіледі. Бастапқы кезде оқушылар мына тақырыптарда сөйлей білуге үйретіледі: өзі туралы мәлімет беру (аты-жөні, тұрағы, оқитын орны); отбасы, олардың қызмет жайы; достары, өзі тұратын ауылы (қаласы), үйі жөнінде сипаттай білу. Сұрақтар қоя білу, қойылған сұрақтарға жауап беруі, біреуді әңгімеге тарта білуі, айтылған ойға келісуі (не келіспеуі), бір нәрсені қалауы (не қаламауы); амандасу, қоштасу; құттықтай білу (туған күнмен, жаңа жылмен); өтініш жасай білуі, алғыс айта білуі. Бұл айтылған жайттар жөнінде оқушылар диалогті түрде сөйлей білуге дағдыланады. Оқушылар тілдік дағдыларды жақсы меңгерген жағдайда диалогтің кез келген түрінде: оқу-тұрмыстық, өлкетанушылық, қоғамдық-саяси, ғылыми тақырыптардың қайсысында болмасын сұрақ қоя білу, жауап беру, пікір алмасу, әңгімелесу дәрежесіне жетеді [4, 8 б.].

2-4-сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасында айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін төмендегідей тапсырма үлгілері берілген:

- мәтін бойынша жоспар құру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;
- мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;
- мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;
- жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру;
- жұпта ым-ишараны пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «Бағытталған оқу» және «Бағытталған жазу»);
- берілген тақырып бойынша диалог құрастыру [5, 6-7 б.].

Мысалы: оқулықтағы 61-жаттығуда «Кім немен ойнайды?» өлеңін кезек-кезек түсініп оқып, әрбір оқушы өз түсінгені бойынша айтып берулері керек. Жаттығу оқылым, айтылым дағдысын жетілдіруге арналған. Сұрақтарға ауызша жауап беріп, өз ойын қосып айтады. Бұл жерде ойлауға да тапсырма берілген. Мұғалім оқушылардан тақырыпқа сай басқа сұрақтар қойып, пікір алмастыра алады.

- Өлең не туралы?
- Өлеңде қандай мамандық иелері туралы айтылған? Тағы қандай мамандықтарды білесің?
- Өзіңді келешекте кім болам деп елестетесің?
- Өлеңдегі қарамен жазылған сөздерге назар аударып, *н* және *ң* дыбыстарын өзара салыстыру керек [6, 63-64 б.]. Оқушылар қай сөзде *ң*, қай сөзде *н* әріпі болатынын ажыратып, айыра алуы қажет. Қосымша сөздерді беріп, түсіп қалған *н* немесе *ң* әріптерін тауып қоюға тапсырмалар беруге болады. Осындай жаттығуларды оқушылар орындаған кезде айтылым, оқылым әрекеттері, яғни өз ойларын ашық айтуға, еркін сөйлеуге, тіл байлығын дамытуға, мүдірмей оқуға үйренеді.

Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының да тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары ойнақы, жеңіл тілмен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды.

Оқылым дағдысын қалыптастыру бастауыштан басталады. Осы кезеңде баланың дұрыс оқуы, әрі жылдам, мазмұнды түсіне оқи білуі үлкен еңбектің жемісі. Сондықтан жылдам оқу – оқушы үлгерімінің негізгі факторы. Оқу жылдамдығы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де ақыл-ой еңбегіне ынталығы

да арта түседі. Тиімді шапшаңдықта оқытуға қол жеткізудің тиімді тәсілдері В.Н. Зайцевтің «Резервы обучения чтению» жұмысында көрсетілген.

Оқу қабілеті төмен оқушыға дұрыс, саналы және шапшаң оқу дағдысын дамытуға уақытында көмектесу үшін оны жүйелі түрде есепке алу қажет. Сынып оқушысының тұлғасы дамуының ерекшелігін оның оқудағы жетістігі, оқу-әрекетінің компоненттерін меңгеруі, жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларының қалыптасу деңгейі анықтайды [4, 7 б.].

Әдіскер тілшілер /Е.И. Пассов, С.К. Фоломкина/ оқуға үйрету дегеннің өзі оқылымға тән барлық қасиеттерді жете білу, жан-жақты меңгеру деген сөз, сондықтан оқуды жіктеп, ажыратып түрлерге бөлу тиімді емес, қазіргі өлшемдер бойынша оны ана түр, мына түр десек, әркім оның елеусіз ерекшелігіне қарап жіктей береді деген пікір білдіреді. Олар белгілі бір тілде оқудың бір ғана түрі болуға тиіс екендігін дәлелдейді.

Оқылым әрекетіне дағдыландыруға мәтіндердің қажеттілігі.

Мәтіндерді оқуға үйрету 1-сыныптан бастап қазақ тіліне тән дыбыстарды және олардың таңбалық әріптерін таныстырудан басталады. Алғашқы кезде оқушылар аталған дыбыстарды сөз ішінде дұрыс айтуға, олардың таңбаларын танып, жазуға үйренеді. Кейін жеңіл, қысқа мәтіндерді оқуға көшеді. Сөйлем ішіндегі сөздерді орфографиялық нормамен айтуға жаттықтыру үшін арнайы өлеңдер, мақалдар, жұмбақтар жаттатып, оқыту қажет. Алдымен, бір буынды сөздерді оқудан бастаған оқушы бірте-бірте дұрыс оқуға, жылдам және мәнерлеп оқуға төселеді. Кейін оқығанын мазмұндап айтып беруге дағдыланады. Сондықтан қазақ тілінің әр сабағында мәтін, жаттығу, өлең, жұмбақ, т.б. жадығаттарды өткенде мұғалім оқушылардың оқуға қойылатын талаптарды мүлтіксіз орындауды талап етіп отырады.

Оқушылардың оқу дағдыларын бекіту мақсатында: мұғалімнің соңынан шағын мәтіндерді хормен және жеке оқу; оқушылардың бір-біріне қаратып оқуы; бір оқушының оқуда жіберген қатесін екіншісіне тапқызу; мәтіндерді мағыналық бөлімдерге бөліп оқу; мәтіндегі үйретілуге тиісті грамматикалық жадығаттарға байланысты сөздерді, сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп оқу жұмыстарын жүйелі жүргізу нәтижесінде оқушылар мәтіндерді іштей оқу арқылы түсінетін дәрежеге жетеді.

Мәтінді оқу кезінде оқушы сөздердің қалай оқылатынына да жаттығады, яғни қазақ тілінде орфоэпияға нормаға сай сөйлеуге дағдыланады. Сөздер оқылуы, айтылуы арқылы оқушының санасында бекіп, бірте-бірте сөйлеу тілінде тұрақтана бастайды [4, 9б.].

2-4-сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау;
- әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау);
- интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау) [5, 7 б.].

Мысалы: Оқушылар оқулықтағы 46-жаттығуда берілген Бауыржан Момышұлының әңгімесін мәнерлеп оқып, мәтін астындағы сұрақтарға жауап берулері керек. Бұл жаттығуда ізденуге тапсырма берілген. Оқушы дереккөзден тапсырмасын іздеп, өз бетімен мағлұмат жинауға дағдыланады. Сұрақтар айтылым дағдысына берілген.

- Мәтін не туралы?
- Мәтін неше бөліктен тұрады?
- Бауыржанның әкесі қандай адам болған?
- Бауыржан Момышұлының өмірбаяны туралы энциклопедиядан біліп ал.
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің айтылуы мен жазылуын

салыстыру тапсырмаларын орындау қажет [6, 59 б.]. Сөздердің мағынасын ажыратуға мән берілген. Әр сөздің мағынасын ашып, мысалымен түсіндіріп өтулері керек. Бұндай тапсырмаларды орындағанда оқушылар мәнерлеп оқуға, мүдірмей, қатесіз, түсініп оқуға, ізденуге дағдыланады.

Жазылым оқушының мектепке келген күнімен, жазуымен басталады. Сауатты, әрі әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор.

Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Бір қарағанда алфавиттегі санаулы дыбыс таңбаларын әдемі және жылдам жазуға балаларды үйрету онша көп қиындық келтірмейтін сияқты. Шын мәнінде, бұл дағдыларды оқушылар бойында қалыптастыру барысында мектептің алдында көптеген қиындықтар кездеседі. Жазба жұмыстарын көптеп орындатуға қарамастан, кейбір оқушылар дыбыс таңбаларын, олардың бір-бірімен байланысу жолдарын жазу кезінде қолдана білмейді. Дыбыс таңбаларын көркем әрі айқын жазуға дағдыланса да, жылдам жазуға әдеттенбегендіктен, айтылған ойға ілесе алмайды әрі жазу сауаттылығы мен анықтығы төмендейді. Ғалымдардың қалыптасқан пікірі бойынша, жазылым үш бөліктен құралуы тиіс. Олар: себеп-салдарлық, аналитикалық-синтетикалық, орындалымдық.

Жазылым әрекетін қалыптастырудағы мәтіндермен жүргізілетін жұмыс түрлері.

Оқушылар ауызекі сөйлеу тілімен қатар жазба тілі де меңгеруі керек. Себебі: ойды жазбаша жеткізу ауызшаға қарағанда логикалық жүйелілікпен құрылады; жазба хабарламаларда алғашқы сөйлемді соңғысы толықтырып отырады; жазба тілде керекті сөзді таңдай білу, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана білудің маңызы зор.

Оқушыны жазуға үйрету сөйлеуге, оқи білуге үйретумен қатар жүргізіледі. Өйткені, жазу тілін меңгермейінше сол тілде дұрыс сөйлей білу, үйренгендерін есте сақтау мүмкін емес.

Жазу дағдысының бастамасы қазақ тіліне тән әріптің әрбір бөлігін (таяқша, дөңгелек, қосу сызықтары) сызып, жүргізу арқылы жаттықтырылады. Бастауыш сыныптарда жазуға үйретуде әуелі механикалық көшіру (тақтадан, оқулықтан) жүзеге асырылады. Кейін тақырыпқа қатысты сөздерді теріп көшіру, қалдырылған сөздерді теріп көшіру жаттығулары орындалады. Көшіргендерін түпнұсқамен салыстырып, қатесін түзетеді [4, 9-10 б.].

2-4 сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасында жазылым дағдысына берілетін тапсырмалар үлгілері:

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;
- сөздердің орфографиясын меңгеруге арналған тапсырмалар;
- газет-журналдарға шағын хабарлама/мақала жазу;
- белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау;
- әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;
- тілдік тақырыптар аясында шығармашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма, сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары) құрастыру;
- ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру;
- жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестерінен сөздік құрастыру;

- сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау [5, 7 б.].

Мысалы: оқулықта берілген 42-жаттығуда көп нүктенің орнына *қ, з* әріптерінің тиістісін қойып, өлеңді көшіріп жазып, *к, з* дыбыстары туралы білетінін еске түсіру керек. Өлеңде *серік* сөзі қандай өзгеріске ұшырағанын айтулары керек [6, 58 б.]. Тек осы әріптерді ғана емес, тағы да басқа өзгеріске ұшырайтын әріптерді де ажыратуға байланысты тапсырмалар беріледі. Жазылым дағдысына арналған жаттығулар оқушылардың дұрыс, әрі қатесіз, көркем жазуына дағдыландырады. Көбінесе осындай әріптерден оқушылар шатасып жатады, сондықтан өзгеріске ұшырайтын әріптермен көбірек жұмыстанса, оқушыларымыз сауатты жазуға үйренеді.

Мұғалім оқулықтағы жаттығулармен шектеліп қалмай, балалардың коммуникативтік дағдыларын әрі қарай дамыту үшін қосымша тапсырмалар да берген жөн. Адамның күнделікті өмірі қарым-қатынас жасаудан тұратын белгілі. Оқушылардың сөздік қорының мол болуы, сауатты жаза алуы, тыңдағанын жеткізе білуі, қатесіз, мәнерлеп оқуы болашақта адамдармен қарым-қатынас жасағанда, қоғамдық орталарда үлкен септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. *Қазақ тілі. Энциклопедия.* – Алматы, 1998. – 509 б.
2. Қанаева А.Т. *Спиральді білім беру бағдарламасы // Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме.* – 2016. – №10. – Б. 6-7.
3. *Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.* – Нұр-Сұлтан, 2019. – 150 б.
4. *Жантану атауларының түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 380 б.
5. *Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.* – Алматы, 2016. – 34 б.
6. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. *Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім.* – Алматы: Атамұра, 2017. – 126 б.
7. Шахаева А.А. *«Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын дамыту» // Бастауыш сынып.* – 2016. – №6(74). – Б. 4-6.

Хасанова И.У., Биржан Н.С.

ЗАДАЧИ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА РЕЧИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

В статье рассматриваются способы, с помощью которых ученики начальной школы могут развивать свои речевые навыки. У каждого навыка есть свои задачи. Решение этой задачи будет способствовать развитию коммуникативных навыков учеников.

Ключевые слова: язык речи, коммуникативные навыки, аудирование, говорение, писание, чтение, спиральный принцип, метод прокрутки, обновленный учебный план, общение, языковое задание.

Khassanova I.U., Birzhan N.S.

TASKS FOR IMPROVING THE SPEECH SKILLS OF PRIMARY SCHOOL PUPILS

The article discusses ways in which elementary school pupils can develop their speech skills. Each skill has its own tasks. This task will develop pupils' communication skills.

Keywords: language of speech, communication skills, listening, speaking, writing, reading, spiral principle, scrolling method, updated curriculum, communication, language task.

ӘОЖ 371.64

Габдрахманова Ш.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

E-mail: appercia81@mail.ru

Касымова А.Х. – педагогика ғылымдарының
кандидаты,

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-
техникалық
университетінің доценті

E-mail: Kasimova_ah@mail.ru

Сағызова Г.Г. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ
магистранты

E-mail: gulnur_20_88@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Аңдатпа. Мақала ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру үрдісіне (сабақ беру барысына) ықпалын және қашықтықтан оқытуды басқару жүйесін талқылайды. Мақала қашықтықтан оқытуды басқару жүйесін көрсету үшін оны нақты оқыту платформа незінде түсіндіреді. Ол Moodle платформасы.

Авторлар мақалада білім беру барысында қашықтықтан оқытудың қажеттілігін, әрі оны жүзеге асыру үшін технологияларды пайдалануда туындайтын қиындықтарды көрсетеді. Оқытушыларға (мұғалімдерге) технологияны меңгеруде жаңа, қосымша дағдыларды игеру үшін уақыт пен күш керек.

Тұтастай алғанда, заманауи технологияларды білім беру процесіне қолдану кадрларды даярлау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технология, қашықтықтан оқыту, оқытуды басқару жүйесі, Moodle платформасы.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияның (АКТ) қоғамның барлық саласында қолданысқа енуі – қоғам өмірінде орын алған өзгерістерге себеп болды. Соның ішінде, білім беру саласына ақпараттық-коммуникациялық технологияның ықпалы соңғы он жылда қарқынды өскенін кез келген оқытушы сезінеді. Бұл «ықпалды» бір жағынан педагогика саласына жаңа «мүмкіндік» деп қарасақ, екінші жағынан оның «қиындықтар» туғызатыны да сөзсіз.

Ақпараттық – коммуникациялық технология білім беру саласы аясын кеңіткені рас. Олған дәлел білім беру саласын қашықтықтан оқыту мүмкіндігіне қол жеткізді. Егер жиырмасыншы ғасыр – өндірістің «қайнаған» кезі, білім беру күндізгі және сырттай оқыту форматтары арқылы жүзеге асырылып, сырттай бөлімде оқитындар азаматтар жұмыс орнынан арнайы рұқсат алып, институт, университет – оқу орындарына келіп оқитын болса, енді өндірістен қол үзілмей қашықтықтан оқыту (ҚО) мүмкіндігі бар. Оның нәтижесінде өндіріс пен оқу процесі қатар жүреді. Қашықтықтан оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың бір формасы. Оқытудың бұл формасы – білім беру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерді түрлендіруді, оқушының талабына қарай бейімделуді, көптеген «құралдарды» қолдануды талап етеді [1, 15-16 б.]. Бұл «құралдар» толығырақ мақала барысында сипатталады.

Қашықтықтан оқыту - бұл күндізгі, сырттай және экстернат оқудың жаңа формасы. Ол дербес білім беру жүйесі болып саналады. Адамды оқыту мен

тәрбиелеуде қандай оқу түрі қолданылса, ол педагогика, педагогикалық психология, дидактика және жеке әдістердің жалпы заңдылықтарымен байланыста көрсетілуі керек.

Қашықтықтан оқыту - қашықтықтан сабақ беру мен тапсырмаларды орындауды қамтиды. Оқу процесінде мұғалім мен оқушы және оны қарым-қатынасты басқару әкімшілігі қатысады [2, 110, 117 б.]. Қашықтан оқыту формасын анықтайтын негізгі факторлар:

- 1) оқу материалдары оқушыға (студентке) қашықтықтан қол жетімді;
- 2) оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы нақты құралдар арқылы жүзеге асады, айталық, оқу платформасы Moodle;
- 3) студенттер арасында өзара, курстың әкімшілігі мен студенттер арасында өзара қарым-қатынас;
- 4) студенттер өз үлгерімдерін өздері бақылай алады және тағы басқалар.

Біздің елімізде 2005 жылдан басында көптеген жоғары оқу орындарында (ЖОО) қашықтықтан оқыту бөлімдері ашылды [3]. Одан бергі уақытта қашықтықтан оқыту форматының өзіне көптеген өзгерістер енгізілуде. Егер осыдан 10 шақты жыл бұрынғы қашықтықтан оқыту форматын бүгінгі мүмкіндіктермен салыстырсақ, онда көптеген алға жылжуды байқауға болады. Яғни, түрлі инновациялық технологиялар педагогика саласына шексіз жаңалықтар енгізуде. Бұл дегеніміз сөзсіз «Білім Экономикасының» белгісі. Бір сөзбен айтқанда білімге негізделген экономика – технологиялар арқылы жүзеге аспақ.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін оқытушы тер төгеді: видео материал әзірлейді, тақырыпқа сәйкес видео болған жағдайда, интернеттен алып, оны жөндеу керек, аудиозапись жасау, глоссарий әзірлеу, әр тақырыпты бекіту үшін тест, немесе куиз, немесе сауалнама, ашық сұрақ әзірлеу, талқылауға сұрақтар дайындап, оны онлайн форум арқылы өткізу, студенттердің белсенділігін бақылау, бағалау және тағы басқа толып жатқан жұмыстар. Ал осы аталған жұмыстарды бірізділікке салу үшін оны басқару қажет. Оған қоса, студенттермен кері байланысты да ұйымдастыру керек. Біз сөзбен айтқанда, қашықтықтан оқыту процесін басқару. Сонымен, қашықтықтан оқытудағы *басты* мәселенің бірі – оқытуды басқару жүйесі. Бүкіл әлемде бұл түсінікті *Learning Management System (LMS)* деп атайды.

Біз осы мақалада ақпараттық – технологиялардың педагогика саласындағы рөлі мен маңызын негіздеу үшін - оқытуды басқару жүйесіне зерттеу жүргізіп, талдауды ұсынамыз.

Сонымен, мақаланың мақсаты – педагогика саласында заманауи технологияларды қолдану үшін оны *басқару жүйесін* зерттеу болып табылады. Біз желілік технология, яғни интернет арқылы басқарылатын жүйені талдамақпыз.

Біріншіден, қоғамда қазірге дейін өзге тілдің функционалдық ықпалы аса жоғары. Білімдік-танымдық индексі әр деңгейдегі, жас мөлшері мен коммуникативтік ортасы әр басқа қоғам мүшелерінің көпшілігінің когнитивті санасында қандайдабір ұғымды, құбылысты, бұйымды атаудың өзге тілдік баламасы орныққан, сондықтан коммуникативтік актіге араласқан жағдайда когнитивтік санадан бекем орын алған лексема қолданысқа түсуге басымдық танытады.

Екіншіден, жаңа сөздерді коммуникативтік актінің белсенді, актуалды құралына айналдыру үшін жаңа қолданыстарды тану, оларды ажырату мәселесі маңызды болып табылады.

Жаңа қолданыстарды өзге лексикалық единицалардан (жаңа еместерден) ажырату үшін екі түрлі критерий-меженің маңызды рөлі бар, оның бірі жаңа қолданыстың пайда болған мерзімін анықтау, екіншісі қолданылған өрісін белгілеу.

1. *Мерзімнің мәні.* Әдетте тіл айналымында пайда болған жаңа қолданыстар интуитивті түрде танылады. Бірқатар ғалымдар лексикографиялық еңбектерге – нормативті, түсіндірме, екітілді, терминологиялық сөздіктерге енгізілмеген сөздерді жаңа деп бағалау керек дегенді де айтады. Соңғы меже қазақ тіліндегі жаңа қолданыстарды тану үшін қолайсыз, біріншіден, қазақ тіліндегі барша сөздік байлығы хатқа түсірілмегендігін, жарық көрген сөздіктерде жалпыхалықтық сөздердің, архаизмдер мен тарихи сөздердің, ауызекі сөйлеу тілі элементтерінің толық қамтылмағандығын ескеруіміз қажет. Екіншіден, қазақ тілі бойынша жарық көрген сөздіктердің өзінде де белгілі бір кезеңде пайда болған бір алуан лексикалық единицалар мен сөз орамдары енгізілмеген. Мәселен, Ілияс Жансүгіров стильдік мақсат үшін және халық ұғымына түсініксіз ұғымдарды айқындап беру мақсатында *жүктартар (автомобиль), ұшаяқ (мотоцикл), темір табан (рельс)* типтес сөздерді жасаған, ал бұлар қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігінде», қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде қамтылмаған.

1. Орыс тіл білімінде лексикалық жаңалықтарды даралау үшін бірнеше межелер ұсынылады, солардың ішінде зерттеушілердің негізгі тірек ететіні – жаңа сөздердің пайда болған мерзімі. Бұл белгі-меже аса маңызды, өйткені ол сөзтізбе жасау, картотека қорын түзу жұмысымен тығыз байланысты. Н.З. Котелова өзге де параметр-критерийлермен қатар мерзімді белгілеудің қажеттілігін айрықша атап кетеді және бұны ең негізгі, басты белгі деп есептейді [1, 14 б.]. Е.В. Розеннің пікірі де осыған саяды: ол «жаңа» екендігі белгісі (показатель «новизна»), коллективтің жаңалықты сезінуі (показатель «языковое сознание») іспеттес көрсеткіштердің ішінен «мерзім» көрсеткішін бөліп алады [2, 116 б.]. Өзге ғылыми еңбектерде де жаңа қолданыстардың «дүниеге келген» сәтін белгілеу айрықша аталады [3].

2. Тіл дамуының әрбір кезеңінің өзінде (қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу кезеңдері бірнеше дәуірлерге бөлініп қарастырылатыны мәлім) сөздік құрамның, грамматикалық жүйенің ерекше даму сапаларын таныта алатын

«шешуші-түйінді» сәттер болып отырады, бұндай түйінде сәттерде (жылдарда), кезеңнің бір бөлшегінде дамудың «шырқау шегі», ең негізгі мәселелері айқын көрінеді. Тіл табиғатындағы мұндай шешуші-түйінді сәттер халық тарихымен, халық өмір сүріп отырған қоғамдық формациямен тығыз байланысты. Қазан төңкерісінен кейінгі соңғы жылдар қазақ әдеби тілінің дамуындағы дара кезең ретінде жеке аталады, ал осы тұтас кезең ішінде дамудың бүкіл тынысын, сипатын, басты ерекшеліктерін көрсете алатын шешуші-түйінді сәттер жоқ емес. Әсіресе ғалымдар 1920-1930 жылдардағы тіл дамуының жағдайына ерекше тоқталып, осы мерзімді функционалдық стильдердің пайда болуы, қалыптаса бастауы, сөздік құрамның баюы мәселелеріндегі маңызды онжылдықтар деп бағалайды [4, 3 б.; 5, 25 б.; 6, 4 б.]. Шынында да аталған онжылдықтарда халық өмірінің жаңа сапаға, тың мазмұнды қоғамға бет бұруына орай сөздік құрам әр алуан жаңа сөздермен, соны тіркестермен толықты, жаңа стильдік тармақтар пайда болды. Ғалымдардың көрсетуі бойынша, «қазіргі кезде қолданылып жүрген неологизмдер мен қазақ терминологиясының негізі осы 1920-30 жылдары салынған» [6]. Бұл кезеңде төл тілдің өз мүмкіншіліктері арқылы терминдерді қалыптастырудың, жасаудың алғашқы нысаны көрінді.

1920-130 жылдарда қазақ тілінің өз заңдылықтары бойынша жаңа сөздер жасауға бірнеше жайт арқау болды. Оның бірі –қоғам өзгерісіне байланысты күрес-мақсаттардың, идеал-мұраттардың, көзқарастардың және тұрмыс-тіршілікке енген заттар мен құрал-жабдықтардың атауларын халық ұғымына түсіндіріп беру, нақтылап, айқындап жеткізу; бұл позитивті, оң нысана көздеген бағыт болды. Сонымен қатар, екіншіден, ішінара жағдайда қазақ тілін өзге тілдің әсер-ықпалынан қорғаштау, орыс тілі арқылы еніп, сіңісіп жатқан халықаралық терминдердің өзін қалайда қазақшаға аударуға әрекеттенген пуризм қылаң берді. Осы ретте Сәкен Сейфуллиннің Қазақстан жазушыларының I съезінде сөйлеген сөзін келтіруге болады, ол: «...Мен осындай сөздер туралы мақала жазып, «центральный» деген сөзді лайық көрмей, «орталық» деп алайық дедім, басшы, басы деген сөздерді төраға деп алайық дедім. Біраздан соң осы сөздер жұртқа сіңіп кетті», - деген еді [7].

С.Исаев 1965 жылғы баспасөз үлгілерінен *хабарламашы, төреші, шабуылышы, қақпашы, спортшы* сияқты сөздерді мысалға келтіреді [5]. Әрине, сөз тудырудың өзге амал-тәсілдері де бой көрсетіп отырғандығы байқалады, айталық, *дақыл (культура), атыз (полоска земли), собық (початок)* сияқты жаңа сөздер – жергілікті тіл элементтерінің мағыналық кеңеюі арқылы, ал *жаратылыстану* термині 1960 жылдары жасалған [8, 152 б.], алайда бұл тәсілдер калька амалына қарағанда соншалықты активті емес.

1980 жылдарға дейінгі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстарды тануда *мерзімнің мәні* айрықша деп есептейміз. Бұның екі жағы бар, оның бірі – қоғамдық құрылыстағы өзгерістердің тіл дамуына әсер етуі, екіншісі – тілдің өз эволюциясындағы қозғалыстар. Соңғы 10-15 жыл, әсіресе кейінгі 4-5 жыл – қазақ әдеби тілі үшін айрықша кезең. Бұл жылдарды тіл дамуындағы шешуші-түйінді сәттердің бірі деп айтуға әбден болады. Өйткені соңғы мерзімдерде халық өміріне, тарихына, кешегісі мен ертеңгі күніне жаңа тұрғыдан қарау, жаңа сападан баға беру проблемасы алға шығып отыр. Қазақ жазуын, әліпбиін жетілдіру, оны жақсарту, кейбір жағдаяттарды жаңғырту, жаңарту мәселелерімен қатар, соңғы онжылдықта материалдық дүниенің (заттар мен ұғымдардың) атауларын беру үшін айқын тенденция көзге түсе бастады, ол – калька жолынан арылып, төл тілдің өз потенциалдық мүмкіндіктері арқылы терминдерді, номинатив атауларды жасау, орнықтыру.

Мерзім арқылы соңғы кезеңдерде пайда болған жаңа қолданыстардың жасалған өрісін (стильдік тармақтарды), таралу шегін (қандай стильдерге тән

екендігін), терминдік жүйеге қарым-қатысын, сондай-ақ кейбір тұстарда жаңа қолданыстарды алғаш ұсынған авторларды көрсетудің мүмкіндігі де туады. Бұл да – жаңа қолданыстар зерттелуіндегі қажетті жұмыстардың бірі. Мәселен, жиналған материалдарға сүйене отырып, *сындарлылық (конструктивность)*, *салауаттылық (трезвость)*, *жеделдету (ускорение)*, *айдар (рубрика)* тәрізді сөздердің 1985 жылы баспасөз тілінде көрінгенін, *егеменді, ақпарат, бағдарлама, мақсатнама, тұғырнама, кешен* сөздерінің 1990 жылы дүниеге келгенін атап өтуге болады. Ал *өркеніет (цивилизация)*; ұсынған – жазушы С.Шәймерденов), *дәйексөз* (алғаш қолданған – Ө.Жәнібеков); *әуежай (аэропорт)*; баспасөз тіліне енгізген – Ф.Оңғарсынова), *ұшақ (самолет)*; журналист Қайнар Олжайдың қаламынан туған), *мұражай* (Ш.Уәлихановтың *музей* терминінің орнына ұсынған эквиваленті) тәрізді сөздердің авторларын да нақты атауға мүмкіндік бар. Мерзімді белгілеу арқылы жаңа қолданыстарды нормалауға да жеңілдік жасалады. Көрсетілген кезеңде пайда болған *салауаттылық (салауаттылық өмір салты)* аталымын 2015 жылдан бастап *саламаттылық (саламаттылық өмір салты)* қолданысы алмастырып, жазба коммуникацияда, прецедентті мәтіндерде, жарнамалық мәтіндерде актуалды қолданысқа түсті; осылайша екшеудің, қалыптандырудың бір себебі *салауаттылық* лексемасының түпкі семалық ерекшелігінде (діни ұғымға қатысты) жатыр.

2. *Тілдік кеңістіктік мәні.* Белгілі бір тенденция, бағыт-бағдар ыңғайында көрініп отырған жаңа қолданыстар жасау құбылысының жасалу өрісін, таралу шегін де анықтаудың қажеттігі бар.

3. *Қазіргі кезең* – қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдері мейлінше дараланған, әрқайсысы өз стильдік-тілдік белгілерімен қалыптасқан дәуір. Тіл стильдерінің тіл дамуындағы қызметі де қомақты. Тілдің диахронды-синхронды жай-күйі қарастырылатын еңбектерге баспасөз тілінің негіз болуы кездейсоқтық емес. Қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің қатарында публицистикалық стиль (газет-журналдар стилі) қазіргі таңда тіл дамуындағы ең мәнді, маңызды мәселелерге қатысы, тіл эволюциясындағы басты ерекшеліктерді қамтуы жағынан, тіл жүйесіне тән жаңа сапаларды, соны белгілерді, жүйелі ерекшеліктерді танытуы тұрғысынан доминант (жетекші) салаға айналып отыр. Қазақ тіл білімі бойынша зерттеулерде де ой-түйіндер осындай тұжырымдармен ұштасып жатыр. Ғалым Р.Сыздықова бұл жөнінде былай деп жазады: «... ғылыми-техникалық, шаруашылық, экономикалық, мәдени салалардың терминологиясын жасап, қалыптастыруда, кейбір морфологиялық дублет тұлғалардың бір вариантын әдеби деп ұсынуда және тағы басқа тұстарда баспасөз тілі жетекшілік рөл атқарған болатын» [9, 6 б.]. Сондай-ақ зерттеуші С.Исаев әдеби тілімізден берік орын алып, белгілі қажеттілікті өтеп жүрген тілдік құбылыстардың көбі-ақ әуел баста мерзімді баспасөз тілінде қолданыла бастап, кейін қалыптасып, нормаланып барып, әдеби тілге енгендігін; морфологиялық-синтаксистік жүйедегі өзгерістерді атамағанның өзінде, әр алуан жаңа сөздер мен тың конструкциялардың әдеби тілге «мерзімді баспасөз тілі келген жаңалықтар екендігін» атап өтеді [5, 9 б.].

Баспасөз тілі өзінің стильдік қызметі мен өзіне қажеті стильдік ресурстары үшін әдеби тілдің өзге тармақтарының лексикалық құрамы мен стильдік белгілерін кеңінен пайдаланады. Бұл тармақта стильдік байлаулы единицалармен бірге жалпыхалықтық тіл үлгілері, жергілікті тіл ерекшеліктеріне тән элементтер, архаизмдер мен тарихи сөздер, тұрақты тіркестер мейлінше кең ауқымда көрінеді. Бұл жағдай баспасөз тілін тіл мәдениетіне, терминологияға, әдеби нормаға, орфография мәселелеріне қатысты проблемаларда ұсынушы, реттеуші, нормалаушы сала деп тануға мүмкіндік береді, баспасөз тілі нақ осы мәселелерде өзге функционалдық стильдердің, әдеби тілдің ауызша түрінің (радио-,

телехабарлар тілінің, шешендік сөздердің және т.б.) қалыптасуына «бас-көз» болып, оларға ықпал жасап отырады. Демек, қазіргі баспасөз тілі жаңа қолданыстарды ұсыну мен қалыптандыруда, ең бастысы белсенді коммуникативтік актіге қосуда доминант рөл атқарады.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты жаңа сөздерді ұсыну мен қалыптандыруда заңнамалық құжаттар мен ғылыми, оқу-ағарту әдебиетінің де үлесі артты. Соңғы онжылдықтарда баспасөз тілімен қатар функционалдық стильдердің осы тармақтарында *зайырлы* (светский), *жаһандану*, *ықтиярхат* (вид на жительство), *ғаламтор*, *алғытөлем* (аванс), *жәрдемқаражат* (субсидия), *демеуқаржы* (дотация), *мөлшерлеме* (ставка), *үлескер* (дольщик) *үлестеме* (квота), *кепілпұл* (задаток), *өтінім* (заявка), *ұйғарынды* (клаузула), *жиынтықтама* (комплектация), *үлеспұл* (пай), *өсімақы* (пеня), *бейінді* (профильный), *кепілгерлік* (поручительство), *бағалық* (прейскурант), *мәулеттік мерзім* (рассрочка), *ұсыным* (рекомендация), *кәдесый* (сувенир), *кеппешөп* (гербарий), *жасуша* (клетка), *төсбелгі* (нагрудной знак), *үлеспайда* (дивиденд), *дәрумен* (витамин), *жасунық* (клетчатка), *дернәсіл* (личинка), *тосынсый* (сюрприз), *зияткерлік* (интеллектуальность), *тамиуыр* (пипетка), *тінтуір* (компьютер термині), *пернетақта* (компьютер термині), *емдәм* (диета), *топсеруен* (экскурсия), *тәлімбақ* (плантация) тәрізді саналуан жаңа қолданыстар пайда болды, олар ресми құжаттар мен оқу-ағарту құралдары арқылы бірте-бірте «көзтаным» бола бастады, бірқатары қазірге дейін жарық көрген нормативті сөздіктерге енгізілген.

Жаңа қолданыстарды нормаландыру межелері. Әдеби тілдің сөздік құрамына қосылып жатқан жаңа қолданыстар – норма және тіл мәдениеті мәселелеріне тікелей қатысы бар құбылыс. Осы ретте айта кету керек, қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, синтаксистік нормалары және олардың принциптері – қазақ тіл біліміндегі енді-енді зерттеле бастаған жас ғылым салаларының бірі. Сондықтан біз тікелей норма мәселелеріне және оның аясына енетін сала-тармақтарға, норманың анықтамасына, норма ұғымына қатысты тұжырым-пікірлерге саналы түрде тоқталмай, зерттеліп отырған проблема бойынша бірнеше жағдаяттарға ғана назар аудармақшымыз.

Зерттеушілер қолданыс жиілігі жоғары, сондай-ақ түсіндірме, емлесілік сөздіктерге енгізілген жаңа қолданыстарды нормаланған деп тануды ұсынады [1], сонымен қатар ең қарапайым межелердің бірі – дұрыс / дұрыс емес дегенді де басшылыққа алу керек деген түйіндер де бар [10].

Лексика саласындағы жаңа қолданыстардың нормалануы процесін уақыт билігіне беру, уақыт екшеуіне салу – ең жеңіл амалдардың бірі. Бұндай жолды ұстану, қазіргі кезде, қазақ әдеби тіліндегі терминдерді сапалық жағынан қайта қарау, төл тілдің ресурстары арқылы жаңа атаулар жасау қарқынды бағытқа айналып отырған кезеңде, мәселені толық шешіп бере алмайды. Осы мәселеге қатысты нормаландыру, реттеу-екшеу принцип-жолдарының толық айқындала қоймағандығынан да қазіргі баспасөз тілінде варианттылық, әртүрлі орфограммалар орын алып отыр.

Осы аталғандарға байланысты нормаландыру проблемалары үшін сүйеніш бола алатын, бір-бірімен тығыз байланысты үш принцип-межені атауға болады. Олар – *актуалдылық принципі*, *сәйкестік принципі* және *эстетикалық принцип*. Біздің тарапымыздан ұсынылып отырған бұл белгі-критерийлер, әрине, норма мәселелеріне, оның ішінде жаңа қолданыстарды елестетіп жағдаяттарына қатысты барлық сала-тармақтарды толық қамти алмайды. Аталған принцип-межелер жиналған материалдар және олардың реттелуін зерттеу, қадағалау жұмыстарынан кейін ғана, ең қажетті межелер ретінде алға шығып отыр.

Аktуалдылық принципі. Жаңа қолданыстардың бір тобы тілдің өз талабынан тыс, сыртқы фактор-стимулдардың күші бойынша жасалатындығы белгілі. Қазіргі кездегі қоғам өміріндегі өзгерістер, ұлт тіліне деген көзқарастың жаңаша сипат алуы, еңбек процесінің, өндірістік қарым-қатынастың күрделенуі сияқты келелі, маңызды өзгерістерге орай жасалған жаңа қолданыстар актуалды мәнде болады, бұндай қолданыстардың жасалуын тілден тыс жағдаяттар талап етеді. Сондықтан тілден тыс сұранысқа орай жасалған жаңа қолданыстар әдеби тілде кең айналымға түседі, нормалау талқысына түспей-ақ жоғары қолданыс жиілігімен жұмсалып нәтижесінде әдебиленген элементке айналады. Бұл қатарға, мәселен, Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесін иеленуіне сәйкес жасалған *егемендік (суверенитет), жарғы (устав), жарлық (указ), төраға (председатель)* типтес сөздерді жатқызуға болады. Актуалды жаңа қолданыстардың қатарында варианттылық болмайды. Әрине, тілден тыс күш ықпалдың әсерінен пайда болған жаңа қолданыстар саны өзге топтарға, яғни тілдің ішкі стимулдарына орай жасалған сөздерге қарағанда, соншалықты мол емес. Дегенмен тілдің өз табиғатынан, ішкі заңдылықтарынан тыс стимулдарға сүйене жасалған сөздер соңғы төрт-бес жылда аз да болса пайда бола бастады.

Сәйкестік принципі. Бұл принцип бойынша жаңа қолданыс, біздің ойымызша, семантикалық сәйкестікке, қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің заңдылықтарына және стильдердің стильдік ерекшеліктеріне бағына жасалуы керек, сонымен қатар осындай талаптарға жауап беруі керек.

Семантикалық сәйкестік немес төл тілдік элементтің мағынасының жаңа ұғымға, жаңа түсінікке, бейтаныс заттар мен құрал-жабдықтардың атауларын беруге қабілеттілігі – жаңа қолданыстарды нормаландыруда ескерілетін маңызды жайттың бірі. Семантикалық өзгеріске ұшыраған немесе аффикстік тәсіл, сөз біріктіру, сөз қосарлау және т.б. амалдар бойынша жасалған жаңа қолданыстарға өзек-арқау болатын түбір компоненттің мағынасы (тура мағынасы да, ауыспалы мағынасы да) мейлінше ескерілуі қажет. Бұлай болмаған жағдайда жаңа қолданыстар қатарында варианттылық құбылысы пайда болады.

Әдеби тілдің жазба үлгілері орыс тіліндегі номинативтің немесе терминнің (қазақшаланған) атауын жасау үшін тілдің мүмкіндіктерін іздестіре бастайды. Айталық, 1995 жылға дейін *заказ* сөзі – қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы орыс тілінен енген лексика тобы деп аталатын ауқымды қатарға жататын, әдеби сипаттағы сөз ретінде жұмсалып келді. Қалыптасып, қарқын ала бастаған жаңа қолданыс жасау тенденциясына байланысты баспасөз осы терминнің бірнеше баламасын ұсынды: *бұйырман, бұйымтай, тапсырыс*. Осы варианттардың ішінде *тапсырыс* сөзі әдеби тілде түбегейлі орнықты да, ал өзге екі элемент те қолданыстан мүлде шығып қалды. Бұндай вариант қатарлардың пайда болуына себеп болған жайт ұғым үшін алынған сөздердің семантикалық сыйымдылығының ескерілмеуі. *Бұйымтай* сөзі, мәселен, қазақ тіліндегі этнографиялық атаулардың бірі, ал *бұйырман* деген сөздің *заказ* мағынасына сәйкес келмеуіне сөз тудырушы *-ман* қосымшасының ерекшеліктері, сондай-ақ «*бұйыр*» деген сөздің тура мағынасының «*заказ*» мағынасынан алшақтығы кедергі болып тұр. Сондықтан да әдеби тіл «*заказ*» сөзінің қазақша баламасы ретінде «*тапсырыс*» сөзін қабылдап алды, бұл бір жағынан бейтарап мағыналы, екінші жағынан «*қажеттілікті атау, өтініш жасау, талап қою*» сияқты ұғымдарды қамти алатын сөз.

Сөз тудыру амалдарына сәйкес келуі жағынан да жаңа қолданыстарды нормаландыруға болады. *-қыш/-кіш* қосымшаларының көмегімен жасалатын құрал-жабдық атаулары (*шырынсыққыш, астықтиегіш, жаңбырлатқыш*), *-ма/-ме, -ым/-ім* тұлғалары арқылы пайда болатын жаңа қолданыстар жоғары жиілікпен жұмсалады; *-кер/-гер* қосымшасы негізінен адамдардың кәсібі, тұрақты

айналысатын ісі дегендерді қамтуы жағынан нақты мағынамен көрінеді де, бұл қосымшалармен жасалған жаңа қолданыстардың қатарында сөз тудыру амалдарына сәйкессіздік айрықша байқала бермейді. Дегенмен, бірен-саран жаңа қолданыстарда, айталық, *жазбагер (автор), таңнама (утренник), жазарман (жазушы), құтхана (кабинет), газеткер (журналист), журналгер (журналист)* дегендерде қосымшаның грамматикалық мағынасын ескермеушілік құбылысы бар.

Белгілі бір стильдің тілдік-стильдік ерекшеліктеріне бағына жасалған жаңа қолданыстар да бар. Мәселен, баспасөз тілі көптеген ұғымдар мен атаулардың номинациясын жасау үшін әуелі образды синонимдер жасап ұсынады да, оларды бірте-бірте тұрақты терминге айналдыра бастайды (*ойтұрткі, ойтамызық, жанайқай*). Бұл – жаңа қолданыстар жасауға арқау болатын негізгі ішкі тілдік стимулдардың бірі.

Эстетикалық принцип. Жаңа сөз эстетикалық принцип бойынша да бағалануы керек, яғни өмірге келген әрбір жаңа қолданыс жағымсыз ассоциацияны, түсінуді қиындататын қажетсіз ұқсастықтарды тудырмауы қажет.

Қазіргі жазба тіл үлгілерінде, оның ішінде баспасөз тілінде де *сатып алушы* деген атаудың орнына *аларман* сөзі бірнеше рет қолданылды. Әрине, жаңа қолданыстың *сатып алушы* дегеннен бірнеше артықшылықтары бар, ол ең алдымен, бір сөз; бір лексикалық единица, демек, *аларман* сөзі әрі қарай деривациялар, тіркесімдер тудыра алады. Алайда аталған жаңа қолданыстың әзірге жұмсалып жиілігі жоғарыламай отыр, оған, шамасы, «аларман» деген сөздің жалпы тілдік қордағы жағымсыз мағынасы (салыстырыңыз: *аларманға алтау аз*), сонымен қатар *-ман* қосымшасының кейбір ерекшеліктері себеп болған тәрізді. Немесе *дебатты* терминінің аудармасы – *салғыласу* деген жаңа қолданыс та, *қылтима* да (балкон), *рецепт* дегенді білдіретін *ішірткі* сөзі де, *саудагер* сөзінің орнына қолданылған *қамсеміз* сөзі де (*саудагер сөзінің мейлінше жағымсыз жағын айқынырақ атау мақсатында пайда болған сөз*) екіұдай, әрі жағымсыз мағынаны тудырады, сонымен қатар өзге ұғымдардың атауларымен де ұқсас келіп, эстетикалық үйлесімсіздік жасайды.

Біздің тарапымыздан ұсынылып отырған нормаландыру межелері ең соңғы, шешуші принциптер де емес. Солай бола тұрса да осындай заңдылықтар, ерекшеліктер ескеріле жасалған жаңа қолданыстар «тосын» сападан арылып, коммуникативтік актіге қызмет ете алатын лексикалық единицалар деңгейіне көтеріле алады.

Әдебиеттер:

1. Котелова Н.З. Первый опыт лексикографического описания русских неологизмов // Новые словари и словари новых слов. – Л.: Наука, 1978. – С. 5-27.
2. Розен Е.В. Лексика немецкого языка сегодня. – М.: Высшая школа, 1976. – 128 с.
3. Джоглидзе Л.И. Новые слова в современном русском языке (на материале газеты «Правда» за 1971-1975 гг.) / Диссер. на соис. уч. ст. канд. филол. наук. – Тбилиси, 1979. – 349 с.
4. Исаев С. Язык периодической печати 1920-х годов / Автореферат дисс. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1966. – 20 с.
5. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы (мерзімді баспасөз материалдары бойынша). – Алматы: Мектеп, 1973. – 196 б.
6. Бәйтікова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер. – Алматы, 1971. – 122 б.
7. Сейфуллин С. 1934 жылдың 18 июнінде қазақстан жазушыларының I съезінде сөйлеген сөзінен толықтырылып жазылған үзінді // Әдебиет майданы. – 1934. – №6. – Б. 76-90.
8. Баскаков Н.А. (руководитель), Балакаев М.Б. и др. О современном состоянии и путях дальнейшего развития литературных тюркских языков //

Вопросы развития тюркских литературных языков народов СССР. – Алма-Ата, Изд. АН КазССР, 1964. – Б. 390.

9. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілі – 60 жылда (дамуындағы тенденциялар) // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 1977. – №3. – Б. 1-8.

10. Словарь иностранных слов. – М.: Русский язык, 1980. – 624 с.

Алдаш А.

НЕОЛОГИЗМЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: КРИТЕРИИ РАСПОЗНАВАНИЯ И НОРМАЛИЗАЦИИ

Одной из актуальных проблем в казахском языкознании, требующей научно-теоретической разработки, непрерывного анализа, выдвижения научно-практических рекомендаций, являются проблемы нормализации, кодификации и унификации неологизмов / новых слов в казахском языке. Современное состояние лексики казахского языка характеризуется активным пополнением лексических новшеств. В соответствии с направлениями языковой стратегии и языковой политики, проводимой в нашей стране, для обозначения научно-технических, культурно-социальных понятий и явлений, эффективно используются потенциальные возможности казахского языка, в результате которых во всех письменных коммуникативных сферах появились и продолжают появляться казахизированные лексемы – неологизмы.

В статье затрагивается ряд критериев по нормализации, кодификации и унификации казахизированных лексем – неологизмов.

Ключевые слова: новое слово, новое употребление, лексические новшества, неологизм, нормализация, кодификация, окказионализм, принцип актуальности, принцип соответствия, эстетический принцип.

Aldash A.

NEOLOGISMS IN THE KAZAKH LANGUAGE: CRITERIA FOR RECOGNITION AND NORMALIZATION

One of the urgent problems in the Kazakh linguistics, which requires scientific and theoretical development, continuous analysis, advancing scientific and practical recommendations are the problems of normalization, codification and unification of neologisms / new words in the Kazakh language. The current state of the Kazakh vocabulary is characterized by an active replenishment of lexical innovations. In accordance with the directions of language strategy and language policy pursued in our country, to designate scientific, technical, cultural and social concepts and phenomena, the potential of the Kazakh language is effectively used, as a result of which, in all written communicative spheres, Kazakhized lexemes appeared and continue to appear neologisms.

The article deals with a number of criteria for the normalization, codification and unification of Kazakhized lexemes - neologisms.

Keywords: new word, new use, lexical innovations, neologism, normalization, codification, occasionalism, principle of relevance, principle of conformity, aesthetic principle.

UDC 81.374 (38)

Kusdybayeva A.A. – candidate of pedagogical sciences, assistant professor,
Aktobe regional state university named after K.Zhubanov

E-mail: ulpen@mail.ru

Sapargaliyeva D.D. – master student of Aktobe regional state university
named after K.Zhubanov

E-mail: dinara.sapargaliyeva@list.ru

THE CONCEPT OF STYLISTIC STRATIFICATION OF VOCABULARY AND LINGUISTIC SIGNS OF STYLISTIC DISTINCTION

Annotation. *The presented article discusses the problem of the use of concept about stylistic stratification of vocabulary, and also linguistic features of stylistic differentiation. The importance of study of this problem consists in stylistic stratification of dictionaries, stylistic markers in lexicology, phraseology and methodology. The article provides the different examples of words with stylistic abbreviations that are assigned to a certain style.*

Keywords: *functional style, emotional and expressive coloring of the word, evaluative vocabulary.*

Depending on the purpose and theme of the statement, the speaker or writer chooses the words he needs from the lexical system of the Russian language. For example, in an official business document and in a letter to a loved one on the same topic different words will be used. This phenomenon is due to the so-called functional-style stratification of Russian vocabulary, that is, the presence of such lexical units in it, the choice of which depends on their intended role in the process of implementing one of the functions of the language: communication, message or influence. The function of communication is performed, as a rule, by the words of a spoken style in its oral form of manifestation, the function of message and influence is performed by the words of one of the book styles: official business, scientific, newspaper - publicistic, and mostly in written form. These functions are also performed by a variety of fiction styles. The identification of the functional and stylistic affiliation of a word, as a rule, is closely connected with the definition of its expressive role, that is, the expressiveness of its emotional properties and other features, which in general are often called the stylistic coloring of the word, that is, its expressive-stylistic content [1, p. 24].

The lexicographical or vocabulary representation of the text is eager to combine and coordinate as much as possible the grammatical, lexical and stylistic properties of the text, it can be integral. The integral description absolutely corresponds to the consideration of such a factor, and, being for a long period of time the main object of linguistics, still does not have a specific definition. In the dictionary view, the title text is designated as a word form every time with grammatical, stylistic, and other marks, and the dictionary entry opens the table of contents of the title text and in general is a lexeme. This means, in fact, that between the word form, the title text and the lexeme, complex relations between form and content are clarified, where the lexeme is a large number of word forms or analytical forms of phrases that differ from each other only in word-meaning. In consequence of this, it is absolutely clear when the dictionary is evaluated as a reference book, as a practical language aid - an application to grammar. Such an applied method is characteristic of sensible monolingual dictionaries. A special feature of the explanatory dictionary is the duality of the representation of the word lexeme in it. First of all, the title text of a dictionary note or the word lexeme appears as a lexical component of the language system, and therefore it needs to be

described in terms of morphology and syntax, through the forms of language. Secondly, the same heading text consists of a number of uses of the word-lexeme, and it appears as an object of cultural, historical, public, etc. Literally all possible explanatory dictionaries tend to combine both features of the word-lexeme in a single dictionary note. Thus, the explanatory dictionary combines the parameters of the linguistic description and the description of concepts or the encyclopedic description.

Emotionally expressive coloring, special appreciation is expressed differently in the words of the Russian language. First, it is created by special word-formation means - prefixes, suffixes, repeating words of the same root, and so on: scold - curse; nose – spout, conk. This method is one of the most productive in the Russian language. Secondly, it is inherent in the semantics of individual words and, accordingly, is objectified (enshrined in modern explanatory dictionaries). For example, the book word *abracadabra* is not just “a set of incomprehensible words”, but also a “meaningless set of incomprehensible words”; a *poseur* is not just “a person who takes a particular pose”, but also “trying to make an impression with his behavior, appearance”. Here you should also pay attention to the emotional coloring of the words *bribery*, *nag*, *covetousness*, *jumble*, *sycophant*, *henchman* and others. Thirdly, the stylistic coloring can be included as an element in the general semantic structure of a word (along with its basic, subject-logical correlation). This is observed in words denoting feelings (to love, to regret, to hate), experiences (to grieve, to rejoice, to worry), signs and qualities (excellent, good, tasty, bitter). However, in this case we are not dealing with semantic phenomena proper, since feelings, experiences, qualities are inherent in the objects themselves, actions, features and, accordingly, established concepts about them. These concepts could not be called otherwise. However, such words are also used to make speech emotional.

In many words, emotional and expressive coloring helps to define their style more clearly. For example, a negatively disapproving assessment, concluded in the meaning of the words *gorlopan*, *parasite*, *canal*, *henchman* and others informs about the relation of words to everyday vernacular (one of the groups of conversational speech styles).

The emotionally expressive essence of solemnly lofty words is a sculptor, inspirer, warrior, soul mate and the like informs us of their belonging to the book style. The style relatedness and stylistic characteristics will prove to be more convincing if they are considered in comparison with words that are not assigned to any particular style and out of context are devoid of a special emotional coloring, equally freely used in all styles of speech. Rich in its expressive capabilities and semantic capacity, the vocabulary of the modern Russian language is a complex and diverse phenomenon. In the structure of the vocabulary of the language there is another opposition. Namely, the main fund of vocabulary, which can be used in any conditions of communication and perform at the same time nominative function, is opposed to a rather extensive and complex in its composition layer of words, the use of which is limited and specialized. These restrictions, firstly, may be related to the purpose and conditions of communication; in this case they are of a social nature. Differences in the conditions of communication generate special sociolinguistic variants of the literary language functional styles.

The human mind, committed on the basis of language, is issued in speech, it is the text (oral or written form) which different expressive painted - the result of the expressive function of language. Expressive function of language is the ability to express the emotional state of the speaker, his subjective attitude toward designated objects and phenomena of reality. Emotional coloring and expression, both oral and writing are largely created by means of different discourse markers, lexical, and sometimes both together. Expressiveness is considered by the authors in the same

broad terms as it determines, E. M. Galkina-Fedoruk: "Expressive means in the language serve to enhance expressiveness and visualization both in expressing emotions, expressing will, and expressing thoughts. Therefore, expressiveness is much broader than emotionality in language." [2, p. 107].

Adapted to certain areas of communication, styles are characterized by the presence of special lexical means, bearing the stamp of belonging to a particular style and therefore are called stylistically labeled. Secondly, the specificity of vocabulary, opposed to a neutral foundation, can be determined by the special complexity of the semantics of words, due to the fact that the content of a word contains, in addition to its denotative and significative meaning, connotative components that are subjective in nature. They reflect the emotional and evaluative attitude of people to those phenomena that are indicated by the word. Such words perform an expressive function in the language. That is why, the vocabulary of the modern Russian language is represented by several layers: neutral (stylistically not colored), stylistically colored, emotionally expressively colored. For example, proud (neutral), haughty (book), arrogant (derogatory) [3, p. 874].

The words are stylistically unequal. Some are perceived as bookish (intellect, ratification, excessive, investment, conversion, to prevail), others as conversational (real, blur a little); some give the speech solemnity (to outline, will), others sound at ease (work, speak, old, cold). When a stylistic characterization of a word is taken into account, firstly, its affiliation to one of the functional styles or the absence of a functional and stylistic tightness, secondly, the emotional coloring of the word, its expression possibilities. The functional style is the historically established and socially conscious system of speech means used in a particular area of communication.

In modern Russian language there are book styles: scientific, publicistic, religious-liturgical, official business. They are stylistically opposed to colloquial speech, usually speaking in a characteristic oral form. The language of fiction occupies a special place, in our opinion, in the style system. Artistic speech does not constitute a homogeneous system of linguistic phenomena, on the contrary, it is devoid of any kind of stylistic isolation, it is distinguished by a variety of individual author's means.

The stylistic characteristic of a word is determined by how it is perceived by the speakers: as assigned to a specific functional style or appropriate in any style, commonly used. The stiffness of the word contributes to its thematic relatedness. We feel the connection of words - terms with a scientific language (quantum theory, assonance, attributive); we refer to political style words related to political themes (world, congress, summit, international law and order, personnel policy), we mark out as official business words used in clerical work (following, proper, injured, residing, notify, prescribe, forwarded). In the most general terms, the functional-style stratification of vocabulary can be depicted as follows: book and colloquial words are most clearly contrasted (compare: to intrude - to climb, to stick; to get rid of - to get off, to get involved; criminal - gangster). As part of the book vocabulary, you can highlight the words inherent in book speech in general (subsequent, privately, equivalently, prestige, erudition, to preface), and words assigned to specific functional styles. For example, syntax, phoneme, lithoz, emission, denomination gravitate to the scientific style; election campaign, image, populism, investment belong to journalistic style; the action, the consumer, the employer, to prescribe, the above, the client, to prohibite relate to formal business; Christmas, liturgy, the righteous, communion, repentance gravitate to the religious liturgical style.

Along with the functional styles stand out the expressive styles, for which the most important is the function of exposure. The expressive styles include solemn (high, rhetorical), familiar (reduced), as well as intimate and affectionate, playful (ironic), mocking (satirical). These styles are opposed to neutral, devoid of expression.

The main means of achieving the desired expressive coloring of speech is evaluative vocabulary. Three varieties can be distinguished in its composition:

1. The words with a bright estimated value. These include the words as characteristics (forerunner, herald, grump, chaffer, slobs, etc.), as well as words containing an assessment of fact, phenomenon, sign, action (purpose, design, division, fraud, fateful, not made by hands, irresponsible, antediluvian; to dare, to inspire, to defame, to foul).

2. Many-valued words, usually neutral in the basic meaning, but receiving a bright emotional tinge with metaphorical usage. So, they say about a man: a hat, a rag, an oak, an elephant, a bear, a snake, an eagle, a crow; in a figurative sense, we use verbs: sing, hiss, saw, nibble, dig, gape, blink, etc [3, p. 539].

3. Words with suffixes of a subjective assessment that convey different shades of feeling: to positive emotions relate such words as son, sun, granny, neatly, close and to negative belong beards, deceased, bureaucracy, etc.

Russian language is rich in lexical synonyms, which are contrasted by their expressive coloring. For example: stylistically neutral, low, high (face, muzzle, face; obstacle, hindrance, obstruction; cry, roar, sob; fear, trump, fear; chase, expose, expel. Often, one neutral word has several expressive synonyms that differ in the degree of emotional tension: misfortune, grief, disaster, catastrophe; violent, unrestrained, indomitable, furious, violent. Often, to the same neutral word gravitate synonyms with exactly the opposite color: ask - beg, beg; cry - cry, roar [4, p. 10].

Expressively colored words can acquire a variety of stylistic shades, as indicated by lists in dictionaries: solemn (unforgettable, accomplishments), high (forerunner), rhetorical (sacred, aspirations), poetic (azure, invisible). From all these words, the following are markedly distinguished: joking (faithful, newly minted), ironic (deign, vaunted), familiar (foolish, whispering), disapproving (pedant), dismissive (daub), contemptuous (sycophant), vulgar (hapuga), abusive (fool). On the emotional and expressive coloring of the word affects its meaning. Such words as fascism, separatism, corruption, and mafia have received a sharply negative assessment. For words progressive, law and order, statehood, publicity is fixed positive coloring.

The development of emotional expressive shades in the word contributes to its metaphorization. Thus, stylistically neutral words used as trails get vivid expression: to burn (at work), to fall (from fatigue), to choke (under adverse conditions), glowing (gaze), blue (dream), flying (gait), etc. d. The context finally defines the expressive coloring: neutral words can be perceived as high and solemn, and high vocabulary in other conditions becomes mockingly ironic; sometimes even an expletive can sound gentle, and affectionate as contemptuously.

Emotionally expressive coloring is layered on the functional, complementing its stylistic characteristics. Neutral emotionally expressive words usually refer to common vocabulary. Emotionally expressive words are distributed between book and colloquial vocabulary. The emotional component of the value can be the usual or occasional. A word or its variant has an emotional component of meaning if it expresses any emotion or feeling. Emotion is a relatively short-term experience: joy, grief, pleasure, anxiety, anger, surprise, and a feeling a more stable attitude: love, hate, respect, etc. The emotional component arises on the basis of the subject-logical, but, once it has arisen, it is characterized by a tendency to force out the subject-logical meaning or significantly modify it. A literary editor should take into account the stylistic coloring of the words used by the author and not allow an unjustified mixture of styles or inappropriate use of lexical means assigned to a particular functional style; words that have one or another expressive coloring [5, p. 201].

The stylistic stratification of vocabulary and the difference of words in expressive coloring are closely related to the fact that the language is a combination of

several styles, different in those language means and techniques (primarily lexical), which are taken to express certain content from the common language. If linguistically to analyze, for example, synonymous series, such as lying, yelling, flooding, composing and desiring, wanting, craving and hunger, then you can see that their constituent words are heterogeneous in some cases in their stylistic usage and expressive coloring. The word "lie" is commonly used and neutral, the words "lie and write" are words of colloquially literary vocabulary with a hint of familiarity, the word "flood" is colloquial and playful. The words "to desire and to want" are words of inter-style character, the words "to thirst and to hunger" are bookish and obsolete [3, p. 403].

Classification of vocabulary from the stylistic side is usually complicated by its classification from an expressive point of view. This is natural, because each style has its own, it has only inherent expressive features. In most cases, the emotional characteristics of the word and expressive features determine its stylistic use. Such words, for example, like a dupe, a knock-down, a force, in scientific research, a textbook, etc., will have no place just because these words have an expressive richness. From the point of view of the expressive-stylistic in the vocabulary of the modern Russian language, first of all, there is a layer of words that is interstitial, having application in all styles of the language, and is a category of words expressively not colored, emotionally neutral. These are the names of vital phenomena of reality, the names of objects, qualities, actions without any assessment of them. Given the expressive neutrality of such vocabulary, it is often referred to as neutral vocabulary.

The stylistic differentiation of vocabulary is carried out according to the following features and according to them the following stylistic groups are distinguished: the form of speech activity is distinguished the lexicon, not limited to the form of speech activity. Such words do not have stylistic marks in explanatory dictionaries. Oral speech vocabulary (mostly colloquial words). The vocabulary of writing (book vocabulary). According to the situation of speech activity, vocabulary is distinguished, not limited by the nature of the situation (words are not marked with stylistic marks); official vocabulary (marked with "official" mark); solemn vocabulary (have "triumph" mark.); non-official vocabulary (marked with "unofficial" tag). Familiar vocabulary (next to the word is the litter "fam."). Emotionally neutral vocabulary is distinguished according to the emotional-evaluative attitude to the expressed one (it is not marked by stylistic marks in dictionaries). Poetic, journalistic vocabulary, scientific terms, clericalism (marked with poetic, publicity, etc.). According to the generally accepted norm, they distinguish literary vocabulary (not marked with stylistic marks especially in explanatory dictionaries).

The colloquial vocabulary (they are "simple."). According to the social community of people who use vocabulary, they distinguish the general vocabulary of social slang, argotism (marked with the marks "jarg.", "argo"). By professional generality, professionally unlimited vocabulary is distinguished (that is, words that are not tied to a particular type of professional activity). Professional vocabulary is the vocabulary of oral communication of people of a particular specialty (words are marked with litters corresponding to a particular profession, for example: "astr." - astronomy, "physical." - physics, etc.). By territorial generality, the following types of vocabulary are distinguished. Nationwide, territorially unlimited vocabulary (such words are not marked with stylistic marks) Territorially limited vocabulary, dialectisms, localisms (marked with the stylistic marks "region", "dialect.", etc.) [6; p. 247].

A cross vocabulary is the basis for the vocabulary of both spoken and written speech; without it, neither verbal nor written communication is unthinkable. The words included in it are characterized by simplicity and general comprehensibility, naturalness and clarity. It is with the help of these words, the most ordinary and

familiar, that the most penetrating and intimate images are created, as a rule. This quality of inter-style vocabulary was noted by A.P. Chekhov: "Beauty and expressiveness in descriptions of nature are achieved only by simplicity, with such simple phrases as "the sun went down", "it became dark", "it started to rain", etc."

Words that are stylistically limited are divided into two groups (depending on whether they are mostly used in written or oral speech). These are colloquial household and book vocabulary. Conversation and everyday vocabulary is used in casual conversation. Its use in writing is limited to styles of fiction and journalism, where it is resorted to with specific artistic and expressive purposes. In other styles (scientific, business), it is observed very rarely. The use of colloquial everyday vocabulary in book speech gives context a colloquial tone, and colloquial everyday words are felt in him as elements if at least alien to him, then at least third-party.

Conversation and everyday vocabulary is divided into two categories: 1) national spoken everyday vocabulary; 2) everyday spoken vocabulary, socially or dialectically limited. About colloquial everyday vocabulary, socially or dialectically limited, has already been mentioned above. These are dialectisms, or regional words, colloquial professionalisms and argotisms.

Public colloquial vocabulary includes two groups of words: 1) colloquial vocabulary, combining colloquial words that do not violate the norms of literary use (frank, bang, window, little thing, hawk, suckling, furious; 2) colloquial vocabulary characteristic of simple, casual speech, not bound by strict norms. The words included in it, partly on the verge of literary use, partly represent non-literary words (sow, smirk, dance, fool, force, grab, seem, look, etc.). The colloquial vocabulary differs from the inter-style vocabulary equally characteristic of oral and written speech in expressive and stylistic coloring (irony, scolding, jokes, affection, contempt, etc.). The words of everyday vocabulary, calling something, also give a definite assessment of what is called. These specific differences of the common national colloquial-everyday vocabulary from interstitial are revealed, for example, when comparing commonly used and expressive-neutral words are not true, for free, very much with their colloquially literary and colloquial synonyms.

In the colloquial vocabulary, vulgarisms stand out in its extra-literary layer. Vulgarisms are such colloquial words that bear the harsh expression of coarseness. They always appear in speech as parallel notation of concepts expressed in literary words not only more precisely and restrained, but also incomparably lucid and expressive. The vulgarisms clog the language with their brutality, therefore their use in oral communication and fiction should be fought especially actively. As a Vulgarism, you can specify the words: hardy, gab (speak), noodle, cross, bastard, eat, dodge (in relation to people), bend (meaning "lie"), etc [7, p. 1126].

Among the words that are part of the common national colloquial vocabulary (colloquial and colloquial), there are words of a different nature:

1. There are specific colloquial words that are not found in the inter-style vocabulary, for example: stunned (simple), plenty, soda, start up (colloq-lit.), etc;

2. There are common words with special, colloquially literary and colloquial meanings (usually of metaphorical origin), for example: knurl (meaning "write"), whip (meaning "drink vodka"), whistle (meaning "steal"), weave (meaning "talk nonsense"), a vinaigrette (meaning "hodgepodge"), a hat (meaning "slob"), a seal (meaning "clumsy person"), etc;

3. There are words that have inter-word vocabulary correlative words of the same root, but a different word-building structure, for example: the reader (reading room), will fit (compare suitable), great (compare large), encumber themselves (compare enclose), etc;

4. In colloquial vocabulary, there are also common words that differ only in their phonetics and accentology, for example, instrument, tobacco, antique, briefcase, shop, etc.

Book vocabulary. The category of book vocabulary includes such stylistic limited and fixed in its use words, which are found mainly in written language. Thus, the vocabulary of the book, as opposed to colloquially-everyday, acts as a system of words, the main sphere of use of which is strictly normalized literary speech, styles of journalistic and scientific works, official papers and business documents, as well as the language of fiction. When used in oral speech, book words do not lose all the same stylistic coloring of book.

In the category of book words includes primarily all scientific, socio-political and technical terms. This, naturally, includes most of the abstract vocabulary, which is an expression of various abstract concepts. True, a number of abstract words (salting, disorder, hustle, crush, cunning, etc.) belong to colloquial everyday vocabulary, there are many of them in the composition of interdepartmental vocabulary, but the majority are undoubtedly regarded as one of the most characteristic components to book vocabulary.

The words of business papers and official documents are also included in the book vocabulary. Such a word class is called official business vocabulary. Examples include the words claim, imperative, defendant, foregoing, forward, notice, the following, and others.

A special category of book vocabulary, most often used in poetic works, but also found in fiction, is the so-called poetic vocabulary. Poetic vocabulary is distinguished by a special stylistic character of emotion and lyricism. The words in it either create a pathetic tone of the narration, or give it a softness and soulfulness [8, p. 187].

The selection of such words in Russian poetry occurs at the end of the XVIII - beginning of the XIX century. as the selection of poetic means expressive and beautiful. Poetic vocabulary was composed of Old Slavic, book words formed in their likeness, some foreign words and individual words from folk poetry, for example: mouth, lot, indulge, oblivious, deity, boundless, charm, magical, fiery, sweet, alas, sadness, adorable, ether, rose, idol, nectar, aroma, muse, marshmallow, lily, ideal, darling, pigeon, mediocre, more beautiful, beloved, cuddly, cramp, etc. All these words of different origin in the poetic vocabulary got the same stylistic skied properties.

Many words of poetic vocabulary are now recognized as archaisms. The lyrical or pathetic tone of the poem is created by modern poets, as a rule, with the help of other lexical means: in a number of cases, the stylistic nature of poetry is acquired from words that previously contained nothing agitated and lyric.

As you can see, each of the language styles is characterized by a certain system of lexical tools. True, the lexical boundaries of styles are not fixed; the words of everyday vocabulary can enter the official business style, elements of artistic speech can penetrate into a journalistic style, etc.; especially multi-layered in lexical terms is the style of fiction. But nevertheless, the lexical originality of the different styles of language emerges quite clearly.

So words in modern Russian language are stylistically unequal and have different colors. The word is observed not only an indication of any phenomenon of reality, but also the attitude of the speaker to this phenomenon. Accompanying the name with a certain estimated moment creates a certain emotional and expressive coloring in the word.

Literature:

1. Ахманова О.С. О стилистической дифференциации слов // Сборник статей по языкознанию. – М.: МГУ, 1958. – С. 24-39.

2. Галкина-Федорук Е.М. Об экспрессивности и эмоциональности в языке // Сб. статей по языкознанию. – М., 1958. – С. 107.
3. Большой толковый словарь русского языка // Под ред. Кузнецова С.А. – СПб.: Норинт, 1998. – 1535 с.
4. Бойко Л.В. Стилистическая характеристика слова в словарях // Русский язык в национальных школах. – 1987. – № 6. – С. 7-13.
5. Голуб И.Б. Литературное редактирование: учеб. пособие. – М.: Логос, 2010. – 432 с.
6. Словарь русского языка (МАС): В 4-х т. / Под ред. Евгеньева А.П. – М.: 1957-1961.
7. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Т. 1: А.-Х. – М.: Русский язык, 2000. – 1210 с.
8. Шилина М.В. К вопросу о стилистической маркированности языковых единиц // Актуальные проблемы лингвистики и лингводидактики. – 2003. – Вып. 2. – С. 185-190.

Куздыбаева А.А., Сапарғалиева Д.Д.
ЛЕКСИКАНЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ
СТИЛИСТИКАЛЫҚ БӨЛІНУДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ
ТУРАЛЫ КОНЦЕПТ

Ұсынылған мақалада лексиканың стилистикалық стратификациялау тұжырымдамасын, сондай-ақ, стилистикалық ерекшеліктердің лингвистикалық белгілерін қолдану мәселесі қарастырылады. Бұл мәселені зерттеудің маңызы сөздіктердің стилистикалық стратификациясы, лексикология, фразеология және әдістеме стилистикалық маркерлері болып табылады. Мақалада белгілі бір стильге бекітілген стилистикалық белгілермен бірге сөздердің түрлі мысалдары берілген.

Тірек сөздері: функционалдық стиль, сөздің эмоциялық-экспрессивті бояуы, бағалау лексикасы.

Куздыбаева А.А., Сапарғалиева Д.Д.
КОНЦЕПТ О СТИЛИСТИЧЕСКОМ РАССЛОЕНИИ ЛЕКСИКИ И
ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ СТИЛИСТИЧЕСКОГО
РАЗГРАНИЧЕНИЯ

Представленная статья освещает проблему использования концепта о стилистическом расслоении лексики, а также лингвистические признаки стилистического разграничения. Важность изучения этой проблемы заключается в стилистической стратификации словарей, стилистических маркеров в лексикологии, фразеологии и методике. В статье приводятся различные примеры слов со стилистическими пометами, которые закреплены за определенным стилем.

Ключевые слова: функциональный стиль, эмоционально-экспрессивная окраска слова, оценочная лексика.

ӘОЖ 82-1- 087. 5(574)

Мүтиев З.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

Мұхамбетова Ж.Ө. – педагогика ғылымдарының магистрі,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: janim.03.95@mail.ru

Ақболатов А.А. – педагогика ғылымдарының магистрі,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ – БАЛАЛАР АҚЫНЫ, ТАБИҒАТ ЖЫРШЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада әдеби өлкетанудың көрнекті өкілі, ақын, қайраткер Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығына талдау жасалады. Суреткердің балалар ақыны боп қалыптасу жолдарына барлау жүргізіледі. Ақынның табиғат лирикасын тудырудағы көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарын қолдану амалдары қарастырылады.

Тірек сөздер: балалар ақыны, көркем әдебиет, табиғат лирикасы, анафоралық тәсіл, эпитеттік әдіс, айшықты тіркестер.

Қадырдың көркем әдебиеттегі аяқ алысы балалар ақыны боп қалыптасуынан басталады. Тұңғыш жинағы «Көктемнен» (1959) старт алған бастама «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкене қожанасырлар» (1961), «Ноян қоян» (1962), «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964), «Шымыр жаңғаққа» (1984) барып бас тіреді. Қадырдың балалар ақыны боп қалыптасуы өткен ғасырдың 50 жылдар аяғынан 60 жылдардың бел ортасына дейінгі кезеңді қамтиды. Ел-жұрт, оқырмандар қауымы да алғашында Қадырды балалар ақыны есебінде таныды. Қадырды туа біткен ақындар қатарына жатқызамыз. Алғашқы тырнақалды туындысымен-ақ шеберлік нәшін көрсеткен ақынды, оның шығармашылығын терең зерттеуші академик З. Қабдолов оңды байқап, атап көрсетеді. «Дәлірек айтқанда, Қадырдың қадірі – мықтылығында. Мықтылығының бір дәлелі: Қадыр өлең өлкесіне күйбеңсіз, кібірткісіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай бірден көнігі шебер қалпында келді. Мұны біз тұңғыш рет Қазақ университетіндегі Әуезов аудиториясында танып-білген едік» [1, 4 б.] - дейді әдебиетші ғалым.

Айтса айтқандай тырнақ алды жинақ «Көктемдегі» өлеңдер ішінен, «Көктем» өлеңі таза кейіптеу үлгісінде көзге түседі. Мәселен:

Қарайып жарқабақтар күн ыстаған,
Қырдан қар төмен қарай жылыстаған.
Тосады жалпақ дала күнге жонын,
Денесін жазайын деп құрыстанған.
Ала бұлт аспанның бір қабатындай
Ақырын төмендейді қонатындай
Күміс бу жер бауырлап қозғалады,

Көктемнің ұшып келген қанатындай [2, 13 б.] - деп келетін жыр жолдарынан эпитет (жалпақ дала, ала бұлт, күміс бу) пен теңеу (қабатындай, қонатындай, қанатындай) өзара ұжымдасып кейіптеу туғызуға ілік болған. Бес шумақтан тұратын өлеңнің өн бойынан метафора (көктем-ұл, жал-қыр) да, антоним (аға-іні) де, синоним (алуан ырғақ, алуан үн) де өз орнын алып, баршасы жабылып, жарыса бірлесіп кейіптеуге: («сергиді жалқау дала жаңғырығы»),

«көктем ұлын алады шомылдырып жаңбырына»; «Сансыз құс алуан ырғақ, алуан үнмен / Сайрайды гүлді көктем құрметіне») ұласады, сондай-ақ:

Құлағы сырын шертіп қоғасына,
Сұлулық бітер көлдің жағасына
Жаз келіп, көктем жылжып жүре берер

Інідей орын берген ағасына (*«Көктем»*) - деп келетін тармақтар ақын шеберлігін әр қырынан таныта түседі.

Қадыр ақынның табиғат лирикасының қатарын «Бұлт», «Жаңбырдан соң», «Күз», «Қыс», «Бұлт пен қаңбақ» сынды өлеңдер толықтыра түседі. Бұл өлеңдер бала ұғымына, жас өскіннің қабылдауына ыңғайлы тілде жазылған. Баяндаушы автор табиғат құбылысын балалардың ой-өрісіне сай, түсінуіне, мүмкіндік бере сөз саптайды. Мәселен, бұлтты *«жалбыр-жалбыр жүні ұзын жабағыдай»* деп сипаттаса, жаңбырдан соңғы табиғатты *«Жаңбырдан соң күлімдеді табиғат / Жақсы баға алған бала сияқты»* деп кейіптейді. Ал күзді өз мінезіне қарай *«Жайып салды алдына қалағанды / Жемісті күз кезінде келе қалды»* деп мейірлендірсе, қысқа келгенде *«Қыс өзі бүрсеңдеген бала талға / Кигізді үстіндегі ақ халатын»* десе, енді бірде *«Әлі де із түспеген аппақ дала / Басталмаған оқушы дәптеріндей»* деп анықтама береді. «Бұлт пен қаңбақ» өлеңінде құйын соғып есірген күзгі далада көшіп-қонып жүрген қаңбақ аспанға қараса, қанаттарын кең жайып көшіп бара жатқан бұлттарды көреді де:

Қаңбақ өзі ілгері

Қалбаң қақты, бұлттарды...

Қарап жүрмей тілдеді:

«Қаңғыбас!» – деп бұлттарды [2, 23 б.] – деп күндейді.

Табиғаттың бала қиялымен сабақтастығын бейнелеген туындылар тек қана «Көктем» (1959) кітабында ғана емес, сонымен бірге «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964) кітаптарында молынан ұшырасады. Айталық «Жыл маусымдары» - жылдың төрт мезгіліне арналған циклді дүниелер қатарын толықтырған. Әр маусымға арнайы тоқталып, жеке-жеке сипаттама береді ақын. Мысалы:

Көктем келді: құс келді

Күн ұзын, түн қысқа енді

Көктем келді: су ақты

Күннің көзі шуақты

Көктем келді: гүл өсті,

Көбелектер гулесті.

Көктем келді: көл үсті

Көңілді де келісті.

Көктем келді: іс келді,

Күн ұзын, түн қысқа енді [2, 152 б.].

Осы сынды «Жаз» өлеңінде де аталған кезеңнің өзіне тән қызықтарын ақын бала сезіміне әсер ететіндей кейіпте суреттей бейнелейді. Жаздың да көктем сияқты көңілді сәттері мол екен.

Жаз да келді пейілді:

Жан-жануар сейілді

Жаз да келді: аптапта

Жан-жаққа ұшты бақ-бақ та.

Жаз да келді: найқалып:

Жатыр егін жайқалып.

Жаз да келді: шаттанып.

Жұмыла іске аттанып

Тындырып бар жұмысты

Тоя жедік жемісті (*«Жаз»*) [2, 152 б.].

Байқағанымыздай ақын жылдың аталған мезгіліне ой екпінін түсіріп, жаз бен көктем сөздерінің қайталауларына ерекше мән берген. Сонымен бірге дыбыстық қайталаулар да туындыға әсерлі мән үстеп, ақын шеберлігін дәйектей түседі. «Көктем» өлеңінде көктем сөзі бес жерде қайталанып, «Жаз» өлеңінде жаз сөзі төрт жерде қайталанып анафора қызметін атқарып, туындыға ерекше өң бере түскен. Сонымен бірге ақынның «Күз» өлеңінде жоғарыда келтірілген анафоралық тәсіл эпифоралық әдіспен алмасса, кей тұста бір шумақты араласа қолданылған түріне кез боламыз. Айталық:

Күз де келді, күз келді:
 Күдерін жаз үзген-ді.
 Күз де келді, күз келді:
 Көкте бұлттар жүзді енді.
 Күз де келді, күз келді:
 Құстар мекен ізденді.
 Күз де келді, күз келді:
 Қондырмады түзге елді.
 Күз де келді, күз келді:
 Керек оқу бізге енді («Күз») [2, 153 б.].

Осы шумақтағы тармақ басында бес рет қайталанған күз сөзі анафора да, тармақтар соңында бес рет қайталанған келді етістігі эпифора боп тұр. Ал осы мәтіндегі тұтас бірлікті құрап, басқа тармақтарға жетекші боп тұрған «Күз де келді, күз келді» қайталамасы тұтасымен бір грамматикалық құрылымды қайталап, синтаксистік анафораға айналған.

Табиғат құбылысының өзіндік ерекшеліктерін атап көрсетуде, сонымен бірге жоғарыдағы қайталаулардың және бір үздік үлгісіндей көрінер өлең - «Қыс». Бұнда да жоғарыдағыдай бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдардың шырайлы нұсқасы назар аударады.

Қыс келді, қыс иықтап,
 Қалды аюлар ұйықтап.
 Қыс келді, қыс мұз-қарлы,
 Қыраулы да, ызғарлы.
 Қыс келді, қыс боранды,
 Қырат көрпе оранды.
 Қыс келді, қыс мықты анық,
 Қайтсе де біз ықпадық.
 Қыс келді, қыс уайым ба?
 Қандық біздер ойынға! [2, 153 б.].

Бұл туындыдағы ерекшелік - жай қайталаудың шоғырлы түрі (қыс келді, қыс иықтап; қыс келді, қыс мұз-қарлы; қыс келді, қыс боранды; қыс келді, қыс мықты анық; қыс келді, қыс уайым ба?) кездеседі. Қыс сөзі алдыңғы ой мен келесі ойдың ара жігін бітістіріп, екі компоненттен құралып, анафораның қызметін адал атқарған.

Қадыр ақынның балаларға арналған табиғат жырлары тек қана «Жыл маусымдары» циклімен шектелмейді. «Сабақ» (1964) кітабына енген «Бірінші сабақ» аталған тараудың бірінші тараушасы «Табиғат» деп еншіленген де, оған ақынның осы тақырыптағы он бес өлеңі еніпті. Әр туынды жоғарыда талданған «Жыл маусымдары» цикліндегі жырлар тәрізді қыс, көктем, жаз, күз қызықтарын бала ұғымына, бала қабылдауына сай баян еткен. Мәселен, «Жапалақ қар», «Боран», «Аяз» өлеңдерінде қысқы маусымның қызықтары әр қалыпта бейнеленіп, кейіптеледі.

Жапалақ қар себелеп,
 Жердің бетін қаптаған:

Секілді көп көбелек

Қонарға жер таппаған («Жапалақ қар») [2, 185 б.].

Жедеқабыл түскен қыстың суретін ақын осылайша кейіптей келе, аппақ далада қар лақтырысып, далақтап шауып, ойнап жүрген балалардың алаңсыз кейіпінен қыстың ешқандай ызғарын сезбегендей қалыпты аңғартады.

Май тоңғысыз түн қандай,

Жаз өтті деу қиын-ақ.

Күн әзілдеп тұрғандай

Қыс киімін киіп ап.

Осы сынды оқырманын иландырып шандыра түсетін, кестелі сөзбен өрілген әдемі айшықты тіркестер Қадыр ақын туындысында жиі кездеседі. Олардың толыққанды кейіптеу боп қалыптасқан үлгілерін топтап берсек, төмендегіше қатарды түзейді.

1. Қаһарлы жел алдында

Зар қағады қамыстар

2. Бірде боран тынады

Бірде қайта жыны ұстап.

3. Үйеңкі мен қайыңды

Желкесінен басады.

4. Боран қатты қалшылдап,

Баса алмай тұр ашуын («Боран») [2, 186 б.].

1. Көз байланды, түсті іңір,

Жүргізді аяз қожалық.

2. Шиқылдайды қыстың бір

Дөңгелегі қажалып.

3. Зіл боп басып иықтан,

Кене қабағын тұр түйіп

4. Көк темірдің суықтан

Кеткен жүзі үрпиіп («Аяз») [2, 186 б.].

Ақынның «Аласапыран», «Көк өріс», «Орман», «Шөлдегі жаңбыр», «Аптап», «Құм» аталған туындыларында жылдың әр мезгіліне сай болатын табиғат құбылыстарын бейнелеуде халық тілінің мол байлығына, оның әсем де әдемі қолданысына куә боламыз. Бұл тұста автор қазақ тілінің синонимдік, антонимдік қатарларын теңеу, метафора сынды құбылыстармен қол ұстастырып кейіптейді. Мәселен, антонимге мысал:

1) Мезгіл болса қарбалас,

Мәз бола алмай біз жүрміз.

Ыстық, суық аралас

Бір жер - батпақ, бір жер - мұз

2) Ажыратып болмайсың,

Бір күн - көктем, бір күн - қыс

3) Қыс пен көктем баладай

Аударыспақ ойнаған («Аласапыран») [2, 187 б.].

1) Әлділері қорғанбай,

Әлсіздері ышқынған.

Тоғай түгел тұрғандай

Қуғыншы мен қашқыннан («Орман») [2, 188 б.].

1) Қаталдық пен сараңдақ -

Құмның ата мінезі

2) Теңіз бен құм қашаннан

Сыңарлары егіздің («Құм») [2, 189 б.].

1) Жолдың шаңын сипап ап,

Жолсызбенен қашады
Шашылғанды жинап ап,
Жиналғанды шашады

2) Бір жығылып, бір құлап,
 Бүлік салу - мұраты («Құйын») [2, 190 б.].

Ақынның осы топтамасындағы («Табиғат») сәтті оралымға айналған бейнелеу құралдары қатарында синонимдер (ырылдасқан, таласқан; оған перзент-баладай, көк бояуы-күлгін тұс) метафора (терезелер қыраулы-негативті тоғайдың; тапталмаған кілем-мүк; көп қорасан дағы бар-бет сияқты топырақ; көшпелі душ бұлт деген; ағаш емес біліңдер, асыл ана бұл тұрған; бас төреші - жел деген; фиништері - апанда, старттары - қабақтар, құрайлардың ызыңын, марш күйге балайсың), сондай-ақ кейіптеумен біте қайнасқан теңеулер (қыс пен көктем баладай / аударыспақ ойнаған; балапанның үлгілдек / бауырындай мап-майда; мұндай кезде ағынды / мұздай бұлақ іздерсің; қоламтадай қоздаған / күйдіреді тұяқты; құм-күреңнен жасалған / суретіндей теңіздің; онсыз алма ағашы / жалғыз басты анадай; қалқып жүрген судағы / қасығындай қайыңның; қолдарындай кәрінің / қалтырайды жапырақ) толықтыра түседі.

Қадыр ақын шығармашылығындағы табиғат тақырыбы автордың «Таңдамалы туындыларының көптомдығы» (2010) сериясындағы екінші томы - «Алтын омырау» кітабында [3] жалғасын табады. Аталған кітаптың бір тарауы «Табиғат бір жыр кітап» және бір тараушасы «Адам - есімің, табиғат – бесігің» деп аталады. Бұнда да ақын 1-томдағы тақырыпты одан әрі ұзартып, табиғат қызықтарын бала ұғымына сай әрі ересектерге де ой сала жаңаша тарқатады. Бірін-бірі әсте қайталамайтын тың тіркес, бейнелі ой, оқшау образ, соны сөз сұрлеулері бірінен-бірі әдемі, бірі екіншісінен әсем боп озып, көз қызықтырып, табиғаттың алуан-алуан мінезі мен мол байлығын алдымызға жайып салады. Мәселен, «Дала» өлеңінде ақын аталған ұғымның қадір-қасиетін «*жер тану да - бір өнер*» деп бағалайды да «*Басқа басқа.. / Даланың / Аспаны да кеңірек*» десе, «Сахара суреті» аталған туындысында сайын далаға тән өзіндік ерекшеліктерді жырға қосады: «*Оқыста бозторғай ұшады пыр етіп*» дей келе:

Күн ептеп қызғанда,
 Құлпырар түз қандай!
 Көбелек қонғанда
 Қисаяр қызғалдақ
 Құстарда жоқ тыным
 Қызықтар көп түгі
 Өзара шегіртке
 Жатады соқтығып!
 Ғажайып далам-ай!
 Мейірбан анадай
 Саршұнақ
 Түбекте

Отырған баладай! («Сахара суреті») [3, 76 б.] – деп түйіндейді, «*Суретін даланың / Салғың келіп кетеді*» деп балаша мәз болады.

Ақын табиғат құбылыстарын бала қиялының аясында алып, суреттеуге шебер. Бірде бірінші жақтан, енді бірде үшінші жақтан баяндайды. Қай ретте де оның мазмұнын оқушысына жеңіл түсіндірудің амалын ойластырып, бала тілінде сөйлейді, балаша ойлайды. Нысанға алған тақырыбын құр баяндай салмайды. баланың ой-өрісіне ыңғайластырып, әзіл-шымшымамен, сәл-пәл келемежбен көмкеріп, оқушысы ынтазарлықпен оқитындай қылып, еліктіріп, қызықтырып отырады. Мысалы, «Бақша» аталған өлеңде уақыты жетіп, пісе келген бақша жемістері мен көкөністердің әдемі суретін сырлы сөзбен бояйды.

Жалқау бала жинар ма?
 Себетіне сияр ма?
 Тойып алған томпиып
 Көгендегі қиярлар.
 Қауынға күн тиіпті
 Шекесінен сүйіпті.
 Әміріндей Бұқардың
 Зерлі шапан киіпті.
 Піспедің не
 Пістің не?
 Қызғанақтай мүскінге
 Судай жаңа сары тон
 Асқабақтың үстінде(«Бақша») [3, 77 б.].

Бала көңіліне деп келетін шымырлы тіркестер қатарын «*Күзетуде көнетоз қалпақ киген «қарақшы», «Суға толып жаңбырда, / желді күнгі даңғырлар / қарақшының төсіне / іліп қойған қалбырлар», «Басқаларға талатпай, / Оянамыз таң атпай / Болды қазір / Қарбыздан / Қарынымыз қабақтай»* деп келетін үйірлі тармақтар толықтыра түседі.

Табиғаттың адам атаулыға тартар сыйы мен оқыс дара мінез-құлқын әр қырынан таныта білген ақынның «Ақ теңіз, көк теңіз, яки сағым», «Шық», «Құйын - желдің тентегі», «Қарақұрым қаңбақтар», «Күздің ұзақ жауыны», «Қақаған қаңтар», «Боран. Боран болғанда қандай!» аталған туындыларының мазмұн-бітімінде қазақ ой-қиялының жемісі жатқандығы аңғарылады. Мәселен, «*Ақ теңіздей сағым да / Бір ғажабы даланың !», «Сарнаған жел - қыр әні, / Сирек көлдің құрағы», «Тақыр –жердің көнтегі / Дауыл - желдің тентегі / Жоқ ешқандай қызығы / Құйын - шөлдің бұзығы», «Даланың әр ісі -Дананың дәрісі», «Өрімдер қалмас қосылмай / Өрілер тұзу таспалар», «Жер мен аспан қосылып / Жатқандай бір жүн сабап»* - деп келетін өрнекті сөздер өрімінде ұлттық философияның қағидат-қасиеттері қылау береді. Тек қана қазақ түсіне алатын, тек қана қазақ ұғына алатын, тек қана қазақ байыбына бара алатын бұндай сәулелі сөздер сорабы - жас өскіннің ана тілінің орасан зор рухани байлығымен емін-еркін сусындауына мүмкіндік берері анық.

Заманымыздың заңғар суреткері Ә. Кекілбаев: «Қадыр Мырзалиевтей қадау талантқа ғана айтылар бағаның салмағын ешбір сөзбен жеткізе алмайсың... Қадырды әлі әріп танымаған бүлдіршін бөбектен бастап, әріпті көзілдіріксіз көре алмайтын қарияға дейінгінің бәрі біледі. Өзін білмесе де сөзін біледі. Мұндай даусыз данқ, татаусыз танымалдылықтың сыры – Қадыр талантының қарапайымдылығында» [4] дейді.

Яки, түйіп айтқанда кішіге де, үлкенге де, жалпы мұқым жұрттың ортақ рухани қазынасына айналған Қадыр ақын мұрасының уақыт өткен сайын өз құндылығын жоймасы кәміл анық.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Қадырдың қадірі (алғы сөз) // *Кітапта: Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Т. 1. Өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар – Алматы: Қазығұрт, 2010. – 472 б.*

2. Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Т. 1. Өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар. – Алматы: Қазығұрт, 2010. – 472 б.

3. Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. Т. 2. Алтын омырау: Өлеңдер. – Алматы: Қазығұрт, 2010. – 440 б.

4. Қадыр Мырза Әлі туралы ұлы тұлғалардың пікірі. – <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/24361/> Пайдаланған уақыты: 10.02.2019 ж.

**Мутиев З.Ж., Муханбетова Ж.У., Акбулатов А.А.
КАДЫР МЫРЗА АЛИ – ДЕТСКИЙ ПОЭТ, ПОЭТ,
ВОСПЕВАЮЩИЙ ПРИРОДУ**

В статье анализируется творчество выдающегося представителя литературного краеведения, поэта и общественного деятеля Кадыра Мырза Али. Изучается путь формирования стихотворца как детского поэта. Рассматриваются приемы использования художественно-изобразительных средств, способных передавать лирику поэта о природе.

Ключевые слова: детский поэт, художественная литература, лирика природы, анафорический подход, эпифористический метод, содержательные словосочетания.

**Mutiyeu Z., Mukhanbetova Zh., Akbulatov A.
KADYR MYRZA-ALI – CHILDREN'S VERSES WRITER,
A SINGER OF NATURE**

The article is intended to analyze the creative work of an outstanding representative of literary local history, poet and public figure Kadyr Myrza-Ali. The article studies the way of the verse maker formation as a children's poet. The article considers the methods of using artistic-pictorial means that make it possible to convey the poet's lyrics devoted to nature.

Keywords: a children's poet, fiction, lyric poetry of nature, anaphoric approach, epiphoristic method, meaningful phrases.

ӘОЖ 028.46.

Кушкимбаева А.С. – философия докторы (PhD),
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: Alitok@mail.ru

**М.ӘУЕЗОВ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ «ЕЛ» КОНЦЕПТИСІНІҢ
КОГНИТИВТІК МОДЕЛІ**

Аңдатпа. Мақалада М.Әуезовтің «Ел» концептісін драмалық шығармаларында беру ерекшелігі ашылады. «Ел» концептісі семантикалық тұрғыдан сипаттау (лингвомәдени) өзара байланысты үш компоненттің негізінде толық ашылады. «Ел» концептісі алыс, жақын, шеткері перифериялар өрісіне топтастырылады. «Ел» концептісі – М.Әуезовтің аксиологиялық мінез-құлқын жеткізуші доминант сөздердің бірі. Бұл – бүкіл ұлтқа, қала берді адамзатқа тән аксиологиялық сөз, қолданысы кең лексикалық бірлік. Ел концептісінің когнитивтік моделі былайша жіктелді: «Ел – панасыз бала», «Ел – ер тірегі», «Ел – көнбіс», «Ел – бұзық», «Ел – сел». Драмалық дискурстағы ел концептісінің когнитивтік модельдері ел ұғымының концептуалдық жүйесін құрайды. Автор тілінде метафоралық көрініс белсенді қызмет атқарған.

Тірек сөздер: концепт, метадоралау, семантикалық өріс, перифериялар.

Тілдегі концептілер ұлттың, халықтың мәдениетіне, әдебиетіне, ғылымына, тарихына, тәжірибесіне, дініне тікелей тәуелді. Ол – қатып қалған семантикалық жүйе емес, керісінше, белгілі бір ұлттың мәдениеті негізінде уақыт пен кеңістікте

өзгеріп отырады. Концептілер адамға берілген ақпараттың концептуалдану үдерісінде жаңа мағынаға ие болып отырады. Ал концептуалдану – адамның танымдық әрекетінің маңызды үдерістерінің бірі. Ол адамға берілген ақпаратты өңдеп, адам санасында (психикасында) жаңа концептілердің, концептілік құрылымдар мен концептуалдық жүйенің жасалуына жол ашады. Кез келген тілде негізгі тұғырлы концептілер болатыны белгілі. Мұндай тұғырлы концептілер бүтін бір ұлттың дүниетанымын, рухани мен заттық мәдениетінің ерекшелігін, салт-дәстүрінің өзгешелігін, сол халықтың тілінің әлеуетін айқындайды [1]. Бұл туралы Г. Смағұлова: «Концепт тіл білімінде мәтін талдаудың айрықша үлгісін көрсетеді. Өйткені ол қаламгер автордың сөз байлығын игеру дәрежесін байқатады. Сондай-ақ көркем шығарма тіліндегі концепт суреткердің әлем туралы түсінігі мен дүниетанымын, жалпы интеллект мүмкіндігін анықтайды», – дейді [2, 40 б.].

Жалпы концептілердің типологиясын қарастырғанда, З.Попова мен И.Стернин ұсынған семантикалық когнитивтік әдістің негізіне сүйенеміз:

- а) концептінің номинативті өрісін құру;
- ә) концептінің номинативті өрісіне кіретін тілдік құралдардың семантикасын сипаттап, талдау;
- б) ментальдік бірлік ретінде қарастырылатын концептінің когнитивтік белгілерін айқындау;
- в) тілді тұтынушылардан жинақталған когнитивтік талдаулардың верификациясы;
- г) концептінің мазмұнын когнитивтік белгілерінің аясында сипаттау [3].

М.Әуезовтің тілдік тұлғасындағы өзекті когнитивтік бірліктің бірі – «Ел» концептісі. «Ел» ұғымына қатысты ұғымдардың концептуалдық жүйесі сонау батырлар жыры, жыраулар поэзиясынан бастау алып, М.Әуезов драмаларында жалғасын тапқан. «Ел» концептісі жазушы пьесаларында ұлттық таным тұрғысынан айқын көрсетілген. Автор «Ел» концептісін драмаларында 999 рет қолданған.

Жоғарыда аталған З.Попова мен И.Стерниннің әдісі бойынша «Ел» концептісін семантикалық тұрғыдан сипаттау (лингвомәдени) өзара байланысты үш компоненттің негізінде толық ашылады. Олар – дефинициялық құрылысы және когнитивтік белгілеріне қарай көрініс табатын ұғымдық метафораларды қамтитын образды және эмоционалды-бағалауышты қабат.

«Ел» концептісінің ұғымдық негіздерін концептуалдық белгілердің жиынтығы түрінде көрсетуге болады. «Ел» концептісінің семантикалық өрісі мынадай лексикалық бірліктерді қамтиды: *халық, жұрт, әлеумет, жамағат, қауым, көпшілік, тайпа, қарындас, өңір, аймақ, мемлекет, тобыр*. Негізгі өзегіне алты сөз – *ел, халық, жұрт, әлеумет, жамағат, қауым* жатады да қалған лексикалық бірліктер шеткері аймаққа жатады. «Ел» концептісінің дамуы мен шығу үдерісін зерттеп қарасақ, ол жоғарыда аталған лексикалық бірліктердің қай-қайсының да орнына жүре алады.

«Ел» концептісінің *образдылығына* тілдік тұлғаның әлемді ұлттық ойлау тұрғысынан қабылдауы жатады. Қазақ мәдениетіндегі базалық концепт болып табылатын *ел* сөзі автор драмаларында гештальттар, фреймдер, ойбейне, семалар, сценарийлер арқылы (*бала, ауыл, жұрт* т.б.) образды түрде сипатталады. Концептінің образдылығын құрайтын метафораларға кеңістіктік, заттық, субстанционалды, рецепторлы, конструктивті, ақпараттық, ғылыми, сахналық метафоралар жатады [4]. «Ел» концептісінің эмоционалды-бағалауыштық қабатының жағымды мәнін (*еміренген ел, ер туғызған ел, құрсауы бүтін ел, бауыр ел, рулы ел, құрыш қара болат, қой аузынан шөп алмайтын момын ел, тасқын судай кемерінен асқан, қайран халық, сергелдең болған ел, жақын ел,*

сорлы ел, ер қадірін білетін ел, болыстың айласы мен салмағы арқасына аяздай батқан ел, қажыған ел, қайғылы ел, әлсіз ел, айласыз ел т.б.), ал жағымсыз белгілерін (шоғыры ғана бүтін, азған ел, білегі жуан, ұзында өшті, қысқада кекті, шолақ байталдың құйрығындай, өктем, өр, көзіне қан толған, түгі сыртқа тепкен, сөзге еретін, елдігі кеткен ел, тасбауыр ел, қанішер, қанқұйлы, жат ел, есалаң ел) сияқты ұғымдар қатары құрайды.

«Ел» концептісін алыс, жақын, шеткері перифериялар өрісіне топтастырдық. Нәтижесінде М. Әуезов дискурсындағы «Ел» концептісінің өзегіне *азайын, ру, алты арыс, халық, жұрт, топ, тобыр, қазақ, милләт* сөздері шоғырландырылды. «Ел» концептісіне жақын периферияға 24 ассоциат топтасты: *ауыл, аталас, ауылдас, туысқан, туған, аудан, жандар, көп, көпшілік, малишы-қосшы, бейшаралар, зиялылар, азаматтар, мен, сен, жаман-жәутік, кемпір-шал, бала-шаға, кедей, адам*. Алыс периферияға: *қасқыр «Қасқырша өз күшігіңді өзің жейін дедің бе», жау, көкбөрі, бауырсақ, өрт* лексемалары жатады.

«Ел» концептісі – М.Әуезовтің аксиологиялық мінез-құлқын жеткізуші доминант сөздердің бірі. Бұл – бүкіл ұлтқа, қала берді адамзатқа тән аксиологиялық сөз, қолданысы кең лексикалық бірлік.

Сөзді ойната білу шеберлік, шешендік болуы мүмкін, бірақ ойды ойната отырып, белгілі бір ұлттың концептуалдық дүниетанымындағы когнитивтік кеңістікті тілдік астармен әдіптеу кез келген суреткердің қолынан келе бермейді. Тілдік тұлға санасында концепт қалыптасудың ерекшеліктері, ең алдымен, зерттелінетін, яғни концептіні репрезенттейтін лексемадағы жеке, авторлық мағынаның берілуімен байланысты. *Ел* – дәстүрлі танымда белгілі бір жерді мекендейтін, адамдардың тарихи қауымы. *Ел* сөзі ғылыми әдебиетте негізгі екі мағынада саяси және мәдени этникалық мағынада қолданылады. Алғашқы мағынасында *ұлт* сөзінің синонимі болып табылады. «Халық этнологиясында» *ел* сөзі өзім-өзге оппозициясының контекстінде түсіндіргенде негізгі ұғым болып табылады. Халық ауыз әдебиетінде өз халқы туралы жақсы түсінік қалыптастырылады, ал *өзге* ел туралы физикалық, әлеуметтік немесе моральдық қатынастар ауытқымалы болады.

Тілдің когнитивтік бағыты мынадай екі мәселені шешуге негізделеді:

1. Санадағы кешенді білімнің танымдық құрылымын анықтау;
2. Оның концептуалдық жүйелену тәсілін, тілдік көрінісін айқындау [5, 79 б.].

Профессор Э.Сүлейменованың зерттеуінде тілдің когнитивтік аспектіде көрінуі ондағы мазмұнның жан-жақты танылуы мен дүниені бүтіндей меңгеруден байқалады. Бірақ тіл жеке тұрып ақиқат дүниені бүтіндей таныта алмайды [6, 127 б.]. «Ел» концептісі индивидуалды түсінікте және поэтикалы бейнеленуінде автордың жеке ситуациялары мен метафоралау тәсілдері арқылы ерекшеленеді. Оны концептінің когнитивтік моделі арқылы анықтай аламыз.

а) «Ел – панасыз бала» когнитивтік моделі. «М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Абыз аузынан шыққан мына бір сөздерде елдің алаңсыз қалпы «от шашып ойнаған балаға» бейнелене ассоциацияланып, ел басына төніп келе жатқан қауіп-қатер болмай қоймайтын құбылыс ретінде сипатталады:

Абыз... Барары жоқ, байлау жоқ,

Ерім қайтып күн көрер!

Бәріңнің де нәрің жоқ,

Елім қайтып күн көрер?!

Кәрі көңіл – о бір зар. Күні еңкейіп көлеңке басқан бейуақтай. Самал желі мұздай, көк майсаны сыздай етті. Бізғар сезген бойым бар. Панасыз ел – баладай... Аспанда қара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылдап ол келеді. Соны

білмей бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды, от шашып ойнайды. Қамыққан қамқор қаны... Бек буынған бағлан батыр қаны [7, 8 б.].

Бұл жердегі қара бұлт пен ақ бұлт шарпысып деген авторлық метафора ел басына төніп келе жатқан жамандықты имплицитті түрде адресатқа жеткізіп тұр. Сондай-ақ бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды, от шашып ойнайды деп автор ассоциациялық когезияны, оның ішінде бейнелік когезияны шебер қолданып тұр. Ассоциациялық когезиямен ұштасып, ақиқаттың сезім арқылы қабылданатын объектілері туралы түсінік оятатын байланыс түрлерін И.Гальперин бейнелік когезия деп түсіндіреді [5].

ә) «Ел – ер тірегі» когнитивтік моделі. Ұлттық дүниетанымдағы ер елі үшін туып, елі үшін өледі деген пікір М.Әуезов драмаларында ерекше мәнге ие, «елі еріне қамқор болуы керек» деген пікір айтылады. Мысалы:

Қараменде. Ағайын, көзіңе қан толып, түгіңді сыртыңа теуіп, бүгінгі сөзге осыниша түйіліп отырсың. Осының артынан ертеңгі сөзге, ертеңгі бәлеге көзіңді салдың ба? Айтып отырған сөзіңнің жеңілі білегінің күші бар, жүрегінің түгі бар, осы отырған аламанның маңдай алды бір туысқан бауырының қанын төгем дейсің немесе екі ру елдің еңкейген кәрі, еңбектеген баласының қанын төгіп, жасын ағызамын дейсің. Ел шырқын бұзамын дейсің. Қай сөзіңде мақұлдық бар? Қай сөзіңде қасиет бар? Неңді қадір тұтайын! Қайран халқым, азғаның ба әрекемен осындай! (Жым-жырт. Аздан соң) Арадан жол тап, тыныштық ойла. Артыңдағы етегіңнен ұстаған еліңнің мойнына артқан қарызын ойла. Бізді апарып арандат, жаңа жерден жау тауып әкел деп ешқайсыңның елің де тапсырған жоқ [7,36 б.]. Жомарт (аздан соң). **Қазаққа қамқор болған Қараменде** деп аталып едің! Ұғушы құлақ болса, айтылмай қалған сөз жоқ! Батағөй қарттың сөзін сенің аузыңнан естіп отырмыз (Наймандар ыза болған пішін білдіреді. Тым-тырс.) [7, 37 б.].

Осы үзіндідегі **қ** әрпіне құрылған аллитерациялық құбылыс пен интонациялық үзілістер Қараменде мен қалың қауым арасындағы эмоционалдық ахуалды, мәдени-этникалық дәстүрді автор адресатқа асқан шеберлікпен танытып тұр. *Еріне пана бола алмаған елден не үміт, не қайыр* деген пікірді имплицитті түрде жеткізеді;

б) «Ел – сорлы» когнитивтік моделі. М.Әуезов дискурсында метафора құрамына енген ел лексемасы «ел» концептісі семантикасының бейнелік қабатын құрады, яғни бейнелік лексика-семантикалық компоненттер «ел» ұғымының ауыспалы мағынада белгілі бір заттық бейнелерге балануына қызмет етіп, тілдік білімдегі дәстүрлі таныммен қатар авторлық таным арқылы да көрініс табады. Мысалы, дәстүрлі *ел – сорлы* баламасы контексте оқушының санасында «қорғансыз, әділетсіздіктің құрбаны» деген реалистік фон жасайтынын байқаймыз. Мысалға мұғалім мен Жантас арасындағы мына бір диалогті келтіруге болады:

Мұғалім. Онда елдің басшысыз болғаны ма: жоқ, ең болмаса, ана адвокат Кәкеннің пікірін білу керек.

Жантас. Оны өзіңіз сынарсыз... Әйтеуір елдің шыдамы таусылып барады.

Мұғалім. Ел не істей алады? Адасады ғой **сорлы**!

Жантас. Бәрібір **тасты жапалақа ұрсаң да, жапалақ өледі, жапалақпен тасты ұрсаң да, жапалақ өледі**. Елге де сын, басшыға да сын болар.

Мұғалім. Мүшкіл, мүшкіл хал [7, 249 б.].

Бұл жерде елдің халінің мүшкілдігі жапалақтың дәрменсіз халі арқылы көрсетіліп, метафора мен теңеу қатар қолданылған. «Употребление сравнения и метафоры, которое предполагает их переход друг в друга, указывает на ассоциативный характер мышления автора» [5, 100 б.]. Шығармадағы көріктеу құралдарын пайдалану мен оларды тану шығармашылық қабілетті қажет етеді.

Драматург бір тізбекте метафора мен теңеуді, яғни тілдік құралдарды қолдану арқылы қабылдаушыға «ел» концептісінің бейнелік қабатын танытады.

Концептінің ұғымдық бөлігі қандай да бір зат мағынасының жалпы тұжырымдамасын емес, автордың сол затты немесе мағынаны қалай қабылдайтындығын бейнелейді. Бұл қабат даралық сипатқа иелілігімен ерекшеленеді, яғни мағынаның тұжырымдамасы автор үшін маңызды болып табылатын белгілерді сақтап қалуы тиіс. Бұл жерде автор үшін маңызды нәрсе – елі мен жерінің азаттығы. Оны мұғалімнің мына сөздері арқылы түсінуге болады:

Мұғалім. *Дұшпан екенім рас. Дұшпаным сен! Саған оқ атқан мынау (Жантасты көрсетіп) асыл ұлдар! Өлтірдім дейтін шығарсың! Жоқ, бұл сияқты өр ұлдарыңның қолымен біздің де дала дабыл қақты. Сарын қосты. Сол даланың азаттығына біз құрбанбыз!*

Мұғалім. *Ажал сағатың соғар. Түбіңе жетер осы сарын. Тұсау кестің, қанат қақтың. Қанат қақтың, қайран елім! Жаса, көгер, елім!* [7, 255 б.].

Концептінің құндылық бөлігі концептінің ұғымдық қабатындағы бағаға тәуелді болады. Ол баға жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін. Мысалы, М. Әуезов «ел» ұғымының терең мағынасын аша отырып, дағдылы мағынадағы *қара түн, тұяқ серпу* семаларының жалпы тілдік мағынасын Мұғалім сөзі арқылы: *Түн! Қара түн еді. Тұяқ серпіп еді, елдік көрсетіп еді, Бишара милләт, зұлмат түні әлі баста. Арылған жоқ* деп абстрактілі ұғымдарға айналдырады. Драматургтің қолдануындағы ел басына туған ауыр күн реңктік сипатына қарай бағаланып, қайғылы эмоция туғызады. Реңктік сипатын түс арқылы көрсетіп: *Қара түн, зұлмат түндеп* бағалайды.

Және де «ел» концептісі қазақ оқығандары бейнесінде де көрініс табады. «Қазақ» газетінің елге сәлемі:

Мұғалім (асығып, ашып оқып): *Мүмкін емес, жоқ, рас, соның қолы, «Қазақ» газеті идарасынан. Ең басшы, ақ жүрек азаматтың өзінен* (Отыра кетеді).

Жантас. *Не депті? Не бопты?*

Мұғалім (оқып): *«Елдің наразылығына сен де қосылатын түрі бар деп есітемін. Біз мұныға барымызша қарсымыз. Ол бүлікті қостама. Жігіттің берілгені игі. Біз солай ұйғардық. Милләт деп саналып азамат енді қайта жігітті бастап, фронтқа барсын. Тез қатеңді түзе. Басқа жол жоқ. Біз тілімізді алған елдің бәрін де тоқтатып, көндіріп жүрміз, елге жаның ашысын. Мағлумың!»* [7, 411 б.].

Бұл жердегі *ақ жүрек азамат* деп отырғаны – сол кездегі «Қазақ» газетінің басшысы Ахмет Байтұрсынов болатын. Ал «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшыларының көздеген түпкілікті мақсаты – қазақтың ұлттық мемлекеттігін қайта көтеру және Әлихан Бөкейхан өзінің «Қазақтар» очеркінде атап өткендей, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі негізінде «батыс мәдениеті жүзеге асырылуға тиіс» болатын. Алдына осындай мақсат-мүдде қойған «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшылары мақсаттарына монархиялық билік дәуірінде қантөгіссіз күрес жолымен жетуге ұмтылды. Алайда отаршыл империя заманынан аман шыға білген «Қазақ» газеті совет өкіметінің Қазақстанға билік орнатуға тырысқан алғашқы күндерінде-ақ – 1918 жылдың наурызында біржола жабылды. Міне, пьесадағы мұғалімге хат жолдап отырған газет редакторының мақсаты – «елді қан төгіс, қырғыннан аман алып қалу болатын». Отар ұлттың ұлттық рухы оянған кезде қоғамдық өмірге белсене араласқан М. Әуезовтің де көзқарасы сол тұрғыда қалыптасты. Ұлт-азаттық идеясы оның өмірлік мақсаты мен көркем ойының негізгі арқауы болып қалды деуге болады [6]. Алайда ол заманның саясаты бойынша, оны ашық айтуға болмайтын. М.Әуезов бұл жерде

алаш азаматтарының есімдерін келер ұрпаққа айтып кетуді өзіне борыш санағанын саналы, көкірегі ояу әр адамның сезетіні хақ.

Автор дүниетанымымен тікелей байланысты гештальттар – *елдің құйрығын қарға шаңшу, ұстазы жоқ елдей, Тобықты соры ашылмаған ел зой, найманның қалған елі қарғамасын, көк қасқаң елдің ұл-қызы біз болдық қой, Бірақ сені қарғасам да, қарғамаймын сорлы елімді* – кейіпкер бейнесін терең тануға мүмкіндік береді;

в) «Ел – көнбіс» когнитивтік моделі. Бір жағынан, патшалық отарлау саясатының езгісінде, екінші жағынан, елдегі болыстардың езгісіне шыдай алмаған ел көтеріліске шықты. Алайда *Ел сорлы – бақтың құсы емес пе, біреудің басына байыздап отыра ма? Болымсыз жем шаишаң, талайы-ақ еріп кетейін деп отыр* деген авторлық метафора арқылы тулап-тулап, қайта басылатын ел мінезінің көнбістігін дәл айтып тұр.

Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатын жүзеге асырушы әскери, әкімшілік шен иелерін *Сарала түйме таққан төренің елді, қазақты алғаш сатқаны бұл емес* (китель, мундирлерінің сары аралас түсіне қарай аталып отыр) деп, оларға наразылығын ашық айтып отыр. Яғни автор имплицитті түрде адресатына эмоциялық-экспрессивті бірліктерді асыра қолданбай, қара сөздің қарапайым қолданысымен-ақ нақты ойды дәл беріп тұр;

г) «Ел – бұзық» моделі. Еркіндік архетипі – құлдық бұғауға наразылықтың айғағы. Еркіндік архетипі – тұтас халықтар немесе оны құрайтын ұлттардың да сана-сезіміне сәуле құйғаны – тарихи даму диалектикасына әбден сәйкес құбылыс. Қайсыбір елдердің ішкі бірлігіне жетіп, іргесін бекітуі үшін тағдырдың талай соққыларын бастан өткізуі керек екен [6, 15 б.]. О баста момын, көнбіс елдің «бұзық ел» атануына не себеп? Автор мазмұндық концептуалдық ақпаратты жеткізуде үлкен шеберлік танытады. Мұндай ақпарат бүкіл шығармадан алынып, қоғамда болып жатқан және жазушы жасаған немесе оның қиялындағы әлемде болып жатқан қатынастарды, фактілерді, оқиғаларды, үдерістерді шығармашылықпен пайымдауды білдіреді. Мазмұндық-концептуалды ақпарат кейде жеткілікті айқын айтылмайды, сондықтан түрліше ұғындыруға мүмкіндік береді. Яғни 1916 жылғы патшаның қазақтан солдат алу туралы жарлығына ел қарсылығы мына диалог арқылы жеткізіледі:

Қыдыш. *Ұятты болдық, ұятты, қор қылды бұл ел. Бұзық ел, соны өзім әдейі сізге ауызба-ауыз айтайын деп келдім. Несін айтасыз?*

Болыс. *Ендеше, несі бар? Обалы өзіне! Әбден өрісіне жібердік, дандайсып, шарасынан асып алған екен...*

Ояз (өтірік күліп, суық жымып, біресе картаны лақтырып тастап, әкімше). *Басынан қыспай, азғана ықтияр берілген... Оны бұл халық былай мазақ қылған. Но жарайды. Енді бұл елді только өртейтін керек. Бұл – величайший указға қарсылық... Бунт. Подумаешь, біздің государь императордың подданствосында – рахат тыныштықта отырып, ақ патшаның жерінде отырып, білесіңдер ме, бұзылғандар сендер!.. Сендерге ол көп болған. Дикий, невежественный ақмақ халық! Оған патшаның жерінде мал бағып отырған аз болған, ә?.. Айтыңдар қазір (жерді теуіп), сейчас же, сендерше не істеу керек? [7, 262 б.].*

Өз жерінде отырып, жаттан осындай сөз есту кім-кімге де ұнай қоймас. Баяғы көнбіс, жуас ел патшаның өкілдерін бір қалтыратып алды. Автордың иллюкуциялық ұстанымы – әділетсіздікке қарсы осылай бір көтеріліп алса, бәлкім патша райынан қайтар деген үміт;

д) «Ел – сел» моделі. Сел – қар мен мұздың еруінен, қатты нөсердің әсерінен болатын су тасқыны. Бостандық үшін ешқашан күресін тоқтатпаған қазақ халқы Ресей отаршылдығына қарсы ірілі-ұсақты көптеген көтерілістер жасады. М.Әуезовтің ұлт-азаттық көтерілістер тақырыбын сөз еткен «Бекет»,

«Хан Кене», «Түнгі сарын» драмалары бар. «Түнгі сарын» пьесасының негізгі тақырыбы – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Пьесада патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Қазақстанның, Орта Азияның және ішінара Сібірдің «бұратана халықтарының» ер азаматтарын (19 бен 25 жас арасындағы) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салуға, окоптар қазуға) реквизициялау туралы жарлығына «тасқын судай кемерінен асқан» халықтың қарсы шығуы көрініс табады. Осы бір тарихи оқиғаны М.Әуезов пьесаның алтын өзегіне айналдырған. Көтерілісті бастаушылардың бірі – Тәнекенің ояз Казанцевқа айтқан сөзі арқылы көтерілістің туу себептерін, көтерілісшілердің алға қойған мақсатын түсінуге болады. Патшаның айдауына көніп, болыстың озбырлығына төзіп, жігіттерді ажал оғына бергенше, бас көтеріп, қарсы шығып, азаттық жолында өлуге даяр. Яғни «июнь жарлығы» – төзімнің бітуі, ең соңғы шегі. Алайда тасқын селдей күш көрсеткісі келген елдің күш қайраты *Тұяқ серпіп еді. Бишара миллат ә, зұлмат түні әлі баста... Арылған жоқ* деп мұғалім айтқандай сәтсіз аяқталса да, Жантастың *Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық, зорлық еді. Әйтеуір соған қарсы бір де болса қылыш суырып, оқ аттық. Қалғаны не болса да, арман емес* деген сөзінен автордың сол көтеріліске деген өзіндік көзқарасын келер ұрпаққа шебер жеткізе білгенін көруге болады. Бұл жерде автор тілдік тұлғасының тағы бір қыры – азаматтық тұлғасы ашылады.

М.Әуезовтің драмалық шығармаларындағы «Ел» концептісін талдау барысында төмендегідей нәтижелерге көзіміз жетті:

Ел тобыр сияқты, көпшілік – 80%

Ел азамат, қоғам – 75% Оның ішінде 50% жағымсыз бейнеде «халықтың құлы», *ел әділетсіздіктің құрбаны*.

Күнкөріс қамымен жүрген қарапайым ел – 90%.

Ел - ұлт – 100%.

Ел мемлекет иесі – 100%.

Ел - еңбекші халық – 100%.

Контекстегі ел концептісін құрайтын негізгі маркерлі сөздерді бөліп көрсетуге болады: *тонау, билік, ұлттық байлық, жабайы, қазақ халқы, киелі, ояну, ашулы ел, шыдамды халық*.

Автордың елді тобыр мен көпшілік ретінде суреттейтін сөздер мен сөз тіркестері: *ел - бала, бейшара ұлт, шыдамды, сабырлы ел, ернеуінен асқан ел, ел - бұзық, ел - бауырсақ, жабайы, жақсылықты білмейтін ел, Алаш азаматтары*;

Елді қоғамның азапаттары ретінде бейнелейтін маркерлер: «төңкеріс», «ұттық байлық» т.б.;

Елді қоғамның қарапайым мүшесі ретінде суреттейтін келесі «*ел әлі ұлттық-азаматтық көтеріліске пісіп жетілген жоқ*», «*ел байғұс тұяғын серпіп еді*», «*ел жеңіліске ұшырады*», «*июнь жарлығы*» және *патшаға, болысқа қарсы көтеріліс* тәрізді тілдік бірліктер арқылы көрініс береді.

Ұлт ретінде халық «киелі», «қазақ елі», «қазақ тарихы» маркерлері арқылы анықталады.

Еңбекші ел М.Әуезов драмаларында «*ашынған ел*», «*шыдамды ел*», «*ернеуінен асып төгілгені тұрған ел*», «*тұсау кесіп, қанат қаққан ел*», «*қара түн*», «*сорлы ел*», «*бұзық ел*», *елдің құйрығын қарға шаниу, ұстазы жоқ елдей, Тобықты соры ашылмаған ел ғой, найманның қалған елі қарғамасын, көк қасқаң елдің ұл-қызы біз болдық қой, Бірақ сені қарғасам да, қарғамаймын сорлы елімді* т.б. бейнелі тілдік бірліктер арқылы көрінеді.

Қорыта айтқанда, драмалық дискурстағы ел концептісінің когнитивтік модельдері ел ұғымының концептуалдық жүйесін құрайды. Байқап отырсақ, автор тілінде метафоралық көрініс белсенді қызмет атқарған.

Әдебиеттер:

1. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
2. Смағұлова Г.Н. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы, 2007. – 152 б.
3. Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. – Воронеж: ВГУ, 2000. – 271 с.
4. Мұсатаева М.Ш., Тымболова А.О., Есенова Қ.Ө. Лингвокогнитологияның өзекті мәселелері. – Алматы: Елтаным, 2014. – 258 б.
5. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 139 с.
6. Әуезов М. шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы. – Алматы: Signer Print, 2011. – 432 б.
7. Әуезов М. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. – Алматы, 2001, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. – 368 б.

Кушкимбаева А.С.

**КОГНИТИВНАЯ МОДЕЛЬ КОНЦЕПТА «НАРОД» В
ДРАМАТИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ М.АУЭЗОВА**

В статье раскрывается особенность передачи концепции «народ» в драматических произведениях М.Ауэзова. Описание концепции «народ» с семантической точки зрения (лингвокультура) полностью раскрывается на основании взаимосвязанных и взаимодополняющих друг-друга трех компонентов. Концепция «народ» сосредоточена в поле периферии далекая, близкая, отдаленная. Концепция «народ» - одна из доминантных слов, подчеркивающих аксиологическое поведение М.Ауэзова. Это свойственное всей нации, всему человечеству аксиологическое слово, лексическая единица, имеющая широкий диапазон применения. Когнитивная модель Концепции «ел (народ)» разделяется следующим образом: «народ–сирота», «народ–опора», «народ–терпение», «народ–бунтарь», «народ–лавина». Когнитивные модели концепции ел (народ) в драматической дискурсии составляет концептуальную систему понятия народ. На языке автора активная деятельность метафорического явления описана конкретными примерами.

Ключевые слова: когнитивная модель, концепт, метафора, семантическое поле, периферии,

Kushkimbayeva A.S.

**A COGNITIVE MODEL OF THE CONCEPT "PEOPLE" IN THE
DRAMATIC WORKS OF M.AUEZOV**

The article considers the feature of the transmission of the concept “people” in dramatic works of M. Auezov. The describing the concept “people” from the semantic point of view is fully disclosed by 3 interrelated components. The concept ‘people’ is focused in the field of periphery far, close and remote. The concept “people” is one of the vast and stresses the axiological behavior. This is axiological word and lexical unit is common among nation and all humanity. It has wide range of use. Cognitive model of the concept “people” is divided into: people – orphan, people – reliance, people – patience, people – rebel, people – avalanche. Cognitive model of the concept “people” in dramatic discourse forms conceptual system of the notion “people”. The active work of metaphoric phenomenon is described by concrete examples in the author’s language.

Keywords: cognitive model, concept, metaphor, semantic field, periphery.

ӘОЖ 415.61

Рысбаева Г.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
E-mail: guldarhan@inbox.ru

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ БАСТЫ РУХАНИ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БІРІ – БАТА-ТІЛЕК СӨЗДЕР

Аңдатпа. Мақалада түркі халықтарында кездесетін түркі мәдениетінің басты рухани элементтерінің бірі – бата, бата-тілек сөздер туралы және бата берудің негізгі ерекшеліктері суреттеледі. Бата мен тілек, екеуі синонимдес ұғым. Онда бүкіл халық болмысының наным-сенімі, рухани-мәдени өмір тәжірибесі суреттелген.

Тірек сөздер: бата, бата-тілек сөздер, бата беру, оң бата, ақ бата, алғыс бата, теріс бата, қарғыс мәнді сөз тіркесі, жағымды образ, дүниетанымдық түсінік.

Бата, бата-тілек сөздер барлық түркі халықтарында кездесетін түркі мәдениетінің басты рухани элементтерінің бірі, ғасырдан-ғасырға ұласып бізге жеткен халқымыздың киелі мұрасы. Бата беру – халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Адам санасында бата-тілек сәттілік пен бақытты тілеу ғана емес, сонымен қатар жақсы сөз болар істің нәтижелі де жақсы бітуіне өз септігін тигізетініне деген зор сенімнің айғағы. Бата, бата-тілек сөздерде сөз культін көрсететін дүниетанымдық түсінік бар. Бата берудің негізгі ерекшеліктері мынадай: 1) Бата кез келген жерде айтыла бермейді, өзіндік орны бар. Мысалы: нәресте дүниеге келгенде, шілдеhana тойында, тұсау кескенде, үйлену тойында, қыз ұзатқанда, ұлыстың ұлы күнінде, дастарханға батасы немесе ас қайыру батасы, т.б. 2) Батаны ақсақал адамдар, құрметті, елге өте сыйлы адамдар береді. 3) Бата беру кезінде батагөй өз атынан ғана емес, дүйім жұрт, алқалы топтың атынан сөйлейді. 4) Бата сөздер әндетіліп айтылмайды, мәнерленіп тапқаттата, көтеріңкі үнмен, әуезбен айтылады. Аталған ерекшеліктер барлық түркі-монғол халықтарының алғыс, бата беру рәсімдерінде анық байқалады. Батаның түрлері көп. Олар: дастархан батасы немесе ас қайыру батасы; жаңа айдың батасы; Наурыз батасы; Рамазан батасы немесе жарапазан батасы; үйлену салтына байланысты бата сөздер; шаңырақ көтергенде айтылатын бата сөздер; келін түсіргенде айтылатын бата сөздер, көпшілікке айтылатын бата сөздер; шілдеhana тойында айтылатын бата сөздер; сүндет тойға байланысты бата сөздер; соғым сойғанда айтылатын бата сөздер; жол жүргенде айтылатын бата сөздер; төрт түлік малға айтылатын бата сөздер; діни бата сөздер; қаралы жерлерде айтылатын бата сөздер, т.б.

XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың басында қазақ фольклорының бата, алғыс, қарғыс тәрізді жанрларын В.Радлов, Г.Потанин, А.Васильев, А.Диваев, М.Көпеев, Н.Катанов, Х.Досмұхамедұлы және т.б. жазып жарыққа шығарған.

«Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер» деген мақал батаның елді позитивті рухқа жұмылдырып, саламаттығын сақтап, бірлік-ырысын тәрбиелейтін рөлін көрсетеді. Х.Досмұхамедұлы қазақ фольклорының бата, алғыс, қарғыс тәрізді жанрларын сипаттай отырып, бата туралы былай дейді: «Қазақ қауымы арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын, зергер, т.с.с. табиғат сыйлаған дарын-өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім кең таралған. Сондықтан да осындай атаққа немесе

өнерге ыңғайлы, икемі барлар сол саланың атақты өкіліне аттанады және қайтсе де оның көңілін тауып, ақ батасын алуға тырысады. Қазақ арасында белгілі бір би, атақты ақын, аруақты бақсы не зергер пәленшеге, түгеншеге өзінің ақ батасын беріп, ақыл-өсиетін айтыпты, сонан соң ол да би, ақын, бақсы не зергер болыпты дегендей аңыз-әңгімелер орасан көп» [1, 21 б.]. Бата беру дәстүрі сөз қуатына, сөздің құдірет күшіне сенуден туған, бұлар сияқты алғыс, қарғыс мәндегі сөздерде сөздің магиялық қасиетіне деген сенімнің айғағы.

Бата беру түркі халықтарының көбінде бар. Мәселен, қазақ, қырғыз халқында ғана «**бата**» айтылады. Басқа көптеген түркі халықтарында батаның орнына «**алғыс**» айтылады, бірақ екеуінің де мағыналары бірдей.

«**Алғыс**» сөзі көне түркі тілінде «**алғыш**» деп аталады, Көне түркі тілінде «алкыш» сөзінің болуының өзі – оның өте ерте заманда қолданғанын айғақтайды. Мысалы, «Көне түркі сөздігінде» былай деп жазылған: «**Алкыш**: 1. хвала, благословение, прославление; 2. рел. молитвенно-хвалебное песнопение, моление, молитва, гимн» [2, 38 б.]. Демек, алғыс: 1) мақтау, мадақтау, тілек айту; 2) діни мазмұндағы жалбарына мадақтау өлеңі, жалыну, жалбарыну. Түркі халықтарының фольклорында алғыстың осы екі мағынасы да сақталған, әрқайсысында сәл-пәл айырмашылық бар.

Кейбір түркі халықтарында батаның орнына «алғыс» айтылады, бірақ екеуінің де мағыналары бірдей. «Алғыс» сөзі әртүрлі фонетикалық өзгеріске түседі. Мысалы, алтайлықтарда «алғыш», «алкыш», «алқыш сос», қарашай-балқарларда «алгыш», қырғыздарда «алкыш сөс», татарларда «алгыш», «алкыш», ұйғырларда «алкиш», әзербайжандарда «алгыш», қарқалпақтарда «алғыс», сахаларда «алгыс», туваларда «алгыш» деп аталатын өзара мәндес сөздер. Ал, енді осы сөзге қандай анықтама берілген, соған көңіл бөлейік. Алтай халықтары «игі тілек, өтіну, жалбарыну» десе, қарашай-балқарларда «жақсы тілек тілеу», татарларда жаратушы күш тәңірге сыйынып, «ізгі тілек тілеу» делінеді. Ұйғырлар алғыс деп сәлемдесуді, қол соғуды, әзербайжандар бір-бірін амандықпен қарсы алуды, қарқалпақтар игі тілек тілеп, «мадақтау» сөздерді айтады. Сахалар, тувалықтар алғыс деп әртүрлі рух-иелерге арналған мақтау өлеңдерін, соларға бағышталған жалыну, жалбарыну сөздерін, адамдарға арналған жақсы тілектерді түсінеді. Осы аталған халықтардың бәрінде алғыс үлкен мерекеде, үйлену тойында, тағы басқа қуанышты басқосуларда айтылатынын көреміз.

Ертедегі түркі халықтарында *алғыс сөзі* әрі жалбарыну, әрі арнау, әрі тілек ретінде қолданылған. Енді көркем шығармалардан мысалдар келтірсек, қарашай-балқар тілдерінде: «*Аллах джол берсин!*» – «*Алла қолдасын!*» «*Аллах онъартсын!*» – «*Алла оңғарсын!*» деген мағынада. Татарлар «құрбандық шалу» мейрамында құдайға құлшылық жасап, сыйынып, алғыс, тілек айтып «алкышлар» (алғыстар), «теләкләр» (тілектер), «догалар» (дұғалар) оқитын болған. Мысалы, «*Йоллык догасынан*» үзінді келтірейік:

Ут Анабыз, сиңа корбаан бирәбез, кабул ит!

Ут Анабыз, барча кайгыларыбыздан, бәла-казаларыбыздан,

Хәсрәтле-уйларыбыздан, яман чирләрдән,

Зәһәр нурлардан тәнебезне-күңелебезне арула!

Бәек Тәңрем! Атам минем! газиз углың сиңа ялвара!

Күк Тәңрем! Синен көчең, көдрәтең артсын!

Олыг Тәңре! Үзең ярлыка барлыка языклардан!

Кайраккан, Кайраккан! Алас! Алас!

* * * *

Чулпан бабай мал бирсен,
Зәңге бабай юл бирсен,
Умай-ана углы бирсен,
Кызыр-Батман кул бирсен! [3, 30 б.].

Бұл үзіндіден татар халқының жиі қолданып, құрмет тұтатын «Ут Ана», «Бөек Тәңрем», «Күк Тәңрем», «Умай-ана», қазақ халқындағы «От ана», «Көк Тәңірі», «Умай ана» культтік атаулармен мәндес, лексикалық мағыналары ұқсас дүниетанымдық бірліктер.

Бата сөздердің айтылу мақсатына қарай бір-біріне қарама-қарсы мәндегі екі түрі бар: бірі – **оң бата** немесе **ақ бата**, яғни **алғыс бата**, екіншісі – **теріс бата**. «Оң бата алғыс алған адамның жолы оңғарылып, ісі сәттілікпен аяқталып отырады, керісінше, теріс бата алған, қарғыс естіген адамның басына қауіп төніп, болашақта көп қиындыққа кездеседі» [4, 272 б.].

Алғыс бата. Алғыс бата көбінесе біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Бата – ақ тілеудің белгісі. Бірер батаның үлгісін келтірейік.

Дастарханға бата немесе ас қайыру батасы. Көбінесе бата тамақтанып болған соң дастарханға айтылады, яғни ризашылықпен беріледі. Бата беруші адам көбінесе бата тілейтін адамға өзінің тілегін білдіріп, «Құдайдан қайырым» тілейді. Мысалы:

Асың, асың, асыңа!
Береке берсін басыңа.
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап.
Қыдыр келсін қасыңа.
Сенен байлық өтпесін,
Тәңірі берген несібең.

Жаңа айдың батасы. Жаңа айды көргенде ежелден қазақтар:

Ай көрдім, аман көрдім,
Ақиреттік заман көрдім.
Жаңа айда жарылқа,
Ескі айда есірке –

деп бата жасап беттерін сипайды. Бұл діншілдік емес немесе соқыр сенім емес, ол адамдардың табиғатқа, құбылысқа, ауа райына байланысты ежелгі мифтік таным, түсінігінің сақталып қалған бір көрінісі.

Науырыз батасы. Науырыз мейрамында айтылады.

Құдай жарылқасын!
Бай қылсын!
Бақ қарасын!
Қыдыр дарысын!
Аруақ жебесін!
Дастарханға береке берсін!

Осы айтылған тілек-бата тек Наурыз кезінде ғана емес, басқа уақытта да айтыла алады.

Жарапазан батасы. Жарапазан рамазан деген сөзден шыққан. Ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Жарапазанның ел арасында кең тараған нұсқасы мынадай:

Үйің, үйің – үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Ақ төбедей көрінген
Қандай байдың үйі екен?
Кірсін дәулет,

Шықсын бейнет.
 Қиын дейді қиямет,
 Жақын дейді ақирет.
 Ажалға Құдай сабыр ет.
 Былай жүрген сайтанның
 Мойнына мінсін тауқымет!
 Разы болғанда жарапазан айтушының батасы мынадай:
 Бөлшіл, бөлшіл, бөлшіл бол,
 Боз торғайдай төлшіл бол,
 Ор қояндай көзді бол,
 Жиреншедей сөзді бол.
 Бәйтеректей бүрлі бол,
Пайғамбардай нұрлы бол.
 *** **

Таң мезгілі болғанда
 Төсегіңнің басынан
 Жастығыңның астынан,
 Бөденедей шырылдап,
 Бозторғайдай шырылдап,
Қыдыр келіп дарығай!
 Аллау ақпар!

«Бата» мен «тілек» әдетте мағыналас сөздер ретінде қатар жұмсала береді, бірақ бата сөзбен тілек сөздің бір-бірінен айырмасы бар. Тілек-бата сөздерінің мәтіні қазақ халқының ғасырлар бойы өмірден түйген тәжірибесінен алынған. Бата мен тілек, екеуі синонимдес ұғым. Онда бүкіл халық болмысының наным-сенімі, рухани-мәдени өмір тәжірибесі суреттелген. *Батада* күнделікті өмірдің пайдалы жағын салыстыру сипатымен қатар анимистік-магиялық наным-сенімдердің элементі кездеседі. *Тілек* – адамның келекшеkte істелетін ісінің күні бұрын бейнеленуі. Тілек – ерік-жігердің бастапқы буыны. Өте ерте заманнан салтқа енген бата беру кейде өлеңмен, кейде тақпақ, кейде көркем қара сөзбен айтылса, тілек айту қара сөздермен беріледі.

Тілек-бата сөздердің лексика-семантикалық құрамында бұрыннан тілдік қолданыстағы жүрген «Құдай, Алла, Тәңір» культтік лексемалар және аталған культтік лексемалардың қазақ тіліндегі баламасы *Жаратқан, Жаратушы, Жаппар, Жасаған, Жасаған Ием, Ие* сөздері жиі кездеседі. Тілек-батаның өзі құдайдан сұрау, жалбарыну, тілек айту сияқты ой ниетінен туатындықтан, тұрақты культтік фразеологизмдердің орын алуы заңды. Жалбарынудың көбінің көлемі өте қысқа, ол бір-екі жол өлең немесе ырғақты қара сөзден құралады. Бата сөз – көне наным-сенімдерге негізделген сөз магиясы арқылы адам өміріне жақсылық, сәттілік әкелетін, сонымен бірге белгілі бір істі мақұлдауды, оған ризашылық білдіруді мақсат тұтатын белгілі бір ритуалмен орындалатын ерекше ғұрып.

Ал тілек сөздерде ритуал болмайды, жасы үлкен адам жасы кішіге «рахмет» деген сөзбен қоса ризашылығын білдіру үшін айтады. Тілек сөзді, сондай-ақ той-жиында, дастархан үстінде, сөз алғанда кез келген адамның айтуы мүмкін. Жақсы тілек айту, алғыс мәнді культтік фразеологизмдерге: *Құдай ұзағынан берсін! Құдай жарылқасын! Құдай жар болсын! Алла жар болсын! Алла жарылқасын! Тәңір жарылқасын! Тәңір бағыңды ашсын! Тәңір береке берсін! Тәңір ием жар болсын! Тәңір қолдасын!* – құдай оңдасын, сәтін берсін деген мәндегі алғыс. *Құдай тілеуіңді [тілеуің] берсін! Тәңір тілеуің [тілеуіңді] берсін! Тәңір қуат берсін! Тәңір пана болсын! Тәңір оңдасын! Алланың нұры жаусын!* – мақсатыңа жет, ойыңдағы орындалсын, жолың болсын деген

мағынадағылар жатады. *Жаратқан Алла жар болсын! Жаратқан жарылқасын! Жасаған ие жарылқасын! Жасаған құдай жар болсын! Жасаған ием қолдасын! Жаппар ием жар болсын! Жаппар ием жарылқасын! Жаппар құдай жарылқасын!* – жолың болсын, дегеніңе жет деген тілек мәнде жұмсалатын фразеологизмдер. *Періштенің құлағына шалынсын! Алдыңнан ақ күн тусын, артыңнан ай тусын! Көп жаса! Жолың болсын! Көсең көгерсін! Халқыңның қалаулысы бол! Жұптарың жазылмасын!* т.б. деген тілек мәнді сөз тіркестері де айтылады. Мысалы, Балам алыс сапарға кетіп барады. *Жаппар құдай жарылқа!* («Қазақ ертегілері»). *Періштелер қорғай жүрсін!* – айтқаның келсін, тілегің орындалсын деген мағынада. *Періштелер қорғай жүрсін, Ақындар толғай жүрсін, Үйің қонақтан арылмасын, Құдайым пейіл-тілегіңді жарылқасын!* («Беташар»).

Бата кез келген жерде айтыла бермейді. Бата сөзді дастархан жиналар сәтте тек қадірменді, жолы үлкен, сыйлы адам ғана айтады. Сондай-ақ бата айтқанда алақан жаю, бет-сипау тәрізді аллау акпар, әумин тәрізді сөздердің айтылуы шарт. Бата сөзі тілекке қарағанда ұзақтау болып келеді.

Академик В.В. Радловтың «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты еңбегіндегі бата сөздердің кейбір үзінділерінде көбінесе «Құдай» культтік лексемасы жиі кездеседі:

*Е, құдайым, жарылқа,
Жарылқасаң, малды қыл!
Біткен жұрттың алды қыл!
Бұған қас қылғанның,
Малын алып, зарлы қыл!
Е, құдайым, бала берсін!
Мал мен басты пана берсін!
Саған қас қылған дұшпанды
Табанының астына сала берсін!*

Бұл орайда А.Васильевтің «Қазақтың халықтық ауыз әдебиетінің үлгілері» бойынша 1905 жылы Орынборда «Бата сөз» деп аталатын жинақты бастырып шығарғанын атап айтқан жөн. Аталмыш кітаптағы бата үлгілерінде де культтік фразеологизмдер кездеседі:

*Е, құдайым, жаздай бер,
Жаздай берсең, жазбай бер!
Е, құдайым, күздей бер!
Күздей берсең, үзбей бер!
Е, құдайым, қыстай бер!
Қыстай берсең, қыспай бер!
Е, құдайым, көктемдей бер!
Көктемдегі көгеріп өскендей бер!*

Бата беру рәсіміне байланысты сөз тіркестерінде бата тілеушіге жақсылық тілей отырып, оның дұшпанына жамандық тілеу қатар айтыла береді. Оны мына өлең шумағынан көруге болады:

*Бармаймын енді әріге,
Дұшпанның жолы тарылсын.
Осы айтқанымның бәрі де*

Періштенің құлағына шалынсын! («Беташар»).

Берілген мысалдағы **періште** діни мәндегі сөз көбінесе тілек, батаның соңғы бөлігінде жиі қолданылады. *Періштенің құлағына шалынсын* деген тіркес – айтқаның келсін, ал *періште ұяласын* – қолдасын, айтқаны болсын деген мағынада.

Біреу сапар шегер алдында, үлкен іс бастар алдында тағы басқа реттерде оған оң тілеу айтып бата берген. Бата сұраушы адам қолын жайып, бір тізесін

бүгіп отырады. Бата беруші адам *оң бата* бергісі келсе, екі қолын жоғары көтеріп, алақанын оң жайып, ақ тілек тілейді, *ал теріс бата* беретін адам қолын (алақанын) теріс қаратып көтереді, дәстүрлі қазақ қоғамында теріс бата алғаннан жаман қарғыс болмаған. Бұл белгінің өзі батаның оң не теріс бата екендігін, тілек айтылмай-ақ бірден танытады. Бата әр уақытта жақсылық тілеуді ғана білдірмейді, сонымен бірге жамандық «қарғыс тілеуге» де құрылады. Теріс бата «бата» деп аталғаны болмаса қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай бата сенімді ақтамаған, өзіне қолы, тілі тиген баласына әкенің қолын теріс жайып берген қарғыс батасы. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылған және ол атадан балаға ұмытылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарды халық та жек көрген. Мысалы: Қыз Жібек жырында Төлегеннің әкесі тілін алмағаны үшін «теріс бата» берсе, анасы «оң батасын» береді. Мысалы, Сонда ел-жұрты: – *Құдай пешенеңді ашсын!* – деп батасын береді. Содан соң Төлеген әке-шешесінен бата сұрайды («Қыз Жібек»). «Абай жолы» романында М.Әуезов осы батаның рәсімін суреттеген: Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр. Бұл *теріс батаның, қарғыс батаның белгісі* (М.Әуезов).

Бата мен алғысқа қарама-қарсы сөз магиясының бір түрі – қарғыс.

Қарғыс туралы алғаш рет жазған Х.Досмұхамедұлы: «Қарғысты дұшпанына, әкесі – көңілі әбден қалған ұлы мен қызына, молда – діннен безгендерге, ру басы – жаугершілік кезінде елін сатқандарға және т.б. береді» – деп анықтайды [1, 21 б.]. Қарғыс мәндегі сөз тіркестерінің пайда болуы қоғамның өткен дәуіріндегі ескі әдет-ғұрыптарға, салт-санаға және діни жол-жораларға байланысты. Ежелден тіл өнері қонған халқымыз қарғыс айтуға да шебер болған. Қарғыс ата-анаға, үлкенге, тілі, қолы тиген, тәртіп бұзған, ел атына, руына кір келтірген, көпке зәбірі тиген, кісі өлтірген тағы басқа жат қылық, ерсі іс, теріс мінез көрсеткен адамдарға айтылады. Қарғысты айтқанда дұшпанының артынан топырақ шашып, теріс бата беретін болған. Мәселен, Базарбай Төлегенге ерем деушілерге «тұзға қосып, теріс бата берем» деп, сес көрсеткен. Бұдан қарғысты айтушы әртүрлі ырымдар жасап, тұз, топырақ, шөп, тас, т.б. символикалық заттармен ғұрыптық әрекеттер жасап орындайтыныны байқалады.

Қарғыс сөздер батаның құрамында да айтылады. Мысалы,

Саған қас сағынған дұшпанның

Өз руы құрысын

Құдайым, малды қыл,

Тең-құрбының алды қыл.

Қас сағынған кісіні

Қасқа шұнақ жарлы қыл.

Теріс бата жалпы семантикасы, қызметі, формасына қарай қарғыс ретінде жүреді, бірақ қарғыстан айырмашылығы – қол жаю қимыл әрекеті болуы шарт.

Қарғыс пен алғыстың өте ертеде пайда болғанын айта келе, ғалым Ә.Болғанбаев былай дейді: «Бұлардың негізгі идеялары көбіне діни ұғымдармен тығыз байланысты. Кісінің аузынан шыққан алғысы мен қарғысы арқылы адам баласының, жан-жануарлардың өмір тіршілігін оңайлатуға немесе қиындатуға, ұзартуға немесе қысқартуға болады деген теріс ұғымнан келіп туған». Ғалым қарғыс мәнді тіркестерді үш топқа бөледі: 1) малға айтылатын қарғыстар; 2) адамға айтылатын қарғыстар; 3) затқа, тамаққа айтылатын қарғыстар [5, 121 б.]. Алғыс көбінесе адамға қаратылып айтылады, ал, қарғыс адамға да малға да айтыла беретіндігі культтік лексемалардан байқалады. Олар: *Құдай тас төбеңнен ұрсын! Құдай төбеңнен ұрсын! Құдай ұрғыр! Алла жазаңды берсін! Аруақ атсын! Тәңір алғыр! Тәңір алсын! Тәңір атқыр! Тәңірі тапсын! Тәңірден тап! Тәңір кессін!* – алланың қаһарына ұшырағыр, тәңір атқыр! деген мағынадағы жұмсалады. Мысалы, Ей, сені *құдай тас төбеңнен ұрсын! Құдай*

ұрғыр неме! («Ертегілер»). Шық, көрінбе көзіме, қуарған. Құдай төбеңнен ұрғыр! Тек төбеңнен құдай ұрсын. Айуан шошқа! – деп айдап шықты (М.Әуезов).

Балаға да, үлкенге де айтылатын ортақ қарғыстар: Құдай атқыр! Құдай төбеңнен ұрғыр! Құдай жазаңды бергір! Құдай көрсетсін! Алла бұйыртпасын! Алла жазаңды берсін! Тәңір тапсын! Тәңір алғыр! Жер жастанғыр! Тұқымың құрғыр! Қыршың жасың қиылғыр! Нан соқсын! Аруақ атсын! т.б. **Малға айтылатын қарғыстар:** Құдай ұрғыр! Топалаң келгір! Аштан қатқыр! т.б. Мәселен, түрікше: *Allah cezasini versin!* – Алла жазасын берсін! *Allah canini alsin!* – Алла жаныңды алсын! қарашай-балқар тілінде: *Аллах урсун!* – Құдай ұрсын! деген мағынада жұмсалатын фразеологизм қазақ тілінде жиі кездеседі.

«Қарғыс» татарларда «гаргыш», туваларда «қарғыш», алтайларда «қарғыс» деп аталып, қара ниетті рухтарға сенуден деп, үнемі қарғыс мағынада қолданылады. Алтай қарғысшылары қызыл іңірде айтылған қарғыс өтімді деп сенген. Тува бақсысы «қарғыш» айтқанда қара тонын, қара бөрігін киіп, қара даңғырасын, қара шоқасымен ұрып ойнаған. Қара дағы бар қара тілді, бір көзі шегір нысаналы адам айтса, яғни Тәңірі керемет сипатта жаратқан жандар айтса, орындалады деп нанған.

Әзербайжандарда «алғыс» және «қарғыс» сөзінің тууы, ақ және қараниетті рухтарға сенуден, жақсылық жіберсек жақсылығымызды, жамандық жіберсек – соған қарымта аламыз деген ұғымнан тараған» [6, 95 б.]. Ал татарларда жаратушы күш тәңірге сыйынып, алғыс айтылады, «алғыс» – «алғыш», «қарғыс» – «гаргыш» сөзінің тууы, ақиетті және қараниетті рухтарға сенуден деп айта келе, А.М. Абдурахманов өз ойын былай жеткізеді: «Возможно, что слог «ал» в слове «алгыш» и слова «гара» (черный) лежащее в основе слова «гаргыш» и есть ни что иное, как имена определенных духов. Причем первый из них является покровителем добрых, второй – злых духов. Каждое из двух отмеченных слов «ал», наряду с прочным смысловым оттенком, означает также «род», «племя» и даже «обман», «хитрость» [7, 30 б.]. Демек, түркі халықтарында «алғыс» және «қарғыс» сөздердің мән-мағынасын, ұқсастықтарын байқадық.

Қазіргі дүниетанымымызда «Құдай, Алла, Тәңірі» концептісінен туындаған сөз тіркестерінің аясы өте кең. Осы культтік сөздердің тірек болуымен алғыс, қарғыс, бейтарап мағынада қолданылатын, этносқа тән дүниенің тілдік бейнесін танытатын когнитивтік бірліктер, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер көптеп саналады. *Тілімізде алғыс мәнді* сөздерге бата беру, жақсы тілек айту сияқты сөз тіркестерінің де қатысы бар. Тілек сөздердің бәрі де жақсылық тілеу ниетімен айтылады. Көркем шығармаларда бата сөздердің ғасырлар бойы өңделіп, қырланып, қазіргі дамыған деңгейге жеткен үлгілері жиі беріледі. Тарихи даму барысында оның өне бойына қазақ халқының сан ғасырлық тарихи өмірі, еңбегі мен тұрмыс-тіршілігі орын тапты, оның жүздеген жылдар бойы қалыптасқан көркемдік-эстетикалық, діни-философиялық көзқарастары, биік мұраттары, қала берді жаратылысындағы өзіне тән психологиялық ерекшеліктері мен ділі бейнеленеді.

Алғыс мәнді культтік фразеологизмдер адамның жағымды көзқарасын білдіретін, бір-біріне деген достық, жолдастық, туыстық, ізгілік қарым-қатынасы әрекетіне қатысты пайда болған. Ал қарғыс мәнді культтік фразеологизмдер жағымсыз жағдайда айтылады. Балаға да, үлкенге де айтылатын ортақ қарғыстар: *Құдай атқыр, Құдай төбеңнен ұрғыр, Құдай жазаңды бергір, Құдай көрсетсін, Құдай ұрсын, Алла бұйыртпасын, Алла жазаңды берсін, Тәңір тапсын, Тәңір алғыр*, т.б. Мысалдар, қарашай-балқар тілінде: «*Аллах урсун!*» – *Құдай ұрсын!* *түрік тілінде: «Allah cezasini versin!» – Алла жазасын берсін! «Allah canini*

alsin!» – Алла жаныңды алсын! деген мағынада жұмсалса, ұйғырша: *«Худайым урсун!» – Құдай ұрсын!* *«Алла жазасын берсин!» – Алла жазасын берсин!* деген мағынада жұмсалады.

Әдебиеттер:

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі. 1991. – 176 б.
2. Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
3. Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение «Тэнгрианство»: учебное пособие. – Казань: РИЦ «Школа», 2006. – 164 с.
4. Досмұхамедұлы Х. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 282 б.
5. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мағынасындағы тұрақты сөз тіркестері / Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2-шығуы. – Алматы, 1960. – 121 б.
6. Бахлул Абдулла. Азербайджанский фольклор и его поэтика. -Баку, 1991. – 95 с.
7. Абдурахманов А.М. Тотемические верования в обрядах и преданиях о животных. – Махачкала, 1988. – 30 с.

Рысбаева Г.К.

**БЛАГОСЛОВЕНИЕ-ПОЖЕЛАНИЕ (БАТА-ТИЛЕК) – ОДИН ИЗ
ГЛАВНЫХ ДУХОВНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ ТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРЫ**

В статье описывается один из главных духовных элементов тюркской культуры, характерный для тюркских народов - бата, основные особенности пожеланий-благословений и как дается благословение. Благословение и пожелание – два синонимичных понятия. В нем отражены общие верования, опыт духовно-культурной жизни народа.

Ключевые слова: бата, слова пожеланий-благословений, давать благословение, пожелание добра, благодарственное благословение, проклятие, словосочетания со значением проклятья, положительный образ, понятие мировоззрения.

Rysbayeva G.

**BLESSING-WISH (BAT-TILEK) IS ONE OF THE MAIN SPIRITUAL
ELEMENTS OF TURKIC CULTURE**

The article describes one of the main spiritual elements of the Turkic culture, characteristic of the Turkic peoples - bata, the main features of wishes-blessings and how the blessing is given. Bata and the wishes are two synonymous terms. It reflects the common beliefs, the experience of the spiritual and cultural life of the people.

Keywords: bata, the words of wishes-blessings, give blessings, the wish of good, a bogodar blessing, a curse, phrases with the meaning of a curse, a positive image, the concept of a worldview.

ӘОЖ 82-3(574)

Сұлтанғалиева Р.Б. – филология ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент)

E-mail: R.Sultangalieva@mail.ru

Сағидуллина С.С. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: s_sanash_97@mail.ru

**ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАСТАР ПРОЗАСЫ: ЛИРА
ҚОНЫСТЫҢ МИКРО-СЮЖЕТТІ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢА
ЗАМАН БЕЙНЕСІ МЕН КЕЙІПкерлер Әлемі ЖӘНЕ ҚАЛАМгерлік
ЖАҢАШЫЛ ІЗДЕНІСТЕР**

Аңдатпа. Мақалада әдебиет әлеміне өзінің сырлы да нәзік лирикасымен келген, шығармалары оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген жас қаламгер Лира Қоныстың тәуелсіздік кезеңінде туған микросюжетке құрылған шығармалары талданады. Жас қаламгер Лира Қоныстың жастар тағдырын қысқа да нұсқа нақылға бергісіз философиялық түйінді ойлар арқылы жеткізетіндігі, жанрлық, стилдік, түрлік табиғаты өзгеше өнер өлкесінің иесі екендігі пайымдалады. Оның көркемдік әлемі ешкімге ұқсамайтын ертегімен етене байланысқан, елес пен кәдімгі тірі кейіпкер арасындағы қайталанбас қарым-қатынастарға, психологиялық қайшылықтарға толы диалог, монологтарға құрылған, бұрын болмаған кейіпкерлер, оқыс оқиғалар мен заманауи суреттерге толы шығармаларымен ерекшеленетіндігі айқындалады.

Тірек сөздер: микросюжетті проза, мистикалық таным, лиризм, синтетизмдік іздері, постмодернизм, ұлттық болмыс, көркемдік шешім.

Әрбір суреткер әдебиет арқылы өз бойындағы энергиясын шығаруға талпынады. Көп жазушылар оқырман ойымен, шығарманы қабылдауымен санаспайды. Олар үшін тек субъективті тұрғыдағы дүниетанымын суреттеу ғана маңызды болса керек. Не болмаса, шығарма терең ойлы, ерекше саналы оқырманға лайықталады деп түйсінеміз.

Лира Қоныстың есімі бүгінде жас жазушыл ардың алдыңғы үштігінде аталады. Оқылымды болуының негізгі себебі – өз оқырманын табуында. Ол ауылда туып, қалада қалыптасып жатқан жастардың «өз жазушысы». Оның жазғандарынан қала мен ауылдың, шетелдік пен қазақылықтың арасында дағдарып тұрған қазіргі жастарға түсінікті және олардың болмысын дөп басады. Оған қоса, Лираның әңгімелерінде қазақ прозасында бұрын болмаған кейіпкерлер, оқыс оқиғалар мен заманауи суреттер бар. Бұл – оның жазушының бір сипаты болса, өзіміз байқаған екінші сипаты – Лираның қаламынан автордың ешкімге мойын сұнбайтын, жігерлі, батыл болмысы «менмұндалап» тұрады. Мінезсіз, жуас заманда мұның өзі үлкен жетістік. Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» дейтіні осындайда еске түседі.

Әдеби ортада көп пікір тудырып, шығармаларының философиялық астары бар, өзіндік стилі қалыптасқан Лираның әңгімелері жапон жазушыларының будда ағымымен жазу сарынын еске салады. Кейіпкерлері кербез, махаббатқа берік, қиялдары ұшқыр, сезімдері сұлу келгені кез-келгеннің көңілінен шығуы екіталай.

Мистикалық таным желісімен жазылып шыққан «Құлпынай қосылған балмұздақ» атты роман кітабы жайлы оқырмандар әр түрлі пікір білдіруде. Жалпы тілі жеңіл, оралымы оңай, оқиғасы ойға жетелейтін кітап «Келіншек тал», «Алма ағашының құдайы», «Әже», «Құлпынай қосылған балмұздақ», «Жаңбырлы күні», «Ажал екінші рет қашан қайта айналып соғар екен?..», «Қош,

Күнекей!», «Құлпынай қосылған балмұздақ 2», «Уақыт», «Уақыт 2», «Су перісінің зираты», «Махаббат туралы роман», «Сәкө, су және Андерсеннің ертегісі», «Отыз үш тал раушан», «Мамыр айының тоғызы» деген бірнеше шағын тақырыптардан тұрады.

«Ақ моншақ жастан түзілген ғұмыр». Бұл – «Адам» атты әңгімедегі ең әсем теңеу. Лираның өз шығармашылығын, ерке, назды, мұңды шығармашылығын да дәлме-дәл сипаттай алатын теңеу. Әйтеуір, бүкіл дерлік әңгімелері де осындай, «сұлудың көз жасындай» әсер қалдырады.

«Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер. Тырнағын қанша батырса да солай де» дейтін кейіпкер, «оң бетіңнен ұрса, сол бетіңді тос» деген Иса пайғамбардың өсиетін еске салады. «Адам» – әфсана, адамгершілік жайындағы тәмсіл. Күннен күнге көбейіп келе жатқан адамдардың арасында АДАМға орын жоқ қазір. Дүниеге іңкәр көңілмен қарайтын жан – есуас сияқты қабылданады. Автор бізге соны айтып мұңаяды.

Және оның дүние жайлы көзқарастары таптаурын емес: ар туралы әңгімелерді *«қағаздағы жан жұбатар өтірік»* дейді, *«бақыт іздегендер көп, бірақ бақыт көп емес»* дейді... және *«адам қашан жаратылған деп емес, қашан жаратылып бітеді деген данауи оймен»* алысып жүреді [1, 155 б.].

«Ол әрдайым кішкене қолдарына қарап күрсініп алатын. Себебі, барлық жұртты құшағына сыйдырғысы келетін» [1, 155 б.]. Бұл әдемі образ, кейіпкерін оңай түсіндіріп тұр. Ал келесі жолдарына назар салыңыз: *«Ертеңгілік сабағына қарай асығып көше қиылысынан өте берген оны өзі соншалық ғашық болған адамның бірі көлігімен қағып өтіпті. Көлік ішінде ажал отырған екен...»* [1, 155 б.]. Байқасаңыз, осындай кейбір абзацтарда автор бекзат лиризмнен жадау сентиментализмге қалай түсіп кеткенін білмей қалады. Қалыптасқан қаламгер бойындағы нәзіктік. Оның үстіне сюжеті жасандылау, әңгімеде суреттеуден гөрі баяндау басым. Сондықтан қызықты идеяларына қарамастан, шығарманың көркемдік қуаты біз күткендей емес.

«Ертегі» (2,4) балаң кейіпкердің атынан баяндалады. Мұндағы екі кейіпкер, екеуінің де мінезін айшықтау автордың қолынан келген. Және онысы ұзын-сонар сипаттаумен емес, кейіпкерлердің өз сөзі, өз әрекетінен білінеді. Мысалы, баяндаушы қыздың: «Қара кемпір шолжаңды жарата бермейді», «Қара кемпірге бәрібір» деген сияқты бағалаулары, оның әжесіне деген қатынасын, демек, өзінің ерке, шолжаң мінезін дөп басып тұр. «Алжып қалған» дейтін көрші шалмен болатын диалогта да баяндаушының ирониясы анық:

«- Ә, атаң үйіңде ме?

Өзі жаназасын шығарғанымен ісі жоқ, екі жыл бұрын қайтыс болған атамды сұрайды.

- Ата, менің атам өліп қалды ғой.

- Сөйтті ме?

Ол кісі кәдімгідей абыржып қалды.

- Қарағым, естіген жоқ едім, иманы саламат болсын» [2, 4 б.].

Бірақ бұл әңгіменің негізгі нысаны ерке қыз емес, Ғайникен. Автор білдіртпей ғана назарыңызды Ғайникенге қарай аударады.

«- Сенде неше түрлі бантик бар?

- Жоқ.

- Бір бантик те жоқ па?

- Иә.

- Менікіндей бант әпер деп анаңа айтсай. Тәттігүл тәтейдің дүкенінде толып тұр. Айтпақшы, ағатайым әкелер дөп біздің ауыл тұрмақ, Шымқаланың өзінде де жоқ.

Ғайникен үндемейді» [2, 4 б.].

Әңгімедегі диалогтар шынайы және кейіпкер мінезін ашуға қызмет етіп тұр. Сөйтіп, ерке өскен еркін қыздың көзімен жасқаншақ, ұяң қыздың жан әлеміне үңілесіз. Ғайникен ертегі айтып отырып, әлсін-әлсін тамақ сұрайды: «Сенің үйіңде нан бар ма?», «Сенің үйіңде кәмпит те бар ма?... Яғни болмысында жасқаншақ емес. Бірақ оны не жағдай жасқаншақ қылып қойды? Қаламгер, ең соңғы абзацта ғана айтады. «Апасы ерте қайтып, өгей шешесіне телінгенімен, көкесі де дүние салған оны көктемге салым бөгде тәтей келіп алыс-алыс жақтағы балалар үйіне алып кеткен». Ғайникен айтатын ертегіде Балшық баласуға кетіп, Күлше қыз бақытты өмір сүрсе, өмірде бәрі керісінше. Лира тағы да, өмірдің әділетсіз, ал әділетсіздіктің мұнды екенін еске салады. Ең тамашасы, ол мұның бәрін тікелей тікенек тілмен емес, нәзік іңкәрлікпен жеткізген.

Қаламгердің тәуелсіздік дәуірінде туған «Ертегі» шығармасының көркемдік поэтикасы тұрасында жас ғалым Нұрбол Құдайбергенов: «Шығармадағы шеберлік ізінің жарқын белгісінің бірі – әңгіме ішіндегі әңгіме-ертегінің берілуі. Оны автор-төліе жетім қыз Ғайникейдің аузына салады. Әдеби туындының поэтикалық қуатын арттырып, көркемдік өң-нәр беріп тұрған тәсіл деуге болады мұны. Шағын шығармадан біз тек ұлттық құндылықтардың қадірсізденуі қаупін ғана емес, сондай-ақ адамзатқа ортақ болған гумандық құндылықтар жүйесінің бұзыла бастағанын аңғардық. Жазушы міндеті – осы гуманизм отын маздату, ар даңғылын ашу. Жас қаламгер Лира Қоныстың шығармашылық ізденісінен біз осындай игі талап-тілектің айқын ізін көрдік» – деп тұжырымдайды [3, 510-511 б.].

Лира шығармаларының табиғатын, атмосферасын аша түсетін әңгіменің бірі *«Сәтсіз сегіз қадам»*. Өйткені, Лираны ерекшелеген сюжетті әңгімелерде қаланың көңіл-күйі басым еді. Оның «ауылдан шыға алмай жүрген» қаламдастарынан артықшылығы да осы болатын. *«Сәтсіз сегіз қадам»* – Лираның жаңашылдығымен бізді қайта табыстыратын бірден-бір туынды.

«Сол күндері кино орталықтарда Ст. Майердің қансорғыштар туралы романының желісімен түсірілген картинаның алғашқысы жүріп жатқан. Мұндай хоррор жанрындағы кадрды тамашау үшін қасыңа ерген жігіттің сыртқы бітімі мен реңінің жақсырақ болуы тіпті де керек емес» [2, 138 б.]. Стефан Майер де, «Түнек» фильмі де бүгінгі оқырманға түсінікті, өте таныс атрибуттар. Заманауи бойжеткеннің ойында осындай ниеттің жылт ете қалуы да таңқаларлық жағдай емес.

Әңгімені қыз жанының зертханасы деуге болады. Құпия емес, қыздар жігітпен танысқан мезетте оның қандай күйеу болатынын елестетіп үлгереді. Ал Лира әлі таныспай жатып әрі қарай не болатынын ойлаған кейіпкердің ішкі әлемін айнытпай сипаттаған. Бір адамның бүкіл болмысын, айналдырған тоғыз (негізінде тоғыз қадам суреттелген, бірақ автор, атау айшықты болсын деп, «сегіз» дей салған сияқты) қадамға сыйдыруға болады деп кім ойлаған? Ал Лира, сыйдырады. Өзін бейтаныс жанмен бөліп тұрған тоғыз қадамды аттап үлгергенше, кейіпкер жер-әлемді шарлап шығады. Сол тоғыз қадамға – жиырма төртке келіп, өзін «кәрі» сезінетін, махаббаттан жазуын биік қоятын қыздың бүкіл әлемі қона кеткен. Ол – еркін, нысанаға алған адаммен алғаш болып танысуды үйреншікті жағдай деп қабылдайды. Қысылу-қымтырылу, ұяңдық жоқ. Бәлкім, «Ертегідегі» қыздың есейген шағы дерсіз. Себебі мұнда да автобиографиялық нышандар өріп жүр.

«...қабырғаларына темекі иісі сіңісті болған кафелерді әсте ұнатпаймын, ондағы ұдайы ойнап тұратын әуендер де көбіне талғамсыз қойылады. Бірақ таңдау көбейген жерде оны ұмытып кетуім де мүмкін, айтпақшы, өткен жолы көрші үстелдегі жігіттің шарап бокалын сырбаз ұстайтын қалпынан көзімді

аудара алмай қалғам» [2, 138 б.]. Заманауи өмірдің үзік-үзік суреттері, кейіпкердің көңіл ауаны сайрап тұр.

Кейіпкердің әр нәрсеге өзіндік көзқарасы бар. Исламнан басқа діндегілердің адасып жүргеніне сенімді. Махаббаттың қарапайым және ыңғайлысы жақсы деп санайды. Харуки Муракамиге бейтарап, Дэн Браунды менсінбейді. Гүл сыйлауды құптамайды, өйткені адамдар оған лайық емес: *«бірқұшақ әсемдікті сабағынан айыру қиянат емес пе?»*. Адамдардың жақсы-жаман болып бөлінбейтінін жақсы біледі.

Осы тұста шығармадан интеллектуалдық прозаның іздері байқалып қалады. Жазушының адам табиғатын сарренциямен және кактуспен шендестіруі ұтымды шыққан: жақсы деп жүрген адамыңыздың қорқаулығы барын, жаман деп жүрген кісіңіздің жанында да ізгілікке орын барын жеткізеді.

«Оған деген соңғы қадамды алғанда жасанды «adidas» бәтеңкесін киген аяқтарым бөгелместен алға қарыш жасап кете барған. Ал, Сіз бұл оқиғаның қалай аяқталғанын қалап едіңіз..?» [2, 138 б.]. Әңгіме шебер түйінделеді. Сіз, өз әлемінде тұйықталған кейіпкердің, ешкімді менсінбеген жалғыздығын сезінесіз де... мұңаясыз.

Лира Қоныс – сыршыл жазушылар қатарынан да орын тебері анық. Оның «Мәңгілік сағыныш» прозалық жинағына енген бірқатар әңгімелері расымен сағынышқа толы. Мистикалық сарынмен жазылса да өткен күндеріне, жанына жақын боп қалған адамдарының мәңгіліктің құрсауына кеткеніне налып, олардың қылықтарын еске алып, әңгімелерін шебер өрбітеді.

Мысалы, «Сурет» деген әңгімесінде бала күнгі досы, кейін отбасылық досына айналған Өзіз жайында сыр шертеді. Бойын ауру кернесе де үміті шексіз: *«Сен үйде қарап отырмай, қыз қарастырсайшы, жасым болса жиырма беске келді, сұрбойдақ болып жүре беремін бе? Қызбен қыдырып та үлгермедім ғой. Талғамымды жақсы білесің. Құрбыларың болса, сұлу қайынсіңлің болса ескерт. Сен кімге үйлен десең қарсылықсыз некелесемін. Жаңа жыл мерекесінен соң қалай да үйленетін болайын!»* [2, 73 б.] – деген досының хатынан оның жазыларынан дәмеленеді. Дәрігердің қателесуін құдайдан тілеп, ұзақ жыл өмір сүреріне сенеді. Алайда, желтоқсанның соңғы тәуліктері етектерін көз жасына малып уақыттың аранына жұтылып жатты. Өзінің артынан тек қимас естеліктер қалдырып, Өзіз мәңгілік келмесе аттанды.

Оқиға әрі қарай өз жалғасын Өзіз досының әжесінің үйіне жоқтау айтып барған кейіпкердің әрекетімен жалғасады. Сезімге толы қыз жанары ескі тамдағы ескі естеліктерді шолып, балғын балалық шаққа саяхат жасайды:

«Жасанды шырша бала шақты еске түсірді. Дүкеннен Өзіз екеуміз алғанбыз. Бағасы қымбат болатын. Күн сайын мектепке барарда әжесінің тәтті нан алып же деп берер тиынын бір жыл бойы жинаған. Күннен күнге көбейе бастаған тиынды әжесі тауып алар деп, біздің сарайдағы от жанбайтын ошақтың ішіне сақтап жүрдік. Ешкім байқамайды ғой деймін. Жаңа жылға бес күн қалғанда бойымызбен бірдей шыршасатын алдық» [2, 73 б.].

Қаралы үйде қатты күлмейтін, орынсыз сөйлемейтін дағды бойынша сағат тілі он екіні соққанда көңілі жарым кейуана, тыстан отын бұтап оралған жолдасы және кейіпкер қыз үшеуі шампан да ашпай, тілек те айтпай, сықырлаған ескі орындыққа жайғасып, естелікке суретке түсумен сағыныш лебі ескен мұңды кешті тамамдайды.

Қарапайым баяндаудан тұратын шашау жоқ шағын әңгіме қаймағы бұзылмаған балалықтың жыр дастанындай. Алайда оқиға соңы оқырман көзқарасын мүлде өзге арнаға әкетеді:

«...Қолыма алғаш ілінгені Өзіз үйіндегі жаңа жыл суреттері. Кадрға алынған адам үшеу еді: мен, жолдасым, Өзіздің әжесі. Ал, мында...төрт адам.

Жасыл шырша орнатқан үстел жанындағы орындықта Әзіздің әжесі отыр. Екі қапталында жолдасым екеуміз. Төртінші адам... Әзіз. Ол өзінің сүйікті шыршасына сүйеніп, әжесінің желке тұсында күлімсіреп тұрған...» [2, 74 б.].

Өн бойыңа қорқыныш себер бұл жолдар арқылы қаламгер нені меңзеді? Мәңгілікке кеткен жандардың әрдайым жанымызда жүретінін бе? Әлде кейіпкер қыздың естелікке толы ескі күндердің шырмауынан айырыла алмай қалғандығынба? Сұрақ көп. Жауап жоқ.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында көркем проза ағыны қарқындылығымен және сан алуандығымен ерекшеленді. Көркем проза контекстінде бинарлық оппозицияларға құрылған «мәңгілік» тақырыптар (өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық, жалғыздық, жатсыну) алдыңғы қатарға шықты. Әлемнің шектеулілігі мен шексіздігі, ғарыш, өмір, кеңістік пен уақыт мәселелерінің драмалық кернеуі ұлғайып, ұлттық прозамыздың көркемдік тініне жымдаса өрілді.

Жаны ізденіске құмар жас қаламгердің сәтті шыққан «Ғайып ұл» атты әңгімесі «Путешествие по времени», «Иван Васильевич меняет профессию» (1973) деген фантастикалық жанрда түсірілген фильмдердің сюжетін еске түсіреді. Фабуласы әлсіз, әңгіме барысында тартыс жоқ, жай ғана құр баяндау, мінез жоқ, көтерген идеясы тек көңілге қонымды. Әңгіме сюжетіне келсек, Арман Төкенұлы деген тарихшының үйінде орын алған жәйт туралы сыр шертеді. Әкесімен баласы бақшада жұмыс атқарып жүргенде кенет жаңбыр жауып, өткінші жаңбыр кезінде тыста қалған бейтаныс баланы көзі шалған әкесі баласына ертіп келуді бұйырады.

«Әкелі-балалы екеуі оның қақтаған ақ күмістен иіп жасаған кемер белдік буынған жібек қара шапаны мен сақтаян етігіне таңырқай қалған» [1, 146 б.].

Бейтаныс балақайды жазушының былайша суреттеуі оқырманын қызықтырады хақ. Оқиға әрі қарай тарихшының қойған сауалдарына бұл балақайдың жауап бермеуі, кейін көршісінің баласы шығар деген оймен ұлына көршісі Сайлау Омарышты шақырып келуін бұйырады. Алайда көршісі:

«Жалғызымды танымай қара басты деп тұрмысыз? Мұның бір өрім тұлымына, үкілі киім киісі мен қасқа күтіміне қарап...Әй, бірақ, ауылда мұндай тұрмен киінбейді. Милицияға хабарласыңыз!» деп өз жөнімен кетеді [1, 146 б.].

Университет дипломын қолға ұстаған күннен бастап тек орхон жазуымен мен тарихшының қалтарыс-бұлтарыстарын дамылсыз зерттеп келе жатқан, өмірінің көбін кітапхана мен ескі архивтерде қағазға шұқшиумен өткізіп келе жатқан тарих ғылымының докторын балақайдың «Маңасуф ыт» (маған су бер), «Бен ечуіме түсейін» (мен үйіме қайтайын) деген тосын сөздері ғажап боп көрінген. Бұл таңғажайып құбылыс ұзаққа созылмады. Өттеңі сол ғайып ұл қалай пайда болса, тап солай, бір-ақ күнде жоғалып кетті...Төрт-ақ жастағы аузынан сүт табы кетпеген сәби қайбір жарытып сөз айта алған, одан там-тұмдап тартқан сырға мез болған тарихшыға бұл ауыр соққы болды. Ал, ғайып ұлды балалары көпке дейін ұмытпай айтып жүрді.

Жанұясында екі ай болып кеткен олжа баланың кім екендігі өзі ай бойы ақтарған, бұдан бірнеше ғасыр бұрын жазылған көне тарихи кітаптан мынадай жазуды оқығанда көмескілеу көлбең етеді:

«Қазан айының ішінде Чайшы Чор қағанның төртінші қатынынан туған оғланы Өртче жоғалып кетті. Қаған сұрау салғанымен табылар болмаған оғлан, арада тұп-тура екі ай өткенде өз төсегінде табылды. Ол өзінің биік-биік үйлері, өзі жүре алатын темір аттарға мініп, Жомарт есімді оғланмен көп жер шалғанын айтады. Ғұламалар оның алдағы замандардың біріне барып қайтыпты деп сәуегейлік айтқанмен Чайшы Чор қаған сенбеді. Бақытсыздығы

сол, арада бір жеті өткенде Өртче оғланды қазанның чокланы Алтуға мінген сәйгүлік теуіп, аяқ асты өлді...» [1, 146 б.].

Әңгіме осылай өз аяғын табады. Алайда кейіпкерлеріне мінез дарытса, оқиға барысында тартыс орын алып, оқырман ойын еріксіз желіктіріп әкетсе немесе өскелең ұрпаққа аз да болса тәрбиелік мәні бар диалогтармен кескіндесе қандай керемет туынды болар еді. Тек эксперимент ретінде қарасақ, өте ұтымды шыққан ізденістің жемісі деген қорытынды жасауға болады.

Махаббат тақырыбы, махаббат туралы түсінік романтиктердің әлем, өнер мен адам концепциясында үлкен орын алады. Махаббат – ол бүкіл Ғарыштың (Вселенная) құпиясын айқындайтын және түсіндіретін нәрсе, ол «өзінің қасиеті жағынан әрі шексіз, әрі адал, әрі құпия, әрі ғажайып болуы қажет» [4]. Тек махаббат ғана табиғатты, әлемді тануға мүмкіндік береді. Ғашық, сүйетін адамның жағдайы былайша айтқанда, тұлғаның ішкі көзін, жанарын ашатындай, оның қабілетін күшейтеді, шығармашылыққа бастайды. Шығармашылық – романтиктер үшін өмір сүрудің шарты. Сезімдер әлемі ғарышты тануға мүмкіндік береді. Лира шығармашылығында да осы сарын ғарышпен байланысы, олардың бірігуі, өзара түсінісуі арқылы маңызды орын алады. Лираның прозалық жинақтарына енген бірқатар туындылары махаббат тақырыбына арналған. Жазу алдындағы шалқар шабыттың шырғауында қалған сезімін тізбелеген туындылары санатында «Бала ғашық», «Менің Аяным», «Жасыл қырат жақта», «Менің оқырманым», «Сәтсіздіктегі сезімдер», «Ымырттағы әуен», «Мумуния кафесінде» атап өтуге болады. Сезімтал қыздың бұл тақырып табалдырығын аттап өтуі мүмкін емес еді. Алайда махаббат тақырыбының аясында қоғамдық мәселелерді де өрбітуі қайран қалдырады. Мысалы, «Жасыл қырат жақта» атты әңгімесінде гольф алаңында танысқан жігіттің қыздың көңілін аулап, оған сөз салуы. Қарапайым ғана жігіттің сезім жетегінде қызға ғашық болуы, қыздың сезімге ерік бермей сынай қарауы күнделікті өмірді оқырман көз алдына әкеледі:

«Арман. Аты Арман. Студент кезінде көңілді тапқырлар клубы командасының капитаны болған. Сонысына мақтана ма деймін, ылғи айтып отырады. Жек көремін. Арманды емес. Көңілді тапқырлар клубын. Мүшелерін де. Арзан әзіл. Суретші. Суретші болған. Мамандығы. Қазір банк қызметкері. Жақсы. Ақша емес. Байлыққа малданбайтыны. Жасыл қыратта ұшырасқанымызға екінші күн. Сезімін жариялап үлгерген. Жек көремін. Арманды емес. Ара-тұра қыз бала тақілеттес басын қисайтып жымып күлетінін» [2, 167 б.].

Кейін әйелі болғанын, онымен ажырасқанын естісе де, өз-өзін «Әйелінен ажырасқан адамның бақытты болуға құқығы жоқ па?» деген сауалдармен жұбатқандай болады. Алайда оны түпкілікті жек көруінің себебі әйелімен ажырасқандығында емес, баласының шешесінде қалғандығы да емес. Оның ажырасқан әйелімен не үшін ажырасқан себебінде еді:

– Оны қызғаныш құртты – деді.

–...?

– Мен кейде жолдасыммен қыдырамын. Сол ұнамады.

– Қыдырамыны қалай? Сонда?...Еркекпен бе?

– Мен бар болғаны өз қалауыммен өмір сүргім келді. Қоғамдағы адам жанын тұсайтын қажеті жоқ кедергілерді ұнатпаймын. Бұдан жарты ғасыр бұрын алғаш рет Данияда транссексуалдарды қорғайтын заң қабылданған. Алматы да көгілдірлер жиналатын түнгі клуб бар...

Ол сөйлеп отырды. Таяуда көгілдірлер туралы көлемді зерттеу мақалам жарық көрген. Соны бекер жаздым ба деймін. Шығармаға арқау болған қасіреттілеу нәрселердің араға біршама уақыт салып қаламгерлердің өзін

маңалайтыны туралы психологиялық заңдылықтың барын білемін. Қырсықтың қашанда егіз балалайды. Бұрылып кете бардым.

– Қайда барасың? – деді.

Мойынымды бұрмастан айқайлап дауыстадым:

– Біздің ел Дания емес, Дания емес!!! [2, 167 б.].

Өте ұтымды құрылған диалог. Бүгінгі заманның қасіретті болмысын, бұндай формада жеткізу де жазушыдан шеберлікті талап етері сөзсіз. Шығармаға арқау болған тақырып толықтай ашылған. Интернетті аша қалсаңыз, Қазақстандағы өз жынысынан безген міскіндер туралы дерекке көз сүрінеді. Зейнолла Қабдоловтың «Әрбір әдеби шығарма – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі» деген сөзі ойға оралады.

Әдебиетші ғалым Г. Пірәлінің мына пікірінен Лира Қоныстың прозасында постмодернистік бағытындағы жазушылардың қолтаңбасы қылаң беретінін көреміз: «Оның кейіпкерлерінің дені белгілі бір арман қуып, романтикалық қиял жетегінде жүретін жастардан гөрі не істеп, не қойып жүргендеріне есеп бермейтін жандар. Алайда, олардың санасының бір түкпірінде ескі ауылға, ел мен жерге, ондағы адамдар тағдырына деген алаңдаушылық бары аңғарылып қалады. Бұл бүгінгі жас жазушылардың төл тамырынан әлі де болса біржола ажырап кетпегенін, жаңалыққа өлердей құштар бола тұра, өзінің дәстүрлі өнерін де сыртқа теппейтінін танытады. Осы ретте автордың алдына қойып отырған мақсаты орындалған да сыңайлы. Түйедей құны бар тақырыптарды тырнақтай түсініктерге сыйдырып, тіршіліктен түйгендерін түймедей тәмсілдерге сыйдырып жіберген. Өзінің тіл өрнегі мен тәсілдік, стилдік нақышын да қып-қысқа мәтіндермен нақтылап береді» [5, 19 б.].

Жас қаламгер Лира Қоныс өз шығармаларымен жастар тағдырын қысқа да нұсқа нақыға бергісіз философиялық түйінді ойлар арқылы жанрлық, стилдік, түрлік табиғаты өзгеше өнер өлкесін жасап алған. Оның көркемдік әлемі ешкімге ұқсамайтын ертегімен етене байланысқан, елес пен кәдімгі тірі кейіпкер арасындағы қайталанбас қарым-қатынастарға, психологиялық қайшылықтарға толы диалог, монологтарға құрылған шығармаларымен ерекшеленетіндігі.

Әдебиеттер:

1. Қоныс Л. Шахарбанудың сыңсуы. – Алматы: Жалын, 2013. – 192 б.
2. Қоныс Л. Мәңгілік сағыныш. – Алматы: Жалын, 2009. – 160 б.
3. Қирабаев С., Елеукенов Ш., Қалижанов У., Әлібекұлы А., Қалиева А., Орда Г. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: Evo Press, 2014. – 708 б.
4. Волков И. Творческие методы и художественные системы. – М.: Искусство, 1989. – 369 с.
5. Әсемқұлов Т. Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары // Таң-Шолпан. – 2004. № 5. – Б. 203.

Султанғалиева Р.Б., Сагидуллиева С.С.

МОЛОДЕЖНАЯ ПРОЗА ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ: ОБРАЗ СОВРЕМЕННОЙ ЭПОХИ И МИР ПЕРСОНАЖЕЙ И НОВАТОРСКИЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПОИСКИ ЛИРЫ КОНЫС

В статье анализируются микросюжетные произведения эпохи Независимости известной молодой писательницы Лиры Коныс, изначально вошедшей в мир литературы своей чувственной лирикой и завоевавшей сердца читателей. Устанавливается умение передачи молодой писательницей судеб современной молодежи через лаконичные философские этюды, имеющие своеобразные и неповторимые особенности жанрового, стилевого характера.

Обозначается художественный мир писателя, наполненный уникальными взаимоотношениями между реальными героями и сказочными персонажами, психологическими противоречиями, передающимися через монологи и диалоги.

Ключевые слова: микросюжетная проза, мистическое познание, лиризм, синтентализм, постмодернизм, национальный характер, художественное решение.

Sultangalieva R.B., Sagidullieva S.S.

YOUTH PROSE OF THE INDEPENDENCE PERIOD: THE IMAGE OF THE MODERN ERA AND THE WORLD OF CHARACTERS AND THE INNOVATIVE CREATIVE QUEST OF LIRA KONYS

The article analyzes famous young writer Lyra Konys' micro-subject works of the Independence period, who originally entered the world of literature with her sensual lyrics and won the hearts of readers. It establishes the ability to transfer the young writer of the fate of modern youth through concise philosophical studies, which have unique and inimitable features of a genre, stylistic character. It denotes the writer's artistic world, filled with unique relationships between real characters and fairy-tale characters, psychological contradictions transmitted through monologues and dialogues.

Keywords: micro-plot prose, mystical knowledge, lyricism, sentimentalism, postmodernism, national character, artistic decision.

УДК 821.161.1.09:808:659.123.3

Нурбаева А.М. – доктор философии (PhD),

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

E-mail: Nurbaeva.aida@bk.ru

ПРИЕМЫ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ В РЕКЛАМНОМ ТЕКСТЕ

Аннотация. В данной статье говорится о том, что художественные приемы в слоганах помогают запоминать их лучше. Они рассчитаны на адекватную реакцию потребителя: сопереживание, сочувствие, сопричастность. Художественные приемы способствуют хорошему запоминанию информации проникновению ее в подсознание потенциального клиента. Можно сказать, что художественные приемы – вот те средства, которые позволяют разработать хороший лозунг.

Ключевые слова: слоган, рекламный текст, художественные приемы, реклама.

Изучение современной рекламы дало немало поводов для спор. Одни считают рекламу искусством, так как она создается при помощи мастерства и творчества копирайтора. Но подлинные рекламисты подобно истинным поэтам появляются крайне редко. Другие относят рекламу к науке, так как в рекламе сочетаются информация и знания. Исследователи Бове К. и Аренс У. в книге «Современная реклама» [1, с. 31] приходят к компромиссному выводу о том, что реклама – это сочетание науки и искусства.

К средствам экспрессивной выразительности относятся так называемые словесные фигуры и фигуры мысли, которые в свою очередь делятся на тропы и

амплификации. Фигуры речи – обороты речи, наглядно выражающие эмоциональное состояние говорящего. Фигуры представляют собой своего рода диаграммы чувств. Продолжительному эмоциональному воздействию соответствуют словесная протяженность, повторы слов, а перемежающемуся, колеблющемуся воздействию – словесные перебои.

Для передачи резкого изменения настроения могут быть использованы пропуски слов. Таким образом, изобразительность фигуры достигается за счет сходства формы с тем, что она обозначает. Вволнованная речь часто изобилует фигурами. Это происходит спонтанно. Но опытные журналисты, умеют еще и специально подчеркнуть свои чувства.

Выделяются фигуры прибавления, фигуры убавления, фигуры размещения и перестановки, фонетические и графические фигуры.

Фигуры прибавления – повторы различных единиц речи (морфем, служебных слов, полнозначных слов, синтаксических позиций), расположенные как произвольно, так и симметрично.

Фигуры прибавления передают стабильность эмоционального фона, независимо от того, положительно или отрицательно он окрашен. Вот почему этих фигур так много и в панегириках (восхваляющих речах), и в филиппиках (обличающих речах). Демонстрация сильного, продолжительного чувства – вот их основная функция.

Фигуры прибавления включают в себя повторы с симметричным расположением повторяющегося компонента [2, с. 56].

Анафора – повтор слов в началах смежных отрезков речи. *«Подарите себе неповторимое изящество французских окон, подарите частицу французского шарма»*. Эта анафора взята из рекламного текста и передает настойчивость рекламодателя, которая не успевает стать навязчивой, и производит впечатление искреннего совета.

Смысл анафоры – продемонстрировать уверенный эмоциональный настрой. Наиболее удачна она в передаче оптимистичного настроения. Это любимая фигура политических деятелей, которые используют достаточно пространственные анафоры, каждый абзац или каждое предложение начиная, с одних и тех же слов.

Благороден и благотворен (Демидовский бальзам).

Единый народ. Единое сердце.

Сила человека в поступках. Сила народа в единстве.

Наслаждение вкусом. Наслаждение жизнью (йогурт «Айналайын»).

Хорошо упакуешь. Хорошо продашь (упаковочные оборудование «Анель»).

Твой образ! Твой характер! Твоя свобода!» (магазин «Стиль»).

Эпифора – повторы слов в концах смежных отрезков речи. Эпифора также передает уверенность. Но если анафора фиксирует внимание на посылке, то эпифора – на следствии, она отражает некую неизбежность и поэтому реже бывает окрашена в светлые тона.

Кредит – это просто, супер просто (Номе кредит).

Молоко Айналайын. Вся жизнь с Айналайын.

Стык – повторы слов на границах смежных отрезков внутри предложения. Например: *«Только у нас, у нас и больше нигде»*. Передавая уверенность, эта фигура в то же время изображает внешнее течение событий, их замедленность, а также подчеркивает причинно-следственную обусловленность.

Поэтому она уместна и в текстах-описаниях, и в речах. В знаменитом лермонтовском: *«Повалился он на холодный снег, // На холодный снег, словно*

сосенка. // *Словно сосенка во сыром бору...*». Стык создает эффект замедленной съемки.

Стык уместен и в текстах-рассуждениях, когда надо подчеркнуть ход причинно-следственных связей: *«Деньги любят счет, счет в «Нефтебанке». А «Нефтебанк» предлагает новую систему кредитования»*. Здесь с помощью соединения слов в потоке речи выделяют логическую цепочку: *деньги – счет – «Нефтебанк» – кредитование*. Приведем еще один пример: *«Меняется все. Не меняется вкус. Вкус настоящего чая. Чай «Пиала» – немного солнца в молоке»*.

Кольцо – отрезок речи, который одинаково начинается и заканчивается. Например: *«Нет слова «нет»* (рекламное объявление). Как и стык, кольцо идеально для описания внешних событий.

Хиазм – фигура, в которой повторяются два элемента, причем при повторе они располагаются в обратном порядке:

Мы не живем, чтобы есть, но едим, чтобы жить.

Кожа любит Джонсон, потому что Джонсон любит кожу.

Хиазм часто усиливается антитезой.

Многосоюзи – избыточные повторы союза и. Например: *«И звук, и цвет, и даже качество экранов в новых алматинских кинотеатрах совсем не те, что были раньше»*. Многосоюзи наряду с уверенностью обычно передает замедленность действия [3, с. 93].

Геминация – фигура прибавления, двукратный повтор слов, не связанный с определенным порядком их расположения. Двукратный повтор может использоваться даже в коротких рекламных девизах (слоганах): *«Похорони наркотики или они похоронят тебя!», «Сила человека в поступках, сила народа в единстве»*

Синтаксический параллелизм – повтор однотипных синтаксических единиц в однотипных синтаксических позициях: *«Похорони наркотики или они похоронят тебя!»*. Первая часть содержит восходящее движение тона и состоит из синтаксически параллельных отрезков (обычно придаточных предложений или однородных членов предложения). Вторая часть характеризуется нисходящим тоном и состоит обычно из одного предложения (общего для придаточных главного или общего для однородных членов предложения).

Фигуры убавления – основаны на пропуске каких – либо речевых единиц. Эти фигуры придают речи энергичность, создают впечатление того, что говорящий полон решимости перейти от слов к делу. Эти фигуры очень часто используются в лозунгах и газетных заголовках.

Эллипсис – пропуск подразумеваемых элементов внутри предложения, обычно пропуск сказуемого: *«Магазин «Смол». Нигде нету ниже, чем у нас»*. Эллипсис наиболее характерен для лозунгов, в частности, трудовых девизов.

Апосиопезис – внезапный обрыв высказывания, которое остается незавершенным: *«Классика и модерн!» Радость встречи! «Для тех, кто влюблен в мечту...», «Пьяный за рулем ... Без тебя пусто в гробу...»*.

К фигурам убавления относится бессоюзи, противоположное многосоюзию и представляющее собой опущение союзов при перечислении.

В обычной русской речи последний однородный член принято присоединять с помощью союза: *«Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев остаются важнейшей триединой задачей для нашего государства»*. Бессоюзи здесь настраивает на деловой лад, предупреждает о компрессии информации.

Фигуры размещения и перестановки – нарушение привычного порядка следования элементов и (или) дистантного расположения элементов, которые обычно стоят рядом. Подобные фигуры демонстрируют состояние

нестабильности, колебание, изменение настроения из-за только что полученной информации.

Инверсия – нарушение обычного порядка слов. Чаще всего инверсия связана с актуальным членением предложения, когда сказуемое оказывается впереди подлежащего, чтобы выделить в предложении новую информацию: «С нами время превращается в деньги! выгодные депозиты КазКома».

Прямой порядок слов люди делают историю нарушен ради актуализации того факта, что делают ее именно люди. В самом сказуемом делать историю также допущена инверсия, актуализирующая слово историю.

Парцелляция – расчленение исходного высказывания на два интонационно обособленных отрезка: *Откройте окна... и двери* (из рекламы). Наиболее часто используемым знаком при парцелляции является точка: Здесь обнаруживается парцелляция, сочетающаяся с инверсией.

Важным элементом, «скрепляющим» вербальную и иконическую стороны креолизованной рекламы, является такой стилистический инструмент, как метафора.

Метафора – слово или выражение, которое употребляется в переносном значении на основе сходства в каком – либо отношении двух предметов или явления для большей образности: перенесение на один предмет (явление) характерных признаков другого предмета (явления). Метафора содержит только то, с чем сравнивают товар, что значительно расширяет емкость, убедительность и выразительность образа – аналогии, который через рекламный текст увязывается с рекламируемым товаром.

Тропы – это слова или обороты, употребленные в переносном значении. «Значения переносятся на базе следующих явлений:

- сходства (метафоры) – стеклянные капли; пространственной или временной смежности (метонимии) – трудолюбивый город;
- сопоставления части и целого (синекдохи) – лучшая ракетка;
- тождества (перифразы) – град Петров;
- контраста (антифразисы) – хорошенькое дельце (о плохом деле);
- заведомого преувеличения (гиперболы) – быстрее молнии;
- заведомого преуменьшения (мейозиса) – поезд ползет как черепаха» [4, с. 142].

Метафора – одно из самых мощных средств экспрессии, рассчитанных на долговременное воздействие. Метафоры хорошо запоминаются, откладываются в долгосрочной памяти и становятся теми «кирпичиками», которые используются для украшения речи.

Метафора (греч. «перенос») – троп или фигура речи, состоящая в употреблении слова, обозначающего некоторый класс объектов (предметов, лиц, явлений, действий или признаков), для обозначения другого, сходного с данным, класса объектов или единичного объекта; напр.: волк, дуб и дубина, змея, лев, тряпка и т.п. в применении к человеку; острый, тупой – о свойствах человеческого ума и т.п. В расширительном смысле термин «метафора» относят также к другим видам переносного значения слова [5, с. 145].

Салон «Жанна» - настоящий ритуал красоты.

Дарите друг другу здоровье (мед. препараты).

Красота в согласии с профессионалами (салон красоты «Алнур»).

Умение сливаться со средой – уникальное качество хамелеона. Берите примеры, становитесь мобильными.

Йогурты «Айналайын» - моя вкусеая тайна!

Красивые метафорические включения способны изящно и кратко поведать о таких, на первый взгляд, сухих и скучных вещах как параметры товара,

особенности его применения, а также о самой фирме, ее духе и имидже. Осуществляется это путем намека на сходство метафоры и рекламируемого товара. Существуют стандартные технологические приемы такого сближения: по назначению, по форме, по цвету, по функциональным признакам, по форме выражения развития и достижения. Используя данные методы, рекламисту предстоит подыскать, например, такую смысловую окраску функции, которая лучше всего подчеркнет преимущества товара; а если речь идет о метафоре сходства по назначению, следует помнить о том, чтобы метафора и сам товар не расходились в своем назначении в восприятии потребителя.

Сходство по времени – еще один действенный метафорический прием, хотя несколько он сложнее в исполнении. Например, реклама некоторых марок зубных паст или мыла: якобы проходят часы и сутки, а сила действия пасты или мыла все еще достаточна для защиты потребителя от «кариозных монстров» и прочих микробов [5, с. 111].

Метафорическое сходство по цвету – самый красивый прием: «как яркое солнышко», «снежно-белое», «цвета голубого неба» и т.д. Метафорическая близость формы особенно часто используется в рекламе телевизоров, которые своей строгой прямоугольной формой олицетворяют нашу повседневную жизнь «в четырех стенах».

Главным смыслом метафорической технологии является перевод художественного аспекта в рекламный. Такая творческая работа требует тщательного изучения не только самого товара с точки зрения его возможных художественных достоинств, но и анализа стереотипов и эстетических ценностей потенциальных покупателей. Изучив эстетический потенциал товара, можно создать некую матрицу из наиболее подходящих метафор, его описывающих. Затем эту матрицу следует наложить на выявленные этические и эстетические стереотипы потребителей, обращая особое внимание на то, чтобы не увлечься излишней красотой метафоры, оторванностью ее от практического применения товара, чтобы не сработала технология негативной ассоциации, разрушающая всю рекламную идею.

Путем сравнительного анализа возможной эффективности подобранных метафор выводится самая яркая, наиболее четко отражающая все ассоциативные связи образа с рекламируемым товаром. К сожалению, часто встречается проблема чрезмерной увлеченности автора метафорически образом своей идеи, что приводит к расхождению в видении товара рекламистом и целевой аудиторией. В результате потенциальный покупатель может вовсе не понять задумку автора рекламы.

Главное в метафорической технологии – хорошее знание стереотипов, доминирующих в обществе, и использование только положительных ассоциаций в связи с рекламируемым товаром [6, с. 78].

Художественные приемы снижают вовлекающую силу слогана, но положительно влияют на его восприятие и запоминание потребителем. Запоминание слогана увеличивают:

Аллитерация – повторение в стихотворной речи (реже в прозе) одинаковых согласных звуков с целью усиления выразительности художественной речи; один из видов звукописи.

Актив оператор сотовой связи: Актив еще больше, еще активнее
Nescafe Classic. Глубокий свежий вкус.
Отличный вкус! Отличное начало!

рифма:

Кофе «Жокей» Смотри на жизнь веселей!
Даешь рекламу в «Атбашар»

Всегда в кармане акша бар!

Слоган состоит из двух частей, построенных с использованием принципа синтаксического параллелизма. *Порядок слов в предложениях*, даже намеренный лексический повтор (слово доказано), внушает потребителю мысль о существовании только одной фирмы, достойной доверия [6, с. 167].

Прием **параллелизма** – одинаковое синтаксическое построение отрезков речи – делает слоган кратким и запоминающимся.

Свои люди – свой банк! Выбери свой банк!

Все в восторге от тебя. А ты от Мэйбеллин.

Использование приема **парцелляции** в построении данного слогана и цепная связь между предложениями позволяют сделать в устной речи интонационное выделение главного. В первом предложении местоимение *все*, во втором – местоимение *ты* помогают воспринять движение мысли о том, что является поводом для восторга.

«Хорошо там, где мы есть»

Слоган краток, энергичен, привлекает внимание. Слоган обещает определенное благо, ощущение комфорта и надежности. Используется трансформация известного выражения. Там хорошо, где нас нет со сменой значения на позитивное. Логическое ударение в исходном выражении – на слове *нет*, в слогане – на выражении *мы есть*, которое воспринимается в значении «мы находимся, существуем». Слоган внушает позитивное эмоциональное состояние. Будучи внешне отвлеченным от рекламируемого товара, он переносит позитивный взгляд в целом на рекламируемый товар.

Форму и содержание рекламного слогана можно анализировать на уровне предложения. При составлении слогана учитывается тип высказывания. Восклицательное предложение с глаголом в повелительном наклонении часто встречается в рекламе молодежных товаров или товаров массового спроса с невысокой ценой. Когда же целевую аудиторию рекламы составляют высокообразованные люди, которым предлагается технически сложный и дорогой продукт, употребляется повествовательное предложение. Западные пособия утверждают, что восклицательное предложение с глаголом в повелительном наклонении действительно способно подтолкнуть потребителя к конкретному действию.

Эпитет – стилистический прием, основанный на взаимодействии эмоционального и логического значений в определительном слове, фразе или даже предложении, используемом чтобы охарактеризовать объект и обратить внимание читателя с целью дать личную оценку и понимание этих качеств и особенностей [6, с. 121].

Искушающий блеск помады для бесконечно соблазнительных губ

Он такой темпераментный. Заводится с пол – оборота... Это мой... автомобиль РАЗ 4

Алматинский чай – приятные теплые воспоминания

Сравнение – это сопоставление одного предмета или явления с другим в целях выделения и подчеркивания, более наглядного изображения какого – либо признака этого явления. Известная фраза: «Все познается в сравнении» оказалось применимой и для рекламного текста. Сравнение показывает необходимость, оригинальность и качество товара или услуги.

Когда постель становится облаком

Иногда используются не сравнения, а противопоставления:

Тают во рту, а не в руках

Служба хорошего настроения! Висеть на телефоне становится модным! (служба 081)

Легкая, как горный воздух! Чистая, как родниковая вода (о продукции «Омирбек»)

Иссыкские вина, как мелодии, из которых нельзя выбросить ни одной ноты...

Олицетворение – троп, который неодушевленный предмет, животное или абстрактное понятие изображает как мыслящее существо, наделяет его чувствами и даром речи.

Хрустящие воспоминания! Алматинский крекер.

Слоган сока «Я»: Где наслаждение – там Я.

Он у меня такой умница! (реклама холодильника).

Он такой темпераментный. Заводится с пол – оборота ... Это мой автомобиль....(реклама машин).

Улыбка переводом. (VISA Money Transfer, денежные переводы).

Мебель «Жанна» – позитивная обстановка.

Гипербола – троп, посредством которого преувеличивается коммуницируемый феномен. Рекламисты используют гиперболу очень часто. Причина в том, что все торговцы имеют обыкновения преувеличивать.

Море возможностей, океан фантазии (реклама мебели)

Променад – удовольствие, о котором невозможно молчать.

Метанимия – троп, при котором знак одного предмета заменяется знаком другого предмета на базе некой смежности.

Паркуйте своих лошадей!

«Юбилейное» – открой шоколадный вкус!

Каламбур – игра слов, намеренное соединение в одном контексте двух значений одного и того же слова или использование сходства в звучании разных слов с целью создания комического эффекта. При использовании этого приема получаются многозначные фразы-девизы – слоганы «с двойным» или даже с «тройным дном» [4, с. 201].

Не пропусти свой вираж! (автосалон «Вираз»).

Соки «Грации» – ФОРМенная провокация.

«Злато» - приготовь со вкусом, съешь с удовольствием.

Фразеологизмы – устойчивое сочетание слов. Преимущество фразеологизма – в его привычности, узнаваемости. Употребляя его в повседневной речи, люди автоматически вспоминают о рекламной интерпретации выражения. Достаточно часто фразеологизмы используются в рекламном словесном творчестве в форме парафразы:

Аралгуз. Хлеб да соль вашему дому!

О нем можно говорить до бесконечности, но лучше говорить по нему! (реклама телефона).

В ногу со временем!

«Погрузиться» в атмосферу живой музыки! (Ресторан «Дархан»)

Депозит «Формула Успеха» (Альянс Банк).

Точно в цель! Изготовление и доставка любой полиграфии.

Употребление цитаций или аллюзий. Различие между цитацией и аллюзией чисто условное: популярная строчка из песни, кинофильма или литературного произведения считается «цитацией», а общеизвестное выражение из экономики, истории и т.д. есть «аллюзия». Прием позволяет человеку узнать все давно забытое, до боли знакомое. Употребление цитаты и аллюзии можно разделить на следующие группы:

1. **Из художественной литературы.** Сигналом могут служить:

А) название произведения:

Надежный продукт своего времени (о водке «АККУ») («Герой нашего времени» М.Ю. Лермонтов);

Что делать? (о продукции БИО – МАКС);

Маленькие радости в большой стране (о минеральной воде «Тассай») («Маленькая хозяйка большого дома» Д. Лондон);

Б) цитата из произведений, крылатые выражения:

С любимыми не расставайтесь! (К - мобайл);

Мир спасет чистота! (профессиональная уборка квартир);

В человеке все должно быть прекрасно: и одежда, и обувь, и аксессуары, и квартира, и в квартире... (о торговом центре «Алма»);

2. **Музыкальные произведения:** Сигналами являются название песен или фразы из них:

Ах, лето! (Увеличение груди);

Конфетки – бараночки (кондитерские изделия «Рахат»);

Свой дом! Мечты сбываются (Ипотечное кредитование «Астана-Финанс»);

Пусть всегда будет...! (реклама техцентра «Аверс»);

Как прекрасен этот мир, посмотри! (кинотеатр «Казахстан»);

Погода в Вашем доме (Теплоцентральный);

Журчат ручьи (о креме Низорал);

От улыбки хмурый день светлей... Стоматология «Бобек» вернет Вам возможность улыбаться!

3. **Кинофильмы и телепередачи:** название или сюжеты из фильмов и телепередач:

Если был бы я султан, я бы имел 3-х жен, чтоб они варили мне много макарон ведь ничего нет вкуснее не было и нет чем тарелка макарон с сыром на обед (Сюжет из к\ф «Кавказская пленница»);

4. **Сакральные тексты:** представлены выражения из Библии:

Дорогу осилит идущий! (турфирма «Алия»);

Глаз вопиющего в пустыне (о препарате «Сайвилен»);

5. **УНТ** Сигналами служат выражения из фольклора, пословицы, поговорки, а также сюжеты из народной сказки:

Была картошка простая, стала золотая. Были грибки простые, стали золотые. Была рыбка простая, стала золотая (сюжет из народной сказки «Курочка – ряба»);

Что посеешь, то пожнешь (соц. Реклама направленная против курения);

6. **Мультфильмы.** Название или сюжеты из мультфильмов:

Это почему я раньше был такой вредный и злой? Это потому, что я к молоку «Айналайын» не пил! («Это почему я раньше был такой вредный и злой? Это потому, что у меня велосипеда не было» фраза из мультфильма «Каникулы в Простоквашино»);

7. **Речевые клише.** Сигналом выступают фразы общеизвестных выражений:

Спортивно жить не запретишь! (реклама спортивного магазина);

Чистота – залог здоровья! (о препарате АКВАРИД);

Курение опасно для вашего здоровья;

Антитеза. Антитеза дает, какой из товаров стоит выбирать, как стоит поступать, а как нет. В данном приеме эффект достигается за счет контраста. При

этом звучание становится оригинальнее, а значение – яснее, так как объясняемый объект наложен на его противоположность.

Максимум внутреннего пространства, минимум тесноты;

Лед в бокале, тепло в общении (коньяк «Казахстанский»);

Цены обычные, качество необычное! (гипермаркет «Арзан»).

Использование «ошибок» в тексте. Хороший слоган – не обязательно должен быть правильным с точки зрения языка. Неправильность помогает привлечь внимание, может сделать слоган более информативным. Например, слоган «*Кто не знает, тот отдыхает!*» – не соответствует нормам, однако придется «по душе» подросткам [7, с. 131].

Рост популярности национальных традиции и обрядов обуславливает распространение **казахских лексических единиц** в рекламных обращениях:

Дарить подарки – наслаждение.

Особенно любимым друзьям.

И мы хотим вам сделать предложение:

«Шашу» дарите в день весенний,

Народные традиции храня! (о конфетах «Рахат»)

Компания «Жана Арка» 17 лет в небе Казахстана (реклама авиакомпании)

Только натуральное молоко. Молоко «Адал»

Смелость быть первым. Фитнес клуб «Бақыт»

«Вместе с «ҰларҮміт» к обеспеченному будущему!»

«Сәлем!! Это нео!» Встречайте!

Наслаждение вкусом. Наслаждение жизнью. Йогурт «Айналайын»

Даешь рекламу в «Атбашар». Всегда в кармане ақша бар!

Включение в текст рекламы казахского варианта заголовка или слогана также порождает насыщенность информации. Употребление в пределах текста соединения казахского и русского вариантов рекламного девиза, затрагивает интересы адресата [5, с. 89].

Следует отметить, что в исследуемых рекламных текстах широко используется довольно распространенный в рекламе **перифраз**. В основе перифразы лежит описательное обозначение предмета, понятия, явления, лица, предполагающее его подчеркивание, выделение какой-либо стороны, качества, признака, имеющих иносказательный, метафорический смысл [6, с. 78].

Анталья – звезда сезона!

Увидеть больше, чем другие (реклама биноклей).

Проанализированный материал показывает, что образные средства языка оживляют, актуализируют рекламный текст. Разнообразие приемов словесного выражения, усиление экспрессивности, сопровождающей даже простейшую тему, при одновременной общепонятности должны служить одним из принципов составления рекламы. Но при неумелом употреблении средств речевой выразительности могут возникнуть стилистические ошибки, которые приведут к искажению смысла, и интерес зрителя в рекламе снизится. Чаще всего реклама не только информирует, но и формирует у потребителя яркий, четкий рекламный образ через систему изобразительно-выразительных средств языка в объективную информацию, как правило, привносится дополнительная, имеющая субъективную направленность. Она образуется главным образом за счет стилистически окрашенных лексики и синтаксиса, позволяющих создать конкретно – чувственный образ рекламного объявления, эмоционально оценить факты, о которых идет речь.

Художественные приемы в слоганах помогают запоминать их лучше. Они рассчитаны на адекватную реакцию потребителя: сопереживание, сочувствие,

сопричастность. Художественные приемы способствуют хорошему запоминанию информации проникновению ее в подсознание потенциального клиента. Можно сказать, что художественные приемы – вот те средства, которые позволяют разработать хороший лозунг.

Литература:

1. Бове К., Аренс У. Современная реклама. – СПб., 1998. – 67 с.
2. Гермогенова Л.Ю. Эффективная реклама в России. Практика и рекомендации. – М.: РусПартнер Лтд, 1994. – 90 с.
3. Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – М., 1997. – 390 с.
4. Звегинцев В.А. Теоретическая и прикладная лингвистика. – М., 1977. – 564 с.
5. Кара-Мурза С. Манипуляция сознанием. – М., 2000. – 838 с.
6. Володина Н. Литературные универсалии, концепты, стереотипы в контексте литературного процесса // Материалы международного конгресса «Русская словесность в мировом культурном контексте». – М., 2004. – С. 45-78.
7. Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия. – Л., 1978. – 161 с.

Нурбаева А.М.

ЖАРНАМАЛЫҚ МӘТІНДЕ КӨРКЕМДІК ӨРНЕКТІҢ ӘДІСТЕРІ

Бұл мақалада слогандағы көркемдік тәсілдер оларды есте сақтауға жақсы көмектесетіндігі туралы айтылады. Олар тұтынушының алаңдаушылық, уайымдаушылық сезімдерін бөлісу реакцияларына қарастырылған. Көркемдік тәсілдер акпараттардың потенциалды тұтынушының ой санасына енуі мен есте жақсы сақтауына қатысады. Көркемдік тәсілдер жақсы ұран жасаудағы нағыз қажетті тәсіл.

Тірек сөздер: слоган, жарнамалық мәтін, көркемдік тәсілдер, жарнама.

Nurbayeva A.M.

TECHNIQUES OF ARTISTIC EXPRESSION IN THE ADVERTISING TEXT

This article says that artistic techniques in slogans help to memorize them better. They are designed for an adequate consumer response, empathy, compassion, ownership. Artistic methods contribute to a good memorization of information, its penetration into the subconscious of a potential client. It can be said that artistic techniques are the means that allow us to develop a good slogan.

Keywords: slogan, advertising text, artistic receptions, advertising.

ӘОЖ 811.512.122'373

Алдашева К.С. – философия докторы (PhD),
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: kama_kz89@mail.ru

НЕОЛОГИЗМДЕРДІ КОГНИТИВТІК АСПЕКТІДЕ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. Зерттеу ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде орындалатын «Қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдердің қалыптануы: когнитивтік және лингводидактикалық аспектілер» деп аталатын жоба нәтижелерін қорытындылауға бағытталған.

Қазіргі кезеңде қазақ әдеби тілінің динамикасында жаңа сөздерді / неологизмдерді жасау үшін сөзжасам модельдерінің барлық мүмкіндіктері айқындалған және олардың жалпы сипаттамасы, тиімділігі мен икемділігі сөзжасам бойынша еңбектерде жеткілікті дәрежеде тұжырымдалған. Сөзжасам модельдерінің қатарында қазақ тілінің семантикалық тынысын (төл сөздердің қайта жаңғыруы) игеру арқылы жасалған жаңа сөздер айрықша орын алады, олар өздеріне тән күрделі, лингвистикалық, лингвомәдени және сыртқы факторларға байланысты ерекшеліктері бойынша қалыптану және нормалану тұрғысынан жете зерделеуді қажет етеді.

Мақалада жаңа сөздерді когнитивтік аспектіде зерттеуге арналған ғылыми еңбектер талданады.

Тірек сөздер: неологизм, когнитивтік лингвистика, когнитивтік неология, когнитивтік дискурс.

Ұзақ уақыт бойы неологизмдер дәстүрлі ғылыми парадигманың шеңберінде қарастырылып келді. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап сөзжасам мен лексикологияның аясында қарастырылса, қазір лексиканың инновациялық корпусына қатысты проблемалар тілтанымның жаңа аспектілермен байланыстырылып келеді. Тілдің қазіргі даму сатысындағы неологизация процесінің қарқынды сипаты жаңа сөздердің пайда болуы мен қолданысына қатысты проблемалардың шешімін табуда айрықша мүмкіндіктерді ұсынып отырып. Бұған қазіргі лингвистикалық әдебиеттердегі лексикалық инновациялардың жаңа аспектілерде қарастырылуы дәлел бола алады.

Лингвистикалық ғылымның қазіргі даму сатысы неологизмдердің пайда болу тетіктерін зерттеудің өзгеше тәсілдерінің сипатымен ерекшеленеді. Осымен байланысты неологизация процесін зерттеуде адамның рухани-практикалық қызметін, құндылықтар жүйесін, жеке адамның санасына айтарлықтай ықпал ететін, жаңа сөздердің пайда болуына түрткі болатын қоғамдық-саяси мәдениеттің сипатын ескермеу мүмкін емес.

Лингвистиканың қай кезеңінде де, тіл тарихының қай сатысында да неологизмдерге қатысты мәселе өзінің өзектілігін жойған жоқ. Тілді тірі ағза ретінде тану ең алдымен оның динамикасымен, сөздік қорында орын алатын өзгерістермен тілкелей байланысты. Қандай бірлікті және мағынаны «жаңа сөз» ретінде тану және осы ұғымға сыйдыру керектігі туралы мәселе – ғалымдар арасында ұзақ уақыт шешімін таппаған сұрақ. Себебі жаңа сөзге анықтама беруде шектес терминдердің ауқымы өте кең, атап айтқанда: неологизм, окказионализм, жаңа атаулар, инновация, лексикалық жаңалық және т.б. Мысалы, Р.Ю. Намитокова «новообразование» мен «неологизм» терминдерін

ажырата отырып, алғашқысын «окказионализм» ұғымының мағынасына теңестіреді [1, 13 б.]. Н.З. Котелова «лексикалық жаңалықтарды» нақты бір уақыт аралағында бір тілде, тіл жүйесінде, қолданыста узуалды түрде болған және, сәйкесінше, бұрын сол тілде, тіл жүйесінде, қолданыста болмаған сөз, сөз мағынасы, идеомалар деп түсіндіреді [2, 14 б.].

Қазақ тіл білімінде академик Р.Сыздық *тілдегі жаңалықтар / тілдік жаңалықтар / лингвистикалық жаңа бірліктер / тілдегі жаңа лексикалық бірліктер / жаңа сөздер* дегендерді синонимдес мағынада қолданған [3]. Ғалымның пікірінше, бұл атаулардың барлығы да – белгілі кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған бұрынғы сөздер, тілде жиі және еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер.

Академик Р.Сыздық тұжырымдарының жаңалығы – қазіргі жаңа сөздердің пайда болуының тілге деген ұлттық рухани сұраныстың күшеюі мен ұлттық сананың беки түсуіне байланысты қарастырылуында.

Тіл ғылымының әр саласы өз бетінше оқшау дамымайды, олардың зерттеу нысандары мен әдістері әр басқа болғанымен, тілдік бірліктердің табиғатын тануда ортақтық болады. Бұл ретте неологизмдердің ерекшеліктері антропоцентрлік парадигманың негізгі бағыттары болып саналатын этнолингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика салаларының аясында да қарастырылады. Өйткені халықтың ұлттық болмысын танытатын негізгі өзек – оның тілі. Ұлт – мәдениет – тіл тұтастығында қарағанда жаңа сөздер ұлт санасының жемісі болып табылады. Жалпы алғанда, адам әлемді өз ана тілі арқылы таниды да, сол негізде ұлттық мінезді бойына қабылдай бастайды [4]. «Тіл – халықтың рухы» болса, тілдің ең негізгі бірлігі – сөз. Ұлттық тілдің сөздік қорындағы белгілі бір үлесті жаңа сөздер құрайтыны белгілі. Жаңа сөздер тілдің ішкі заңдылықтарынан бөлек, сол тілді тұтынушы халықтың ойлауына, қабылдауына, таным-түсінігіне сай жасалса ғана жаңа сөздің тілде бекітілуіне жағдай жасалады. Бұған В.фон Гумбольдтың «тіл рухтың заңдылығы бойынша дамитын болса, оған қоса тіл адам санасының заңдылықтары бойынша да дамиды» деген тұжырымы дәйек болады [5, 370 б.]. Бұл – неологияның адамның когнитивтік және тілдік санасына тән тетіктермен байланысының айқын көрінісі.

Сонымен қатар тілдегі жаңа сөз ең алдымен – ұлттық-мәдени құбылыс. Біріншіден, «тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы, әсіресе мәдениеттің тілге ықпалы, мәдениеттің тілдегі көрінісі ғылым үшін жаңалық емес. Әр халықтың дүниетанымы мен мәдениетінде ерекшелік бар; бұл ерекшелік тілге сіңіріледі дегеннің бастапқы негізі Э.Сепир мен Б.Уорфтың «лингвистикалық ықтималдылық теориясында қаланған болатын» [6, 122 б.]. Демек, мәдениеттегі өзгерістер тілге әсерін тигізеді, ал тілдегі өзгерістер, ең алдымен оның лексикалық қабатынан сезіледі. Бұл ретте тілдің ішкі заңдылықтарына негізделген жаңа сөз тууы мүмкін, екіншіден, жаңа сөздердің бір тобы бұрыннан тілде бар, бірақ мағынасы күңгірттеніп, қолданыс аясы шектеле түскен сөздердің жаңа мағынаға ие болуынан жасалады. Бұған дәлел – қазақ тіліндегі *жәдігер, кәдесый, тұсаукесер* сияқты неологизмдер. Бұл – тіл мен мәдениеттің тоғысындағы лингвомәдениеттану, этнолингвистика салалары мен неология байланысының қарапайым дәлелі [7]. Сонымен қатар ұлттық-мәдени танымға ие, ұлттық менталитетті айқындайтын сөздердің семантикасының кеңеюі, жаңғыруы арқылы тілге қайта оралуы, әсіресе ғылым мен техника атауларын беруге сәйкес келуі тілдің сөз байлығының айрықша қабілетті екендігін, сол халықтың ұлттық мәдениетінің жоғары екендігін көрсетеді.

Когнитивтік лингвистиканың аясында жаңа сөздердің жасалу тетіктерін, жаңа лексикалық бірліктердің қалыптасу үдерісіне ықпал ететін когнитивтік факторларды, когнитивтік және тілдік құрылымдардың арасалмағын танып-түсіну аса маңызды.

Когнитивтік бағыт – лингвистикадағы қарқынды дамып келе жатқан, көптеген ғылыми мектептерді тоғыстыратын сала. Антропоцентристік парадигма шеңберінде тілдегі құбылыстарды зерттеу түрлі бағыттарға жіктеледі:

– Е.Ю. Балашованың жіктемесі бойынша лингвокогнитивтік (Ю.С. Степанов, В.И. Карасик, В.В. Красных, В.А. Маслова, Н.Ф. Алифференко және т.б.) және лингвомәдени (Е.С. Кубрякова, З.Д. Попова, И.А. Стернин, В.Н. Телия және т.б.) бағыт [8];

– Л.А. Шарикова мен Ю.П. Бауэрдің жіктемесі бойынша лингвокогнитивтік бағыттағы зерттеулер психологиялық (С.А. Аскольдов-Алексеев, Д.С. Лихачев), логикалық (Н.Д. Арутюнова), философиялық (В.В. Колесов), мәдени (Ю.С. Степанов), лингвомәдени (В.Н. Телия) тұрғыдан жүргізіледі [9, 247-248 б.];

– З.Д. Попова мен И.А. Стернин қазіргі когнитивтік лингвистиканың аясындағы зерттеулерді мәдени (Ю.С. Степанов), лингвомәдени (В.И. Карасик, С.Г. Воркачев, Г.Г. Слышкин, Г.В. Токарев), логикалық (Н.Д. Арутюнова, Р.И. Павлиненко), семантикалық-когнитивтік (Е.С. Кубрякова, Н.Н. Болдырев, Е.В. Рахилина, Е.В. Лукашевич, А.П. Бабушкин, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Г.В. Быкова), философиялық-семиотикалық (А.В. Кравченко) бағыттарға жіктейді [10, 12 б.].

Когнитивтік лингвистика – салыстырмалы түрде жас ғылым саласы, осымен байланысты неологизмдерді когнитивтік аспектіде қарастыруға арналған зерттеулер көп емес. Дегенмен «неологизм» ұғымының мазмұнын ашуда когнитивтік лингвистика саласындағы Е.С. Кубрякова, Ю.С. Степанов сияқты ғалымдардың зерттеулері мен неологизмдерді когнитивтік тұрғыдан талдауға арналған диссертациялық жұмыстарға сүйенеміз.

Ю.С. Степанов жаңа сөздердің жасалу үдерістерін пайымдай келе, «жылтылдақ концепт» («мерцающий концепт») деген ұғымды енгізеді. Жаңа бір нәрсеге немесе құбылысқа атау беру қажеттілігі «жылтылдақ концептінің» пайда болуына әкеледі, бұл концептіге қандай да бір біріншілік мәнді үстеу үшін оны белгілі бір категорияға кіргізу қажеттілігі туындайды. Бұл тізбек вербалдану үдерісімен аяқталады, яғни дыбыстық жамылғыға ие болады. Лингвистикада жаңа сөздердің қалыптасу сатыларына тән принциптер белгілі, алайда Ю.С. Степанов жаңа сөздердің «бастапқы» жай-күйін талдай отырып, терең құрылымдарына ерекше мән береді.

Е.С. Кубрякова неологизмдердің когнитивтік-дискурстық қырын қарастырады. Когнитивтік-дискурстық тәсіл тілді танымдық тұрғыдан зерттеуде жиі қолданылады. «Жаңа сөздерді когнитивтік-дискурстық бағыттың аясында зерттеудің объективті қажеттілігі неологизация процесінің табиғатымен және мазмұнымен анықталады, басқаша айтқанда неологизация кешенді когнитивтік-дискурстық үдеріс ретінде қарастырылады және халықтың тілдік санасының өзгеруіне, сөйлеуі мен ойлауындағы когнитивтік-прагматикалық қажеттіліктермен байланысты құндылық бағдарының өзгеруіне сәйкес тілдің лексика-семантикалық жүйесі де жаңарып отырады» [11].

Е.С. Кубрякова когнитивтік-дискурстық тәсіл түрлі лингвистикалық білім салаларының өзара байланысын ескере отырып, зерттеудің кешенді пәнаралық сипатын ұсынатындықтан, жаңа сөздерді аталған аспектіде зерттеу аса маңызды деген тұжырым жасайды [12, 12 б.]. Жаңа сөздердің туу үдерістерін зерттеуде аталған тәсілдің когнитивтік бөлімі осы үдеріске қатысатын білім түрлерін,

менталды құрылымдарды анықтауға, ұғымның мүмкін болатын вербалдану жолдарын түсіндіруге және т.б. мүмкіндік береді. Ал дискурстық бөлімі автордың интенциясын, контексті, мәтіннің прагматикалық бағытын ескереді. Осылайша жаңа сөздерді когнитивтік-дискурстық тұрғыдан талдау зерттеу нысанының анағұрлым толық сипатын беруге жол ашады.

Когнитивист ғалымдардың көпшілігі жаңа сөздердің қалыптасу процестеріне тән алғашқы сатыларды, олардың пайда болуына ықпал еткен факторлар мен уәждерді зерттейді. Қазақ ғалымы Қ.Б. Күдеринова тіл жүйесіндегі таңбаларды «сөз, граммема, морфема, фразема болса, оның мазмұн межесінің бірлігі – семема, тұрпат межесінің бірлігі – лексема» деп жіктеп, «солар арқылы белгілі болған бір денотатқа, я болмаса құбылысқа берілетін атау, яғни лексема референттің бойындағы бірнеше белгілердің, семалардың сұрыпталып, қорытылуы нәтижесінде, немесе атауға негіз болатын бір белгінің актуалдану нәтижесінде, немесе мәнді ғана белгілері жиынтығы нәтижесінде туады» – деп пайымдайды [13, 72-73 б.].

Орыс ғалымы В.И. Заботкина «К вопросу о когнитивной неологии» деп аталатын еңбегінде [14] жаңа сөздердің жасалуында прагматикалық және когнитивтік факторлар анағұрлым маңызды деген тұжырым жасайды. Жаңа сөздердің жасалу актісінде когнитивтік факторлар артықшылыққа ие. Қандай да бір жаңа затты немесе құбылысты атау үшін адамның когнитивтік жүйесіндегі оның орнын сәйкестендіріп, анықтау керек. Одан әрі қарай категоризациялау және субкатегоризациялау процестері жалғасады. Басқаша айтқанда, ұғым адамға бұрыннан белгілі категория шеңберіне және анағұрлым ыңғайлы класқа енгізіледі. Субкатегоризациялау процесі – жаңа ұғымды таңдалған категориядағы басқа ұғымдармен арақатынасы белгілеу. Осылайша жаңа сөз жасау актісінде категоризациялау және субкатегоризациялау процестері біріншілік сипатқа ие болады. Демек когнитивтік фактор бірінші орынға ие болады. Прагматикалық факторлар жаңа атауды бекітуде ілгері шығарылады. Әрине әлемді тану үдерістерін зерделеуде когнитивтік және прагматикалық ғана емес, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және т.б. факторларды да ескеру аса маңызды.

Ю.В. Петрович неологизмдерді жасаудың когнитивтік аспектісі туралы пайымдауда концептуалды интеграция теориясына сүйенеді. Концептуалды интеграция – «менталды кеңістік жүйесінде ақпараттық бөлшектердің жедел түрдегі шығармашылық байланысу процесі» [15]. Концептуалды интеграция мағынаның түзілу процесімен қатар жүреді. Когнитивтік көзқарас тұрғысынан, неологизм – ерекше интеграциялық мағынаға ие туынды бірлік. Неологизмнің интеграциялық мағынасы оның құрамдас бөлшектерінің мағынасымен анықталмайды, жаңа сөздің жасалу уәжін ғана немесе экстралингвистикалық факторларды ғана зерттеу арқылы сипатталмайды, аталған компоненттердің тұтастықта болуын, яғни интеграциялық байланысты қажет етеді. Ғалым жаңа етістіктердің жасалу процесінің негізінде концептуалды интеграция тетіктері бар деп санайды. Осылайша неологизмді түрлі менталды кеңістіктерден құралған күрделі жасалым ретінде түсіндіреді.

Н.Б. Милявская неологизмдерді қалыптастырудың когнитивтік негізін қарастыра келе, когнитивтік лингвистикада болмыстың категориялану үдерісінің бөлінбес бөлшегі, ойлауды жүзеге асыру принциптерінің бірі ретінде танылатын метофтонимия құбылысына назар аударады. Ғалымның еңбегінде жаңа сөз метафтонимиялық ауысудың (метафтонимический перенос) нәтижесі ретінде қарастырылады [16].

Е.Л. Боярская полисемантикалық зат есімдердегі жаңа мағынаның даму нәтижесінде пайда болған неологизмдерді когнитивтік парадигманың аясында

зерттейді [17]. Ғалым неологизмдерді полисемантикалық сөздердегі жаңа мағынаның когнитивтік тетіктеріне талдау жасау арқылы түсіндіреді.

Л.В. Черепанова [18] мен Л.Ю. Касьянованың [19] жұмыстары неологизация процесін когнитивтік-дискурстық тұрғыдан зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеулерде неологизм әлеуметтік-мәдени жағдаяттарға тікелей тәуелді ерекше әлеуметтік болмыс ретінде дискурспен тығыз байланыста қарастырылған. Ғалымдардың пайымына сүйенсек, неологизация – кешенді когнитивтік-дискурстық процесс және халықтық құндылық бағдарының, тілдік сананың, мәдениет пен рухани-практикалық әрекеттің өзгеру ерекшелігіне сәйкес тілдің лексикалық жүйесінің жаңғыруына / толығыуына бағытталады. Неологизм – когнитивтік-дискурстық тұрғыдан игерілген болмыстың ерекше өнімі.

Қазақ тіл білімінде неологизм құбылысының танымдық / когнитивтік сипатын зерделеу енді қолға алына бастады. Бұл бағыттағы зерттеулердің бастауы ретінде терминдердің танымдық ерекшеліктерін ашуға бағытталған еңбектер аталады. Себебі бұл сабақтастық «терминжасам үдерісін неологизация заңдылықтары мен тілдің лексикалық және терминологияның даму ерекшеліктерін ескере отырып жүргізген жағдайда қажетті термин жасау үшін әрқашан оңтайлы жол табуға болады» деген тұжырыммен бағалауға болады [20]. Қазақ терминологиясының ғылыми мәселелері қазақ тілтанымның көшбасындағы А. Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев, С.Исаев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Білал, С.Ақаев, Қ.Айдархан, С.Исақова т.б. еңбектерінде әр қырынан зерттелді және бұл ретте терминнің танымдық сипаты зерттеу нысанынан тыс қалған жоқ.

Тілдегі неологизмдердің когнитивтік аспектіде зерттеудің бағыттарына қатысты пікірлерді алға шығарып, оларды қорытуымыздағы басты мақсат – қазақ неологиясы мен неографиясының және қазақ тілтанымы үшін когнитивтік неологияның жаңа сала екендігін ескере отырып, осы саланың саяси, мәдени, ұлттық, сондай-ақ білім беру факторларына тікелей байланысты екендігін тұжырымдау. Әрине, қазақ неологиясының жай-күйімен салыстыра қарағанда, әлемдік лингвистикада, оның ішінде орыс тіл білімінде неология мәселесі туралы көзқарастар әбден дәйектелген және бұл мамандарға жақсы таныс, көптеген тілдердегі зерттеулерде әлемдік деңгейдегі тұжырымдар басшылыққа алынады.

Қорыта айтқанда, тілді когнитивтік аспектіде қарастыратын зерттеулерде неологизм адам санасының шығармашылық жұмысының нәтижесі ретінде талданады. Демек неологизмдерді фреймдік талдау, когнитивтік модельдеу, когнитивтік-дискурстық талдау, лексикографиялық деректердің когнитивтік интерпретациясы және т.б. әдістердің көмегімен зерттеп, метафора, метаномия, метафтонимия құбылыстарын когнитивтік аспекті түсіндіру арқылы сипаттауға болады. Неологизмдерді когнитивтік аспектіде зерттеуге арналған бірқатар еңбектерге жасалған шолу қазіргі ғылыми парадигмада жаңа сөздерді зерттеу проблемасы өзекті екендігін және бұл құбылысты жаңа шеңберде зерделеу талабының бар екендігін танытады.

Әдебиеттер:

1. Намитокова Р.Ю. Авторские неологизмы: словообразовательный аспект. – Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского ун-та, 1986. – 160 с.
2. Котелова Н.З. Первый опыт лексикографического описания русских неологизмов // Новые слова и словари новых слов. – Л., 1978. – С. 8–14.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.

4. Hasanov G.K., Mynbayeva A.P., Duisenbayeva G.Z., Mukhamejanova G.T., Aldasheva K.S., Kongyratbay K.T. *Fundamentals of cognitive metaphor // Asian Social Science*. – 2015. – V.11(18). – P. 82-85.
5. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 450 с.
6. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.
7. Алдашева К. Неология ғылымы және оның қазақ тілтанымды парадигмасына қатысы // *Materials of the X International scientific and practical conference (August 30 – September 7)*. – Sheffield, 2014. – P.21-25.
8. Балаиова Е.Ю. Концепты любовь и ненависть в русском и американском языковых сознаниях / Дис... канд. филол. наук. – Саратов, 2004. – 262 с.
9. Шарикова Л.А., Бауэр Ю.П. Концепт «женщина» в любовной лирике немецких миннезингеров // *Мир человека и мир языка: Коллективная монография*. – Кемерово: ИПК «Графика», 2003. – С. 247-248.
10. Попова З.Д., Стернин И.А. Семантико-когнитивный анализ языка. – Воронеж: Истоки, 2006. – 226 с.
11. Касьянова Л.Ю. Когнитивно-дискурсивные проблемы неологизации в русском языке конца XX – начала XXI века. – <http://www.dissercat.com/> Пайдаланған уақыты: 17.11.2018 ж.
12. Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М.: Институт языкознания РАН, 1997. – 237 с.
13. Кудеринова Қ.Б. Бірге, бөлек таңбаланатын сөздің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері. – Алматы, 2000. – 147 б.
14. Заботкина В.И. К вопросу о когнитивной неологии. – <http://ru.kantiana.ru/> Пайдаланған уақыты: 17.11.2018 ж.
15. Боярская Е.Л. Полисемия как результат концептуальной интеграции. – <http://elibrary.ru/> Пайдаланған уақыты: 17.11.2018 ж.
16. Милявская Н.Б. Когнитивные основы формирования значения неологизмов, образованных в результате метафтонимического переноса: на материале современного английского языка. – <http://www.dissercat.com/> Пайдаланған уақыты: 17.01.2019 ж.
17. Боярская Е.Л. Когнитивные основы формирования новых значений полисемантических существительных современного английского языка. – <http://www.dissercat.com/> Пайдаланған уақыты: 15.11.2018 ж.
18. Черепанова Л.В. Когнитивно-дискурсивное исследование новой английской лексики. – <http://www.dissercat.com/> Пайдаланған уақыты: 22.10.2018 ж.
19. Касьянова Л.Ю. Новое слово как результат когнитивно-дискурсивного освоения действительности. – <http://www.science-education.ru/> Пайдаланған уақыты: 17.11.2018 ж.
20. Айдарбек Қ.Ж. Қазақ терминологиялық аталымының ономастиологиялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.

Алдашева К.С.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИЗУЧЕНИЯ НЕОЛОГИЗМОВ В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ

Исследование направлено на обобщение результатов проекта по теме «Кодификация неологизмов в современном казахском языке: когнитивные и лингводидактические аспекты», выполняемого в Западном-Казахстанском государственном университете имени М.Утемисова в рамках грантового финансирования научных исследований на 2018-2020 годы Комитета науки МОН РК.

В настоящее время в динамике казахского литературного языка раскрылась все возможности словообразовательной модели для создания новых слов / неологизмов и ее общая характеристика в достаточной мере нашла отражение в работах по словообразованию. Среди словообразовательной модели особую актуальность имеет создание новых слов путем использования семантического потенциала («возрождение» исконных слов) казахского языка, и, которые, нуждаются в комплексном исследовании их как явление со свойственной им сложностью, наличием специальных лингвистических, лингвокультурологических и экстралингвистических характеристик.

В статье анализируются научные труды, направленные на исследования в когнитивном аспекте неологизмов.

Ключевые слова: неологизм, когнитивная лингвистика, когнитивная неология, когнитивный дискурс.

Aldasheva K.S.

MAIN DIRECTIONS OF THE STUDY OF NEOLOGISMS IN COGNITIVE ASPECT

The research is aimed at summarizing the results of the project on the theme “Codification of neologisms in modern Kazakh language: cognitive and linguodidactic aspects”, carried out in M. Utemisov West Kazakhstan State University, within the framework of grant funding for scientific research for 2018-2020 of the Science Committee of the MES RK.

Currently, the dynamics of the Kazakh literary language has opened up all the potentials of a word-building pattern for the coining of new words / neologisms and its overall description has been adequately shown in the works on word-building. Coining of new words by using semantic potential (“rebirth” of native words) of the Kazakh language, which requires its comprehensive study as the phenomenon having typical complexity, specific linguistic, linguocultural and extra-linguistic characteristics, is of particular topicality in the word-building patterns.

The article analyzes the scientific works aimed at research in the cognitive aspect of neologisms.

Keywords: neologism, cognitive linguistics, cognitive neology, cognitive discourse.

ӘОЖ 78.083.52 (574)

Шайекенов Ж.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

Суйншева Н.А. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: nsuynsheva@mail.ru

ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ БАЛЛАДАЛАРЫ

Аңдатпа. Отанды қорғау халықтың ортақ ұранына айналған кезеңде қазақ поэзиясы да қарап қалған жоқ. Сұрапыл соғыс жылдарында төл поэзиямызда баллада жанры ширай түсті. Еліміздің тынысын, замандастарының қаһармандық ерлігін, еңбектегі ерен қимылын, туған елінің, туған жерінің әсем табиғатын зор ақындық шабытпен жырлаған Әбу Сәрсенбаевтың балладалары осының дәлелі. Мақалада қазақ поэзиясындағы ешкімге ұқсамайтын өз дауысымен, болмысымен, өз үнімен танылған Әбу

Сәрсенбаевтың балладаларына талдау жасалды. Ақын шығармаларының ішкі рухы мен көрініс-көркі, сипаты мен сынына аса мән бердік. Ақынның өз заманының әуендері, халқымыздың ерлік істері мен еңбек адамдарының, өз замандастарының сыр-сипатына жазылған шығармаларына шолу жүргізіле қарастырылды.

Тірек сөздер: көркем әдебиет, лирика, баллада, сюжетті өлең, отанды сүю, ұрпақ тәрбиесі, патриотизм.

Қазақ поэзиясына сюжеттің енуі, өлеңге оқиғаның араласуы өте ертеден басталады. Мәселен, лирикалық поэзияның классикалық жанрларының бірі баллада өзінің оқшау сюжетке, шағын оқиғаға құрылатындығымен ерекшеленсе, олардың қазақ әдебиетіндегі тарихы тереңде жатыр. Әбу Сәрсенбаев қазақ әдебиетінде сюжетті шағын лириканың көркем үлгісін жасап, оны қазіргі қазақ поэзиясында дамытушылардың бірі болды десек артық айтқандық болмас. Ол әңгімелей отырып, сыр ашуға, сырлы өлеңдер жасауға шебер ақындардың бірі болды. Оның қаламынан қомақты - қомақты ақындық баяндаулар, монологтар, балладалар дүниеге келді. Атап айтсақ, өмірінің соңғы кезеңдерінде жазылған «Қатыгез ғасыр құрдасым», «Қарт коммунист толғанысы», «XXI ғасыр президентінің жан дауысы», «Майдан мергенінің монологы», «Қатардағы қарт солдат», «Сексен бес деген қиядан» сияқты өлең жырларының, толғаныс-толғауларының мәні зор. Сол сияқты ақын балладаларының да көркемдік сипаттары ерекше. Ақын баллада жанрының қыр – сырын жете меңгеріп барып өз қажетіне пайдаланып отырған. Оған төмендегі ақын балладаларын талдау үстінде көзіміз жеткендей болды.

Ұлы Отан соғысы Әбу Сәрсенбаевтың өмірлік тақырыбы болды. Ол етігімен су кешкен ер азаматтардың көңіл-күйін өз лирикасына үзілмес өзек етумен өтті. Осы соғыстағы (жауынгер) нағыз ерлікті, адамгершілікті, интернационализм мен патриотизм, гуманизмді дәріптеу идеясынан туған балладаның бірі – «Солдат Жұлдыз». Бұл ақынның «Азаттық солдаты» өлеңінің заңды жалғасы, тіпті кеңейтілген нұсқасы деуге болады. Баллада Ұлы Отан соғысының аяқталар тұсында болған бір оқиғаға негізделген. Балладаның басында жауынгер бастан кешірген қилы-қилы кезеңдерді, ауыртпалықтар мен азаптармен сипаттауға арналады. Негізгі оқиға балладаның екінші бөлігінде болды. Берлинде Рейхстагқа қарай ұмтылған жауынгердің құлағына неміс әйелінің зарлы үні естіледі. Өртенген үйдің ішінде оның сәбиі қалып қойған. Осындай трагедиялық жағдайда көп ойланып тұрмастан каскасымен сүзе жарып әйнекті тарғыл жалын шарпыған үйге сүңгіген жауынгер жалын ішінде шырқыраған сәбиді аман-есен алып шығарды. Сол кезде тасадағы дұшпан мергені жауынгерге мылтығын кезене береді. Дәл сол сәтте жаңағы неміс әйелі дереу жауынгерді қолқалап, кеудесін оққа тосады. Ана төсін жып-жылы қызыл қан басады. Ал жауынгер нәрестені құшақтаған күйде қасындағы фонтанның айдын суына күмп береді. Сүйтіп нәрестені құтқарып қалған жауынгер өз пилоткасындағы жұлдызды сәбидің омырауына қадап кетеді. Шығарманың үшінші, төртінші бөліктерінде де оқырман оқыс оқиғаға тап болады. Арада отыз жылдай уақыт өткенде қос балтақты қарт жауынгер Берлинге келіп, өзіне таныс көшелерді аралайды, баяғы фонтанға соғып, өткенді еске түсіреді. Көшеде ойда жоқта кездескен жас неміс жігіті оған өзінің аты-жөні жазылған картаны сыйлайды. Ол баяғы өзі қып-қызыл өрттен құтқарып қалған нәресте екені кейін анықталады. Балаға басқа есім берілмей «солдат жұлдызы» атанып кеткен. Кешегі жауынгер бүгінгі ғалым жиналған жұртшылыққа лекция оқып болғаннан кейін неміс әртістері концерт береді. Сонда Гетенің сөзі, Абайдың сазы оның

құлағына шалынады. Сөйтсе әлгі әнші жігіт баяғы құтқарылған бала болып шығады.

«Қасиетті құпия» балладасы соғыс қасіретін тартқан тылдағы ана мен бала, жесірлер трагедиясы. Балладаның бірінші бөлігінде Шынар жеңгейдің жақсы түс көргенін, түсінде астында Ақмоншақ аты, омырауда Алтын Жұлдыз Жарқын келіп Шынарға үн қатқаны «әттең, бірақ жақсы түстің аяқталмай қалды ар жағы». Содан кейін мұндай түстердің ортаға тез тарайтыны, осы түсті де шал қорада келіншектердің сан айтқызғаны баяндалады. Жүрегі жаралы келіншектер жақсы түсті жақсылыққа жорып, қайтадан үміт отын жағары сөзсіз. Балладаның екінші бөлігінде жаңағы жылт еткен үміттің өшкені баяндалады. Сыңар аяқты хат тасушы қарттың келуінің өзі жамандықтың басындай елес береді:

Есенсіз бе? – сәл жымыған,
Күлкі емес бұл аянышты.
Күрсінстің хабарындай,
Жарып шыққан жараны ішкі [1, 334 б.].

Содан кейін хат тасушы шал Шынарға хатының қайтып келгенін, өзінің де жалғыз ұлынан айрылғанын, мұны жамандыққа жорымауын айтып хатты ұсынады. Ақын әр кезде де кейіпкерлерінің ішкі әлемін көрсетуге көп көңіл бөліп отырады.

Ал мұнысы бейтаныстан,
-Мүмкін... жақын достан шығар.
Мүмкін нөсер арасынан,
Күн шуағын тосты Шынар [1, 336 б.].

Ашты еппе-егілдірген,
Мың жұбайды, мың ананы
Қабағы түн қарақаз
Хат ішінен сығалады...-

деген жолдарға қандай сом сурет сыйғызып жіберген. Ананың баласынан айырылғанын, әйелдің күйеуінен айырылғанын жеткізетін қаралы қағазды қабағы түксиген алпауытқа теңеуі өте нанымды, әсерлі.

Балладаның үшінші бөлігінде дала почтасынан хат келіп, қуанысып жатқан Ақан және оның кластас достарымен кездесеміз. Бірақ бұл қуаныш та ұзаққа созылмайды. «Хат қолынан түсіп кетті, Мұңар жапқан қарашықты! Әке... – Өксіген бір ащы үн, Жас кеудені жара шықты». Ақын соғыс қасіретінің жас жүректерді де жаралағанын әдемі келтіреді:

Сәби жүздер түнек тартқан
Мыңға ортақ қой осы дерттер.
Мұңды көздер жаста малтып,
Күрсінді жас көкіректер! [1, 338 б.].

Балладаның төртінші, бесінші бөліктерінде көкірегі шерге толы тұрса да ақын бала:

Жоқ, айтпаймын, бейшараны
Өшірмесін үміт шамын
Кіл жақсы түс құшағында
Қарсыласын күліп таңының

деп осы қаралы хабарды анасына сездірмеуге серт етеді. Ал ана да жалғыз ұлын зармен қалай қарсыласын, көзіндегі тамшы жасын көкірегіне сорып алып, өзінің қайғысын баласына білдірмеуге бел байлайды.

«Содан бері сыр ашпайды
Бір-біріне сездірместен,
Төзім неткен берік еді

Тек оңаша егіледі.» [1, 339 б.].

Балладағы әрбір деталь, әрбір образ бәрі де нанымды, бәрі де кәдімгі болмыстағы қалпындай қарапайым. Сондықтан да негізгі ой, қорытынды түйін терең мазмұнға ие болған. Ана мен бала басындағы қайғы, мұң миллиондаған адамдардың басындағы қасірет еді. Ақын соғыс кезеңінің осы шындығын шебер жеткізе отырып

Жүрек, жүрек асылсың ғой

Үміт атты құс ұялар:

Қос жүрекке жатыр мөлдір

Қасиетті құпиялар, -

деп адам баласының табиғи асыл сезімінің сұлулығына тамсандырады. Поэзияның басты мақсаттарының бірі де – адамдардың жақсылыққа деген үмітін үзбеу, болашаққа деген сенімін жоғалтпау болса керек.

Өмірдің өзінен поэзияға тікелей ауысқан балладаның бірі – «Алмаш ару». Мұнда ақын соғыс салған жара арқылы өз замандастарының, тағдырластарының өмірін толғайды. Соғыс зұлымдығын әшкерелеп, бейбітшілікті паш ету - балладаның негізгі ой өзегі. Баллада ақынның – лирикалық кейіпкердің монологы түрінде берілген. Соғыс аяқталғаннан соң жиырма жылдан кейін өзі жүріп өткен майдан жолдарын аралаған лирикалық кейіпкер Балатон көлі маңында (Венгрия) жаралы боп жатқан, жалыннан тамағы кепкендей «аузына сусын тамызған Алмаш аруды ілтипатпен еске алады. Жаралы жауынгерді құтқара жүріп Алмаш та аяғынан қатты жарақаттанады. Баллада да сезім мен сурет қатар өрілген.

Қайда екен сол бір армандай сұлу асыл жан,

Құмартсам ол кез, несіне бүгін жасырам,

Кеуденнен толқып төгілген қара өмірге,

Көз тігіп, шіркін, қарауға жазса өмірде.

Мойындау қажет, бойында шерек ғасырдың

Арманды сол бір өз кеудемде жасырдым.

Сарғая күтем құмартта құлап өзгеден

Сағынсаң шалқар болады екен көл деген [2, 171 б.].

Бұл бір кезде өзін өлімнен құтқарып қалған бейтаныс замандасына деген лирикалық кейіпкердің ризашылық шынайы сезімі. Арада көп жыл өтсе де көкірегінде тұнып жатқан жүрек лүпілі. Өзінің өміріне арашашы болған адамды бір көрсем деген әркімнің-ақ көкейінде болар ақ тілек арман. Лирикалық кейіпкер Балатон көлінің жағасын шарлап, жастық шағының жоғалған іздерін барлай жүріп, сонау бір кездегі өзіне таныс қасиетті кәрі емен жанына келеді. Сол кезде балдақты, қара көзілдірікті, бурыл шаш әйел де кәрі еменге келіп сүйенеді. Бұл баяғы Алмаш ару еді. Лирикалық кейіпкер: «Кешірім Алмаш, (бұрқ етті беттен кенет тер) обалына болыппын, жаным, себепкер» деп өзін кінәлі адамдай сезінеді

Күрсінді Алмаш.

Тиген жоқ сенің кесірің,

Кінәлі соғыс!

Соғысқа жоқ қой кешірім!

Әжімді жүзді түлгілей берді тамшылар,

Сирақсыз қалған Алмаштар талай бар шығар.

Адамдар енді сұмдыққа қайтіп бармасын!

Білмесін тарих әкесіз өскен жетімді,

Сирақсыз қалған мәңгі тұл, мәңгі жесірді [2, 172 б.], -

деген ет-жүрегінді езілдіретін күйлі-мұңды, суретті шумақтармен ақын бүкпесіз, бүркемесіз шындықты шынайы жеткізе білген. Қу соғыс талай

аруладың жанын жаралап, жүректеріне мәңгі дақ түсіргені тарихи шындық. Болмысынан гуманист ақын балладаның соңын адамдардың бойында патриоттық рух отын оятатын бейбітшілікке құлшындыратын жарқын оймен аяқтайды. Сондай-ақ ақынның «Шие ағашы» деп аталатын балладасы да сол бір сұрапыл жылдардың ащы шындығын реалистік мәнерде бейнелеген туындылардың бірі. Қасіретті ана мен десанттың арасындағы монологта бейнелетін баллададан алладан тілеп алған перзентінен айырылып, өмірден ауыр соққы алған байғұс ананың қос бұрым мен мәйіттен басқа алаңы жоқ.

Ана өрімін тұзақ етіп,
Фашист сұмдар қорлап мені,
Шие ағашқа кеткен асып,
Күнәсіз жас нәрестені [2, 172 б.].

Шығармада неміс басқыншыларының жан түршігерлік жауыздығы, айуаннан да бетер қаныпезерлігі қатты әшкереленеді.

Біз шиеден ауыз тиіп,
Анамызға бердік те қол.
«Қайда ұрыс майданы?!» деп,
Кеттік тартып батысқа жол
Артымызда қала берді,
Зәулім биік шие ағашы,
Кек туындай желбіреді,

Катюшаның толқын шашы... [2, 28-29 б.]. Шығарманың осы жолдарынан оқырман ана қасіреті майдан түтініне тотыққан солдаттың күйін сезеді. Жүрегіне шок түскендей күй кешкен солдат ананының кегін қайтаруға аттанып кеткендей сезілді. «Ұлым туралы ой» балладасында да бас кейіпкердің жан дүниесі, сезім иірімдері тереңірек сипатталған. Лирикалық кейіпкердің туған ұлының қаза болғанын естігендегі психологиялық тебіренісі, жай-күйінің аласапыран шағы шығармада шебер суреттелген. Ақын өлеңдегі кейіпкерлердің әрқайсысының мінезін лирикалық шығарманың мүмкіндігіне қарай шындыққа, ұлттық мінезге сай өлеңнің бір-екі жолы көлемінде көрсете алған. Өлең оқиғасы ондағы кейіпкер іс-әрекеті оқырманды иландырады, сендіреді. Украинадағы партизандар ерлігіне арналған неміс басқыншыларының бейбіт халыққа жасаған бүлігі, айуандық әрекеттері сипатталатын «Намыс ұлы» аталатын оқиғалы өлеңі уытты жолдарымен беріледі. «Өлім ойпаты» оқиғалы өлеңдегі сюжетті қозғалыс бейнелі тілмен жазылған.

Бұл не сыр? Білуге біз де асық,
Іздедік бір екінші дөңнен асып...
Фашист сұмдар селоның бүкіл жанып,
Терең сайға иіріп, кеткен атып.
Бізге бір үмтіпенен қарады ана...
-Кел, дәрігер, талмаусырап кетті бала...
Рас, бірақ кеш еді жас бөбектің

Жау оғы көкірегіне салған жара... [2, 238 б.]. Соғыс...соғыс әр үйдің есігін қакты, әр үйге қайғы бұлтын үйірді. Ол ананы баласынан, әйелді ерінен, баланы әкесінен айырды. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырды. Ақын бұл өлеңінде перзентінен айырылған ананың басына туған ауыр күндерді жаны, жүрегі ауыра жеткізген. Осындай жүйкеге жеткізілген эмоциялық әсер серпінді әрі қуатты тілмен оқырманға жол тартқан. Соғыс жылдарындағы бүкіл тылдағы қиын-қыстау жағдайлар шалғайдағы тарыдай шашылып жатқан қазақ ауылдарына да тән әлеуметтік шындық еді. Сол кезде сол сұрапыл соғысқа қатысы болмаған, адамы кетпеген, шаңырағы шайқалмаған отбасын табу қиын шығар. Жетімдік те, жесірлік те, аштық та, жалаңаштық та болғандығы тарихи

шындық еді. Соның бәріне қарамастан Майдан үшін, Жеңіс үшін қанын да, жанын да аямастан беруге тура келген елдің тайлы-тұяғы мен үлкен-кішісіне дейін асқан ұйымшылдықпен теңдесі жоқ ерлік көрсеткендігі де тарихи шындық екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол шақтағы түтіні түзу шықпаған ауыл өмірін жазған, аналар тартқан қасіретті, балалар көрген қорлықты өлең бір кейіпкердің басында көрсетуі арқылы сипаттайды. Ақын жеке басының ғана емес, уақыттың, бүкіл замандастырының сол кездегі мұңын бейнелеуді мұрат тұтқан. Ол мұң адамдық, азаматтық мұраттан туған мұң бар.

Бүгінгі таңда осынау мамыражай дүние осы қаймағы бұзылмаған қалпында пайда болған сияқты сезінетін бірлі-жарым жастардың ұшырасуы мүмкін ғой. Кешегіні ұмыту келешегін ойлайтындардың ісі емес. Тарихи тар кезеңдердегі қиюы кеткен қиындықтарды әдебиеттің еске салып отыруы, оның естелігінің, есейгендігінің белгісі. Әбу Сәрсенбаев балладалары сол жылдар көзден таса кеткенмен оны көңілден кетірмеуге шақырады, қайдан, қалай шыққанымызды есте ұстауға үндейді.

Ақынның өнері-көп сырлы, көп дыбысты қызу қозғалысты дүние. Айтулы зергер мұрасында жалғзынан айырылып зар еңіреген ана, жауынан кегін алуға бел байлап, ыза кернеп қалшылдаған ер, парасатты ел ағасы, жаңа өмірдің жарқын ұландары, ескі дүниенің бірде түлкідей бұлаңдап, бірде қасқырдай азу салатын жыртқыштары да, малды да, жарлы да, алғыр да, әумесер де, сорлы да, оқыған да, жібек жанды жас ару да, қатыгез талапты да өз тілімен сөйлеп, өз көңіл күйін шертіп, өзіндік мінез-құлқы, арман-мүддесі оқырман көңілінен мәңгі оырн алады. Зергер-ақынның зері де әр түрлі. Ол бірде оқырманын көңілдендіре сөйлесе, бірде жігерлендіре, желпінте, көтере сөйлейді, енді бірте көңіл-күйін шерте, сырласа, тебіренге толқиды, тағы бірде айналаға ой көзін жіберткізеді.

Әбу Сәрсенбаев- үлкен талант иесі. Ол ой маржанын бүкіл әлемнен, ал поэзияның бояуын халықтың тағдырынан алды. Туған ел мен атамекеннің қасиетін, сағым көмкерген даланың күдіретті күшін, бабалардың өшпес рухы мен қайтпас ерлігін, адалдықты ту еткен асқақ жандардың ару махаббаты мен адал достығын жырлады. Ақынның жанынан туған өлеңдері, оқиғалы өлеңдері зерделі зергер қолынан шыққан, хас сұлулығымен, тіл тазалығымен әсерлі. Замана сарыны, туған даланың жан сүйсінер жазира көрінісі, халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, адамдар мінезі, оқиға-тартыс ағысы-жанды қалпында жанарыңызда толқиды. Терең тамырлы халық өмірі, көркем тіл ұлттық әдебиетіміздің таңдаулы үлгі балладаның ерекше сипатын көрсетеді. Балладаларындағы қаһармандар мінез-құлқымен, ой-өрісмен заманның күрделі сипатын танытады. Әбу Сәрсенбаев өз заманының жаршысы.

«Қаралы қара аруана» балладасы өзіміз ортасында жүрген табиғат, тіршілік жайлы алуан ойларға негіз болған. Бәрінен бұрын бүгінгі күннің өзекті мәселесін, әлеуметтік проблеманы қозғайды. Табиғат пен адамзат қатынасы мәңгілік бірлікте. Адамның дүниеге, өмірге көзқарасының өзі осы ортамен байланыста қалыптасады. Осы тұрғыда ақын саналы да салмақты ойдың желісін тартқан. Баллададағы адам мен табиғат басына түскен ауыр тауқымет суреттері кімнің болса жанын тебіrentпей қоймайды. «Қаралы қара аруана» балладасының жанрлық сипатының «оқиғалы» өлеңге толғымен сай келетіндігін өлең идеясын оқиғаның не сюжеттің емес, солардан туатын ойдың анықтауы дәлелдей түседі. «Қаралы қара аруана» және осы сияқты өлеңдерді оқып болғаннан кейін оқырман мен тыңдарманның өмірлік заңдылықтары, адамдық қасиет, пендешілік төңірегінде толғанып, ойлануы-өлең оқиғасынан туатын ой арқылы қабылданған лирикалық сезім, түйсік. Лирикалық шығармалардың бәріндегі сияқты, «оқиғалы» өлеңнің де мақсаты осы, ондағы оқиға ойға от тастау үшін алынғандай әсер қалдырады. Оқырман мен тыңдарманды «оқиғалы» өлең кейіпкерінің

әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы емес, әлеуметтік-саналық, рухани сырларының ашылуы ойландырады.

Күмбір күмбір ақтарылды тынбастан...

Әулие күй шалқи берді.

Қам көңілдің жүрегімен сырласқан...

Боз тұлыпқа ыңыранады кеп

Кейде осылай адам түгіл, жануарлар-дағы,

Сезе ұрып, өзін-өзі үмітімен алдайды [3,27 б.]. Өлең ішіндегі оқиғаның ақын көзімен байыпталып, адам өміріне шендестіре суреттелуі ғажап. Табиғат төрінде болып жатқан тіршіліктің өзінен ақын қиялы тамаша сұлулық көріп, соны адам өмірінің ең бір қиын яғни ананың баладан айырылуы секілді сәттерін ұқсата жеткізеді. Ақын табиғаттың ерекше жаратылысы, төрт түліктің төресін суреттей келіп, ана мен аруана сезіміндегі ұқсастықтар, адам мен табиғат арасындағы үндестіктер туралы үлкен эмоциямен, қиял арқылы табиғатпен тілдесіп, көркем ойды ашады. Сол сияқты ақынның «Түстегі балладасы» да қазіргі табиғат тазалығы үшін күрес тақырыбына арналған. Сондай-ақ «Үкітас туралы баллада», «Қырандар қия биіктен», «Жаралы бәйтерек түбінде» балладалары да өздерінің көтерген тақырыптарының салмағын барынша биіктете көрсете білген сапалы, көркем бағалы шығармалар болып есептеледі.

Әбу ақынның шығармашылығы да басқа ақындар сияқты уақыт, заман тынысымен тұтас бірлікте. Уақыт озып, заман жаңарып, дамыған сайын өлең де өрісін кеңейте түсетіні шындық. Әбу ақын өзінің өсу жолында қазақтың бай ауыз әдебиетімен ұлы Абайды, алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінің үлгілерін, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті классиктерінің, әдебиет майданындағы рухани ағаларының асыл мұраларын үлгі өнеге тұтып, сол бай ақындық дәстүрлерді өскелең өмірдің мақсат -мүддесіне сай, жаңа жағдайда, жаңаша өрбіте түсті. Сөйтіп оларды үлкен шығармашылық жауапкершілікпен меңгерді. Сондықтан ақынның өлеңдері үнемі бір деңгейде тұрып қалмай, уақыт озып, ақынның шеберлігі шыңдалған сайын терең өзгерістерге ұшырап отырды. Осылай өзіндік өрнек айшықтар, көркемдік тәсілдер тауып, қазақ поэзиясын жаңа түрлермен, бейнелермен көркемдік ізденістермен байытты.

Әбу Сәрсенбаев өз тағдыры – халқының тағдыры, халықтың тағдыры – өз тағдыры, өз мерейі, өз мүддесі екенін мейлінше сезінген ақын. Сондықтан да ол өз кезеңіндегі еліміздің тынысын, замандастарының қаһармандық ерлігін, еңбектегі ерен қимылын, туған елінің, туған жерінің әсем табиғатын зор ақындық шабытпен, реалды шындық аясында шебер өрнестіріп отырды. Ақын лирикасы өмір шындығын сол бір табиғи қалпында бейнелейтін көркем шежіре деуге болады. Оның өлеңдері өмірдің өзінен көше қалған көркем туындылар деп қараған жөн. Бұдан шығатын қорытынды, Әбу ақын кез келген тақырыпты талғаусыз жаза бермейді. Ол тек өзі көрген, өзі жақсы білетін жайларды ғана тереңнен толғайды. Өзін толғандырған тақырыбының ішіне бойлай еніп, оны ұтымды жаңа бейнелеулер арқылы әсерлі етіп беру Әбу ақынның басты ақындық шеберлік қасиеттерінің бірі.

Түйіп айтқанда, баллада-халқымыздың қоғамдық өмірі мен рухани тіршілігінің көрінісі. Балладаның ерекшелік сипаттарын еркін игерген Әбу ақынның айтар ойы мен түйер түйіндері асқақ та үлкен дүниелер тудырғанын, төл поэзиямызға мол үлес қосқанын аңғартады. Әбу ақынның «оқиғалы» өлеңдердің мазмұндық, жанрлық сипаттарының тереңінде осында қымбат қасиеттер жатыр. Қазақ балладаларында ұлттық мінез шынайы да көркем бейнеленіп отырады. Оған ең алдымен жанрдың өзіндік табиғаты себепші десе де болады. Көркемөнердің ұлттық сипатын танытатын негізгі категориялары: ұлттық мінез бен ұлттық сезім, ұлттық дәстүр, тілі, сонымен қатар ұлт өмірінің

шаруашылық, экономикалық, табиғат ерекшеліктері баллада жанрында да кең көрініс тапқан. Әрине, ұлттық сипат туралы сөз болғанда, ұлт қаламгерлерінің шеберлігі, баллада жанрының қыр-сырын жете меңгерген дарын ерекшелігі де есте тұрса керек.

Әдебиеттер:

1. Сәрсенбайұлы Ә. *Бес томдық шығармалар жинағы*. – Алматы: Жазушы, 1981. – 334 б.
2. Сәрсенбайұлы Ә. *Атырау сазы*. – Алматы: Жазушы, 1975. – 387 б.
3. Сәрсенбайұлы Ә. *Алтын қалам*. – Алматы: Ан-Арыс, 2010. – 110 б.

**Шайекенов Ж., Суйншева Н.
БАЛЛАДЫ АБУ САРСЕНБАЕВА**

В годы войны баллада поддерживала дух воинов, доказательством которого служит творчество Абу Сарсенбаева в военные годы. Поэт воспеваает героизм современников, его трудовую деятельность, прекрасную природу страны. В статье проанализированы баллады Абу Сарсенбаева, крупного мастера художественного слова, патриарха национальной литературы. В статье обращено внимание на огромную любовь поэта к родине, к жизни, к природе, к человеку.

Ключевые слова: художественная литература, лиризм, баллада, любовь к родине, воспитание поколения, патриотизм

**Shayekenov J., Suinsheva N.
BALLADS ABU SARSENBAEVA**

During the war the ballad supported the spirit of the warriors, the proof of which is the work of Abu Sarsenbayev during the war years. The poet celebrates the heroism of his contemporaries, his work, the beautiful nature of the country. The article analyzes the ballads of Abu Sarsenbayev, a major master of artistic expression, the patriarch of national literature. The article drew attention to the great love of the poet for his homeland, for life, for nature, for man.

Keywords: fiction, lyricism, love of country, generation upbringing, ballads, patriotism.

ӘОЖ 82-8

Куркимбаева А.М. – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің докторанты
E-mail: aizhan-k@mail.ru

**БЛОГ-ИНТЕРНЕТ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЖАҢА ФОРМАСЫ
РЕТІНДЕ**

Аңдатпа. Мақала интернет коммуникацияның жаңа бір формасы блоггингті қарастыруға арналған. Блогтың қолданысқа ену тарихы мен осы саланы зерттеумен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалынған. Сонымен қатар мақалада блогосфераның басқа интернет коммуникациядан айырмашылықтары талқыланып, блог үшін міндетті элементтер кеңінен талқыланып.

Тірек сөздер: интернет коммуникация, блог, блогосфера, кең түсінік, тар түсінік, тілдік жанр, синхронды, асинхронды, интерактивтілік.

Бүгінде блогосфера, ең алдымен, тұлғааралық виртуалды қарым-қатынас құралы болып табылады. Көптеген интернет- алаңдар (блогтар, форумдар, әлеуметтік желілер, чаттар, т.б.) виртуалды әлемде белгілі бір электронды жанрлар ретінде дәстүрлі жазбаша және ауызша формалардан өзгеше жаңа коммуникация ережелерін енгізуде. Блогосфера интернет кеңістіктің жаңа бір жанры болғандықтан филология саласында терең зерттеуді қажет етеді, өйткені блог онлайн мәдениеттің ажырамас бірлігіне айналды.

Іс жүзінде кез-келген тұлға Facebook, Твитер, В контакте, Мой мир, Инсаграмда өздерін қызықтыратын блогтарды оқуды күнделікті дағдыға айналдырған. Олар «ресми» жаңалықтар блогы, тақырыпқа негізделген блогтар немесе өзіңіздің жұмысыңызға байланысты блогтар немесе ойын-сауық блогтары болуы мүмкін. Кез-келген тұлғаның кем дегенде бір сүйікті блогы бар. Тілдік тұлғалар түрлі блогтарға өз мүдделеріне қарай тіркеліп, шығармашылық әлемнің қыр-сырын меңгеруде. Өйткені блоггинг «объективті/субъективті пікір алмасу», «түрлі сала бойынша жеке тәжірибемен бөлісу», «жаңа достар табу», «танымалдылыққа ие болу», «ақпаратты жылдам тарату», «публиканың реакциясын бақылау» - мұның бәрі блоггингтің ерекшеліктері мен мүмкіншіліктері. Көптеген тұлғалар блоггингті қызығушылықтары және тұрақты күнделік өмірін жазып онымен бөлісу мақсатында айналысса, келесі тұлғалар блоггингті - бизнес көзі ретінде де қарастырады.

Кең мағынада блог бір қолданушылар тіркеу жазбаларын жасап, мақалаларын жариялайтын, ал басқа қолданушылар сол мақалаларды оқуға және түсініктеме беруге мүмкіндігіне ие болатын орта деп қарастырылады, яғни күнделікті жеке күнделікпен шектелмейді. Ал тар мағынада блог – бұл бір автордың мәтіндер жинағы (әдетте, сөздің бұл мағынада қолданылуында оның тиістілігі де көрсетіледі – саясаткер, журналист, жазушы блогы және т.б. Қазіргі заманда блогтардың танымалдылығының өсуі олардың қолданыстағы көпшілікке қолжетімділігі және қарапайымдылығымен ғана байланысты емес, сонымен қатар адамның екі әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіндігімен байланысты, олар – қарым-қатынасқа деген қажеттілік және өз ойын білдіру. Бұл блогты кем дегенде екі аспекті тұрғысынан қарастыруға болады дегенді білдіреді: интернет-байланыс және дискурстың жаңа түрі [1, 22-28 б.].

Жалпы блогтардың қолданысқа ену тарихына көз жүгіртсек, оның 90 жылдардың ортасына таман пайда болғанын көре аламыз. Алғашқы блог американдық студент Джастин Холл құрған Links. Net болып табылады. Әрине ол алғашында жеке парақшасы ретінде ашты. 2004-шы жылдан бастап саясаткерлер, жаңалықтар тарататын телеканалдар блогтарды қолдана бастады. 2004 жылы Pew Institute ақпараты бойынша интернетті пайдаланушыларының 2-7% блогы болса, 11% блогты оқығанын анықтады. Дереккөздерге сүйенсек 2013 жылдың аяғында әлемде 152 миллион блог белсенді болса, 2017 жылы 350 миллион блог белсенді болғандығынан хабардар боламыз. Әрбір жарты жыл сайын әлем бойынша блогтар саны 25 миллионға толығып отырады екен.

Қазіргі таңда интернет қатысымда блог нақты бір дискурсты қалыптастыруда маңызды орынды иемденеді. Егер тілдік жанрды дискурстық талдаудың дискурстық ережелерін іске асырудың бір түрі ретінде қарастыратын болсақ, зерттеушілер блогты блогосфераның дискурс-қалыптастырушы жанры ретінде қарастырады [2, 215 б.].

Блогосфера интернет коммуникацияның зерттеу аймағына айналғандықтан, блогосфералардың әлеуметтік - мәдени және лингвистикалық сипаттарын зерттеген ресейлік ғалымдар Елькина О.М., Касьянова Н.В. желілік күнделіктердің когнитивті прагмосемантикалық ерекшеліктерін зерттеген Горшкова интернет дискурстың жанры блогосферада қолданылатын тілдік

клишелердің функционалды ерекшеліктерін зерттеген Загоруйко және саяси блог жазбаларындағы прецеденттік феноменді зерттеген Фокина секілді ғалымдардың еңбектері лингвистикаға сүбелі үлес қосады.

Т.М. Гермашеваның айтуынша, блог интернет-коммуникацияның басқа салаларынан жариялау және іздеу жеңілдігі, тарату жылдамдығы және әлеуметтік маңыздылығымен, тікелей байланыс жасау мүмкіндігі менжекелеген блогерлер мен барлық блогосфераның арасындағы өзара байланыспен ерекшеленеді. Блог коммуникативті, өзін-өзі таныстыру, өз ойын білдіру және өзін-өзі жарнамалау функцияларын атқарады [3, 116 б.].

Өз кезегінде, блог нақты коммуникативтік белгіге ие болған мазмұн мен форманың бірлігін көрсетеді. Тілдің блогтағы қызметі техникалық параметрлерге негізделіп, коммуниканттардың белгілі бір интенцияларын жүзеге асырумен ерекшеленеді. Әу баста блог жеке күнделік ретінде пайдаланылып, тұлғалық мотивацияны дамыту мақсатын көздеп, өздік презентация мен өздік рефлексия функциясын жүзеге асырушы құралы ретінде болды. Интернет желісінің дамуына байланысты замнауи блог жоғарыда баяндалып кеткен мақсат, функциямен шектелмейді. Қазір блогтарда ақпараттық және бағалау сипаттарына иеленіп оқырмандарды диалогқа шақырады.

И.Н. Розинаның пікірінше, блог асинхронды тұлғааралық және топтық компьютерге негізделген коммуникацияны білдіреді [4, 365 б.].

Ағылшын тіліндегі сөздіктер «блогты» «жаңа ақпарат әрқашан парақшаның басында орналасқан белгілі бір тақырып туралы хабарлау үшін жасалған веб-парақша» ретінде қарастырады [5, 142 б.] немесе «өмірбаяндық онлайн журнал: соңғы жаңалықтарды хабарлау үшін тұрақты түрде өзгеретін веб-сайттың күнделік түрі. Парақша әдетте біреудің жеке пікірлері, комментарийлары немесе әсерлерін баяндайды [6, 145 б.]. Осы анықтамаларды талдай келе біз «блог» жөнінде екіжақты: түсінік қалыптастырамыз: яғни «блок» ол «тақырыптық веб-парақша» және «жеке күнделік».

Ресей ғалымдары Е.А. Баженова және И.А. Иванова блогтың «кең» және «тар» түсінігін ажырата көрсетеді. «Блог кең мағынада мерзімі көрсетілген мәтіндік және мультимедиялық жазбаларды қамтитын сайт (немесе сайттың бөлімі) деп есептейді және кері хронологиялық тәртіп бойынша орналасқан оқу және түсініктеме беруге ашық. Тар түсінік бойынша блог - бұл бір автордың мерзімі көрсетілген жазбалары баяндалған сайт (немесе сайттың бөлімі)» [7, 127 б.].

Кей кездері осы блогосфера мен интернет сайттардың бір-бірінен айырмашылығы қандай деген сұрақтар туындап жататыны белгілі. Әрине бұл түсініктер бірін-бірі алмастырып та жатуы мүмкін. Дегенмен біздің пайымдауымызша, негізгі айырмашылық блогтың коммуникативтік бағытта болып, автордың белгілі бір мәселе төңірегінде оқырмандарды диалогқа шақырып, адрессат пен адрессантқа еркін қатысымға түсулеріне мүмкіншілік беруінде болса, интернет-сайттың негізгі мақсаты оның ақпарат тарату құралы ретінде болуында.

Алдымен блогтың жалпы сипаттамасына тоқталып өтуді жөн көрдік. Бастапқыда интернет дәуірінің даму тұсында блог автордың басқа сайттарда таңдап алған жаңалықтар желісіне сілтемелері түсінігіретінде болды. Оқырмандар жаңалық таспасының жазбаларына комментарий жаза алды. «Блог» термині ағылшын тіліндегі weblog (logging the web - «оқиғаны желіде жазу») дегеннен шықты. Бұл терминді алғаш рет американдық программист Йорн Баргер 1997 жылы желілік күнделік ретінде қолданды. 1999-шы жылы Питер Мерхольдз weblog(веблог) дегенді екіге бөліп «we blog», яғни «біз блог жүргіземіз» деген мағынаға сыйдырды. Бұл әзіл көпшілікке ұнап, кейін Blogger и Twitter желілерін

құрушы Эван Уильямс алғашқы болып blog, blogger және blogging сөздерін қолдануға көшті. Осылайша «блог» сөзі пайда болды.

Бүгінде авторлар тобы (блогтық қоғамдастық), бір тақырыпқа мысалы, аспаздық рецептілер, саяхат, сән, спорт, музыка, бизнес, қоғамдық мәселелер, саясат, мотивация, бала тәрбиесіне арналған блогты бірлесе жүргізе алады. Басқа блогтар мен интернет-ресурстарға сілтемелер жасап, фото, бейне ақпараттарды да жүктей алады.

Әрбір блогтың өз оқырман аудиториясы бар. Ол аудитория күннен күнге кеңейіп, өзінің жеке желілік коммуникативтік қоғамдастығын құрады. Мысалы, педагогикалық блогтың адресаттары бірінші кезекте білім беру мен тәрбиелеуге байланысты адамдар: біріншіден, мұғалімдер мен мектеп әкімшілері, университеттің профессорлары мен студенттері. Автордың (бір немесе бірнеше) болуы кез келген блогтың ажырамас бөлігі болып табылады.

Тақырыптық блогтар өз жанрына тән барлық медиа-параметрлерін сақтайды: интерфейстік, мультимедиялық, гипермәтіндік, интерактивтілік, синхронды / асинхронды байланыс мүмкіндіктері (хабарларды жіберу уақыты бірнеше минуттан бірнеше айға дейін, өте сирек жағдайда жылдар), егер мәселе әлі де болса өзекті болса), қатысымға түсушілердің саны мен эксплициттілігі.

Жоғарыда айтылғандай, блог, яғни, оның негізгі мақсаты коммуникативтік бағыты бар. Оның негізгі мақсаты оқырмандар арасында диалог орнатып, көтерілген мәселе бойынша талқылауға шақыру. Сондықтан барлық жазбалар (хабарламалар) міндетті түрде түсініктеме беру мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Пікірлер хабарлар көбінесе қысқа формада болады. Виртуалды байланыс анонимдік пен жалған атауды пайдалануға мүмкіндік беретініне қарамастан, блогта пікір қалдырушылар көп жағдайда өз есімдерін пайдаланады. Блогта блоггерлер өз фотосуреттерін жүктеп, комментария жіберу уақыты мен хабарлама тақырыбы мен хабарламаның өзі көпшілік оқырманға көрініп тұрады.

Зерттеуге ерекше қызығушылық тудыратын бұл, пікірталастар толы блогтар болып табылады, онда бірінен кейін бірі комментариялар баған түрінде беріліп және блог мақаласына тікелей қатысы жоқ, бірақ басқа комментарияларға жауап болып табылады. Осылайша «пайдаланушылар арасындағы пікірталастарды ынталандырады» [8, 103 б.]. Талқылауға қатысу үшін ережелерді блог өзі белгілейді. Сұхбатқа түсушілердің барлығы талқыланатын мәселе бойынша белгілі бір фондық білімге ие болуы керек. Коммуниканттар сөзсіз фондық білімге жүгінеді. Бұл оның кеңейтілуіне ұмтыла отырып, «сыртқы жағынан» пікірталасқа қатысуға ынталандырмайтын блогтың оқырмандарын айқындайды.

Шетелдік зерттеушілердің жұмыстарында да, блогтың жанрлық белгілері айналасындағы пікірлер талқылануда. Танымал блоггер және «The Weblog Handbook: Practical Advice on Creating and Maintaining Your Blog» кітабының авторы Rebecca Blood блогты желіде пайда болып, дамыған жанр ретінде қарастырады. «Bridging the Gap: A Genre Analysis of Weblogs» мақаласының авторлары Ребека Владпен ашық полемикаға түседі. Олардың пікірлерінше, блог-жаңа немесе тіпті бірегей емес жанр, бірақ көптеген дереккөздер мен интернет-жанрлар негізіндетуындаған гибрид деген пікірді ұстанады [9].

Блог феноменін Л.Ю. Щипицинаньң концепсиясы бойынша медиялық, прагматикалық және стилистикалық тұрғыдан талдауды жөн көрдік. Блогтың медиялық параметры, оның безендірілуі немесе интерфейсы оның интернеттің басқа жанрларынан ажырата білуге көмектеседі. Блогтың безендірілуі вариативті,яғни өзгеріп тұрады. Бұл блогтың қандай да бір блогтық сервис (Livejournal, LiveInternet, Diary, Blogger.com және т.б.), сайт (корпоративтік

блогтар) немесе бөлек алаңда (stand-alone блогы) құрылуына байланысты. Алайда, кез келген блог үшін келесі элементтер міндетті:

1. *Пайдаланушы профилі.* Бұл парақша stand-alone блогында болмауы мүмкін, өйткені онда автордың жалғыз болуына байланысты, ол өзін-өзі таныстырудыеркін жүзеге асыра алады. Егер блог қандай да бір блог сервисінде орналасқан болса, пайдаланушы профилі оның міндетті және интегралды бөлігі болып саналады. Профиль беттерінің құрылымы (Livejournal) барлық пайдаланушылар үшін міндетті стандартталған немесе вариативті болуы мүмкін(мысалы, LiveInternet блокта қолданушы өзінің профилін қалауына қарай орналастырады). Блог авторына профилында әдетте мынандай ақпараттарды, мысалы, жынысы, жасы, білімі, тұрғылықты жері, қызығушылығы туралы хабарлайды;

2. *Таспа жазбалар* блогтың негізгі беті, жазбалар кері хронологиялық тәртіппен орналасады. Әрбір блогтық жазбалар, нақты мәтіннен бөлек, тақырыбы жариялау уақыты, комментарийлар саны туралы ақпаратты қамтуы мүмкін. Көптеген блогтарда блогтық жазбаларға автордың тиісті Аватар (суреті), мәтінге байланысты рубрика, тақырыптық тегтер, сонымен қатар мәтінді жазу барысындағы автордың көңіл-күйі, мәтінді жазу орны жөніндегі ақпараттармен толығып, музыка үні қосылады. Сонымен қатар, таспа жазбалар бетінде сайдбарлар орналасып, (блогта оңай шарлау үшін қосалқы бірлік кешені) ол жерде күнтізбе, басқа ресурстарға сілтемелер, тегтер және рубрикалар тізімі, осы беттегі жазбалар тізімі және оған комментарийлар санын көрсете отырып, автор оқитын блогтар тізімі және осы блогты оқитын оқырмандар тізімін және т.б. қамтуы мүмкін;

3. *Блогтық жазбалардың бөлек беттері.* Блогтағы әрбір жазбаны бөлек беттен ашуға болады. Бұл жерде блогтық жазбаның толық нұсқасы және оларға комментарийлар орналасады. Ленталарда үнемдеу мақсатында мәтіндер толық көрінбейді;

4. *«Достар лентасы»,* яғни автор оқитын блогтағы жазбалар лентасы. Өртүрлі қолданушылар бір лентаға топтасып, кері хронологиялық тәртіппен орналасады. Әдетте «достар лентасы» автордың өзінің жазба лентасы секілді орналасады. Жоғарыда баяндалған элементтердің барлығының графикалық безендірілуі сәйкес келуі де келмеуі де мүмкін. Мысалы, LiveInternet блогының қолданушылары өздері блогтарының фондық суретін, түсін өзгерте алады. Дегенмен блогтың жалпы құрылымы бәріне міндетті болып қала береді.

Блогтың тағы бір табиғаты оның *мультимедиялығы*- коммуникация кезінде бір мезетте бірнеше семиотикалық жүйені мысалы, визуалды және дыбыстық каналды пайдалана алуында. Мультимедиялық вербалды мәтіннің вербалды емес графика, суреттер, фотосуреттер, видео, анимация секілді компоненттерінің бірігуімен көрінеді. Алғашында блогқа тек мәтіндік табиғат тән болса, бүгінде блогтар күннен күнге мультимедиялық контентпен толығуда. Біз мәтіндік және мультимедиялық ақпараттың төрт түрін бөліп көрсеткіміз келеді: 1) тек мәтіндік ақпарат ұсынылған; 2) мәтіндік ақпарат басым, дегенмен мультимедиялық ақпараттың көлемінің өсуі байқалады (аудио, видео, графика); 3) мәтіндік және мультимедиялық ақпарат тең көлемде ұсынылған; 4) мультимедиялық ақпарат басымдыққа ие. Бұлай саралау негізінен блогқа, сондай ақ басқа да блогтық жазбаларға қолданылады. Блогтың мультимедиялығын талдау үшін Е.Е. Анисимованың креолданған мәтіндерін жіктеуді қолдану ұсынылады. Осы классификацияға сәйкес, мәтіндер: - нөлдік креолданған (сурет ұсынылмаған және ол мәтінді ұйымдастыру үшін маңызды емес); - ішінара креолданған (вербалды және графикалық компоненттер арасында автосемантикалық қатынастар дамытылады, бейнелеу компоненті вербалды мәтінді қосады); - толық

креолданған (екі компонент арасында синсемантикалыққатынас орнатылады; вербалды бөлігі бейнелеуге бағытталған немесе оған сілтеме жасайды, және сурет мәтіннің міндетті элементі болып табылады).

Жоғарыда айтылғандай, блог жекелеген жазбалардан тұрады, осының нәтижесінде ол біртекті емес және қорытындылауға қиын. Жоғарыдағы классификацияны жалпы барлық блогтар үшін емес, жекелеген блогтық жазбаларолардың арасынан креолданған мәтіндердер бар мысалдарды табу үшін пайдалану тиімді. Ең қызықтысы толық креолданған мәтіндер, яғни вербалды және вербалды емес компоненттер арасында әртүрлі функционалдық және семантикалық қатынастар орнатылған. Алайда, бұл, басқа зерттеу тақырыбы сондықтан осы мақала шеңберінде мынадай қорытындымен шектелеміз: жалпы блогтың интернет жанры креолдану деңгейінің әртекті болуына байланысты жоғары креолданған мәтіндердің пайда болуына негіз болып табылады.

Блогтың келесі медиа параметрі - *гипермәтінділік*, яғни, Блог құрылымының жекелеген элементтерін қосатын гиперсілтемелерді пайдалану. Блогтың гипертексты оның құрылымдық элементтері қалыптастыратын жиынтығы - автордың профилі, таспа жазбалар, жеке беттер мен жазбалар және достар лентасы. Бұл гипермәтінділікте екі деңгейді ажыратуға болады: 1) ішкі, соның ішінде таспа жазбалары мен жеке жазбалардың беттерін; 2) сыртқы, оның ішінде профиль және «достар лентасы». Сыртқы торап беттері осы немесе басқа блогты осы қызметтің сайтында жұмыс істейтін басқа блогтармен байланыстырады. Блог аясында навигация мәзір бойынша жүзеге асады, сайдбар, мұрағат жазбалардың күнтізбесі, тегтер, айдарлар немесе басқа құрылғылар. Осы құрылғылар аясында блог қалыптасады. Жалпы блогтың гипермәтіндігі сызықты емес болып табылады және әр түрлі сценарийлер бойынша, мысалы, таспа жазбалардан нақты жазбаларға, «достар лентасынан» нақты бір жазбаларға, немесе пайдаланушылар атынан оның профиліне немесе оның жазба таспалары аясында өрістеуі мүмкін.

Блогтың келесі бір медиалық параметрі оның- *интерактивтілігін* Л.Ю. Щипицина екі түрлі түсіндіреді: «Біріншіден, адресаттың мазмұнға белсенді түрде әсер ету мүмкіндігі, сыртқы формасы мен компьютерлік бағдарлама немесе электрондық ресурстардың тақырыптық бағытта болуы, екіншіден, қарым-қатынас жасау, пікір білдіру және қарым-қатынаста әріптестің пікірін білу мүмкіндігі» [10, 36 б.]. Біздің пікірімізше де бүгінгі таңда интерактивтілік блогосферасының маңызды ерекшелігі болып саналады. Әрине интерактивтілік блогтардағы мәтіндерді, қағаз бетіндегі мәтіннен ажыратады : блогосферадағы мәтін тұрақты емес, ол үнемі өзгеріп отырады, әр оқырман үшін уақыттың әр сәтінде ол әртүрлі. Блогтағы интерактивтілік адресант пен адресат арасында жедел кері байланыс алуына мүмкіндік береді.

Блогтарды зерттеуде оның *синхронды / асинхронды* коммуникативтік байланысы маңызды сәт. Блогта әртүрлі құрылымдық элементтер әр түрлі қызмет атқарады. Мысалы, таспа жазбалар және «достар лентасы» үшін жаңарту жиілігі маңызды болса, ал, жеке парақша жазбалары үшін комментариялық бағыттағы қатысым неғұрлым маңызды. Жалпы, блогты интернет жанрдың асинхронды түріне жатқызуға болады, себебі мәтін-стимул мен мәтін -жауап арасындағы уақыт аралығы (чат немесе жылдам хабар алмасу сияқты синхронды интернет жанрда мүмкін емес болып табылатын) бірнеше минуттан бірнеше күн, ай немесе тіпті жыл құрауы мүмкін.

Блогта, басқа да асинхронды интернет жанрдағыдай, мәтін құрастыру немесе оған жауап беру шексіз жалғасуы мүмкін, яғни, авторда өзінің коммуникативтік ниетін жақсылап ойлауға және оны қажетті тілдік ресурстармен жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Шындығында, синхронды қатысым белгілері ол жиі

(сөйлесудің лингвистикалық сигналдары, дайындықсыз (спонтандық), тиімділігі, бейресми, және эмоционалдығы) белгілі асинхронды формаға ауысқан кезде, (осыны көбінесе блог комментариялары мен жазбаларда кездестіру, осы стратегияларды саналы түрде таңдалғанын дәлелдейді). Блогтың соңғы медиа параметрін-коммуниканттардың саны мен эксплициттілігін қарастыру. Блог үшін (автор өзінің жазбаларына берілген пікірлерге жауап береді) бір коммуниканттың барлық коммуниканттармен байланысқа түсуі және адресаттардың бір бірімен байланысқа түсуі тән (пайдаланушылар кез келген жазбаға берілген түсініктемені талқылайды). Блог авторы (оның оқырмандары сияқты, өз кезегінде авторлары болып саналатын) жасырын әрекет етуі мүмкін немесе өзі туралы деректерді көрсетіп, жеке тұлға, немесе ұжымның атынан әрекет етеді. Идентификацияның негізгі құралы пайдаланушының лақап аты болады. Әдетте, әр блогтың айналасында өзінің мүдделі тараптары қалыптасады. Олар автордың жазбаларды талқылау мен түсіндіруге қатысады.

Қорыта келе, блоггингтің коммуникативтік қызметін одан әрі зерттеу, оның әр түрлі функцияларын аша түсу зерттеуіміздің кейінгі сатысына шығуымызға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Алексеевская А. И. Блог писателя как проявление его языковой личности (на материале блога Б. Акунина) // Сб. статей V Междунар. науч. конф. молодых ученых «Актуальные вопросы филологической науки XXI века». – Екатеринбург: Уральский федеральный университет, 2016. – С. 22-28.
2. Алексеев А.В. Записи в блоге как речевой жанр Интернет-коммуникации. – <http://iawia.net.ru/diplom.htm> Пайдаланған уақыты: 12.09.2018 ж.
3. Гермашева Т.М. Блог как новый тип дискурса // Материалы междунар. науч.- практ. конф. «Лингвистика в образовательном процессе». – Ростов-н/Д, 2010. – С. 115–120.
4. Розина И.Н. Педагогическая компьютерно-опосредованная коммуникация. Теория и практика. – М.: Логос, 2005. – 460 с.
5. Longman Exams Dictionary. – London: Pearson Education Limited, 2006. – 1834 p.
6. Macmillan English Dictionary. – London: Macmillan, 2007. – 1747 p.
7. Баженова Е.А., Иванова И.А. Блог как интернет жанр // Вестник Пермского университета. – 2012. – Выпуск 4(20). – С. 125-130.
8. Nowson S. The language of weblogs: a study of genre and individual differences / PhD Thesis. University of Edinburgh, 2006. – 279 p.
9. Blood R. The Weblog Handbook: Practical Advice on Creating and Maintaining Your Blog. – United States of America: Perseus Publishing, 2002.
10. Щипунина Л.Ю. Понятие жанра компьютерно-опосредованной коммуникации // Вестник Поморского университета. Серия: Гуманитарные и социальные науки. – 2009. – № 3. – С. 68-74.

Куркимбаева А.М.

БЛОГ КАК НОВАЯ ФОРМА ИНТЕРНЕТ -КОММУНИКАЦИИ

Статья посвящена изучению природы блога, как новая форма интернет-коммуникации. В ней широко обсуждается обзор истории блогов, представлен обзор исследований отечественных и зарубежных ученых, участвующих в изучении этой сферы. Также в статье обсуждается различие между блогосферой с другими видами интернет-коммуникации и обязательные элементы блога.

Ключевые слова: интернет-коммуникация, блоги, блогосфера, широкое понимание блога, узкое понимание блога, языковой жанр, синхронный, асинхронный, интерактивность.

Kurkimbayeva A.M.

BLOG AS A NEW FORM OF INTERNET COMMUNICATION

The article reveals the nature of the blog as a new form of Internet communication. It widely discusses the history of blogs, provides a survey of the research of domestic and foreign scientists involved in the study of this field. Article also discusses the difference between the blogosphere with other types of Internet communication and the mandatory elements of the blog.

Keywords: internet communication, blogging, blogosphere, broad and narrow sense of the blog, language genre, synchronous, asynchronous, interactivity.

ӘОЖ 94 (574)

Рысбеков Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Ихсанова А.Б. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: raymoon@list.ru

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМИ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада Батыс Қазақстан интеллигенциясының өкілдері – Т.З. Рысбеков, И.Н. Кенжалиев, Б.Қ. Бірімжаровтың еңбектерін зерттеуге ерекше көңіл бөлінген. Мақалада ғалым-интеллигенция өкілдерінің өлке тарихына қатысты еңбектері талданады. Сондай-ақ, ғалымдардың өскен ортасы, ғылымға келу жолдары сөз болады.*

***Тірек сөздер:** интеллигенция, зиялы қауым, Батыс Қазақстан тарихы, Кенжалиев И.Н., Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., тарих ғылымы.*

Ғасырлар тоғысында егемен ел болып, тәуелсіздікті баянды ету барысында республикамыздың қоғамдық-саяси, экономикалық-шаруашылық дамуында елеулі өзгерістерге қол жеткізіп, демократиялық жаңғырулар негізінде ұлттық сана мен сезімнің дамуында жаңа үрдістер кең орын алуда. Осыған орай өткен кезеңдегі жетістіктер мен қол жеткізген табыстарды нақты ой елегінен өткізу, талдап зерделеу үлкен қажеттілікті талап етеді. Өйткені, қоғамда Қазақстан тарихының алатын орнын анықтауға, оның Отандық тарих мәртебесіне ие болуына жол ашып, қазақ халқы өткен тарихи кезеңдерге концептуалдық жаңа тұжырымдар жасауға, ғылыми-ізденіс жұмыстарының жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік берген [1, 29 б.]. Соның нәтижесінде бүгінгі күні, Қазақстанда тарих ғылымының Кеңестік дәуірде қалыптасып, дамуына өз еңбектерімен, зерттеулерімен үлес қосқан ғалымдардың үлкен шоғыры өсіп шықты. Олар Отан тарихы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, республикамыздың ғылымы мен мәдениетінің өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсады [2, 7 б.]. Қалыптасқан жаңа ғылыми интеллигенция өкілдерінің туған елі мен жер тарихына қатысты өзіндік ой-көзқарастарымен, тиянақты ғылыми ізденістерімен батыс өлке тарихы туралы құнды деректер қорын жинақтаған үш ғалымды атап көрсетуге болады: тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З. Рысбеков, тарих ғылымдарының докторы Б.Қ. Бірімжаров, тарих ғылымдарының кандидаты И.Н. Кенжалиев сынды кәсіби тарихшы-ғалымдарымыздың еңбектерінің шоқтығы биік.

Өлке тарихының өзекті мәселелеріне аса үлкен мән берген, өзінің саналы ғұмырын тарих ғылымына арнаған ғылыми интеллигенция өкілі – Исатай Нәсекенұлы Кенжалиев. Исатай Нәсекенұлы 1927 жылы 10 маусымда Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданының Беркәлі бөгетінде дүниеге келді [3, 314 б.].

1935 жылы алғаш рет мектеп табалдырығын аттап орыс мектебінде білім алды. Мектеп бітірген соң 1947-1951 жылдар аралығында Орал педагогикалық институты тарих факультетінде оқыды. Исатай Нәсекенұлының еңбек жолы өзі

оқып шыққан орта мектебінде инспектор қызметінен басталды. Богатырев ауылында мектеп директоры болып қызмет атқарды [4, 1 п.].

1955-1958 жылдар аралығында Алматы қаласындағы облыстық оқу бөлімінде, яғни мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтында тарих кабинетінің әдістемелік меңгерушісі қызметін атқарады. 1958 жылы Алматы қаласының Фрунзе ауданының №60 мектебінде директорлық қызмет атқарып, 1959 жылы Ленин ауданының №70 орта мектебіне тарих пәнінің мұғалімі қызметіне ауысады. Ал, 1960 жылы ол кезде С.М. Киров есімімен аталған қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне аспирантураға түсіп, 1964 жылы аталған жоғары оқу орнының тарих факультетінің толық курсы тарих мамандығы бойынша жақсы және үздік бағалармен бітіріп шығады. Сондай-ақ, 1970-1975 жылдар аралығында тарихшы Исатай Нәсекенұлы Ауылшаруашылық институтының сырттай бөліміне түсіп, «ауыл шаруашылық өндірісінің экономист-ұйымдастырушы» мамандығын алып шығады [5, 20 б.].

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан тарихнамасында тұлғатану мәселесі қолға алынып, кеңестік жүйе идеологиясымен бұрмаланып, аты халық арасына белгісіз болып келген ұлт жанашырларының өмірі, қоғамдық қызметі жаңаша әдістемемен зерттеле бастады. Осы салада өз елінің тұлғаларын ардақтап, тәуелсіздік жолында жанкешті күрес жүргізген ата-бабаларымызды кейінгі ұрпаққа таныту мақсатында жазылған Исатай Нәсекенұлының еңбектері аса бағалы. Өлке тарихына тікелей қатысты тарихи тұлғалар – Исатай, Махамбет, Сырым Датұлы, Құрманғазы, Дәулеткерей, Ғұмар Қараш, Сейтқали Меңдешов, Қажым Басымов, Маншүк Маметова туралы мол мәліметтер қалдыруымен құнды.

Исатай Нәсекенұлы саналы ғұмырын Кіші жүз тарихын зерттеуге арнады. Ірі зерттеу еңбектерінің бір арнасы Кіші жүздегі 1836-1838 жылдары болған шаруалар көтерілісіне арналған. Осы тақырып аясында 1970 жылдан бері көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлы мен Мақамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметін, Кіші жүздің XIX ғасырдың I жартысының тарихын арнайы зерттеп, кітаптар мен ғылыми мақалалар жариялағаны белгілі. Күрескер ақын туралы ғалымның алғашқы еңбегі баспа бетін 1974 жылы көрді. Бұл еңбекте шаруалар қозғалысының көрнекті қайраткері Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы жазылған. 1979 жылы бұл кітап толықтырылып қайта басылып шығады. Бұл тарихи очеркте күрескер ақын Махамбет Өтемісұлының өмірі жайлы жаңадан табылған және бұрын жарияланбаған Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінің №4, 78 қорларының, Орынбор облыстық архивінің 6 және 222-қорларының, Ташкенттегі Өзбек ССР Орталық мемлекеттік архивінің материалдары пайдаланылған. Бірқатар тың мәліметтер, деректер, сол кездегі қазақ шаруаларының саяси, әлеуметтік-экономикалық ауыр жағдайын және хандардың, билердің, сұлтандардың, патша әкімдерінің екі жақты езгісін, зорлық-зомбылығын терең ашып береді [6].

Исатай Тайманұлы тұлғасын зерттеуге үлкен үлес қосқан тарихшының, 1977 жылы «Тайманұлы Исатай» атты монографиялық зерттеуі жарық көрді. Еңбекте Исатай өмірінің әртүрлі кезеңдері әңгіме болады. Оның жас кезі, өскен ортасы, жеке басының ерекшеліктері тарихи деректер арқылы дәлелді көрсетілген. Монографияның құндылығы – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Ішкі Орда қазақтарының саяси-әлеуметтік тіршілігін, тап күресін, патша отаршылдары мен жергілікті билеушілердің екі жақты қанауын, шекара комиссиясының қазақ ордаларымен байланысын Тайманов айналасында ашып көрсетуінде [7, 7 б.]. Осы тақырып аясында өз зерттеулерін кеңейткен Исатай Кенжалиев, 1991 жылы Исатай Тайманұлының туғанына 200 жыл толуына орай, «Исатай-Махамбет» атты кітабын, 2003 жылы Мақамбеттің туғанына 200 жыл

толуына орай «Мақамбет Өтемісұлы. Өмірі мен қызметі» атты кітабын жарыққа шығарды. Сонымен қатар, Мақамбеттің 200 жылдық мерейтойына орай, Исатай Нәсекенұлының «Мақамбет толғаулары» атты зерттеу еңбегі жарық көрді. Бұл кітапта Мақамбет мұрасының мол қоры жинақталған. Бұл жинақтың құндылығы, біріншіден, бұрын еш жерде жарияланбаған толғауларынан үзінді енген. Екіншіден, баспада үзінді күйінде ғана белгілі болып, көптеген тармақтары, жолдары түсіп қалған толғаулары, өлеңдері жинақталған. Сондай-ақ, ақынның 1974 жылғы жинағына енбей, ұмыт қалған өлеңдері, шумақтары бар. Үшіншіден, қалың оқырманға беймәлім шағын өлеңдері де енгізілген [8, 10 б.].

Исатай Нәсекенұлының тағы бір ірі зерттеулерінің бірі – халық құрметіне бөленген өнер иесі, дарынды күйші – Құрманғазы Сағырбайұлы. Осы тақырып төңірегінде 1990 жылы «Қос ішек» атты еңбегі жарық көрді. Еңбекте Кіші жүздің саяси-экономикалық жағдайына шолу жасалған. Сол кездегі Орал, Астрахань әскерлерінен жазықсыз жапа шеккен Кіші жүз қазақтарының халі тарихи құжаттар арқылы нақтылы баяндалады. Бұдан XIX ғасырда қазақ даласында өмір сүрген патшалық озбырлық пен феодализмның кесепатын көреміз. Ғалым еңбекте ұлы композитор дүниеге келген Нарын құмына географиялық талдау жасайды. Осы тұста автор ол өскен ортаға нақты шолу жасай келіп, Қайдар Ермұхановтың «Чародей» кітабындағы Құрманғазы Әубәкірге жалшы болды деген пікірдің қателігін дәлелдейді [9, 216 б.].

Біздің тәуелсіздігіміз, мемлекеттігіміз сонау Қазтуған, Доспамбет дәуірінен басталып, кезең-кезеңге бөлініп, ұзақ жүргізілген ұлт-азаттық күресіміздің нәтижесі. Ата-бабамыздың жанкешті күресінің ең қажырлы кезеңін бастаған да, басқарған Кіші жүздегі Байбақты руының перзенті – Сырым Датұлы. Сырым Датұлы – қазақ халқының бостандығы, ұлттық азаттығы үшін, атамекен қонысының сыртқы жаулардың талауына түспеуі жолында күрескен айбынды жауынгер. Исатай Нәсекенұлы Мақамбет, Құрманғазы, т.б. тақырып төңірегінде деректер іздеп, ел аралап жүріп Сырым туралы мәліметтер жинап, тарихи әдебиетті қарап, мұрағат материалдарына көз сала жүріп, 1997 жылы алғаш рет «Сырым батыр» деген кітапша шығарады. Ол кітапшада Сырым көтерілісі туралы ықшам тарихи очерк пен алғаш рет Сырымның белгілі де, белгісіз де шешендік, ақылгөй сөздері енгізілді. Бұл кітапша жаңа материалдармен толықтырылып, 2000 жылы «Сырым батыр» атауымен қайта басылым бегін көрді. 2007 жылы осы еңбектердің негізінде жаңа тың мәліметтермен толықтырылып, Исатай Кенжалиев тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З. Рысбековпен бірлескен «Сырым батыр» атты еңбегі жарық көрді [10, 5 б.].

Исатай Нәсекенұлы елінің, туған жерінің жанашыры, жоқшысы, патриоты. Бұған дәлел өзінің көп жылғы іздену барысында біздің облыспен қатар өзі туып өскен Казталовка ауданы жөнінде материал жинап, «Казталовка – байырғы атамекен» атты монография жазуы. Бұл еңбекте ауданның тарихы, жүріп өткен жолдары, ондағы еңбек адамдары, елге, жерге байланысты шежірелер, осы жерде болған елеулі-елеулі оқиғалар хақында сыр шертеді. Еңбектегі тарихи материалдар көнекөз қарттардың айтуы бойынша, архив деректері негізінде жазылған [11].

Өз еңбек жолында Ғұмартану саласымен де айналысқан Исатай Кенжалиевтің 2004 жылы Ғ.Қараш туралы арнайы зерттеу еңбегі жарық көрді. Ғұмар Қараш және оның замандастары адамзаттың аса бір қиын, күрделі, арпалысты дәуірінде өмір сүрді. Бұл кітапта Ғұмар Қараштың өмірі мен қызметі қамтылған. Еңбек мұрағат материалдары мен Ғұмарды көріп, бірге жұмыстас болған азаматтардың мәліметтеріне сүйеніп жазған [12].

Исатай Нәсекенұлы ұзақ жылдар бойы қазақтың батыстан шыққан батыр қызы – Мәншөк Мәметованың өмірі мен қызметін, жауынгерлік жолын зерттеп,

баспасөз бетінде мақалалар жариялаған. Соның нәтижесінде 2005 жылы ғалымның «Мәншөк батыр» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек тарихи деректер және Мәншөк Мәметованың туыстары мен қарулас жолдастарының мәліметтері бойынша жазылған.

Мәншөктің өзі туып өскен жері, елі, әкесі Жеңсігәлі мен Ақмет Мәметұлы туралы, олардың тұрған жері, тағдыры, Мәншөктің алғаш оқыған жері және т.б. туралы нақты деректі мәлімет осы уақытқа дейін болмады. Алғаш ғылыми еңбек жазған М.Қозыбаев, С.Честнов тек Мәншөктің Алматыдағы өмірін баяндаумен шектеледі. Осы тұрғыда Мәншөктің өмірінен тың мағлұмат беретін ғалым Исатай Кенжалиевтің еңбегі құнды болып есептеледі. Жалпы, Мәншөктің әкешесінің жағдайын, өскен ортасын, елдегі жағдайды, әкімшілік-территориялық бөліністі түсіндіру үшін автор Бөкей даласының, кейін облыс губерния аталған аумақтың XX ғасыр басындағы экономикалық-саяси, әлеуметтік жағдайына шолу жасаған. Тынымсыз ізденістің нәтижесінде Мәншөк Жеңсігәліқызының Жәнібек ауданындағы Қамысты ауыл Советінде дүниеге келгенін, шын аты Мәнсия екенін анықтайды. Мәншөктің өмірі мен қызметін, Отанымызды қорғау, әке абыройын ақтау үшін істеген ерлік істері осы еңбекте көрініс тапқан. 1938-1941 жылдары ол әрі оқып, әрі жатақханада жатып жұмыс істеп, спортпен шұғылданып, қабілетін арттырған. Қиындыққа мойымай, 1942 жылы армия қатарына кіріп, майданның алғы шебіне барып, дұшпаннан кек алуға талпынған. Мәншөк қазақ жауынгерінің үлгісі болған. Исатай Нәсекенұлы Мәншөктің «қазақ» деген, «қазақ қызы» деген ғажап атты аспанға көтеріп, әлемге әйгілі еткен бірден бір тарихи тұлға екенін көрсетті [13, 95 б.].

Тарихшы-ғалымның әр жылдардағы жазған еңбектерімен таныса отырып, Исатай Нәсекенұлы Кенжалиевтің өлке тарихы туралы еңбектерінің кеңестік дәуірден бастау алғанына көз жеткізе аламыз. Кеңестік дәуірдің сонау 70 жылдарынан бастап Исатай-Махамбет көтерілісін, Бөкей Орда тарихын зерттеуді бастап, содан 30 жылдай үзбей зерттеп Отандық тарихқа өзіндік үлес қосқаны сөзсіз. Тарихшы ғалымның өлке тарихының жанашыры екенінің бір дәлелі 1987 жылғы Исатай-Махамбет көтерілісінің 150 жылдық мерейтойын сол жылдардағы басшы Г.В. Колбинге ұсыныс жасап, республика деңгейіндегі ғылыми-конференция өткізуі еді. Сондықтан да, Исатай Нәсекенұлы Кенжалиев тек тарихшы ғалым ретінде емес, туған өлкеміздің тарихын жетік білетін өлкетанушы ретінде танылды. Исатай Кенжалиев туған елі, өскен жері үшін қанды шайқаста қол бастаған батырлар, аламан топта сөз бастаған билер мен шешендерін, ақындарын келер ұрпаққа үлгі етіп, оларды халыққа дәріптеп, танытуға, болашақ ұрпаққа мәңгі өшпестей ұмытылмастай бай мұра қалдыруды өзіне парыз тұтқан қазақтың асыл ұлдарының бірегейі, кейінгі жас буын мақтан етер ұлтымыздың перзенті.

Қазақ халқының кемеңгер тұлғасы ұлы Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде адам бойында қалыптасатын ең қасиетті нәрселердің бірі парасаттылыққа әлденеше рет қайталап оралады: «Парасаттылықтың мәні – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, білім, оның ішкі нәрі, сыртқы шырай және әрі», - деген болатын. Парасат иесін халқымыз құрметтеп ізгі тұтқан. Осындай парасат иесі, жоғары оқу орнының ассистенті қызметінен бастап ректорлық дәрежеге жеткен, ғылым докторы, профессор, академик – Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков [14, 135 б.].

Күні кеше еліміздің белді тарихшыларына шәкірт болған, бүгінде тарих ғылымында өзінің орнын айшықтап сүбелі үлесін қосып, республикамыздың түкпір-түкпіріне қажетті кәсіби тарихшыларды даярлауда айтарлықтай еңбек сіңірген зиялы қауым өкілі Тұяқбай Зейітұлы 1947 жылы, Жамбыл облысы, Талас ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінде білім алып, 1961

жылы Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі. Педучилищені үздік дипломмен бітіріп, еңбек жолын бастауыш мектеп мұғалімдігінен бастаған [3, 453 б.].

1971 жылы кәсіби тарихшы мамандығы бойынша университетті үздік дипломмен бітірген жоғары білімді жас маман Тұяқбай Зейітұлы оқу-ағарту министрлігінің жолдамасымен Орал қаласындағы педагогикалық институтта еңбек өтілі жылдарын бастады. Ғылыми-зерттеуге бейім қабілетін таныта білген Тұяқбай Зейітұлы 1973 жылы түлеп ұшқан университетіне қайта оралып, 1974 жылы тарихшы-ғалым Д. Дулатованың ғылыми жетекшілігімен тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл – үздік білім, ғылым игеру сапарындағы жас ғалымның өрлеу, өсу сапарының биіктерге бастаған серпінді қадамы еді [14, 139 б.].

Кәсіби тарихшы ретінде өткен ғасырдың 70-ші жылдары көпшілікке таныла бастаған Тұяқбай Зейітұлы өзінің басты зерттеу нысаны ретінде республикамыздың қоғамдық-саяси өмірі мәселелерін, олардың қатарында ең алдымен жергілікті кеңестердің қалыптасуы, дамуы және нақтылы қызмет тарихын тандап алды. Оның кандидаттық диссертациясы КСРО-ның Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңдегі Қазақстанның жергілікті кеңестерінің ауыл мәдениетін өркендету үшін жүргізген сан-салалы қызметін зерттеуге арналса, докторлық диссертациясы 1938-1960 жылдар аралығындағы Қазақстанның кеңестер жүйесінің тарихын тұтас, кешенді мәселе ретінде қарастыруға арналды. Бұл диссертациялар кезінде жеке-жеке көлемді монографиялар түрінде жарияланды.

Егер 1986 жылға дейін Т.З. Рысбеков ғылыми жұртшылыққа негізінен Қазақстанның кеңестік кезең тарихының білікті маманы ретінде белгілі болса, одан кейінгі уақытта оның зерттеген тақырыптарының аясы айтарлықтай кеңейді [15, 82 б.].

Профессор Т.З. Рысбековтың еңбектеріне талдау жасай отырып, тарих ғылымдарының докторы Б.Б. Кәрібаев ғалымның ғылыми шығармашылығын тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздік кезеңіндегі деп шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезеңде жазылған ғылыми мақалалардың тематикасынан автордың кандидаттық диссертациясының мазмұнына сай келетін мақалалар тақырыбын және тәуелсіздікке дейінгі қоғамдық ғылымдарға үстемдік құрған белгілі методология ауқымындағы тақырыптарды көреміз. Ал екінші кезеңдегі мақалалар тақырыбынан – тар қапастағы темір құрсаудан босанып шығып, шексіз көк кеңістікте қанатымен емін-еркін самғай ұшып жүрген алып құсты көргендей боламыз. Тәуелсіздік нағыз зерттеушіге өзінің бар мүмкіншілігін ашып көрсетуге, қарым-қабілеті мен қажыр-қайратын Отан тарихының өзекті мәселелерін жаңа талаптарға сай қарастыруға толық ерік береді. Т.З. Рысбеков осы жылдары тарихпен қатар қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың психология, педагогика, мәдениеттану, экология, түркология секілді салалары бойынша да қарымды зерттеулер жүргізіп, ондаған мақалалар жариялайды. Пәнаралық байланыстар бойынша да тың бағыттарды айқындайды. Оның «Туристік өлкетану», «Экологиялық туризм» тақырыптарына арналған мақалалары – қазіргі заманның талаптарына сай келетін жаңа бағыттарға ғылыми негіздеме бола алады.

Ал қазіргі кезеңдегі Отандық тарихтың мынадай өзекті мәселелері ғалымның назарына ілініп отыр: Жаһандану мәселелері, Тәуелсіз Қазақстан және әлемдік қауымдастық, Еуразиялық идея, қазіргі кезеңдегі жастар саясаты, тіл мәселесі, ЖОО-да білім берудің жаңа әдістері, ұлтаралық қатынастар, ТМД және интеграция, экологиялық тәрбие мәселелері, сондай-ақ өлкетану және т.б. мәселелер. Мұндай мәселелерге арнайы қалам тартып, мәселені терең талдап,

өзіндік ой-пікірлер айтып, тұжырымдар жасауын – ғалымның озық ойлығы мен терең білімділігін, ұлтжандығы мен қайраткерлігін көрсетеді [16, 22 б.].

Тұяқбай Зейітұлы өз зерттеулерінде өлкетану мәселесіне зор мән беріп, өңіріміздің тарихын зерделеп, оны насихаттауда жемісті еңбек етуде. Ғалымның өлке тарихына арналған еңбектерінде тың ойлар, тосын көзқарастар, толымды тұжырымдар жетіп артылады. Бұған оның жарық көрген «Өскен өлке тарихы» [17], «Менің Қазақстаным» [18], «Бөкей Орда тарихы» [19], «Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары» [20], т.б. зерттеу еңбектері мен оқулықтары дәлел бола алады.

Ғалымның зерттеулерінің нәтижесі болған «Өскен өлке тарихы» атты кітабы. Автор бұл еңбегінде Ақжайық өңірінің ескерткіштерінің зерттелу жағдайына, Орал қаласының тарихына, Бөкей Ордасының тарихына, Батыс Қазақстанның халқына, Сырым батыр, Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарға, 1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілістің еліміздің батыс аймағына әсеріне, Жаңақала көтерілісіне, Батыс Қазақстан облысы жергілікті Советтерінің мәдени – ағарту жұмысына, Орал – Илецк темір жол торабының салынуына, Ораз Исаевтың қоғамдық-саяси қызметіне талдау жасайды [17].

Т.З. Рысбековтың келесі еңбегі 2002 жылы жарық көрген «Менің Қазақстаным» кітабы. Еңбекте Қазақстан тарихына қысқаша шолу жасап, Қазақстан тарихының ерте, орта, жаңа және қазіргі кезеңнің негізгі оқиғаларына, оның қазақ халқының, мемлекетінің, шаруашылығы мен мәдениетінің қалыптасуына жасаған әсерін баяндайды [18].

Ғалымның еңбектері ішінде баса назар аударатын мәселе – Бөкей Ордасының тарихы. Тәуелсіздік алған тұста өлке тарихын зерттеп зерделеуге мүмкіндік туып, Т.З. Рысбеков Бөкей ордасының құрылуы, саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, ондағы орын алған өзгерістер, көрші елдер мен қарым-қатынасын зерделеуде үлкен еңбек сіңіріп, хандықтың кешенді зерттелуіне мұрындық бола білді. 2001 жыл – Бөкей Ордасы құрылуының 200 жылдығы, осыған орай профессор Т.З. Рысбековтың жетекшілігімен жарық көрген «Бөкей Орда тарихы» атты ұжымдық еңбекте тұңғыш рет өлке тарихы кешенді, жинақы зерттеліп, қалың оқырманға ұсынылды. Ғалым еңбектерінде Бөкей Ордасы тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – Жәңгір Бөкейұлының өмірі мен қызметіне жаңаша методологияға сүйене отырып, тың көзқарас тұрғысынан баяндалады [19].

Ғалымның іргелі еңбектерінің бірі – 2014 жылы баспа бетін көрген «Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары» деп аталады. Бұл еңбектің ерекшелігі – автор тұлғатану мәселелерін терең зерделеп, көпшілік оқырман назарына ұсынуы. Кітапта әрбір тарихи кезеңдердегі уақыт аралығында қоғамның дамуында даналығымен, парасаттылығымен, шешендігімен, қол бастаған көсемдігімен, еліне қалтқысыз қызмет еткен ерлігімен орын алған тұлғалардың өмір жолы баяндалады [20].

Академик Т.З. Рысбековтың ғылыми шығармашылығының бағыттары сан-салалы және тақырыптары хронологиялық жағынан да, проблемалық жағынан да кең ауқымды. Ол жалпы саны 600-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу-әдістемелік жұмыстардың авторы. Олардың ішінде 40-қа жуығы жеке монографиялық еңбектер, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар болса, 400-ге жуығы Отандық тарихтың, сондай-ақ қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне арналып, еліміздің және алыс-жақын шетелдердің ғылыми басылымдарында жарық көрген ғылыми мақалалар мен ғылыми баяндамалар болып саналады [16, 20 б.].

Батыс Қазақстандағы іргелі оқу орындарының бірі М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің тарихында өзіндік орны бар, маңдайына жазған бар ғұмырын

ұстаздық өнерге, шәкірт тәрбиелеуге арнаған және тарих ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың бірі Бақтығұл Қабдірұлы Бірімжаров болды.

Профессор Бақтығұл Бірімжаров 1 маусымда Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Сайқын ауылында дүниеге келді. 1966 ж орта мектепті, кейін 1972 жылы С.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетінде оқып, үздік дипломмен оқып бітірген [3, 213 б.].

Еңбек жолын М.Мәметова атындағы Сайқын орта мектебінде мұғалімдік қызметтен бастаған. 1972 жылы А.Пушкин атындағы Орал пединститутының тарих факультетіне жалпы тарих кафедрасының оқытушысы болып орналасады. 1976 жылы Қазақ КСРО ҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аспирантурасына түсіп, оны 1979 жылы ойдағыдай аяқтап, көрнекті ғалым, академик К. Нұрпейісовтің ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертацияны сәтті қорғап, 1980 жылы тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болды.

Б. Бірімжаров 1997 жылы 28 мамырда ҚР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының диссертациялық кеңесінде академик К.Нұрпейісовтің ғылыми кеңесшілігімен «Село Казахстана в 60-е – 80-е годы конкретно-исторический анализ по материалам Западно-Казахстанского региона» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғады.

Бақтығұл Қабдірұлының Қазақстан тарихы, оның ішінде Батыс Қазақстан тарихының дамуына қосқан ең басты және құнды үлесі өлкенің ауыл шаруашылығының дамуы мәселелері мен Бөкей ордасы тарихы бойынша еңбектері. Бөкей ордасының 200 жылдық мерейтойына әзірлік барысында бұл өлкенің тарихына қатысты көптеген еңбектер жариялана бастады. Мұндай зерттеулердің көш басында профессор Б.Қ. Бірімжаров та болды. Ғалым А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Бөкей ордасының Қазақстан тарихында алатын орны» атты баяндама жасады. Баяндамасында Бөкей ордасының құрылуының нақты отаршылдық сипаттағы себептері, хандық биліктің даму кезеңдері, Жәңгір хан тұсындағы қоғамдық-саяси құрылысқа жаңаша баға беруге ұмтылушылығы үлкен маңызға ие.

Ғалымның «Қазақстан ауыл-селоларының 60-80 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы» атты көлемді монографиясында Батыс Қазақстан облысы, оның ішінде Жәнібек, Орда аудандарының шаруашылықтарындағы ауыл еңбеккерлерінің қол жеткізген табыстары нақты тарихи құжаттармен, мұрағат материалдарымен көрсетіледі. Әсіресе, 70-жылдардың ортасында М.Мәметова, «Орда», «Бисен», Т.Масин, «Құрманғазы», «Искра» кеңшарларының аграрлық секторды дамытуда қол жеткен табыстары дараланып, мал шаруашылығын дамытуда ірі жетістікке қол жеткізген малшы-шопандардың, олардың ішінде Социалистік Еңбек Ері Е.Есімовтің, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты Марфуға Азаматованың және т.б. еңбек озаттарының еңбектері сараланып берілген.

Бөкей ордасы тарихы мектеп бағдарламасына сәйкес жазылған «Батыс Қазақстан облысының тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі кезге дейін)» атты ұжымдық өлкетану оқулығында да үлкен орын алады. Ғалым аталған еңбектің «Бөкей ордасы соғыстан кейінгі жылдарда» бөлімін жазып шықты. Онда автор соғыстан кейінгі қиын жылдардағы ауданның дамуын ауыл шаруашылығының біртіндеп қалпына келтірілуін мұрағат құжаттары негізінде қмтыған. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты қорларын ақтарып, Орда ауданының шоғырланған 761, 850, 1063, 869, 976, 1677, 164, 1759, 1977- қорлардың құжаттарын қарастырған [21, 16 б.].

Батыс Қазақстан аймағы, оның ішінде Бөкей Ордасы тарихы терең, әрі әркім тарихи тұлғалардың саяси-қоғамдық қызметтерімен тікелей байланысты болып келді. Осы тұрғыда ғалымның тәуелсіз Қазақстан жағдайында жариялаған және тарихи тұлғаларға қатынасты мақалалары мен еңбектерінің алатын орны ерекше. Әсіресе, батыс өлкесінен, оның ішінде Бөкей Ордасынан шыққан саяси-қоғамдық және ғылыми қызметтері белгілі ғалым Ш.Уәлихановтың өмір сүрген дәуірімен бір тұста өмір сүрген, әрі онымен әріптес, серіктес болған М.С. Бабажановтың өмір дерегі, ғылыми шығармашылығы, қоғамдық-саяси тұрғыдағы қайраткерлігі хақында жазылған жергілікті басылымдар мен ғылыми әдебиеттердегі материалдың жергілікті халықтың ұлттық санасына, тарихи сана-сезімінің оянуына, одан әрі дамуына танымдық тұрғыда ерекше әсер еткені белгілі. Сонымен бірге, өзінің ғылыми еңбектерінде Бөкей ордасынан XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында шыққан ғалым, ойшыл, педагог, философтар Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ғұмар Қараш, саяси-қоғамдық қайраткерлер С.Меңдешев, Б.Қаратаев, Б.Құлманов, М.Бекмұхамедов, Ш.Бөкеев тағы басқалардың сан қырлы қызметтерінің ашылып көрсетілуі, ғалымның шығармашылық ізденістеріндегі ірі жетістіктері болып табылады. Сөз жоқ, бұл тарихи тұлғалардың өмірлік өнегелерін зерделеу, әрі жас өспірім ұрпақтарға оларды таныту өз өлкеміздің тарихын терең ұғынуға жол бастайтыны талас тудырмайтын мәселе [1, 30 б.].

Бүгінгі күні ғалымның соңында 5 монография, 3 ұжымдық еңбек, 4 оқулық, 20 оқу-әдістемелік еңбек, 120 ғылыми мақала, 32 баяндама, тезистері қалды.

Бақтығұл Қабдірұлы Бірімжаров Батыс Қазақстан тарихында тың ғылыми еңбектер жазып, тұжырымды ғылыми пікірлер жариялаған тарихшы болуымен қатар, университеттің жаңа буының тәрбиелеген ұлағатты ұстаз ретінде ел есінде қалатындығы сөзсіз [21, 16 б.].

«Зиялылық» мәселесіне ерекше назар аударған Мұстафа Шоқай, «Ұлттың зиялысы» шығармасында «оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз, - дей келіп, - Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады», - деп тұжырымдайды [22, 25 б.]. Демек, зиялы қатарына қосылған азамат өзінің халық алдындағы зор жауапкершілігін сезінуі керек, өзінің әрбір ісінен рухани жетілуге сәйкес келетін үрдісті таныту тиіс. Отандық тарих ғылымы, соның ішінде, Батыс Қазақстан тарихын зерттеуге өз үлестерін қосқан ғалым-интеллигенция өкілдері өлке тарихының шынайы бейнесін танытуға талпынып, кейінгі ұрпаққа өлке тарихынан мол мұра қалдырды. Осы орайда, тарихшы-ғалымдарымыз нағыз ұлт зиялысы деген атқа әбден лайықты деп есептейміз. Жалпы, қарастырып отырған ғалым-интеллигенция өкілдерінің өлке тарихын кешенді зерттеуге қосқан үлесі сөз жоқ орасан зор.

Әдебиеттер:

1. Рысбеков Т.З. Терең білім мен төл тарихымызды меңгерген ұстаз-ғалым // Б.Бірімжаров Перзент парызы. – Орал: Шұғыла Принт, 2017 – Б. 29.
2. Жақсығалиев Ж. Зерделі зиялы // Орал өңірі. – 2007. – 19 шілде. – Б. 7.
3. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2002. – 592 б.
4. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, 450 қор, 1-тізімдеме, 2-іс.

5. Дүйсеналиева А.Д. И.Кенжалиевтің Қазақстан тарихының зерттелуіне қосқан үлесі (XVIII-XX ғғ.) // БМ011400 – «Тарих» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация. – Орал, 2017. – 72 б.
6. Кенжалиев И. Мақамбет. Өмірі мен қызметі. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 105 б.
7. Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай (өмірі мен қызметі тур. қысқаша тарихи очерк). – Алматы: Қазақстан, 1977. – 122 б.
8. Кенжалиев И. Мақамбет толғаулары. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2003. – 113 б.
9. Кенжалиев И. Қос ішек. – Алматы: Өнер, 1990. – 216 б.
10. Кенжалиев И. Сырым-ақылғой, көсем // Еділ-Жайық. – 2007. – 16 тамыз. – Б. 7.
11. Кенжалиев И. Казталовка-байырғы атамекен. – Алматы: Полиграфия – 1994. – 144 б.
12. Кенжалиев И. Ғұмар Қараи. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2004. – 134 б.
13. Кенжалиев И. Мәнішүк туралы жаңа дерек // Халық кеңесі. – 1995, – 9 мамыр. – Б. 5.
14. Ғалымов А. Ғибратты ғұмыр өрінде // Утегенова К.Т. Служение Отечеству и долгу: Очерки о жизни и деятельности ректора ЗКГУ имени М.Утемисова Рысбекова Т.З. – Уральск: ИЦ и СМИ ЗКГУ имени М.Утемисова, 2007. – 185 с.
15. Нұрпейіс К. Белгілі тарихшы, ұлағатты ұстаз // Бұл да сонда, – Б. 82.
16. Кәрібаев Б.Б. Академик Т.З.Рысбеков еңбектеріндегі қазақ хандығы тарихының мәселелері // «Қазақстан тарихы мәселелері және академик Т.З.Рысбековтың ғылыми мектебі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал. - 2017, 29 қыркүйек. – 140 б.
17. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. Орал: Полиграфсервис, 1997. – 180 б.
18. Рысбеков Т.З. Менің Қазақстаным. Орал: БАҚ және баспа орталығы, 2007 – 160 б.
19. Рысбеков Т.З. Бөкей Орда тарихы. Орал: Дастан, 2001. – 196 б.
20. Рысбеков Т.З. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 524 б.
21. Байболсынова А.С. Ғалымның хаты өлмейді... // Орал өңірі. – 2013. – 14 наурыз. – Б. 16.
22. Нұрмұратов С.Е. Ұлттық зиялылық – тарихи процесс феномені // XX ғ. I жартысындағы қазақ зиялылары және ұлттық мемлекеттілік: мұрағаттар, келелі мәселелері, келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы. – 2008. – 160 б.

Рысбеков Т.З., Ихсанова А.Б.
ИСТОРИЯ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ
НАУЧНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

Данная статья посвящена исследованию трудов представителей научной интеллигенции Западного Казахстана – Т.З. Рысбекова, И.Н. Кенжалиева, Б.К. Биримжарова. В статье проанализированы исследования ученых посвященных изучению истории родного края. В статье также рассматриваются годы жизни ученых и пути становления в науке.

Ключевые слова: интеллигенция, история Западного Казахстана, Кенжалиев И. Н., Рысбеков Т.З., Биримжаров Б.К.

Rysbekov T.Z., Ikhsanova A.B.
HISTORY OF WESTERN KAZAKHSTAN IN THE WORKS OF
REPRESENTATIVES OF SCIENTIFIC INTELLIGENTSIA

This article is devoted to the study of the works of representatives of the scientific intelligentsia of Western Kazakhstan - T.Z. Rysbekov, I.N. Kenzhaliyev, B.K. Birimzharov. The article analyzes the research scientists devoted to the study of the history of the native land. The article also discusses the years of life of scientists and the ways of becoming in science.

Keywords: intellectuals, history of Western Kazakhstan, Kenzhaliyev I.N., Rysbekov T.Z., Birimzharov B. K.

ӘОЖ 93/94

Ахметова Ұ.Т. – тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

E-mail: ulzhan.axmetova.67@mail.ru

Жұбанов Б.А. – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты

E-mail: Zhubanovbolat@gmail.com

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ К.Л. ЕСМАҒАМБЕТОВ

Аңдатпа. Мақалада тарихшы К.Л. Есмағамбетовтың ғылыми ізденістері талданады. К.Л. Есмағамбетовтың жан-жақты қызметінің басым бағытын Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеу, зерделеу, шетел тілдеріндегі көпшілік жұртқа беймәлім дереккөздерін ғылыми айналымға қосу құрайды. Ғалым еңбектері ел мен елді жақындастыруға, тәуелсіз Қазақстанның халықаралық аренада оң имиджін қалыптастыруға, тарих тәжірибесінен сабақ алуға еңбек етті. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № АР 05134572 ғылыми жобасын орындауға арналған.

Тірек сөздер: Қазақстан тарихы, мемлекеттік тарихы, тарихшы, тарихнама, шетел тарихнамасы, деректану, методология, ғылыми зерттеулер.

Тәуелсіз Қазақ мемлекеттілігі тарихын зерделеуге үлес қосқан тарихшыларымыздың бірі Көшім Лекерұлы Есмағамбетов. Ол Қазақстан тарихы ғылымында қазақты зерттеген шетел тарихнамасының негізін қалаушы, тұлғатанушы, энциклопедист ғалым ретінде есте қалды. К.Л. Есмағамбетов Атырау облысы Индер ауданына қарасты Қаңбақты ауылында қарапайым қазақтың отбасында 1938 жылдың 29 қазанында дүниеге келген [1]. Ол аудандағы Кулагино ауылынан бастауыш білімін бастап, кейін орта мектепті аудан орталығынан үздік тәмамдап, 1957-1960 жылдары Кеңес Армиясының қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеп қайтады. 1960 жылы білімін одан әрі жалғастыру мақсатында Москва қаласына барып Патрис Лумумба атындағы Халықтар Достығы университетіне оқуға түсіп студент атанады. Студенттік шағынан бастап қазақ тарихын зерттеген шет ел зерттеулеріне назар аударады. Университетті үздік оқып 1965 жылы «тарихшы» және «ағылшын тілінің аудармашысы» мамандықтарын меңгеріп, 1965-1966 оқу жылында С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде еңбек жолын

оқытушылықтан бастайды. Осыдан бастап 1980 жылдарға дейін Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының оқытушысы, аға оқытушысы және доценттік қызметтерін атқарады. Педагогтік қызметімен қоса 1967 жылы Көшім Лекерұлы Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі Хаттама бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Осы жылы Мәскеу қаласында өткен Ирак делегациясының құрметіне ұйымдастырылған КСРО Сыртқы істер министрлігінің қабылдауына қатысады. Жас тарихшы 1968 жылы тарих ғылымына бет бұрып, С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, 1971 жылы бітіреді. Аспирантураға түскен жылы Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің қоғамдық ғылымдарды оқыту бөлімінің аға нұсқаушысы қызметін қоса атқарады. 1972-1973 жылдар аралығы Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрінің көмекшісі, ал 1979 жылы Қазақстан делегациясы басшысының орынбасары ретінде Түркияда өткен Измир халықаралық жәрмеңкесіне қатысады. 1984-1993 жылдар аралығында «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясында ғылыми редактор, бөлім меңгерушісі және осы редакцияның Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар орталығының басшысы бола жүріп, бірнеше жылғы жүргізген ғылыми ізденістері нәтижесінде 1990 жылы «Историко-этнографическое изучение дореволюционного Казахстана в Англии и США» тақырыбындағы ғылыми жұмысын сәтті қорғап, 1991 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болады. Ал 1993-1996 жылдарда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Сыртқы қатынастар бөлімінің меңгерушісі, Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар орталығының басшысы қызметтерін атқарды. 2000-2002 жылдары Қазақстан Республикасы Мұрағат ісі және Құжаттану ғылыми-техникалық ақпарат орталығының директоры қызметін атқара жүре «Зарубежная историография Казахстана (с древних времен до начала 90-х годов XX в.) атты докторлық ғылыми зерттеуін қорғап, 2001 жылы тарих ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертациясын қорғайды. 2003 жылдан 2016 жылға дейін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкерлігін атқарды. Жалпы Көшім Лекерұлы бар ғұмырын білім және ғылым саласына арнаған ғалым.

Ғалымның зерттеулерінде басты көрініс тапқан бағыттары Қазақстан тарих ғылымының өзекті мәселелері, оның ішінде қазақтар туралы шет ел зерттеулеріне, тарихнама, деректану, тарих методологиясы, тарих ғылымының философиялық мәселелеріне, қазақ мемлекеттілігі тарихына, тұлғатану, зерттеудің деректік негіздері, архивтану ісі, құжаттармен жұмыс, ғылыми публицистика саласына, ғылыми аудармашылық, баспагерлік, сонымен бірге энциклопедиялық зерттеулердің негізін қалағандығын атауымыз қажет. Бұл мәселеде тарих ғылымдарының докторы Б.Көмеков: «К.Л. Есмағамбетовтің жан-жақты қызметінің басым бағытын Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеу, зерделеу, шетел тілдеріндегі көпшілік жұртқа беймәлім дереккөздерін ғылыми айналымға қосу құрайды. Ол алғашқылардың бірі болып Қазақстан тарихының батыс елдерінде зерттелуі туралы кең хронологиялық кезеңді қамтитын тақырыптан кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Олар кезінде Г.Ф. Дахшлейгер, П.Г. Галузо, М.Қ. Қозыбаев және т.б. білікті ғалымдар тарапынан жоғары бағаланды», - деп ойын білдіреді [1, 17 б.].

Дегенмен ғалымның негізгі ғылыми ізденістері Қазақстанды зерттеген шет елдік зерттеулерді тарихнамалық талдау арқылы көне дәуірден тәуелсіз ел атанған тұсқа дейінгі кезеңді қамтиды. Соның ішінде ол халқымыз үшін аса маңызды мемлекеттілік мәселесіне үлкен назар аударады.

К.Есмағамбетов «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты еңбегінде қазақтар туралы шетел ғалымдары, жазушылары мен публицистері қағазға түсірген

ағылшын, неміс, француз тілдерінде басылған материалдары жан-жақты енгізеді. Ғалым оны сонау кеңестік заманда-ақ қазақ тарихының тамыры тереңнен алатынын айқындауды қолған алғанды. Сол жылдары ол ағылшын тарихшысы Алэн Бождер, неміс тарихшысы А.Каппелердің және өзгелердің ізденістеріне назар аударады. Мәселен, Алэн Бождер 1980 жылы «The Slavonic and East European Review»-де жарияланған «Қазақтардың Кіші ордасының ханы Әбілқайыр және оның 1731 жылғы қазанда Ресейге адалдыққа берген анты» деген мақаласында көп ауқымды деректемелер мен әдебиетке сүйене отырып, проблемаға өз көзқарасын айтуға тырысады. Кіші жүз қазақтары бодандығының сипатын А.Боджер Ресей қамқорлығында болуға келісе отырып, олар қажет болған кезде орыс шекарасын қорғауға; Орта Азияға баратын орыс сауда керуендеріне көмек көрсетуге және қорғауға уәде берді деп анықтайды [2, 55 б.]. А.Каппелер 1916 жылғы көтерілістің негізгі себебі патша өкіметінің отаршалдық үстемдігі, оның Қазақстандағы жер мәселесінде түгелімен славян қоныстанушыларының мүдделерін көздеп жүргізілген саясаты деп санайды [2, 60 б.]. Араға уақыт сала ол «Ғылым» баспасынан жарық көрген Индиана университетінің (АҚШ) профессоры Дж.Демконың «Орыстардың Қазақстанды отарлауы» атты күрделі еңбегін ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударады [3, 429 б.].

К.Есмағамбетов кеңестік кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуын саралаған М.Б. Олкотт, Р.Пайпс, Х.Дейвис, Э.Гудмэн, Р.Пирс, Х.Сетон-Уотсон, Дж.Бейкер секілді шетел тарихшыларының зерттеулеріне айырықша назар аударады. Солардың ішінде Колгейт университетінің профессоры М.Б. Олкотт 1917 жылғы ақпан революциясы барлық қоғамға әсерін тигізіп, қазақтар Уақытша үкіметті қолдағанын жазады. Тарихшы революциядан кейін жиырмаға жуық жастар қоғамы құрылып, солардың ішінде Орынбордағы «Игілікті іс» және Оралдағы «Үкімет» пен «Жас қазақ» сияқты қоғамдарды атап өтеді. «1917 жылғы мамырдың ортасында «Қазақ» газеті қазақ халқы үшін саяси автономияны қолдап, бірсыпыра мақалалар жазды»-деген мәлімет береді [4, 129 б.]. Сонымен қатар, Халел Ғаббасовтың Қазақ автономиясын жариялау, бақылау кеңесін және тәуелсіз халық жасақшыларын құру қажеттілігіне тоқталып, кіріспе сөз сөйлегенін атап өтеді. Гарвард университетінің профессоры Р.Пайпс: «1917 жылы шілдеде қазақтар өздерінің Алашорда үкіметі арқылы саяси бағдарламасының ең маңызды талаптарының бірі ретінде территориялық автономия беру жөнінде мәселе көтерді. Автономия идеясы түркі халықтарын мазалап келген аграрлық мәселемен тығыз байланысты еді»- деп, 1920 жылы қазан айында Қазақ Автономиялық Кеңестік социалистік республикасы құрылғанын жазды. Сонымен қатар, автордың тұжырымдауы бойынша, «Кеңес Одағы унитарлық, бір орталыққа бағындырылған, тотаритарлық мемлекет ретінде пайда болды, патша өкметі ешқашан да ондай болған емес...» -деп, өз ойын ашық айтады [5, 152 б.]. Ғалым шетелдік зерттеушілердің зерттеулерін саралай келе олардың ұстанымдарының өзіндік ерекшеліктерін дәлелдейді. Өйткені шетелдік зерттеушілер қазақтардың сан ғасырлық отарлауға қарсы күрестерін бірінғай принцип бойынша түсіндірді, басты мәселе мемлекеттілікті сақтау екенін ашық айтты.

Тарихшы К.Есмағамбетов мемлекеттілікті сақтау жолында халқының айырықша құрметіне ие болған тұлғаларға көңіл аударды, оларды мұрағат деректерімен жаңаша зерделеді. Оған тарихшының «Азат рухтың күрескері» атты зерттеуі дәлел бола алады. Бұл еңбегінде 1836-1838 жылдар аралығында батыс өлкедегі азаттық күресіне, ұйымдастырушылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы тарихының ақтаңдақ беттерін архив деректерімен талдау

жасаған. Өлкетанушылар мен кәсіби зерттеулеріндегі көтеріліс туралы бұрмалаушылықтарға нақты архив құжаттарымен тойтарыс береді. Автор өзіне дейінгі авторлар зерттеулерін талдай отыра «махамбеттану ісінде елеулі ілгері алға басушылық» байқалатынын атай отыра, көтерілістің кейбір кезеңдері және оның идеологиясы, Исатайдың мәмілегерлік қыры, Махамбет ақынның мұрасы, отбасы туралы және өзге де мәселелер жаңа методологиялық және деректік негізде бүгінгі тарих ғылымы тұрғысынан қайта тұжырымдалуы қажет деген ұстанымда болған [6].

Көшім Лекерұлының қазақ мемлекеттілігін қайта қалпына келтіруге бар ғұмырын сарп еткен тарихта қалған тұлға Мұстафа Шоқай. Ғалым шоқайтануда бірнеше ғылыми зерттеулерімен ерекшеленген зерттеуші. Оның осы тақырыптағы сүбелі еңбегі - «Әлем таныған тұлға». Еңбек қолдан-қолға тарап, оқырманның заңды қызығушылығын туғызды. Монографияға жазған сын-пікірінде тарихы Ә.Мұқтар: «Зерттеуші ғалым К.Лекерұлы М.Шоқайды «барар жері, басар тауы» қалмаған соң Түркияға кетті деушілерге, Мұстафаның қолында сол уақытта АҚШ-қа да баруға визасының болғандығын алға тартуы, ондай визаны пайдаланған В. Лебедевтің АҚШ-қа, Францияға жетуін деректермен айғақтауы өте сенімді. 1921 жылы наурызда Мұстафаның Парижге келіп, Италияға, Германияға барып, Түркістанның тәуелсіздігі үшін батыс елдердің моральдық және материалдық көмегіне сүйенуді көздегені, кейін түпкілікті «саяси эмиграция астанасы» саналатын Парижге тұрақтануы тұлға өмірінің күрделі кезеңдерінен сыр шертеді. 1941 жылы желтоқсан айында қайтыс болғанға дейінгі оқиғалардың ізімен жүріп, оны өзара байланыстыра білуі, тарихи деректерді терең талдауы, әлемнің түкпір-түкпіріндегі бірнеше пікірлерді салыстыра алуы, ғалымның тақырыпқа терең бойлағандығын айғақтайды» деп бағалайды [7, 19 б.].

Ғалым: «Мұстафа ұлт намысын, ар-ожданын бәрінен де жоғары қояды. Өз тарапынан да саяси күресте адалдықты жоғары тұрады. Түркістанның тәуелсіздігі үшін күресте оған апаратын жолдың да таза болуын қарайды... Қыр баласы Мұстафаның әлемдік биіктегі тұлғалар қатарынан көрініп, алған асулары мен халқы үшін жасаған жанқиярлық еңбектері ұлтын сүйер бүгінгі азат ұрпақ үшін ауадай қажет. Халқын сүйіп, болашағын күйтесе көзі ашық оқырман Мұстафадан үлгі алсып, Мұстафадан ел сүю дәстүрін үйренуі қажет деп қорытады [4, 395 б.].

К.Есмағамбетовтың сүбелі еңбегі М.Шоқайдың әлемге тараған өз қолымен жазылған ғылыми мұрасын жинақтап, жариялап үлгеруі еді. Осылайша М.Шоқайдың 12 томдық шығармалар жинағы тұңғыш рет жинақталып басылды [8]. Зерттеушілер ғалым еңбегіне жоғары баға берді. Өйткені ол үлкен қажыр-қайратты, жоғары кәсібилікті қажет етті. Ғалымның өзі мойындағандай тиынақты іргелі еңбекті жинақтап, саралауға 15 жылдан астам уақыт кеткен. Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының қолдауымен ғалым Мұстафаға қатысы бар деген әлемдік кітапхана мен архивтерде жұмыс жасады, одан қажетті деректерге тапсырыс берді. Жинақ бай тарихи деректерді топтастырды. Мұны ескерген саяси ғылымдардың докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір: «Мұстафа Шоқайдың шығармаларын жинаудың өзі де ерекше қажыр-қайратты қажет еткенін айтпай кетуге болмайды. Оның біразы Париждегі Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының кітапханасында сақталған. Қалған еңбектер Түркияның, Ресейдің, Өзбекстанның, Қазақстанның, Польшаның, Америка Құрама Штаттарының, Ұлыбритания мен Грузияның мұрағаттары мен кітапханаларынан, сирек қолжазбалар сақталған қорларынан табылған. Олар қазақ, орыс, шағатай, түрік, әзербайжан, француз, ағылшын, неміс, поляк, голланд, грузин тілдерінде жарық көрген түпнұсқа еңбектерін құрайды. Зерттеуші посткеңестік кеңістіктегі бірден-

бір мұражай болып табылатын Грузияның Тбилисидегі саяси эмиграция мұражайынан М.Шоқайдың бұрыннан белгісіз еңбектері мен хаттарының үстінен шығады. Түркияда осы кезге дейін мәлім болмаған, барлығы төрт-бес нөмірі жарық көрген «Түркістан» журналы да табылады. Осындай қыруар іздестірудің нәтижесін әрбір дереккөздің соңындағы Алматы, Ташкент, Мәскеу, Тбилиси, Ыстамбұл, Анкара, Берлин, Лондон, Париж, Варшава, Стокгольм, Уфа, т.б. қалалардың аттарынан айқын көруге болады. Бұл Франциядағы М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорынан, Өзбекстан, Қазақстан, Германия, Түркия және т.б. елдердің мұрағат материалдарын, қазақ, орыс, шағатай, ағылшын, француз, неміс, түрік, поляк тілдеріндегі еңбектерді жинау және бірнеше жыл тынымсыз және жүйелі талдау негізінде дайындалғандығы кімді болса да таңғалдырмауы мүмкін емес» деп бағалайды [9]. Кейін ғалым қайтыс болған соң оның еңбектерін қайта саралаған саясатшы: «2012-2014 жылдар аралығында ерекше шығармашылық қайраттың иесі Көшім Лекерұлы жетекшілігімен жалпы көлемі 400 баспа табақ болатын 12 томдық Мұстафа Шоқай мұрасының толық жинағы шықты. Оның ең басты жетістігі мен ерекшелігі Франциядағы жеке мұрағаттық қорынан, Өзбекстан, Қазақстан, Германия, Түркия және т.б. елдердің мұрағатынан алынған қазақ, орыс, түрік шағатай, ағылшын, француз, неміс, поляк, грузин және өзбек тілдеріндегі шығармалардың түпнұсқа күйінде тұңғыш жарық көргендігінде. Жеке мұрағаттық қордан алынған материалдар да бай әрі қызғылықты еді. Мұның үстіне М.Шоқайдың 40 шамалы бүркеншік есімі болғанын, оны анықтаудың да оңай болмағанын ескерте кеткен артық болмас. Отандық мұстафатану ғылымына қосылған теңдесі жоқ бұл толымды жинақтың бірегейлігі мен жоғары деңгейлігін бірнеше фактормен анықтауға болады. Біріншіден, бұл шығармашылық мұраны келер ұрпақтарға бұрмалаусыз, түпнұсқа күйінде жеткізуге мүмкіндік берді. Екіншіден, көптомдық өзінің құрылымымен де, дайындалу жолымен де ерекшеленеді. Оның бірінші томы М.Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналған да, қалған томдарында шығармашылық және эпистолярлық мұралар берілген. Үшіншіден, зерттеушінің терең білімді, өзіндік әдіс тәсілі қалыптасқан зерделі тарихшы екендігі. Мұны он екі томдықтың өн бойынан тануға болады» деп толықтырады [10]. Мұндай ғылыми бағалар барша қазақстандық тарихшылар атынан да берілді десек артық болмайды. Мәселен ғалымдар Ә.Б. Дербісәлі, М.Қ. Әбусейітова, Д.Кішібеков, Ә.Н. Нысанбаев, М.Қойгелдиев, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Айрықша тапсырмалар жөніндегі елшісі А.Х. Арыстанбекова, Француз Орталық Азияны зерттеу институтының директоры, профессор Оливье Феррандо, француз профессоры Винсент Фурньо, Француз Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Патрик Ренар, түрік ғалымы Вежихи Сефа Хуат Хекимоғлы аталмыш туындыны Қазақстан Республикасының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің қоғамдық өміріндегі маңызды оқиға деп бағалады.

Тарихшы М.Шоқайға арнап арнайы бірнеше ғылыми мақалалар жазған. Атасақ, ғалым «М. Шоқайдың эпистолярлық мұрасы» мақаласында М. Шоқайдың мұрасы Шығыс тілдері мен өркениеттері институттарына түгел жетпегенін жазды. Бұл пікірді М. Шоқайдың өмірі мен қызметін біршама зерттеген Х. Оралтай да қостайтынын жазды. Оның айтуынша, Ә. Оқтай мен Тахир Шағатай М. Шоқайдың жеке мұрағатының бір бөлігін, әсіресе, соңғы кезде жазғандарын иемденіп қалғанын аңғартады [5].

Түркияда, Польшада, Германияда, Ресейде сақталған мұрағат материалдарын есепке алғанның өзінде де, Сорбоннадағы қазақ қайраткерінің мұрағаттық қоры Шоқайтану ғылыми бағытының негізін қалайды. М.Шоқай Кеңес Одағындағы мұсылман халықтары жөнінде жүргізіліп отырған этноцидтік, геноцидтік саясатты әшкерелеп, Батыс елдерінде қоғамдық пікір туғызуға

тырысты. Ұжымдастыру барысында қазақ халқының жаппай ашаршылыққа ұшыратылуы туралы Лондондағы таныстарына қабарлайды. М.Шоқай француз, түрік, неміс тілдерін жетік біледі. М.Шоқайдың шет елдердің ғылыми орталықтарымен, беделді баспасөз құралдарымен шығармашылық байланыста болғанын білдіретін Стэнфорд университетінің жанындағы Гувер институтының Италияның Шығыстану институтынан, Францияның Шығыс тілдері мектебінен, голланд ғалымы Л.Гротиядан, француз ғалымы Ж.Кастаньеден, итальян ғалымы Э.Инсабатодан т. б. ұйымдар мен тұлғалардан келген хаттар легі де көп мағлұматтар береді.

«Мұстафа Шоқай. Біз оны қалай зерттеп жүрміз?» мақаласында автор «М.Шоқайдың ұлтжанды қайраткер ретінде қалыптасуында патша өкіметінің орыстан өзге халықтар жөнінде жүргізіп отырған отарлық саясаты үлкен рөл атқарады» - деп өз ойын айтты [5].

Келесі мақаласының бірі «Мустафа Чокай – исследователь истории восстания 1916 года» атты мақаласы көрнекті қоғам қайраткері М.Шоқайдың 1916 жылғы Орталық Азиядағы көтеріліс жөніндегі теориялық-методологиялық көзқарастарын зерттеуге арнаған. Онда автор таптық күрес қағидасының 1916 жылғы көтерілісті сипаттауға жарамсыздығы және жалпы орыс революциялық қозғалысы барлық ағымдардың бірлігі жөніндегі лениндік теорияның жалғандығы туралы М.Шоқайдың тұжырымдарына назар аударады [11, 130 б.]. Ал профессор К.Есмағамбетовтың келесі «Документы архива французской полиции как источник по мустафаведению» мақаласында Париждің Префектура полициясы архивінен алынған тың материалдары негізінде жазылған [11, 143 б.].

К.Есмағамбетов жоғары білікті кәсіби тарихшыларды даярлауға да сүбелі үлесін қосты. Оның шәкірттері еліміздің жоғары оқу орындарында еңбек етуде. Олардың қатарында ондаған ғылым докторлары, ғылым кандидаттары бар.

Қорыта келгенде профессор К.Есмағамбетовтың Қазақ тарихын әлем тарихының бір бөлшегі ретінде сараптап, шет ел зерттеулері арасында қазақтың шынайы тарихын қалыптастыруға ұмтылған және шет ел зерттеушілерінің еңбектерін саралау, зерделеу арқылы біртұтас тәуелсіз қазақ елінің мемлекеттілік тарихын қалпына келтіруде жазған ғылыми еңбектерінің құндылығы уақыт өткен сайын арта түспек.

Әдебиеттер:

1. Кушим Лекерович Есмағамбетов. Биобиблиография / Сост.: Л.Абенова, Д.Медерова. – Алматы, 2014. – 144 с.
2. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 240 б.
3. Демко Дж. Орыстардың Қазақстанды отарлауы (1896-1916 г.г.) / Ағылшын тілінен ауд. Көшім Есмағамбетов. – Алматы: Ғылым, 1997. – 214 б.
4. Есмағамбетов К.Л. Тарих таңдақтары. Бірінші кітап. – Алматы: Арыс, 2008. – 416 б.
5. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.
6. Есмағамбетов К.Л. Азат рухтың күрескері. – Алматы: «Өркениет» баспасы, 2003. – 176 б.
7. Мұқтар Ә. Шоқайтануға қосылған сүбелі еңбек // Қазақ тарихы журналы. – 2009. – №3(96). – Б. 19.

8. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық / Құрастырған, алғы сөз бен түсіндірмелерді жазған Көшім Есмағамбетов. Т. I. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 640 б.

9. Шоқай М. шығармаларының 12 томдығы жарық көрді // old.baq.kz kk / history/783. – Пайдалану уақыты: 25.08.2018 ж.

10. Тамаша тарихшы, ұлағатты ұстаз // Егемен Қазақстан. – 2018. – 18 қыркүйек.

11. Қазақстан интеллигенциясы: тарихы мен қазіргі кезеңі / Тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетовты еске алуға арналған халықаралық ғылыми конференциясының материалдар жинағы (28 қыркүйек 2018 ж.). – Алматы: Мир, 2018. – 348 б.

**Ахметова У.Т., Жубанов Б.Д.
ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ И
К.Л.ЕСМАГАМБЕТОВ**

В статье рассматриваются научные изыскания историка К.Л. Есмағамбетова. Приоритетное направление разносторонней деятельности К.Л. Есмағамбетова составляет исследование актуальных проблем истории Казахстана, ввод в научный оборот малоизвестных общественности источников. Труды ученого служил делу сближения народов, формированию положительного имиджа Казахстана на мировой арене, предостерегает от игнорирования уроков истории. Статья выполнена в рамках реализации проекта №AP05134572 Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова: история Казахстана, история государственности, историк, историография, зарубежная историография, источниковедение, методология, научное исследование

**Akhmetova U.T., Zhubanov B.D.
HISTORY OF THE KAZAKH STATE SYSTEM AND
K.L.ESMAGAMBETOV**

The article discusses the scientific research of the historian K.Esmagambetov. The priority direction of K.L. Esmagambetova is a study of actual problems of the history of Kazakhstan, the introduction into the scientific circulation of little-known public sources. The works of the scholar served the cause of bringing people closer together, creating a positive image of Kazakhstan on the world stage, and warns against ignoring the lessons of history. The article was made within the framework of the project implementation No. AR 05134572 of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: history of Kazakhstan, history of statehood, historian, historiography, foreign historiography, source study, methodology, scientific research

УДК 94 (574); 725.94

Нургалиева А.М. – доктор исторических наук,
доцент, ЗКГУ им. М. Утемисова
E-mail: agilan2009@rambler.ru

ВКЛАД МИКЕЛЕ ДЕЛЬМЕДИНО В ИЗМЕНЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО ОБЛИКА УРАЛЬСКА (1821-1831)

Аннотация. Статья рассказывает о деятельности Микеле Дельмедино, итальянского архитектора, работавшего в Уральске с 1821 по 1831 годы. Кирпичные особняки, построенные по его проектам, положили начало формированию исторического облика старого Уральска. Имя Дельмедино связано, прежде всего, с тремя историческими памятниками города: атаманский дом, особняк Мизиновых, каменная колокольня Михайло-Архангельского собора.

Ключевые слова: локальная история, Уральск, Микеле Дельмедино, Большая Михайловская улица, пожар 1821 года, Д.М. Бородин, В.А. Тропинин, атаманский дом, «дом с колоннами», Старый собор.

Рост историзма в обществе в настоящее время проявляется в усиливающемся внимании в нашей стране к проблемам исторического краеведения, региональной и локальной истории. Предлагаемая статья написана в рамках исследовательского поля локальной истории, нацеленной на анализ индивидуально-неповторимого своеобразия исторического бытия. Концепт «локальная история» определен С.А. Гамаюновым как «история места, под которым понимается не территория, а «микросообщество», совокупность людей, осуществляющих определенную историческую деятельность [1, с. 161], что соответствует нашим представлениям об этом объекте.

В данном исследовании акцент делается на уникальности истории города Уральска и вкладе в формирование его исторического лица двух интересных личностей – казачьего атамана Д.М. Бородина и итальянского архитектора Микеле Дельмедино.

Использование исследовательского поля локальной истории позволяет выйти за рамки коммуникативной замкнутости традиционного исторического краеведения. Определение понятия локальная история дано и норвежским историком Олой Алсвик, которая пишет, что локальная история может быть определена несколькими способами. По ее мнению, – это история местных общин (history of local communities) и учреждений (institutions), или более точно: локальная история занимает определенную страту (stratum) в исторических исследованиях (historical studies), ниже национального уровня (below the national level), но выше уровня семьи и индивидуума (family and individual). Это определение сосредотачивает исключительное внимание на локальной истории как отрасли изучения прошлого [2].

В данном исследовании мы сосредоточиваем внимание на социокультурном контексте местной истории, воссоздаваемой усилиями историков, специалистов и любителей-краеведов, которые работали и продолжают успешно работать в рамках этого направления. Ими по крупицам воссоздается прошлое Уральска, сохраняются памятники старины, пишутся биографии провинциальных учителей, купцов, промышленников, меценатов и т.д. Большую работу проводит общественный культурно-просветительский фонд «Старый Уральск» (ОКПФ), созданный в 2005 году на базе народного музея с тем же названием. Музей является связующей нитью между прошлым и

настоящим Уральска, прививая молодежи любовь к малой родине, ее истории и культуре. Его коллектив ведет большую научно-исследовательскую и коммуникативную работу по пропаганде знаний местной истории. Посетители музея на многочисленных фотографиях прежнего Уральска, где, как кажется, притаилась сама история с ее невыдуманными былями, похожими на сказку, могут увидеть, почувствовать и оценить весь колорит старинного казачьего городка.

Важной стороной исследования с позиций новой локальной истории является изучение истории изменения форм, структур и функций самого локального пространства города Уральска.

Казахстанский город Уральск был столицей Яицкого казачества. Город рос и формировался вдоль главной тогда магистрали – Большой Михайловской улицы (сейчас Проспект Достык-Дружбы). В XVII веке город был застроен от реки Яика до современной Пугачевской площади, на расстоянии примерно одного километра. Это – район нынешних Куреней. В течение XVIII века городе появлялись новые кварталы – форштадты и граница Уральска переносилась дважды: до современной улицы Некрасова, затем – будущей Крестовой улицы (ныне Коммунистическая – Г.Караша). В начале XIX века городской вал был отодвинут до будущей Туркестанской площади (современной площади Абая) [3].

Дома в центральной части Уральска строили из дерева и самана очень скудно. «Улицы в нем по большей части тесные, и некоторые так узки, что двум телегам разъехаться почти невозможно», - писал Никита Савичев [4, с. 402]. В XVIII веке кирпичными были лишь церкви и небольшие одноэтажные здания. Поэтому пожары были явлением нередким, и в засушливые годы стоило где-то полыхнуть, как огонь разносился ветром по всему городу. После большого пожара, во время которого выгорела значительная часть деревянной застройки, в 1821 году в Уральске впервые была учреждена должность архитектора, и на нее атаманом Д.М. Бородиным был приглашен архитектор из Петербурга – итальянец Микеле Дельмедино. Этот известный специалист каменного зодчества работал в Уральске с 1821 по 1831 годы. Кстати Микеле в Уральске звали несколько по другому – Михаил Филиппович, а, иногда, и просто Михайло [5]. Тем самым в период атаманства Бородина в Уральском казачьем войске было положено начало архитектурному градостроительству.

В городе начали возводить дома из камня, строго по «красной» линии. За эту прямолинейность улиц Уральск иногда сравнивают с Петербургом. Благодаря Дельмедино с 1821 года город стал отстраиваться по единому генеральному плану и к началу XX века в его центральной части сложился крупный градостроительный комплекс с храмами, мечетями, общественными и частными зданиями, бульварами и площадями. «Именно они формируют исторический облик старого Уральска», - считает архитектор Рустам Вафеев – один из тех, кто по-настоящему обеспокоен сохранением исторического облика Уральска [6]. Рустам Вафеев в одной из своих статей приводит ксерокопию Генерального плана Уральска 1822 г (перспективного). Пока трудно судить с уверенностью о роли Дельмедино в его подготовке. По версии Р. Вафеева он явился плодом труда военных топографов и чертежников, направленных из Оренбурга в Уральск. Но даже если итальянец не был автором Генплана, именно он начал воплощение его в жизнь [7].

По проекту итальянца город разросся в северном направлении, начала застраиваться часть нынешнего проспекта от современной Пугачевской улицы до площади имени Абая (бывшей Туркестанской). В этой черте города на протяжении также примерно километра Большая Михайловская улица была застроена преимущественно двухэтажными кирпичными домами, соединенными

характерными для того времени арками ворот. Подтверждение этому находим у С.А. Юрьевича: «Для степи это богатый город. Одна предлинная улица, вся из прекрасных больших каменных домов, и все казаков здешних» [8] и у И.Ф. Бларамберга: «К концу 30-х гг. XIX в. центр Уральска уже был застроен кирпичными домами» [9, с. 264].

